

44 (БК, 22)
23

Әндар Дербісалин

Тарихи
ұлға
ғалымы



Мбаратай
Айтжансарай

24 (БКД)
4 33

Әнүар Дербісәлін

Ұбакай
Алтынсарын



47847/21

“Арда” 86

ҚЫРЫЛУШАР ОҚЖ
ҚЫЗЫЛСАМАСКАЯ ЦБС

Алматы - 2005

ББК 84 Каз 7

Д33

Мәдениет, ақпарат жөне спорт министрлігі Ақпарат жөне мұрағат комитетінің “Әлеуметтік маңызды өдебиет түрлерін өзірлеу жөне шығару” бағдарламасы бойынша шығарылды.

Дербісөлин Әнуар

Д 33 Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин: Деректі баян. – Алматы: “Арда”, 2005. – 216 бет, жапсырмалы.

ISBN 9965-9697-2-8

Бұл еңбек қазақ халқының біртуар ұлы Ыбырай Алтынсарин тура-лы. Белгілі ғалым Ә.Дербісөлиң ұлы агартушының өмірі мен творчест-восын үзік жылдар зерттеп, ол ескен ортаны, қазақ мектептерін ашу, оқулықтар жіту, қазақ алфавитін жасау жолындағы агартушылық қылметін, биология өдебиеттің негізін салудагы қазақ әңгімелерінің бас-шунның реттілігі жағушылық еңбегін тарихи, өдеби деректерге сүйеніп, тортымды баяндайды. Агартушының биік тұлғасын таныттарлық адам-гершілік мінез-қасиеті жайлы мол хабар береді.

Алтынсариннің қазақ халқын өнер-білімге үндеудегі тарихи тұлға таглымына тән табиғатын ашатын бұл кітап мектеп окушылары мен студенттерге, көпшілік қауымға арналады.

**Д 4803250201-002
00(05)-05**

ББК 84 Каз 7

ISBN 9965-9697-2-8

**© Дербісөлин Ә., 2005
© “Арда”, 2005**

ӨМІР ТАБАЛДЫРЫҒЫНДА

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаңыңа жәрдем берсін һақ тағалам!

Балгожа би.

Шоқан, Ыбырай, Абай! Үш ұлы тұлға!

Үшеуі де бір халықтың перзенттері. Ең ғажабы – үшеуі бір тарихи кезеңде өмір сүріп, бір-бірін көріп, білмесе де, сол дәуірдің озық идеясын таратуда бір кісідей жұмыла еңбек еткен, халқының сан ғасыр бойы тірнектей жинап, бойында сақтап келген абзал қасиеттерін, дарқан дарыны мен сергек қабілетін өз бойларынан найжагайдай жарқыратса көрсетіп, жарығын алысқа түсірген. Үшеуі жеке тұрганда әр қайсысы бір-бір асқар таудай болса, дәуірімен, оның басты бағыты тұрғысынан алғанда бір-бірін толықтыра түсетін бірегей құбылыс. Халықтың аргы тарихымен салыстыра қарағанда бұған таңданбау, таңырқамау мүмкін смес. Өйткені бұл үркердегі ғана сирек те жарқын көрініс. Адам мен қоғам, уақыт пен тарих аренасында мұндай өдемі үйлесім жеке адамдардың еркімен не ықыласымен жасалмайды. Бұл тәнірінің ғана шебер қолынан шығатын ерекше бітім.

Қай халықтың да өсіп, кемеліне келуі – ғасырлармен саналатын ұзақ процестің нәтижесі, қорытындысы. Мұны ғылым жолымен алуан заңдылықтар арқылы да дәлелдеуге болады. Ал халықтың құнделікті өмірінде тіршіліктің өзіндей қарапайым заңы болып келген. Ол – жақсылығы мен жамандығын өмір сабағы, тәжірибесі көрсетіп, дәлелдеп отырған нәрсенің жаманынан қашып, жақсылына үмттылу, сөйтіп тұрмысын, тіршілігін сақтау, ұлғайту, жалғастыру...

XIV-XV ғасырлардан бермен қарай өз алдына үлт бол құрала бастаған қазақ елі XVI-XVII ғасырларда біртұтас халықтық сипатын едөүір қалыптастыра, нығайта түскенімен, ішкі-сыртқы өлеуметтік-экономикалық, қоғамдық қайшылықтар мен қыншылықтарға үнемі ұшырап отырды. Шығыс пен батыста ойрат феодалдары, оңтүстік пен оңтүстік-батыста Хорезм, Хиуа, Бұхар хандықтарының жиі-жіе шабуылдары, сондай-ак, жайылым жер, байлық-білік үшін өзара талас-тартыстар қарапайым халық тұрмысын барған сайын ауырлата түсті. Соның нәтижесінде кейбір қазақ руладының белгілі бір жерде өмір сүріп, тіршілік етуінен гөрі, кенеттен тиген жау қолынан өлгендері

өліп, өлмегендері қашып-пышып, әр сайды паналап, мұлдем алыс атыраптан шығып журу жайлары – қазак жұртynын көпшілігі бастан кешірген қындық. Мұны, өсіресе, XV ғасырдан басталып, XVI-XVII ғасырларда ерекше асқына түскен қазак-қалмақ жұртynың үздіксіз талас-тартыстары мен соғыстары түсінда айтуға болады. Осы оқиғалардың асқыну кезі – XVIII ғасырдың алғашқы ширегі. Ақыр аяғы 1723 жылғы қазақ халқы үшін “Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама” атанған сұрапыл қыргынға өкелді. Жері мен мал-жанынан айырылған қазақ рулары бет-бетімен қашып, бас сауғалады. Қалмақтар кейбір ауылды түгелімен қырып жіберді. Осындайда қара қазанды төңкеріп, соның астына жасырган бірер баланың ғана бір ауылдан аман қалып, кейін ер жетіп, өсіп-өніп, ата-бабасының орнын басқан қездері болды деген аныздар бар. Оқиғаның “Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама” аталуы жайында да халық есінде сақталған сөздер аз емес. Солардың бірінде қазақ жұрты аш-жалаңаш, жаяу-жалпы бір көлдің жағасына келіп құлапты, бәрінің де аяқтары ойылып қалған, одан әрі қозғалуға дәрмен жоқ, сонда бір ақсақал: “Шырактарым, адам бастан кешкен жақсылығын ұмытпайды, жамандығын да ұмытпауға тиіс, біздің осы қөрген бейнетіміздің аты “Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама” болсын депті” дейді. 1725 жылы жонғарлар қазақтарды тағы да тықсыра түседі. Осыдан қалмақтар 1728 жыл Бұланты өзенінің бойында қатты жеңіліс тапқанға дейін қазақтарға тыныштық бермейді. Бұдан кейін Абылай түсінде да қазақ пен қалмақ арасы өлсін-өлсін соғысумен болады. Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстар да ауық-ауық өріс алып отырады.

Осы тәрізді, өсіресе, сыртқы жайлар қазақ қоғамыны бүгіні мен болашағын өмір талқысына жиі-жиі қояды, соның әр қайсысында қазақ жұртynың жеке ел болуы мен ел болмай, құрып кету қаупі екіудай қатар келіп, жеке тіршіліктің қындығын барған сайын үғындыра, айқындаі түседі. Қатал өмірдің өз ағымынан туып отырган бүл тәрізді үлкен талап-тілекті қазақтың билеуші қауымы да көрмей, елемей кете алмайды. Олар өздерінің билік мансабы мен байлығын сақтау мақсатында қазақ қоғамының тіршілік талабынан туындаған бетбұрыспен есептестуге мәжбүр болады.

Қазақстанның Россияға қосылу процесі XVIII ғасырдың 30-жылдарында басталғанымен Россияның қазақ жері

мен елін алғаш тануы, білуі, онымен байланысы бұдан өлдекайда өріректен көрінеді. Мұның бір дерегі ретінде XVI ғасырдың соңғы түсінда жасалып, XVII ғасырдың бірінші ширегінде толықтырыла түскен “Үлкен чертеж кітабын” айтуға болады. Көне дәуірдің көзіндегі осы географиялық еңбекте Жайық пен Ертіске дейінгі, Сарысу мен Гашкентке дейінгі қазақ жері бүкіл өзен-көлдерімен, тауларымен, шөлдерімен бірсыздырғы дәл анықталды. Патшалық Россия шамамен сол XVI ғасырдың аяқ шенінен бастап Орта Азия елдеріне қазақ жері арқылы баратын сауда жолдарын салып, керуендер жіберіп отырды. Сондай-ақ, қазақ жеріне не қазақ жерінің өз ішінен қалалар мен бекіністер салуға кірісті. 1620 жылы Жайық қалашығын (қазіргі Орал), 1625 жылы Гурьев, 1716 жылы Омбы, 1717 жылы Семей, 1720 жылы Өскемен, 1735 жылы Орынбор (қазіргі Орск), 1743 жылы қазіргі Орынбор қалаларын салды. Сөйтіп, XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында, яғни, Қазақстанның біраз аудандары Россияға қосылғанға дейін Қазақстан мен Россия шаруашылық пен экономикалық сол кезге лайық кейір саласында азды-көпті қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне жетеді. Соның нәтижесінде бір халық екінші халықты тани, біле бастайды. Қазақ, орыс халықтарының бір-бірін алғаш түсіне бағалай, қадірлей түсі осы түстен орын алады. Бұл ретте XIX ғасырдың бас кезінде озық ойлы орыс азаматтарының өкілі Пестельдің қазақтар “біздің туысымыз бол кетеді, олар өзінің мүшкіл түрмисында азып-тозып кетпек емес” деген сөзі ерекше назар аударапты. Мұндай сөз тек жақсы ниет тілекten ғана тумай, бір халықты екінші халықтың не оның өкілінің танып, бітуінің нәтижесінен ғана туатынын ескерсек, бұдан орыстың озық ойлы қауымының қазақ халқын ерте кезден-ақ жақсы көріп, бауырына тартқанын көреміз. Бұл пікір XIX ғасырдың алғашқы ширегінде айтылғанымен, бір күннің, не бір жылдың ғана түйіні, қорытындысы емес еді, қазақ пен орыс халқының сол кезге дейінгі арақатнасы мен байланысының өзіндік сабагы, тәжірибесі не талғамы төрізді жинақтаушы ой еді. Орыс халқының қазақ жүртynын деген сол ыстық ықласы мен сезімі Пестельдің аузымен жеткізілді.

Орыс, қазақ еңбекшілерінің мәдени-экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық байланыстары өсіресе шекара аудандарында едөуір өріс алыш, нығая түскенмен, Қазақстанның алыш түпкірлеріне жайылып кете алмады. Оның бас-

ты себебі Қазақстанның Россияға қосылу процесі өте баяу дамыды, бір жарым ғасырға жуық уақытқа созылып, тек XIX ғасырдың соңғы жылдарында ғана біржолата аяқталды. Сөйтіп, осы ғасырдың 60-80 жылдарында ғана Қазақстан бүкілроссиялық шаруашылық жүйесіне еніп, өзгеше қоғамдық даму жолына бет бүрді.

Кіші жұз бер орта жұздің көшілік рулары Россияға қосылысымен Орынбор өлкесінің қазақтары сыртқыорал және орынборлық бол екіге бөлінді. Қазақ қауымдарымен қатнасты жандандыра тұсу үшін 1782 жылы Орынборда шекара экспедициясы деген басқарушы мекеме құрылды, 1799 жылы ол шекара комиссиясы деп аталды. Бірақ бұл шаралардың қайсысы да дала тұрғындарын билеу ісінде патша үкіметіне тиімді мүмкіндіктер туғызыбады. Қазақ жұздерінің хан, сұлтандары патша үкіметіне ресми бағынғанымен, ел ішіндегі рулық-феодалдық талас-тарыстарды өрістетіп, өздері олардан пайда тауып отырды. Сөйтіп, Қазақстанның Россияға қосылу процесі, өсіресе, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында көп қынышылықтарға кездесті. Патша үкіметі қазақ даласын билеудің жаңа шараларын іздеді. Ақырында, ол 1822 жылы М. Сперанский жасаған “Сибирь қазақтары туралы уставты” бекітті. Бұл Жарғы бойынша қазақ даласында хандық билеу жойылып, оның орнына аға сұлтан, болыс, старшина билігі енгізілді, қазақ жері бірнеше округке, округ болысқа, болыс ауылдарға бөлінетін болды. Округті округтік приказ басқарады, приказдың бастығы председатель деп аталады делінді уставта. Қазақтар оны аға сұлтан деп атады. Жарғы шығысымен Орынболрдың генерал-губернаторы Эссен кіші жұздің ханы Шерғазыны Орынборға шақырып алып, тағынан тайдырды. Орынбор өлкесі Батыс, Шығыс, Орта бөлік не Орда бол үшке бөлінді. Оларды алғаш аға сұлтандар басқарды, кейін бұлар сұлтан-правительдер деп аталды. Уставта көрсетілген шаралар Қазақстанның орталық, шығыс аудандарында 1844 жылға дейін асырылды. Әр аға сұлтанға үкімет тарапынан жалақы белгіленіп, бағынғысы келмейтін бузақыларды басу үшін деген мақсатпен кейбіреулеріне 200 адамнан құралған отряд бөлініп берілді.

Дала өмірінде хандық билеудің жойылуы хан тұқымдарының қатты наразылығын туғызыды. Сондықтан олар бұрынғы билігінен, елді ешкіммен бөле-жармай, билеу пра-восынан айрылмау үшін әр жерде көтерілістер үйымдас-

тырды. Қаратай Нұралиев, Арғынғазы Абылғазиев, Фұбай-долла Уәлиханов, Саржан Қасымовтар бастаған көтерілістер феодалдық-монархиялық тілек-мақсаттан гөрі отаршылдыққа қарсы сипаты басым болды.

Осылардың ішінде Кенесары Қасымов көтерілісі үзак уақытқа созылып, орта жүз, ұлы жүз руладын қамтыды. Қазақтың белгілі ру басы мен билерін бауырына тарта отырып бағындыру арқылы өз тобын көбейту мен қүшету Кенесары ханның негізгі тәсілдерінің бірі болды. Осы ретпен ол 30-жылдардың соңғы түсінде Орта орданың белгілі биі Балғожа Жаңбыршинге /Ыбырайдың атасы/ кісі салып, мынадай хат жолдады.

Сәлем жазып жібердік,
Арғын, Қыпшақ ағасы,
Жыртылмасын жарқыным,
Еліміздің жағасы, —

деп басталатын хатында Кенесары хан Балғожаның өзіне қараған елмен келіп қосылуын талап етті, келіспеген жағдайда елін шауып, мал-жанын талан-таражға салатынын мәлімдеді. Бірақ өз дәүірінің перзенті Балғожа Кенесарының қахарынан қорықтай, оған мынадай жауап қайырады.

Қаланың түбі өр болар,
Ордың түбі сор болар,
Қапияда, кенеттсөн
Орга түсер болсаңыз
Қайтып шықпақ зор болар.
Сенің, сұлтан, дүшпаның,
Жалғыз патша емес-ті.
Қайда барсаң алдында,
Қазулы тұрган көр болар, —

деп, Кенесарының патша өкіметіне қарсылығы мен көтерілісін қостамақ, қолдамақ былай тұрсын, оған ашық қарсы екендігін жөне осы сияқты қарсылықты қазақ жерінің өр тарапынан-ак табатынын білдіреді. Бұған ашууланған Кенесары 1839 жылдың көктемінде Балғожа аулын түк қоймай шауып алды. 280-дей үйлі Балғожа аулы бүл кезде Тобыл бойындағы Ордабай қыстауынан (кейін Николаевскі, қазір Қостанай) Торғайға қарай шыққанда 90 шақырымдай қашықтықта отыр еді. Старшина I- Лебедев осы шабуыл жайында Орынбор соғыс губернаторына сол жылдың 5 маусымында жолдаған хатында былай дейді: “Мәр-

тебелі тақсыр, сіздің тапсыруыңыз бойынша хабарлаймын – Қыпшақ руының би Балғожа Жаңбыршинді бүкіл ағайын тұғандарымен 24 сөүір күні сұltан Кенесары Қасымовтың бүлікшілері шауып алғып, 329466 сомға зияндандырган және будан тыс Балғожага қарасты елден 277 үйді талаңтаражға салған. Соңғылары жөнінде өзірге толық мағұлмат берे алмаймын. Осы талаудың түсінда Кенесары Қасымовтың өзі Балғожа үйінің сыртында аттан түспей тұрып алышты. Балғожаның айтуынша, шапқыншылардың жалпы саны 3000 адамнан кем болмаса керек... Тұтқынға алынған адамдарды бір бел асқан соң тырдай жалаңаш күйінде кейін қайтарыпты. Өздерімен бірге 8 өйел, бір ерек, 6 әйелді өлтіріп, суға ағызып жіберіпті. Кейін қайырған тұтқындары арқылы Балғожага: егер маған қосылатын болсан, қолындағы мал-мұлқіннің бәрі қайтарылады деп хабар айттып, осы сезінің шындығын дәлелдеу үшін үстіндегі шапанын шешіп беріп жіберіпті. Бірақ Балғожаны бұл сөз тебірентпесе керек. Маған айтқан сезінде ол талауда кеткен мал-мұлқім үшін бүлікшіге құл бола алмаймын деп мөлімдеді, қайта үкіметтің рақымына сенетінін білдірді". Кенесары Қасымов осы шабуыл жайында Орынбор шекара комиссиясының председатeliне тілмашы Батыршиннің аударуымен жолдаған хатында: "Алтыбас арысының (Қыпшақтан тарайды – А.Д.) би Балғожа Жаңбыршиннің аулын шапқанда өзімнің сонда болғанымды жасырмаймын. Бұл менің оны істеген ісіне орай жазалауым, одан кек қайтаруым" деп хабарлады.

Мамыр айының аяғы мен маусымның бас кезінде Орынбор шекара комиссиясы Кенесары шабуылының зардаптарын анықтап тексеріп, Балғожа мен оның ағасы Қанғожаның Кенесары өкеткен мал-мұлқін қайтару үшін отряд шығарады. Маусымның ортасында Балғожа аулы жайлауга шығады да, Қанғожа мен Балғожаның бір ұлы (Алтынсары ма, Қошан ба, қайсысы екені белгісіз, отряд бастығы Лебедевтің рапортында аты көрсетілмей, тек Балғожа баласы делінеді) отрядпен бірге ауылды кенесарыға қосылып шабысқан Қыпшақтың Бағаналы, Торайғыр арыстарының билері Жүзен, Бабыр, Дәүітпай, Жанайдарларының ауылдарын қуып, Торғай бойына дейін барады, одан да асып Жыланшық өзеніне жеткенде ғана олардың жалпы саны 7 мындаидай үйі бар топ-топ ауылдарын кездестіреді. Бұл кезде Кенесары 5 жарым мың қолмен Саржан аулын шапқанда басшылық жасаған Сібір сұltаны Коңыр Қожадан

кек алу үшін үдерес аттанып кетеді де, Баганалы, Торайғыр арыстарының билері ауылдарымен өздері қалады. Отряд бастығы Лебедев оларға үкімет атынан алдағы уақытта Кенесарыға қосылып, ел ішінде бүліншілік, шапқыншылық туғызыса қатты жазаланатынын, ал Кенесарыдан бас тартса кешірім берілетінін ескертеді. Билер бұдан былай Кенесарыға қосылмаймыз деп үөде береді. Бірақ осы ауылдардан табылған Балғожа мен Қанғожаның өр түліктен 5 мындаи малын еменжарқылап қана бергені болмаса, басым көпшілігін таныса да жасырып, қайырмайды.

Осы оқиғадан дөл екі жарым жыл кейін, шаруаға бір шама жайлы, тыныш күздің бірінде, 1841 жылдың 20 (2 ноябрь) қазанында Арақарағай орманының маңындағы жайлаудан ел Тобыл өзенінің бойындағы қысқы қоныстарына түгел көшіп болуға жақындаған тұста Орынбор шекара комиссиясына қарайтын арақарағай приказының (округының) Арақарағай балысында (қазіргі Қостанай облысы), Н.И. Ильминскийдің сөзімен айтқанда, бүкіл орта ордандың атақты биі Балғожа аулында, Балғожаның тұңғышы Алтынсарының отауында алғашқы перзент дүниеге келеді. Балғожаның бірінші немересіне бидің соңына ерген Ұзынқыпшақ арысы түгел қуанады. Ата-анасы, ауыл-аймағы баланың тұғанына ойын-той жасап, балаға Ибраһим деп ат қояды. Кейін оны халық Ұбырай деп атап кетеді.

Қазақ халқының болашақ ұлы ағартушысы Ұбырай Алтынсарин алғаш өмір есігін аттап басқан тұста қазақ қоғамының саяси-қоғамдық, тарихи-әлеуметтік жағдайлары негізінен осы төніректе болатын. Оларды жинақтай айтсак, қазақ қоғамы Россияға қосылу, сөйтіп тарихтың жаңаша даму жолына түсірдің нақты қарсаңында тұрды, орыс, қазақ ұлтының рухани байланысы барған сайын етек ала түсті. Қазақ байларының Балғожа сияқты бірен-сараны Қазақстанның Россияға қосылу оқиғасын өмірдің өрлеу бағытынан туып отырған, сондықтан жүзеге аспайтынбайтын беталыс деп танып, оған біржолата қол артса, одан енді өзінің болашақ пайдасын іздей бастаса, Кенесары хан қазақ халқының дербес ел болып, Ресеймен терезесі тен жүрт болуын қалады және сол жолда жан аямай күресті.

Қазақша ата жігі жағынан алғанда Ұбырайдың атабабалары Қыпшақтан тарайды. Қыпшақтың аргы тарихы ғасырлар тереңіне кетеді. Тарихта XI ғасырдан белгілі Дешт-и-Қыпشاқ немесе Қыпшақ даласы Днепр мен Еділ-

дің шығысында көп жерге дейін созылады. Бұл жерді мекендеуші түркі тұқымдас ел қыпшақ деп аталған. Орыстың көне жазбаларында оны “половцы” дейді. Қыпшақ елі XI ғасырда күшті жауынгер ел болып, сол кездегі атышулы Византия империясын өлсін-өлсін тізе бүктіреді. Шығыстың көрнекті ғалымы Рашид-ад-дин Қыпшақ тайпасы мен атауының шығуы туралы өзінің Әйгілі “Джами ат-тауарих” (“Жылнамалар жинағы”) кітабында былай деп жазады: “Огуз хан Ит-барак тайпасымен соғыста жеңіліп, екі өзен-нің арасындағы аралда қалып қойып, сонда тұра беріпті. Осы кезде бір әйел күйеуі соғыста өліп, өзі үлкен ағаштың түбіндегі кеуекке кіріп босанады, үл табады. Мұны естіген Огуз хан өйелді аяп, баланы өзіне балағып алады, балага Қыпшақ деген ат береді. Бұл “Қабық” деген сөзден шыққан. Қабық түркіше “іші шіри бастаған ағаш” деген сөз. Бүкіл қыпшақ осы баладан тараған...” XI-XIII ғасырларда Дешт-и-Қыпшақты жайлайған қыпшақтарды кейінгі ғасырларда түгелімен қазақ болды, қазақ халқының гана негізін құрады, атам заманнан қазақ тілінде сөйлейді десек, қателескен болар едік. XI-XIII ғасырлардағы қыпшақтар XIV-XV ғасырларда қазіргі түркі тілдес көп халықтар өз алдына халық бол құрала батсағанда олардың әр қайсысының да құрамына еніп (әрине, әр түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайлардың нәтижесінде), әр біреуін қалыптастыра түсіп, олармен біржолата сініспі кетті. XI-XIII ғасырларда қыпшақ елінде әмір сүрген ескі қыпшақ тілінің қазір жеке тіл ретінде жоғалып, барша түркітілдес халықтардың тілдеріне сініп кету фактысы да, сондай-ақ сол тілде жасалған бірен-саран жазба ескерткіштердің бұл күнде осы халықтарға ортақ мұра ретінде қаралуы да, біздің дәуірімізде әмір сүріп отырған түркітілдес халықтардың құрамында осы күнге дейін қыпшақ рулары бар деп есептелуі де аталған жағдайларға байланысты.

Ұбырайдың аргы аталары қазақ шежіресі бойынша Қыпшақтың Алтыбас деген арысынан тарайды. Балғожаға байланысты сақталған орыс тіліндегі деректерде Ұзынқыпшақ руы деген атаулар да кездеседі. Бірақ мұның қайсысында да қате жоқ. Ұзын – Алтыбастан аргы буын. Мұның жалпы кестесі мынадай: Қыпشاқтан Бұлтың, Ұзын, Торы, Көлденен, Қарабалық; Ұзыннан Алтыбас, Алтыс; Алтыбастан Қараман, Қармас; Қараманнан Тіней; Тінейден Жанболды, Құндызы; Құндыздан Қебек; Қебектен Әжіғұл; Әжіғұлдан Жанақ, Шабынтай; Жанақтан Төстемір; Төсте-

мірден Жаңбыршы; Жаңбыршыдан Қанғожа, Балғожа, Балғожадан Алтынсары, Қошан; Алтынсарыдан Ыбырай, Қошаннан Оспан, Омар тудауы т.б.

Ыбырайдың атасы – Балғожа, шамамен алғанда XVIII ғасырдың 80 жылдарында туған. Оның өкесі Жаңбыршы жайында накты дерек біздің заманымызға жеткен жок. Ыбырай ер жетіп, азамат болған кезінде, ата-бабасының хан, сұлтан түқымынан шықпай, қарадан, халықтан шыққанын айтып, мақтаныш тұтады еken. Соған қарағанда ыбырайға Балғожадан басқа ешкім ел билеу ісіне араласпаған тәрізді, бәрі де өз шаруасымен айналысқан қаралайым адамдар болғанға үқсайды. Балғожа туда біткен алғыр ақылымен, алдын байқай білгіштігімен, өмірдің өскелен ғафызына ілескіштік қабілетімен өз кезінің көрнекті адамы болған. Тілге шешен, от тісті, орақ ауызды ірі би атанған. Мұсылманша жаза, орысша сейлей білген. Өз заманының белгілі қайраткері Балғожа осы қасиеттерімен тек өз ортасы ғана емес, Орынбор шекара комиссиясының алдында да үлкен бедел мен зор салмақ алған. Әсіресе Торғай облысын Россияға қосуда Балғожаның сіңірген еңбегі ерекше зор. Үкімет алдындағы еңбегін ескеріп, Орынбордың өскери әкімшілігі оған өскери старшина атагын берген. Бұл өскери шенниң үлкен-кішілігін түсіну үшін мынадай салыстыру жасауға болады. Орынбордың Неплюев атындағы кадет копусын алғаш бітірген қазактардың бірі С. Жантөринге осындай өскери шен берілген. Ал орысша мектеп көрмеген қазактардың ішінде бұл шенге ол кезде ие болған Балғожа ғана. Шекара комиссиясының басшылары дала өміріне қатысты көп істі Балғожамен ақылдастып жүргізіп отырған. Балғожа қазақтың арғыбергі тарихымен бірге, азыз-өңгімелерін, әдет-ғұрыптарын, билікке қатысты жөн-жоралғылары мен амалтәсілдерін, шешендік өнердің нәзік сырларын жетік біліп, терең менгерген, сонымен қатар кейде ақындық өнермен де өуестенген. Балғожа шығарды деген өлеңдердің жеке нұсқалары ғана біздің заманымызға жетті (оларды кезінде сөз етеміз). Балғожаның ағасы – Қанғожа өрі бай, өрі батыр болған. Інісі Балғожаның ел ішіндегі үлкен абырай-беделінің арқасында Қанғожа да жұрт алдында қадірлі адамдардың қатарына ілігеді. Балғожа атына байланысты сақталған азыз-өңгімелердің, өлең-жырлардың қайсысында да Қанғожа, Балғожа бір деңгейдің адамдарындағы көрінеді.

Сол кездегі бір өлеңде:

Қыпшақта би Балғожа аға болды,
Ағасы Қанғожа би дана болды.
Айбыны аш арыстан секілденіп,
Көрсөтті сан қазаққа тұра жолды, –

делінеді. Мұндай асыра мадақтау өлеңдері көбіне-көп Қанғожаны Балғожа үшін құрметтеу, көтермелей тусу мақсатымен айтылған. Әйтпесе, Қанғожа мінез-құлқы, парасаты, дүниетанымы жағынан Балғожадай айлалы, ақылды, жүйрік емес, бірбеткей, тентек, доғал, ескі әдет-ғұрыптарды берік тұтынған қараңғылау адам болған. Қанғожадан Ақдөulet, Қылышбай, Жанайдар, Мінайдар деген төрт бала туады. Бұлардың ішінен Қылышбайдың балалары есейіп, ер жете келіп, ел билігіне араласады. Бірақ ата байлығымен билікке қолы жеткен Қылышбаевтар ел билеудің ескі жүйесін тұтынып, пара мен әділетсіздік, зорлықшылдықтан басқа жолды қөрмей, өздерінің екі-үш атадан қосылатын туысы Ұбыраймен өмір бойы өштесіп өтеді.

Балғожа аулы жазда Көкиық төңірегіндеі көлдерді жайлайды. Бұл Тобыл бойындағы Балғожа қыстауынан оңтүстік шығыс бетте 20-25 шақырымдай қашықтықтағы жер. Бұл обаның тарихы жөнінде ел аузында өртүрлі аныз-өңгімелер сақталған. Олардың бір алуаны Көкиық обасын Кенесары, Наурызбай аттарымен байланыстырады. Олар осы төңіректе жүргенде обаны тұрғызып, адамдары сонда қарауыл қарайды екен дейді. Көкиық обасының Торгай жақ бетінде, Обаған ауданының Темірқазық деген жеріне Қанғожа аулы, оның үлкен байлықпен аты шыққан Мінайдар, Жанайдар деген балалары кейінректе қысқы үйлериң Николаевскіден салдырып, татар байларымен қарым-қатынаста болады.

Күз түсे Балғожа аулы Көкиықтағы жайлаудан Тобылдың оң жағалауындағы Ұзалақ аталатын ойпаңға (қазіргі Қостанайдан 3-4 шақырым жер) көшіп кеп, бие байлаттырып біраз отырады. Кейде жаз жайлауға көшер алдында да осы арада 15-20 күн аялдайды. Осы Ұзалаққа жалғас төбешік (қазір Ұбырайдың бейіті тұрган жер) Балғожаның төрелік, бітім сұрап келген жұртты алқа-қотан жиып алып билік, шешім айтатын жері қөрінеді.

Ұбырайдың әкесі – Алтынсары Балғожаның үлкен ұлы. Әкесі Балғожа Орта орда иен Орынбор әкімшілігін аузына қаратқан ірі би болса да, Алтынсары көбінесе беделді әкенің қамқорлығы мен көленкесінде боп, өз тарапынан қөрініп үлгермеген, қарапайым, ешкімге зиянсыз жан болған. Ауыл

молдасының алдын аздаған уақыт көргені болмаса, үзап мұсылманша да оқи алмаған Алтынсары өте аз өмір сүреді, 1845 жылдың шамасында, Ұбырайдың 3-4 жасында қайтыс болады. Ұбырай есейіп, қызметке орналасқан кезінде жазған өмірбаяндарында Орданың құрметті адамының баласымын деген. Мұнда ол, әрине, ертеректе өлген, тұған өкесі Алтынсары емес, атасы Балғожаны айттын.

Ұбырайдың шешесі арғын руының белгілі адамы Шеген бидің кіші қызы – Әймен. Арғын, қыпшақ – орта жүздің үлкен рулары көп заманнан қатар көшіп, қатар жайлап жүрген іргелес, терезелері тен рулар. Бұлар 1822 жылғы уставтан кейін де негізінен бір ордаға (Орта орда) қарап, бұрынғы қарым-қатынастарын сақтайды. Балғожа мен Шеген бірін-бірі әріден жақсы біліп, өзара сыйласқан адамдар, балалары өскен соң құда боп, бірі қыз алып, бірі қыз беріп, сыйласстық қатынастарын жегжаттық жақындықпен нығайта түсken. Шеген туралы аңыз-әңгімелердің, өлеңдерінің бірінде былай делінеді:

Арғыннан ол құндері Шеген шықты,
Халайық айбынынан қойдай ықты.
Азы алты қарыс сан арғынның,
Қойдырды тентегіне бұзықтықты.

Алтынсары өлгеннен кейін Әймен өменгерлік жолмен Алтынсарының інісі Қошанға қосылып, одан Оспан деген бала туады. Кейін бұл бала да аға шаңырағын сақтау салтымен Алтынсары баласы аталып кетеді.

Ұбырай өкесі Алтынсарының тірі кезінде ата салты бойынша атасы Балғожаның баласы боп саналады (үлкен баладан тұған бірінші немересін ата мен әженің өз бауырына басып, балағып алуы әріден келе жатқан салт). Алтынсары өлгеннен кейін Ұбырайдың бүкіл тәрбиесі біржолата атасының қолына көшеді.

Ұбырайдың балалық шағында, XIX ғасырдың 40- жылдарында Қазақстанның Россияға қосылу процесі едәуір етек алып, нығая түседі. Алыстың айтпағанда, мұны Ұбырайдың тұған жері маңынан да байқауға болатын еді. 1843-1848 жылдар арасында Орал (кейінгі Ырғыз), Орынбор (кейінгі Торғай) бекіністері салынып, казак, орыс қауымдарының аралас-байланысы біраз өріс алады.

Патша үкіметі бұл тұста қазақ даласын отарлауды шарапашылық пен экономика саласында ғана емес, ағарту саласында да жүргізеді. Мұнда, әрине, ол қазақ халқын мәде-

ниетті елдердің қатарына қосу мақсатын көздең жок, орыс тілінде азды-көпті сауат ашу шараларын жүзеге асыру арқылы жергілікті халық арасынан өздерінің сенімді адамдарын дайындауды, солар арқылы отаршылық саясатын нығайта түсуді көзделді. Осы мақсатпен алғаш Орынбордың Неплюев атындағы кадет корпусынан (1825 жылы 1 қантарда ашылған) қазақ сұltандарының балаларына 30 орын берсе, соңшама орынды Омбыдағы кадет корпусынан да, өзге өскери мектептерден де бөлді; Бөкей ордасында бірен-сарап мектеп ашылды. 1844 жылдың 14 маусымында Орынбор шекара комиссиясының жанынан қазақ балалары үшін ашылмақ мектеп пен Орынбордың өскери госпиталының жанынан фельшерлік мектеп ашу жөніндегі ережелерге қол қойылды.

Фельшерлік мектептен қазақ балаларына аздаған орын ғана берілді. 1847 жылы бұл мектепке 3 қазақ баласы, екі жыл кейін 2 бала алынды. Денсаулықтарының жақсылығына қарамастан соңғы екі баланың мектепке келген соң 3-4 айдан кейін қайтыс болуы халық арасында өртүрлі сөздер, өсектер туғызып, көпшіліктің окуға деген ықласын аз уақытка болса да сұята, кешеуілдете түсті.

Қазақ балалары үшін ашылатын мектепке ереже бойынша 30 бала алынатын бол белгіленді. Мектеп қазақ арасында аздаған орысша сауат ашу жұмысын іске асырумен қатар, сұltан-правительдер мен орда басшыларының жанында және басқа да тек қазақтар тағайындалатын жұмыстарға жарақты сауатты, іс қағаздарын жүргізе білетін адамдар дайындауға тиіс, мектепте тек қана қазақтардың, олардың ішінде үкіметке шын берілгенімен көзге түсken, оған еңбегін сінірген адамдардың балалары алынуға тиіс деп атап көрсетілді. Мектепте 8 жас пен 12 жастың аралығындағы балалар оқиды, оку мерзімі 7 жыл, мектеп тікелей Шекара комиссиясы председателінің қарамағында, бақылауында болады, балалар тек соның үйгаруымен өр екі жыл сайын, 22 тамызда қабылданады, мектепте орыс тілі, таза жазу, арифметика, татар тілі және дін сабағын үйретуші мұғалімдер мен молда қызмет істейді делінді ережеде.

Бірақ мектеп бірден ашылып, жұмыс істеп кete алмады. Оған басты себеп: мектептің үйі, оку бағдарламасы, оқулығы, шаруашылық негізі дайын болмады, сметасы тез арада бекімді, азық-түлік пен балаларға арналған киім-кешектері уақтылы дайындалып үлгермеді. Оның үстінен шекара комиссиясы мектептің қайткенде дала тұрғында-

рын қызықтырлық дөрежеде болуын ескеріп, оны бар жағынан жетілдіре, көркейте түсуге тырысып бақты. Шекара комиссиясының осы мақсатпен соғыс губернаторы Обручевке 1847 жылы жолдаған ұсынысы келер жылдың тамызында ешбір өзгеріссіз қайтып оралды. Обручев кейінгі жобаны мектеп туралы 1844 жылы бекітілген ережеге сай келмейді (ережеде география, топография, геометрия пондері мен қолөнеріне, өскери гимнастикаға үйрету көрсетілмеген-ді, олай болса, соңғыларды қосымша ендірудің де қажеті жок) деп, ұсыныс-жобаны қайта қарап, жаңадан жасауды үйғарады. Шекара комиссиясы жаңа ұсыныс жасауды арнайы тапсырмалар чиновнигі Лазаревскийге тапсырады. Осы кезде комиссияның өзге бір чиновнигі Ладыженский Ишкі істер министрлігінің құпия кеңесшісі және жауапты қызметкері Сенякинге арнайы хат жолдан, Обручевтің де, басқаның да мектеп жайында босқа өуреленіп жүргенін хабарлайды; алғашқы ережені сол қалпында қалдыруды дұрыс деп санайды. 1849 жылы Обручев Лазаревскийдің екінші рет жасаған жобасын Ишкі істер министрлігіне жолдағанда, министрлік басқарушыларының бірі оны бекітпей, мектеп туралы анда-мында хат жазып уақыт алдырғанша 1844 жылғы ереже негізінде мектепті тезірек ашуға кіріскендерің дұрыс деп кеңес береді, ал оқушыларды кластарға бөлу, оқу сағаттары мен программаны анықтау істерін соғыс губернаторымен келісіп шеше берулерін мақұлдайды. Бұл қатынасты Обручев Шекара комиссиясына 1849 жылдың 16 тамызында табыс етеді.

Осы кезден бастап Шекара комиссиясының жаңынан қазақ балалары үшін ашылмақ мектептің жұмысы жаңа қарқынмен жүргізіле бастайды. Министрліктің қатынасын алысымен Шекара комиссиясы мектеп ісіне жауапты адамды – надзирательді тағайындейды. Оған Венгржиновский деген чиновник белгіленеді. Венгржиновский Шекара комиссиясының казначейі Винермен екеуі мектеп үшін смета бойынша қажет жабдықтарды дайындау ісіне кіріседі. Мектепті ашу үшін бірінші кезекте алынуға тиіс нәрселерге деп олардың қолына 7473 сом 44,5 тыын беріледі.

Мектептің ашылуы туралы хабар 1844 жылы тарасада, оның іске кірсіуі осында өртүрлі себептермен жылдан-жылға кейінге қалдырылып жатқан кезде, мектеп жайындағы әр алуан лақап хабар Орынбор өлкесіне тез тараап, неше түрлі қауесеттер туғызады. Өнер-білімнен түсінігі

нашар не мұсылман дінінің аясынан асар амалы жоқ, қауым мектеп туралы түрлі өсекке сеніп (балаларды шоқындыру үшін оқытады екен, ата-аналарының рұқсатынсыз тартып әкетеді деген сияқты), мектепке бала беруге қарсы болса, кей жерде мұндай алыпқашты сөздер толқу туғызуға дейін барса, орда билеушілері мен сұлтандар, мектеп ережесінде көрсетілгендей, одан өз мұдделерінің тірегін тапқандай болады, оны болашақта да билік пен мансапты өз қолдарынан шығармаудың тиімді құралы ретінде түсініп, бағалап, балаларын мектепке алдын-ала тіркете бастайды. Осылайша 1844-1845 жылдарда мектепке 21 бала тіркеледі. Тіпті сұлтан Хұсаинғали Орманов сияқтылар балаларын Неплюев атындағы кадет корпусына түсіруге праволы болса да, екі баласын жаңа мектепке жүргтан бұрын жаздырады.

Россиямен қосылуға, орыстың тілі мен өнеріне қашсан да түзу ықыласымен қарап, одан өзіне тиісті пайда таба білген Балгожа да алдағы уақытта орыстың тілі мен білімін меңгерген адамның қолынан билік пен байлық, кетпес деген мақсатпен тұңғыш немересі 5 жасар Ыбырайды мектеп ашылмaston 4 жыл бұрын мектепке кандидат етіп тіркетеді. Осы жайындағы қағазда: “Баланың аты, жөні: Ибрагим Алтынсарин; кандидат бол тіркелгенде жасы нешеде: 5 жас; ата-анасы аттары және атағы: Хорунжий би Балгожа Жаңбыршиннің немересі. Кандидат бол тіркелген мерзімі: 5 март, 1846 жыл” деп жазылған.

Балгожа өзі өсіріп, тәрбиелеген сүйікті немересіне өз атын фамилия етіп беруге де болатын еді. Бірақ ерте өлген перзенті Алтынсарының атын біржолата жоғалтып жібермеу мақсатымен баланы әкесінің атына жаздырады.

Ыбырайды мектепке жаздырған кезде қазақ балаларының орыс арасына барып, орысша оқиды деген қазақ қауымы үшін құлағы естіп, көзі көрмеген сүмдиктай жаңалық болатын. Балгожаның Ыбырайды Орынбор Шекара комиссиясы жанынан ашылмақ мектепке алдын-ала жаздырып қоюын Балгожа төнірегіндегі көп жүрт та осылайша шошына, сескене қабылдайды, орыстың дініне шоқыну деп түсінеді. Әсіресе, Балгожаның ағасы Қанғожа бүл қадамды мұлде теріс деп танып, Балгожамен қатты ренжіседі. Ыбырайды Орынборга апарып, шоқындырып, ата-бабамыздың аруағына кір келтірейін деп жүрсін, бұдан былай Орынборға қарай аяқ бассаң сені де, Ыбырайды да жарып өлтірем деп, Балгожаны қорқытуға дейін барады.

Ақырында Балғожа Қанғожаға мектептің қашан ашылатынын да, оған қашан жүрмекші екенін де айтпайды, жасырады.


Балғожа Үбырайды Орынбор мектебіне апармас бұрын ауылдың дүмше молдасына беріп, “тілін сыйндырытып” та оурелемейді. Ауылда абройлы ата мен оны сыйлайтын ағайын-туғанның қамқорлығы арқасында Үбырай кемдік, қорлық көрмей, еркін өседі. Бірақ баланың аты бала, ол барлық уақытта таза жүріп, таза тұру шарттарын біле де, үстай да бермейді, кейде ауру балалармен де ойнайтын көздері болады. Оның үстіне дәрігерлік көмек деген ол кезде атымен жоқ. Осындай жағдайлардың нәтижесінде Үбырайдың басына жасырақ кезінде қышыма жара шығып, шаштары сиреп, ойдым-ойдым түсіп қалады (кейін ессе келе ол қызметке, ойын-тойға барғанда үнемі пәннің киетін болады).

Үбырай мен Балғожа 1850 жылдың жазында Орынбор шекара комиссиясының жанынан ашылмақ мектептен шақырту қағаз алады. Мұндай қағаз Орынбор өлкесіне қарайтын Батыс, Шығыс, Орта орда сұлтандары мен құрметті адамдарының қай-қайсысына да жіберіледі. Олардың бәрі балаларын күні бұрын мектепке тіркетіп қойып, шақырту қағазын жылдап күтіп жүргендер еді. Шақыртуда баланың жасы. 8 бел 12-нің арасында болуы және 1 тамыздан қалмай келіп болуы ескертіледі. Өйткені 22 тамызда ашылатын мектепке түсу үшін балалар алдын-ала комиссиядан өтіп үлгеруге тиіс.

Балғожа Орынборға Үбырайды алып жүрерін ешкімге айтпай, жол жабдығына жасырын дайындалып, ұзақ сарапға немересінің алғаш шыгуына байланысты жөн-жоралғысын да үй-ішінің көлемінде ғана жасап, шілденің 20-лары шамасында бір түнде аттанып кетеді. Кейін сұраган жүртқа Үбырайды Орынбордың дәрігеріне көрсетіп, емде ту үшін өкетті дерсіндер деп тапсырады.

Балғожа мен Үбырайдың қасында басшы, қосшы біраз адамға қоса, Балғожалармен аталас, жасы Үбырайдан он шақты жас үлкен, жас жігіт Жетібай Өтемісов ере жүреді.

Шілде айының аяғына таман Орынборға Балғожамен қатар Батыс, Шығыс, Ота ордалардың өзге де ірі билеушілері балаларымен келіп жетеді. Шығыс ордадан 23, Батыс ордадан 7, Орта ордадан 3 бала келеді. Балалар мектепке қабылданбас бұрын Шекара комиссиясы құрган



арнаулы комиссиядан өтеді. Олар түгелге жуық олардың ықпалды адамдарының бірнеше жылдар бұрын тіркетіп қойған балалары болса да, комиссия балаларды таңдап алуға тырысады. Әсіресе 3 баланың артық келуі комиссияны біраз қындыққа ұшыратады. Комиссияның дәрігері Майден бірде-бір баланың оспаға қарсы егуден өтпегенін анықтайды, Үбырайдың басындағы қышымасы біраз кедергі болады. Балғожа мектеп үшін жауапты бірінші адам – Шекара комиссиясының председателі Ладыженскийге барып, дала тұрғындарының қалага екі түрлі мақсатпен: оку жөне емделу үшін келетінін, ал осы екеуіне қаладан ықлас пен ынта таба алмаса, қаланың біз үшін не керегі бар дегенді айтып, председательдің Үбырай жөнінде арнайы ұлықсатын алады. Сөйтіп 9 жасар Үбырай Шекара комиссиясының мектебіне аздаған қындықпен алынады.

Мектептің ашылуына байланысты Шекара комиссиясы үлкен той жасайды. Тойға Орынбордағы облыстық мемелер чиновниктері, Орынбордан келген ұлықтар, сұltандар, үйез бастықтары, билер, болыстар, старшиналар т.б. топ-тобымен, лек-легімен келеді. Мектеп ашылған күні (22 тамыз, 1850 жыл) тойға шақырылған бүкіл құрметті адамдарға арналып алдымен мектепте қонағасы беріледі, келесі күні қала сыртында бүкіл халыққа арналған той өткізіледі, мұнда құрес, жаяу жарыс, ат жарысы төрізді дәстүрлі үлттық ойындармен бірге көпшілікке қонағасы беріледі, өдет бойынша тойға алыстан келген қонақтармен қатар, қала төңірегіндегі барша халық та жынысына, жасына қарамай қатысады. Той күндізгі сағат 4-тен кешке ел орынға отырғанша тынбайды. Әсіресе, қараңғы түсे үйымдастырылған фейерверк ойындары дала тұрғындарын ерекше таңдандырады. Сөйтіп, той бір шағын мектептің ашылу құрметтінен гөрі, патша үкіметі мен оның жергілікті өкімдерінің өнер-білімнен хабарсыз, асау, көшпелі халықты үркітіп, сескендіріп алмай, қайткенде оны өздеріне тарта, жақындана, бойын үйрете түсү мақсатын көзdedі, сол арқылы олар отарлаушылық саясаттың негіздерін дала өмірінде нығайта түсуді мақсат етті.

Мектеп алғаш ашылған күні оның табалдырығын бірінші аттаған отыз баланың бірі аққұба, дөңгелек жүзді, өткір көзді, бойы өзі қатар балалардан сөл шағындау, бірақ оның есесіне аздал болса да толық, дембелше, мінезі өте жұмсақ жөне үялшақ, бірақ жасық емес, сәби кезінен адад, өділ, бірбет, алған бағытынан қайтпайтын, өзі біліп,

таныған шындықты кімге болса да айта алатын батыл, аса сүйкімді бала Ыбырай Алтынсарин еді.

Мектепте оқу 24 тамыз күні мұсылманша дүға оқумен басталады.

Ыбырай мектепке орналасқаннан кейін Балғожа Орынбorda көп жата алмай, елде күтіп тұрган жұмыстар көп болғандықтан, тездетіп елге қайтуға кіріседі. Мектептің оқу үйі, жатақханасы бірден дайын болмай, балалар алғашқы бірер айда жеке пәтерде тұрып оқиды. Балғожа бұрын үйден, ата-әженін бауырынан ұзап алысқа шығып көрмеген аяулы немересін танымайтын жат жерде, ортада жалғыз тастап кетуге қимай, қасына Жетібай Өтемісовты қосып, бірге қалдырып кетеді. Жетібайдың міндегі мектеп жатақханасы салынып біткенше Ыбырайдың қасында бол, оны қалаға үйрету, сабағына апарып, өкелу, зеріктірмеу, үйді сағындырмау, көңлін көтеру т.т. болады.

Қазанды орталап қаланың Үлкен көше аталатын орталық бөлігінде, Шекара комиссиясының кеңесімен аулалас, мектептің жалғыз қатар кірпіш үйі пайдалануға беріледі. Көше жағынан қарағанда 12 терезелі үйдің сыртқы есігі қақ ортасында. Есікке тас басқыштар арқылы көтеріледі. Кезекші қызыметкер шөкірттерді қонырау соғылғаннан кейін ішкі кіреберіс кең бөлмеге кіргізеді. Бөлменің скі жағына қызыл түсті қалың матамен көмкерілген динандар қойылған, қарсы бетте киім іletін шималар орналастырылған. Шималар арасында үлкен шар айна. Бөлменден сол жаққа қарай кластың есігі шығады. Класс залының ұзына бойына 8 стол, оның қарсы алдында мұғалім үшін кафедра, оның екі жағында класс тақтасы тұрады. Класта сабак кестесі сағатымен, мұғалімнің аты-жөні корсетіліп ілінеді. Кластан жуынатын бөлмеге шығуға болады. Шөкірттердің қысқа қарай дene шынықтырумен айналысадын жабдықтары да осы бөлмеде. Бұған жалғас шөкірттердің жататын бөлмесі. Мұнда темір төсектер болменің ұзына бойына қойылған, өрқайсысының қасында жұмсақ отырғыш, жоғары жағында төсек иесінің орысша, қазақша жазылған аты-жөні жөне киім ілгіші. Мектептің он жақ бөлігінде бақылаушының (надзиратель) бөлмесі. Бұдан екі есік шығады. Оның біреуі асхана, екіншісі тагы да жатақ бөлме. Соңғысында балалар тамақтанады, асхана болме буфет тұрган бөлмемен жалғасады. Емхана үйіне буфеттен шығып барады, ол Шекара комиссиясының үйіне таман жеке үй. Мұның өзі кіреберіс бөлмені есептемеген-

де екі дербес бөлмеден тұрады, бірінде төрт, екіншісінде екі тесек қойылған. Бөлмелердің қабыргасына өшекейлі қағаздар жапсырылған, едені сырланған, жарық та таза. Кішкентай шағын аулада ас пісіретін, кір жуатын орындар бар. Жатақхана бөлменің терезесі алдында шәкіртердің жазды құні дene шынықтыру сабагында ойнайтын құралдары қойылған.

Мектеп үйі пайдалануға берілгеннен кейін Ұбырай барлық балалармен бірге жатақханага шығады. Бірақ қасындағы Жетібайды қалдырығысы да, елге жібергісі де келмейді. 9 жасар Ұбырай мектептің кіші бастығынан бастап ірі бастықтарына дейін барып, Жетібайды уақытша мектепте алып қалады. Жетібай мектепте балалармен бірге, өз қаражатымен тұрады. Осы “уақытша” ұлықсат жылма-жыл ұзартылып, ақырында Жетібай Ұбырайлар мектепті түгел бітіріп шыққанша, жеті жыл бойы мектепте тұрып қалады. Осы мезгіл ішінде Жетібай бір Ұбырайғана емес, өзге балаға да туған ағасындағы боп бауыр басып кетеді. Жетібайдың күнде бірге жатып, бірге тұрып жүрген шәкіртер ресми тәрбиеші-бақылаушылардың айтқанынан гөрі, Жетібайдың айтқанын көбірек тыңдап, оның айналасынан шықпайды, сондықтан мектептің басшылары да Жетібайдың мектеп жанында қала бергенін пайдалы деп есептейді. Бірақ Шекара комиссиясы Жетібайды қөзден таса қылмайды, оның әрбір адымын бақылап отырумен қатар, тәрбие-оку саласында Жетібайдың балалар арасындағы үлкен беделін ұтымды пайдалану жолдарын да ұмытпайды, ескеріп отырады.

Мектепке ереже бойынша орыс тілі мен татар тілін бірдей білетін, сондай-ақ арифметика, таза жазу сабактарын жүргізетін мұғалімдер Орынбор соғыс губернаторының ұлықсатымен алынатын болады. Бұл мұғалімдер не Орынбордың кадет корпусын, не Қазанның университетін толық бітірген болуға тиіс. Ал мұсылман дінін үйретуші молда Орынбордың мұсылмандық діни қауымы мақұлданған молдалардың бірі болуы қажет. Оны Шекара комиссиясы председателінің ұсынуымен соғыс губернаторы бекітеді. Ал істерді тексеру жайын, іс қағаздарын үйретуді Шекара комиссиясының қызметкерлері жүргізетін болады. Бақылаушы мектептің тікелей бастығы боп есептеледі. Ол отставкаға шыққан офицерлерден немесе сенімді чиновниктерден тағайындалады. Бақылаушы әрбір баланың тәрбиесіне, денсаулығына, сондай-ақ, мектепті азық-тү-

шікпен, балаларды киім-кешекпен қамтамасыз ету істеріне жауап береді, мектеп туралы Шекара комиссиясына үнемі ақпарат беріп отырады. Шекара комиссиясында мектеп ісін арнаулы адамдар, өсіреле, председательдің көмекшісі, ал ол жоқ кезде өзге бір кеңесшісі басқарады.

Мектепте бақылаушы мен балалардың тәртібіне жауап беретін екі унтер-офицерден басқа 9 мұғалім жұмыс істейді.

Мектеп ашылғанға дейін бір жылдай дайындық жұмыстарын жүргізген “надзиратель коллежский секретарь” Венгржиновский мектепте үзак бола алмай, онын орнына келесі, 1850 жылы, яғни, мектеп ашылатын жылы 16 тамызда, сабактың басталуына бір жеті қалғанда, коллежский советник Салықзыян Кукляшев келеді. Қазан университетінің шығыс тілдері факультетін 1836 жылы бітіріп шыққаннан кейін ол бірден Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусына келіп, сонда араб, парсы тілдерін оқытатын кіші оқытушысы бол қызмет істейді, кейін қазақ балалары үшін ашылған мектепке өз ықтиярымен аудысады. Мектепте істеген 6 жылдың ішінде ол мектептің онсыз да мұсылман дініне негізделген оқу тәрбие жұмыстарын онан орі тереңдете түседі. Тек 1856 жылы, Ыбырайлардың мектепті бітіруіне бір жыл қалғанда мектепке Дыньковтың надзиратель болуі шәкірттерді діннің қатал тәртіптерінен аздап болса да босатады. Бір кезде Неплюев атындағы кадет корпусын бітірген Дыньков көп уақыт бойы Орскідегі кеден бекетінде қызмет істейді. Орынбор шекара комиссиясы председателінің көмекшісі, оқу ісінің попечителі Плотников Дыньковтың жақын досы ретінде оның Орынбордағы қазақ балалары мектебіне аудысуына жөрлемдеседі. Өмір бойы қазақ арасында өскен, қазақ, татар, озбек достары көп Дыньков қазақ балаларын жақсы көреді. Сырттай қарағанда көзге қораш, бірақ іші таза, тәжірибелі де қарапайым, іскер жан Дыньков мектепте күні бойы бар уақытын балалармен өткізеді, кешке қарай балаларға үнемі қызық әңгімелер айтып беру, сөйлесу арқылы олардың орысша түсіну, сөйлеу дағдыларын жетілдіре түседі, шәкірттерді дін тәртіпперін түгелдей орындауга міндеттемейді. Ораза ұстағысы келетін шәкірттерді өз алдына уақытылы тамақтандырып отырады. Балаларды жұма сайын мектепке барудан босатады. Жексембі күні сабак оқытын балалар енді жұма күні босап, біраз демалып, бой жазу мүмкіндігін алады. Дыньков шәкірттердің шаштарын ал-

дыру, алдырмауды өр шәкірттің өз еркіне қалдырады. Мұсылман дінінің мұғалімі мектепте дін сабағының салғыртсы түсетінін ескерткенде, Дыньков оған ашық қарсы келмей, өртүрлі сылтаулармен құтылады, дін мұғалімінің шағымын, сөйтіп, шекара комиссиясына жеткізбей басып тастайды, бірақ мектептегі дінге қарсы күрес өз бетімен кейде ашық, кейде жабық жолдармен жүріп жатады. Мектеп жұмысына осылайша бар жаңын салған, жастарды қайткенде мұсылман дінінің қатал талаптарынан таза өсіруге талаптанған, бірақ оның есесіне өзге бір дінді ұсынуды көзdemеген, өзінің қатты аурулығына да қарамай мектептен кетпеген Дыньков 1860 жылдың 20 қаңтарына дейін, өletініне 4 күн қалғанша сүйікті шәкіртерінің арасында қажымай, талмай қызмет істейді.

Ыбырайларды мектепте көбіне-көп Неплюев кадет корпусының мұғалімдері оқытады, мектептің өзіне арнайы дайындалған не басқа жақтан шақыртылған мұғалімдері некен-саяқ. Ыбырай оқыған кезде орыс тілі мен арифметиканы кадет корпусының мұғалімі, титулярный советник Костромитинов жүргізеді. Кейін оның орнына надворный советник Магнитский келеді. Таза жазу мен үйездік училищениң мұғалімі Кутергин оқытады. Татар тілін бұрын кадет корпусында араб, парсы тілдерінің кіші мұғалімі бол көп жылдар істеген Мирсалық Бекчурин жүргізеді. 1859 жылы мектептің 1844 жылы бекітілген ережесіне жекелеген өзгерістер енгізіледі, атап айтқанда, математикалық геометрия мен орыс және дүниежүзі географиясы оқылатын болады, бұларды штабс-капитан Орловский оқытады. Мектеп ашылған күннен бастап мұсылман діні сабағын кадет корпусының молдасы Фабдулсалямов жүргізеді.

Мектеп кітапханасында орыс тіліндегі кітаптардан гөрі, діні оқулықтар көбірек орын алады. Орысша әліппе, орыс тілінің грамматикасы, арифметика, татар әліппесі оқулықтары ғана мектеп кітапханасы қорының діни кітаптардан бөлек негізгі қоры бол табылады. Ыбырай мектепті бітіріп кеткеннен кейінгі кезде кітапхана қоры едөүір көбейе түседі. Григорьев өзінің біраз кітаптары мен өз билігіндегі Перовский кітапханасынан бір сыпыра көркем шығарма кітаптарын (Карамзин, Жуковский т.б. шығармалары) кітапханага өткізеді.

Ыбырай оқыған мектептің аталып өткендей көптеген ерекшеліктерінің болуы занды еді. Қазақ балалары үшін

түнгыш ашылған мектепті тап-таза орыс мектептері үлгісінде жасау да немесе қазақ арасында сол кезге дейін еткек алып келген діни мектептер үлгісінде қалдыру да мүмкін еместін. Соңдықтан мектептің жалпы ережесі мен оқу бағдарын жасаушылар оның екі жағын да ескеріп, оғдерінің сол кезге дейін көп көріп жүрген орыс-татар мектептерінің ерекшеліктерін (өсірсек олардың діни негіздерін) көбірек пайдаланды. 4 кластық мектептің бастапқы үш класы екі жылдан, ал соңғы класы бір жыл оқылатын болды, бұлар тәменгі, орталau, жоғарғы және тәжірибелік кластар дег аталды.

Тәменгі кластың бірінші жылында орысша, татарша жаза білуге үйрету, осы екі тілде оқыға, таза жазуға жаттықтыру; екінші жылында иман-шарттан қысқаша мәлімет беру, өптиекті үйрету, арифметика сабағынан сандарды оқытып-үйрету; ортаңғы кластың бірінші жылында мұсылман дінінің бастапқы дөмалары мен өптиекті жаттатып аяқтау, орыс және татар тілдерінің грамматикалары бойынша алғашқы түсініктер беру, екі тілде жат жазуға дағдыландыру, таза жазуға тәселдіру, арифметиканың төрт амалын үйрету, төрт амал бойынша есептер шығаруға жаттықтыру; екінші жылында құранды түсіндіру кіріспесі, орысша және татарша таза жазу мен грамматика ережелерін үйретуді өрі қарай жалғастыру, Шекара комиссиясы аудармашысының басқаруымен орыс, татар тілдерінен өтілген грамматикалық ережелер колемінде женіл мәтіндерді бір тілден екінші тілге және керісінше аудартып үйрету, арифметика бойынша жай бөлшектер мен атаулы сандарды оқыту, жоғарғы кластың бірінші жылында құран оқытып түсіндіруді жалғастыру; орыс, татар тілдерінің грамматикаларын оқытуды аяқтау; жазба есептер шығару мен арифметиканы тәмамдау, орысшадан татаршага, татаршадан орысшага аударма жасатуды, екі тілде жаттай таза жазуды аяқтау, екінші жылында құранды түсіндіруді бітіру, орыс, татар тілдері грамматикаларын тәжірибе жүзінде қайталау, женіл-желпі іс қағаздарын жазу, тергеу істерін жүргізу, арифметиканы қайталау, тәжірибелі класта (бір жыл) екі тілде женіл шығармаллар жазуға дағдылану, біраз күрделі іс қағаздары мен тергеу істерін жүргізу арқылы өткен материалдарды қайталау, тергеу істерінің қажет боліктерін көшіріп дағдыландыру т.т. шаралары қамтылады. Бұларға қоса Шекара комиссиясының дәрігері мен мал фельшері балаларды шешек ауруына қарсы егуді, қан

күюды, сондай-ақ, Орынбор өлкесінде көбірек кездесетін жұқпалы мал ауруларын танып, емдей білу сияқты мал дәрігерлігінің қажет саласынан түсінік беруге назар аударылады. Мектеп шәкірттеріне іс қағаздары мен қылмысты істерді тергеу жайын үйрету міндегі оларды мектеп бітіргеннен кейін елдік жерлерде осындағы қызметтермен айналасқан кездерде қындықсыз қызмет істеп кету мүмкіндігін көздейді.

Мектептің балалар үшін міндettі ішкі ережесі де мейлінше қатаң шараларды қамтиды. Балалар таңғы сағат 7-де үйқыдан тұрады, 8-де тамақтанады, 9-дан 11-ге дейін класта оқиды, сағат 1-де түскі тамақтарын ішеді. Түстен кейін 2 мен 4 арасында класта тағы да оқиды, 8-де кешкі тамақтарын ішеді, 9-да үйықтайды. 22 тамызда басталған оқу 1 мамырға дейін созылады, мамырдың 1-нен 20-на дейін жыл бойы өтілген материалдар өрбір пән бойынша қайталанылады. 25 мамырдан 10 маусымға дейін өрбір оқушыдан жеке-жеке емтихан алынады. 15 маусымнан 15 тамызға дейін балалар жазғы демалысқа шығады. Демалыс кезінде ата-анасы не жанашыр қамқоршысы баланы уақытша қолына алғысы келсе, Шекара комиссиясының ұлықсатымен ғана ала алады. Мұнда да оқушының мүлде алысқа ұзап кетпеу жағы ескеріледі, демалыстың аяғына таман баланы мектепке жеткізу оны өкеткен адамның тікелей жауапкершілігіне тапсырылады. Алыс аудандарға демалыс кезінде кеткен балалардың мектепке уақытында келіп үлгеруі және олардың тәртібін сырттай бақылай журу орда басшыларына, сұltандарға, старшиналарға қосымша тапсырылады.

Әрбір оқушыдан оқу жылышының аяғында жеке емтихан алу бақылаушының (надзиратель), Шекара комиссиясы председателі көмекшісінің, мұғалімдердің, кейде ата-аналардың да қатысуымен өтеді. Мектептің өрбір класын бітірген оқушылар үшін екі жыл сайын (өйткені өрбір кластың өзі екі жылдық) 10 маусымда көпшілік емтиханы өткізіледі. Мұнда да Шекара комиссиясының председателі, оның көмекшісі, мектептің бақылаушысы, комиссия кенесшілері, мектеп мұғалімдері, сондай-ақ сырттан шакырылған ата-аналар мен белгілі ұлық қазақтар қатысып отырады. Емтихандарды толық тапсырып болғаннан кейін және сол емтихандардың қорытындыларына лайық оқушылар кластан класқа көшіріледі. Бір класты екі жыл оқымай (4 кластың оқу программасы 7 жылға бөлініп жос-

парланған) оқушы келесі класқа ауыстырылмайды. Класстан класқа көшу үшін өрбір оқушы өр сабактан (дін сабағы, орыс тілі, арифметика, істі тергеу тәртібі мен іс қағаздарын, татар тілі мен тәртібі бойынша) 12 балл алуға тиіс. Балдың өр бала үшін жалпы саны – 72. Емтихан толық аяқталып болғаннан кейін емтиханның қорытынды тізімдерінің екі данасы жоғарыда аталған ресми адамдар мен мектеп бақылаушысының және мұғалімдерінің қойылған қолдармен Шекара комиссиясы арқылы Орынбор соғыс губернаторына, бір данасы сыртқы істер министрлігінің азиялық департаментіне жіберіледі. Оқуды ортурлі себептермен үлгермеген немесе оқуға қабілеті жок, сондай-ақ, тәлім-тәрбиеге қонбекен балалар мектептен шыгарылып, ата-аналарының қарамағына қайтарылады. Ал оқуды аурулығына байланысты үлгермеген балаларга уақытша демалыс беріліп, жазылғаннан кейін қайта кеп оқуына мүмкіндік жасалады, орны сақталады. Балаларға берілетін тамақтың тойымдылығымен бірге азиялық тағамдарға жақындығы ескеріледі. Оқушылардың киімдері жонінде де осындай принцип ұсталады.

Ыбырай оку басталмай тұрып Жетібайды мектеп жаһында қалдыру жайында қөрсеткен пысықтығы мен өткірлігін мектеп қабырғасында өткен жеті жыл бойы шындағы, шынықтыра түседі, өзгеден зеректігі мен алғырлығын, үқыптылығы мен тәртіптілігін, тазалығы мен адалдығын ала-бөле танытады. Ыбырай жас жолдастарының қебінен кіші болса да, кешікпей алғырлығы мен ақылдылығының арқасында олардың біразына аға боп, айтқанын тындастырады, класта оку, тәрбие жұмысына үйтқы болады.

Мектеп ашылғаннан кейінгі алғашқы бірер жылда Ыбырай елді сағынып, оқи алмай жүрмесін деп, Балғожа ортурлі жұмыспен Орынбога жиі-жіі келіп, біраз уақыт немересінің қасында болып кетіп жүреді, кейінгі жылдары Ыбырай да, Балғожа да үйреніп, Балғожа қалаға андансанда, тек жұмыс бабымен келіп кетіп тұрады. Жаз шыға Балғожа аулы жайлауга ерте көшіп, Ыбырайдың жазғы демалыс кезінде елге келуіне бүкіл ауыл боп дайындалады. Ыбырайдың оқудан тарқар мезгіліне таман ағайын адамдардың ішінен екі-үш сенімді, жол жүріп ысылған жігіт бірнеше жақсы атпен Орынборға жол шегіп, Ыбырайды кешіктірмей таза ауасы мен қымызы мол жайлаудағы Балғожа аулына, ата-анасының ыстық құшағына жеткізіп тұрады.

Балғожа өзінің Орынборға жолы түспеген сөттерде, өсіресе, қыс айларында Ыбыраймен Орынборға баратын өзге адамдар арқылы, кейде тіпті хат арқылы да үзбей хабарласып отырады. Ақылды ата қандай жолмен хабарласса да, қағылез, қабілетті немересінің өнер мен адамдыққа қарай ұмтыла, ілгерілей түсіне жағдай жасаудың не бір ұтымды да өсерлі тәсілдерін табады. Солардың бірі – өлеңмен хат жазу. Алғаш Ыбырайдың хрестоматиясында жарық көріп, сол арқылы біздін заманымызға жеткен Балғожа-ның бірден-бір өлеңі (“Балғожа бидің баласына жазған хаты”) осы кезде қағаз бетіне түседі.

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жанына жәрдем берсін һақ тағалам!
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.

Атаңды сағындым деп асығасың,
Сабакқа көніл берсөң басыларсың.
Ата-анаңды өнер білсөң асырарсың,
Дадан боп ілмей қалсаң аң үрарсың.

Шырагым, мында жүрсөң нетер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында,
Жүргенмен не мұратқа жетер едің.

Қаншама қарапайымдылық пен адамгершілік сезім бар осы жолдарда! “Үміт еткен көзімнің нұры балам” дегеннен сөз артық та, сулу да, өткір де, табиғи да болар ма?! “Ата-анаңды өнер білсөң асырарсың” дегенді шағын да бүйіры мақсат Балғожа мен оның заманындағы өнерге деген жалқы тілекті қандай орынды білдіреді. Немесе елде жүрсөң “қолыңа құрық алып кетер едің” деген жолды алайықши. Ескі ауыл өміріндегі талапсыз, мақсатсыз жастардың зая өмірі қалайша қарапайым да дәл бейнеленген т.т.

Ыбырай бұл өлеңді оқу жылдарында дәтке қуат, жанына медет тұтынса, ата-әжесін, ағайын-туғанын, ауыл-аймағын сағынған сөттерде есіне алып, өзіне одан күш пен жігер тапса, есейе келе оны өмірлік түмар етіп тағынды, өзге жастарды да оқуға, өнерге тарту мен талпындырудың ұтымды құралы ретінде пайдаланды. Өлең кейін Ыбырай хрестоматиясы арқылы мүлде өлмес қасиетке ие болып, қазақ шәкірттерінің сан үрпағына бастапқы максатында қызмет етті.

Көп замандастарының айтуына қарағанда, Ұбырай жас көзінде де, есейген тұсында да жақсы көретін адамын (мейлі ол туысы ма, досы ма, жолдасы ма, бәрі бір) құлай сағынатын, мейлінше сезімтал, нәзік жан болған. Досынан не туысынан алыстап жалғыз жүрген кездерін ерекше жан азабын тартып, қындықпен өткізген. Балғожа аталған өлеңін Ұбырайдың осындай мінезін бала кезінен байқап, білгендікпен жазған тәрізді.

Мектеп дарынды да зерек Ұбырайға өсіресе қоғамдық, әлеуметтік пәндер мен әдебиет, өнер саласынан едөүір мінглімат береді. Ең маңыздысы орыстың ғылым-біліміне ықласы мен ынтасын туғызады, білген білімінің мүлде айдағын сезініп, білген үстіне біле тұсу құмарлығын қүштейтеді. Өсіресе Пушкин, Лермонтов поэзиясымен азап болса да сусындау, хабардар болу шекірт Ұбырайдың алдынан өзге бір жаңа дүниенің есігін айқара ашып, оның монгі таусылмас асыл сырды мен абзал қасиеттерін білуге еріксіз тарта, талпындыра түскендей болады. Алғыр жас орысша таза да жетік сөйлеу мен жазуға үйренеді.

Әрине, мектеп Ұбыраймен бірге оқыған отыз бала-ның бәріне бірдей осындай білім мен тәрбие бере алған жоқ, беруі мүмкін де емес еді. Өйткені адам әр түрлі, оркімнің білім мен тәбиені қабылдауы, әр алуан өмір құбыштарына қатынасы мен жалпы өмір жайындағы көзқарасы әр жағдайда, әр сипатта қалыптасады, бірге оқу мен бірге тұру адамдардың егіздің сынарындаі бір-біреуіне үқсаудың кепілі емес. Әр адамның қалыптасуы (личность) алуан түрлі қоғамдық, саяси-әлеуметтік, моральдық, адамгершілік жағдайларға байланысты. Оның үстіне Ұбырай оқыған мектеп қазақ балалары үшін ашылса да, қазақ мектебі аталса да, онда қазақтың ұлттық тілі мен мәдениетіне, тұрмысына т.б. қатысты еш нәрсе болмады лерлік еді. Мектепті үйымдастыруышлар қазақтың билеуші қауымын, сол арқылы жалпы халқын шошытып алмау легенді бетке үстап, мектепті діни тәрбие орнына көбірек үқсатып жіберді. Сабак орыс және татар тілдерінде жүргізілді, қазақтың өз тілі бар, оған не болуы мүмкін, сол тілде оқыту қажет деген ешкімнің де ойына кіріп шықкан жоқ. Ол аздай-ақ, жеті оку жылы бойы, өсіресе, оның алғашқы алты жылында шекірттер мұсылман дінін оқумен бірге, оның шашты үнемі тазартып алдыру, дәрет алып жүру, ораза үстастау, жұма сайын мешітке барып намаз оку, діни мейрамдарды мерекелеу тәрізді әдет-ғұрыптарын да

бұлжытпай сақтауға тиіс болды. Мұндай окудан оның ішіндегі ең таза дәнін танып, тауып алу 15-16 жастағы жас өспірімдер үшін оңай емес еді. Үбырай жастығына, тәжірибесіздігіне қарамастан сол дәнді өзге шәкірттерден ала бөтен, жалғыз, өз бетімен қай тараптан жөне қалай іздеу жолын білді. Осы білігімен, білімімен, зор рухани табысымен Үбырай 16 жасында мектепті үздік бағамен бітіріп шықты.

Мектепте өуелі баста 30 бала түссе де, оның барлығы бірдей мектепті толық аяқтап шыға алмады. 7 жыл бойы өртүрлі себептермен 2 бала окуды тастан кетті, 8 бала келесі жылы қайтадан оқу үшін орындарында қалдырылды. Мектепті Ш. Құлбеков, Т. Қоспақов, Н. Мұңсызбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Көшербаев “отлично” деген бағамен, А. Дербисов, Х. Құнанов, М. Бақтияров, М. Байдусов, А. Құсіпғалиев “өте жақсы” (бұл отличнодан сәл кіші баға ретінде алынған) деген бағамен, Х. Байтақов, С. Құсіпғалиев “жақсыдан жоғары” (бұл отлично мен өте жақсыдан кейінгі) бағамен, С. Аскarov, К. Қаржасов, К. Көпбергенов “жаксы” деген бағамен, Е. Әйтөкин, Т. Саматов, Ө. Бердалин, С. Мұхамедғалиев, Ю. Байжанов “қанагаттанарлық” деген бағамен бітіріп шықты. Бұлардың ішінен Ш. Құлбеков, Т. Қоспақов, Ш. Көшербаев, М. Бақтияров деген балалар өз сұраулары бойынша Орынбор Шекара комиссиясында іс қағаздарын жүргізуді үйрену мақсатымен қалдырылып, өзгелері орда, үйез маңындағы өртүрлі жұмыстарға, іс қағаздарын жүргізу қызметтеріне жіберілді.

Шекара комиссиясының бастықтары мектепті бірінші бітірушілердің құрметіне той жасауды жоспарлады. Соған байланысты оқушылардың көпшілік емтиханының аяқталу кезіне, 10 маусымға (1857 жылдың) Орынборға шәкіртердің ата-аналары мен ағайын-тұгандары, олардың іс басындағы адамдары шақырылды. 10 маусымда көпшіліктің қатысуымен өткізілген емтиханда (қазіргі мемлекеттік емтиханның реті) оқушылар программаға сай тиянақты білім алғандарын көрсетеді. Емтиханнан кейін оларға мектеп бітіргендегі туралы тасқа басылған аттестат, қызметке орналасу жайында сұltан-правительдерге арналған жолдама хат, жүқпалы ауруларға қарсы емдеу мен етуге бірінші кезекте қажетті дәрігерлік өртүрлі ұсақ-түйек жабдықтар тапсырылады.

10 маусымда келуге тиіс Орынбор мен Самардың генерал-губернаторы Катенин уақытында келе алмайды. Со-

тап байланысты мектеп бітірушілердің тойы тағы бес күнге келін қалдырылады. Бірақ Катенин 15 маусымға да келіп үшірмейді. Сол себепті облыс бастықтары тойды бұдан орі кейінгে қалдыра берудін ретін таба алмай, 15 маусымда откізіп, мектеп бітірушілер мен олардың ата-аналарын, орда билеушілерін елдеріне қайырады. Мектеп бітіру тойы мектептің ашылудағы тойындай үлкен де ұзақ болмайды, шақырылған қонақтарға қонағасы беріліп, аздаған ойын-саяуқ көрсетумен тәмамдалады.

Ұбырай атасы Балғожамен бірге шілде айының басында туған жеріне оралады, Тобыл өзенінің бойындағы Николаевск уезіне қарайтын үлкен Ұзын қыпшақ руының басшысы – өз атасы Балғожаның көмекшісі, іс қағаздарын жүргізуші боп қызмет істейді.

Ұбырайдың мектепті бітіріп, туып-өскен аулына келген шағы – 50 жылдардың соңғы тұсы – Орынбор өлкесінде азды-көпті тыныштық орнаған кез еді, 50-жылдардың орта шенінде осы тоңіректе үлкен бүлік шығарып, орта орданың правителі сұltан Арыстан Жантөріннің лагерін шауып, өзін өлтірген шекті руының белігі ру басы Есет Көтібаровты ұстау өрекетімен Перовский экспедициясы Ақмешітке дейін келіп, ештеңе бітіре алмай кейін қайтады. Оның есесіне кінөсіз қарапайым көпшіліктің жайқүйі кетіп, шаруашылығы төмендейді. 1855 жылдың қызында Перовскийге кектенген Есет Көтібаров шекараға жақын қазақ ауылдарын шауып, малдарын өкетіп, көп үбір береді. Осы кезде (1857) Орынбор губерниясына жаңадан келген генерал-губернатор бүлікті өршітпей басу инистімен, қылмыстылар Орынборға өздері келіп, айыптарын мойындарап, кешірім сұраса, бұдан былай бұзақылық істерге араласпайтын болса, оларға кешірім беріледі деп хабар таратады. Осыдан кейін алдымен Есет Көтібаровтың адамдары, кейін 1858 жылдың жазында өзі Орынборға келіп кешірім алады. Сейтіп барымта мен ел тонау, тынымсыз шапқыншылық біраз тоқтап, ел еру бола бастайды.

Дала өміріне 50-жылдардың аяғында осындай азды-көпті тыныштық пен тәртіптің орнауына байланысты патша үкіметі қазақ жұртын теженкірей билеп, отаршылық саясатты нығайта тұсудің жаңа шараларын қарастырады. Осы орайда ол алдымен, 1859 жылы Орынбор ведомство-сы қазақтарын Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінен Ішкі істер министрлігінің қарамағына көшіреді, Орынбор Шекара комиссиясын Орынбор болысы етіп қайта

күрады. Шекара комиссиясының председателі Григорьев Орынбор облыстық басқармасының бастығы бол тағайындалады, губернатор лауазымы қоса беріледі. Қазақтар оны көбінесе губернат деп айтады.

Ыбырайдың саналы өмір жолы осы кезде, яғни, 1857 жылдың тамыз-қыркүйек айларында, жоғарыда айтылған қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың арасында басталады. Табиғатынан алғыр да қарапайым жөне бауырмал Ыбырай қала тәрбиесін, білім орнын көрген адам бол, туган аулына жатсына, жатырқай, менменси келмей, қайта сағына, аңсай келеді. Озық өнер мен білімге толық сусындармаса да, оның көзі қай жақта екенін, алдағы уақытта қайдан жөне қалай іздептінін біліп, танып қайтқан зерек жас біраз нөрсені туған ел ортасынан үйренудің қажеттігін сезінеді, халқының тілі мен тұрмысын, өткен тарихы мен бүгінгі тағдырын тани білуге көз тігеді, құлақ түреді, жүргегімен үғынуға тырысады.

Сондықтан да Ыбырай атасы Балғожаның қасына еріп жүріп, ел көреді, жер көреді, сөз қадірін, ерді тоқтатар сөйлеу парасатын үйренуге ұмтылады, билік пен шешен-діктің ескі жөн-жоралғысымен, даланың жазусыз занда-рымен, тәртібімен танысады, Балғожаның ел ішіндегі жеңіл-желлі тапсырмаларын қазақ жолымен шешуге қатынасады. Бірде Балғожа ағасы Қанғожадан туған екі інісі Ақдәulet пен Қылышбайдың өзара қатты араздасып, Ақдәuletтің елін, жерін тастап Бағаналы руындағы Бабыр биге көшейін деп жатқанын естиді де, Ыбырайды шақырып алып, істің мөн-жайын түсіндіреді де, агаларыңа барып сөлем бер, екеуін табыстыр, ешқайда көшіп, алан болмасын, істі тындырып қайт деп жібереді. Сонда Ыбырай алдымен Ақдәuletке келіп былай депті:

Мұнан кетсең баарсын,
Бағаналы Бабырга,
Нарынды берген тамырға.
Жая менен жал салып,
Берерсің тоқал қабырга.
Төсекті қалың саларсын,
Отпестей қылышп сауырға.
Аяғыңдан өзің барған сон,
Жая мен жал түгел,
Зар боларсың қарынға,
Малыңа азық жинауға,
Жарисың ба шабынға.

Түбек тимей өзеннен,
Малыңды қыс күн бағуға.
Жазғытұры болғанда,
Жая алмассың малыңды
Жайсаңы бар қалыңға.
Асығарсың сонда, аға,
Көшемін деп қайтадан,
Ағайын туған, бауырға.
Өз түяғы тұлпардың,
Өзіне дәрі деген бар
Қайтыңыз аға ауылға!

Ыбырайдың сөзіне тоқтап Ақдәulet көшпей қалыпты. Ыбырай осы бетімен Қылышбайға барып, оны да ашуынан қайтарады, сөйтіп, ағайын арасындағы дау-жанжалдың шешімін аз сөзben тауып, ел жүргтты сабасына түсіреді.

Тағы бірде Ыбырай Балгожага еріп, жақын ағайындары Айтоқа, Байтоқаның аулына келсе, Байтоқа ағасына оқпелеп, Қарабалық Наурызбай биге көшпек бол жатыр скен. Сонда Балгожа немересіне қарап, “мынаған бірдене деші” дегенде, Ыбырай былай депті:

Уа, Баеке тыңдасан,
Біздің сөзді үғарсың.
Итің менен құсыңды,
Сонарда алып шығарсың.
Аңыңды алған байласан,
Наурызбай биге ұнарсың,
Жекіріп айтса бір сөзді,
Құлағыңды мықтап тығарсың,
Бөденедей бұғарсың,
Ішиңнен судай тынарсың.
Ызалы ердің үрпагы ең,
Оған қалай шыдарсың.
Қой аға-еке, көшуді,
Дүшпаның күйіп ішінен
Достарың естіп қуансың.

Осы сөзден кейін Айтоқа мен Байтоқа өкпелерін қойып, табысып, Ыбырайға ат мінгізеді.

Ыбырай Орынбордағы қазақ мектебін 16 жасында бітірсе де, соншама жастығына қарамастан Орынбордың болыстық басқармасынан бастап басқа да көптеген мекемелерде істейтін белгілі адамдармен жақсы таныс болады. Туған аулына келіп, атасы Балгожаның қасында өртүрлі

жұмыстар істеп жүрген кезінде Орынбордағы таныстарымен үзбей хат жазысып тұрады. Мұнда ол көбінесе ыңғайлы қызмет табылса, Орынборға ауыспак ниетін білдіреді.

Осындай кезде, 1859 жылдың көктемінде қамқор да сүйікті ата Балғожа жасы жетпістен мол асқан шағында қайтыс болады. Бір Ыбырай емес, бір тайпа елге ақсақал болған үлкен өкенің өлімі Ыбырайдың басына бірден көп қындық түсіреді, Балғожа өүлетінің бас көтерген адамы 18 жасар жалғыз Ыбырай ғана болып қалады. Әсіресе, Балғожаны жерлеу кезіндегі осы қағазға байланысты өзге де көптеген жұмыстар Ыбырайды қатты қинайды, шаршатады. Ыбырай бүкіл Орта ордаға аты мәлім атасының ең соңғы сапарын оның үлкен атына лайық атқаруга және көпшілік арасында осыған байланысты әртүрлі өкпе-наз, өсек-аяң сияқты нәрселерді болдырмау үшін бүкіл ақыл-жігері мен жанын салады, мал-дәuletін де аямайды. “Оны білетін өм қадір тұтатын адамдарды небір жетімсіз жайлармен ренжітіп алам ба деп қауіптенем, өйткені ол мұндайға қиятын адам емес еді гой” дейді Ыбырай осы ретте Орынбордағы орыс достарына жазған хатының бірінде. Үлкен де сыйлы кісінің өліміне “ежелден келе жатқан дәстүр бойынша көп уақыт, көп меҳнат жұмсалатынын” жақсы түсінген бала Ыбырай бұрын мұнданай үлкен жұмыс пен міндет арқаламаған тәжірибесіз, жастығына қарамастан бар қындықты бір өзі көтереді, өз мойнына алады, әсіресе, ауыл ағайындарынан ақыл, көмек, кенес сұрап жалынбайды, көз сұзбейді, жетімсіремейді, сол сияқты, ешкімге өзін басындырмайды, баласындырмайды, атадан қалған мал-мұлкін, шаруа-жайды тез арада тәртіпке келтіруге тырысады. Сонымен қатар оның осы тұстағы үлкен жұмысының бірі Балғожаның басына ескерткіш (мазар) салу болады. Мамыр айы бойы ескерткіштің материалдарын (куйдірген қызыл кірпіш, өк т.т.) жинап алып, маусымның басында бейітті сала бастайды.

Балғожа өлерінде Тобылдың оң жақ бетіндегі қыстауының қасына, сол арадағы шағын төбешікке жерлеуді өсiet етеді. Жақсы айттық па, жаман айттық па, өйттеуір қыстауда отырган күз бен көктемде осы төбенің басында төрелік іздеп келген көп адамға билік айтып, төрелік беріп едім, өлген соң сол араға қойындар, менен кейін біздің үрпағымыз да сол арада қалар, жұрт Балғожа қауымы деп атар дейді қадірлі қария. Ыбырай ата өсietін орындалап, айтқан жеріне жерлейді. Кейін жұрт бұл араны Ыбырайдың аты-

мен Инспектор көлі (Ыбырай үйінің қасында кішкене қолшік болған) немесе Учительская дача (Ыбырай өлгеннен кейін Ыбырайдың үйі біраз уақыт мұғалімдер дачасы болған) деп атап кетеді.

Ыбырай асқар таудай пана боп жүрген сүйікті атасынан айрылып қапаланып, қайғырып жүргенде Орынбор облыстық басқармасы председателінің көмекшісі және облыстағы оқу ісінің бастығы Лев Николаевич Плотниковтан хат алады. Бұл хат жабығып, қайғы басып жүрген Ыбырайға зор күш, қуат беріп, оны алдағы өмірге талпындыра, талаптаңдыра түседі. Әсіресе, Плотниковтың Орынбор облыстық басқармасынан қызмет табылу мүмкіндігін хабарлауы Ыбырайды қатты қуантады. “28 ақпандығы хатыңызды алғанымды Сізге хабарлауға батылдығым жетіп отыр, — деп жазады ол жауап хатында, — жүргірте оқып жіберіп, Сіздің үәде берген жерінізге келгенімде, қуанғанымнан көзімнен жас шығып та кеткенін байқамай қалыптын. Осынау қапасқа түскен кезімде бұл сезінің мені шексіз қуантып тастады. Маған жасаған соншама жақсылық, ізгілігіңіз үшін сізге алғыс айтайын десем, лайықты сез таба алмай отырмын, Лев Николаевич, мен құллі ата-бабам тәрізді қыр түлегі болсам да, жасаған ием барша жүртпен бірге маған да ұлы адамдардың рақымын айыра білу және сол рақымын өле-өлгенше ұмытпай, есте сақтау қабілетін берген. Мен сол жолдан таймауга серт байлаған жанмын. Сіз маған ойда жоқта, тіпті қиялымда енбейтін мейірімділік жасадыңыз, ендігөрі мен (дінім басқа болса да) жақында ғана дидарын қара жер жұтқан өз атамнан Сізді кем тұтпаспын. Жас мөлшеріме қарай, өміріме жолбасшы, қамқоршы қажет екенін мен айқын сезінемін. Өз үғынумша, тағдыр таразысында мені бақытсыздықтан бақытқа душар еткен тәңірімді шапағатпен дүғамнан тастамаспын. Сіздің құзырыңызға үміт артамын. Тәңірім майдайыма жазған бақытима қай қолмен жететінімді өзімнен гөрі Сіз жете ойластырыпсыз. Сол жолдан адастырмау үшін құдай маған Сізді жаратты ма деп ойлаймын...” Үлкен үйдің үлкен тауқыметі мен қадірлі атаниң қазасы жас Ыбырайдың басына көтере алмастай ауыр салмақ түсірген кезде Плотниковтың хаты зор рух береді. Сол рухпен ол шілде (1859) айының алғашқы күндеріне дейін Балғожаның бейітін салып бітіріп, атасының өліміне байланысты өзге де дәстүрлі жән-жоралғыларын түгелдей, ешкімнің көңілін қалдырмластай және атақты кісінің үлкен атағына

сай дәрежеде өткізіп, шілденің 20-ларында Орынборға жүрге дайындалады. Плотниковке алғыс айтып, егіле жазған хатында (7 маусым, 1859 жыл) ұсынған жұмыс туралы шешімді Орынборға барған соң айтам, оған дейін жұмысты басқа біреуге бермей, кідірте тұрыныздар деп өтінген еді. Балғожаның өсietі мен өліміне байланысты жұмыстар мен үй ішінің шаруашылығын біраз жөнге келтіргеннен кейін, елдегі басқа жұмыстарды інісі Оспанға тапсырып, Ыбырай Орынборға жеткенше асығады. Сөйтіп, ол тез арада дайындалып үлгеріп, шілденің 25-26 шамасында арада бірнеше күн сүйт жол жүріп Орынборға келеді. Көп кешікпей, 1 тамыз күні Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаш боп қызметке орналасады. Бұл оның ресми қызметінің алғаш басталуы еді.

Ыбырайдың Балғожа қайтыс болғаннан кейін жедел Орынборға келіп, келген бойда Орынбордың облыстық басқармасына жұмысқа орналаса қоюы кездейсоқ еместін және жалғыз гана Плотниковтың көмегі мен еңбегі болмайтын. Мұнда өзге адамның, қолында билігі мен құдіреті молырақ адамның қатысы айқын еді. Ол облыстық басқарма бастығы Василий Васильевич Григорьев болатын.

Шығыс тарихын арғы дәуірлерден зерттеп, Григорьев (1816-1881) ерте-ақ көзге түседі. 1842 жылы Москвада жарық көрген XIV-XV ғасырлардағы хандар жарлығы туралы диссертациясы 26 жастағы Григорьевті өз дәуіріндегі орыс ориенталистерінің алдыңғы қатарына шығарады. Бұл еңбек Россиядан ғері шетелдерде, өсіреле, Еуропа елдерінде көбірек тарап, Еуропа ориенталистерінің назарын молырақ аударады. Академик Френ Григорьевтің осы еңбегі жөнінде Еуропа ғалымдарынан бір сызыра үнамды пікірлер алады. Григорьев Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің шақыруымен 1852 жылдың қаңтарында Орынборға келеді. Алғашқы жылы өлкे жайында өралуан отчеттар жазу жұмысымен айналысады, келер жылы өскери экспедициялар кеңесінің бастығы бол істейді, 1854 жылдың қаңтарында Орынбор Шекара комиссиясының председателі боп тағайындалады. Осы жылы ол Россия ғылым академиясының мүше-корреспонденті бол сайланады. Григорьевтің Орынбор өлкесіне келуі оның бұған дейін де орыс шығыстануының белгілі өкілі болуымен тікелей байланысты болса, келгеннен кейін де ол Орта Азия, Қазақстан, сондай-ақ, шығыстың өзге де халықтарының арғы-

Оергі тарихын, этнографиясын, тілдерін, өдег-ғұрыптарын зерттеуге шүғыл кірседі, бұған зор мүмкіндік табады. Россия шығыстану ғылымында буржуазиялық-дворяндық бағыт ұстаған Григорьев шет аймақтарда, өсіреле Орынбор өлкесінде патшаның отарлаушылық саясатын жүргізу мен нығайту саласында көп жұмыстар істейді.

Саяси-қоғамдық көзқарастарының кертарапталық сипатына қарамастан Григорьев дүниеде қазақ халқының өзіндік үлттық тілі бар екенін ғылыми қауымға алғашқылардың бірі боп танытады. Григорьевке “дейін біздің Орынбор өлкесіндегі әкімшілігіміз қазактардың өз тілі бар деп ойлаған да емес. Біз татар чиновниктерінің қазактар татарша жақсы біледі, ордалардағы іс қағаздары татарша жүргізіледі дегеніне сеніп келдік. Григорьев дала өміріне қазақ тілін ресми қолдануға жол ашқан бірінші дала бастығы” дейді белгілі ориенталист Н.И. Веселовский.

Григорьев Орынбор өлкесінің өмірі мен тарихын, мәдениеті мен тілін зерттеу барысында жергілікті халықтың көп адамдарымен танысады, достасады, олардан алуан түрлі бағалы материалдар алады. Григорьевке осы тұрғыда көп комегін тигізген адамдардың бірі, ұрпактан-ұрпакқа ауызша жеткен тарихты көкірегінде мол сақтаған, Ұзын қыпшақ руының ру басы, белгілі шешен би Балғожа Жаңбыршыулы еді.

Ильминскийдің сөзімен айтқанда, “Балғожа биді айрықша бағалаған және сол арқылы Алтынсаринді де сүйе білген” В.В. Григорьев Ыбырайды шәкірт кезінде көріп танысады. Ыбырай мектепті бітірген кезде Орынборда қалу жөнінде өзі тілек білдірмегенмен кейін, Григорьев онымен жұмыс жайында сөз қозғап жатпайды. Елде біраз болғаннан соң (жыл жарымдай уақыт өткеннен кейін) Ыбырай алдағы уақытта жұмыссыз жүре берудің ыңғайсыздығын сезініп Плотниковке хат жазғанда, Плотников тарапынан бірден қамқорлық табуы, мөселенің оңай да тезінен шешілуі тек Григорьевтің арқасы еді. Шамасы, Плотников Ыбырайдың өтінішін Григорьевке жеткізгенде, Григорьев Ыбырайды Орынборға тез шақыру жөнінде Плотниковке тапсырма берген.

Ыбырай Орынборга осы келген жолында онша ұзак болмаса да (не бәрі бір жылға толмайды, 1859 жылдың 1 тамызынан 1860 жылдың 10 маусымына дейін), бұл шағын кезең Ыбырай өмірінің бүкіл болашағы мен мазмұнын айқындаған тарихи тұс. Осы мезгіл ішінде Ыбырай

орыс ғылым-білімінің тереңіне өз бетімен сұнгіп, өзіне қажет дүниені өз қолымен, өз көзімен табады, езінің бүкіл алдағы өмірін біржолата сол өнер-біліммен байланыстырады. Үбырай қолына түскен саяси, өлеуметтік, қоғамдық, ғылыми, көркем өдебиеттің бәрін оқыса да, бәрімен танысса да, олардың бәрінен бірдей үйренуге, тағлым алуға бос өрекеттенбей, тек өзінің азаматтық, патриоттық ойлауына сәйкес келген және осы орайда дем беріп, рух қосқан не қосатын өдебиеттерден ғана үлгі, өнеге алады. Осы бағытпен іздене отырып ол орыстың озық мәдениеті сияқты шипалы мол дарияга өз тарапынан кеп түсіп, одан өзіне өмірлік жан азығын, күрес құралын табады. Табиғи танымы оның дүниеге көзқарасын кеңейтіп, туған халқын сүйе білуге, оған соңғы деміне дейін қызмет етуге тәрбиелейді, халқының аргы тарихы мен бергі тағдырын тани, бағалай білуге үйретеді, адам боп, азамат боп өсуіне көмектеседі, өмір бойы озық өнер үшін, адалдық пен әділдік үшін күрескер етіп өсіреді.

В.В. Григорьев Үбырайдың ғылым-білімге ерекше құмарлығын және бұл жолда шаршамай, талмай ізденушілігін ескеріп, тікелей өз қасында тілмаш етіп қалдырады, облыстық басқарма тәрізді үлкен мекеменің елеусіз бір бұрышына жібере салмайды. Үбырай таңертеңгі сағат 9-да келіп, түскі сағат 3-ке дейін жұмыста болады. Міндегі: ордалардан жұмыспен не арызбен келген қазактардың жұмысын не өтінішін облыстық басқарма председателіне (В.В. Григорьевке) орыс тіліне аударып жеткізу. Отыратын жері – председательдің қабылдау бөлмесінің алдындағы үлкен зал. Залдан Григорьевтің кең бөлмесіне кіреді. Бөлме ішіндегі ең көп жинақ – иін тірескен кітаптарға майысқан кітап сөрелері. Бұл бай кітапхананың мынадай өзіндік тарихы бар. Григорьев Орынбор өлкесіне келгенен кейін өлкенің тарихын, географиясын, өзге халықтармен, мемлекеттермен қатынасын білуге көмектесетін жөнді жазба еңбек таба алмайды. Сондықтан Орталық Азия, таяу шығыс елдерінің аргы-бергі өмірі, тұрмысы, мәдениеті жайында кітапхана үйымдастыру туралы генерал-губернатор Перовскийге ұсыныс жасайды. Григорьевті Орынборға өзі өкелген Перовский бұл ұсынысқа қарсы болмай, кітапханаға деп 2000 сом ақша береді. Григорьев Петербургке бір барғанында сол ақшага түгелдей кітап сатып өкеледі. Жаңа кітапхана туралы хабарды естіп Ғылым академиясы мен Қазан университеті ақшасыз көптеген

кітаптар жібереді. Сөйтіп, Григорьевтің қарамағында, өсіресе, Орталық Азия регионындағы халықтардың тарихы жөнінде кітаптар мол жиналады. Оның үстіне кітапхана гол заманғы әр алуан журналдармен, кітаптармен, саяси-шылыми әдебиеттерді жылма-жыл алдырып, байи түседі. Григорьев алғаш осы кітаптардан таңдалған ыбырайдың оқуына кітаптар ұсынады. Ыбырай председательдің қабылдауына қазақ не орыс келгенде ғана болмаса, қалған уақыттың бәрінде жаңағы кітапты оқумен болады. Қабылдауға кісілер келсе, оқуын тоқтатып, председательге кімнің не жұмыспен келгенін хабарлайды, қазактар келсе тілмаш кызметін атқарады. Ыбырай Григорьевтің тапсыруы бойынша оқыған кітабындағы түсініксіз сөздерді, терминдерді болек дәптерге жазып отырады, кейін дәптерді Григорьевке береді, Григорьев әрбір сөздің тұсына қысқа да дәл түсініктемесін жазып, оны ыбырайға қайырады. Ыбырай осылайша күні, түні оқу, талмай іздену арқылы өз бетімен білімін терендете береді. Кейін саяси, әлеуметтік журналдарды оқығанда да түсініксіз шеттілдер сөздерін жеке дәптерге бір жеті бойы жазып, Григорьевке береді, Григорьев әдеттегіше, түсіндірмелерін жазып дәптерді ыбырайға қайырады. Осы кезде, 1859 жылдың қараша айында Григорьевтің кабинетінде Николай Иванович Ильминскиймен кездесіп, танысады. Бұл кездесу мен танысудың кейін отыз жылдық тарихы болса, бұған дейін де ғылыми-көпті кіріспесі, беташары бар еді.

Николай Иванович Ильминский (1822-1891) 1858 жылға дейін Қазанда шығыс тілдерін үйрету, зерттеу саласында еңбек етеді, осы мақсатпен ол біраз уақыт таяу шығыстағы мұсылман елдерінде болады. Қызметінің негізгі бағыты миссионерлік. Ол христиан дінін жаю мақсатында енбектене жүріп, орыстың білімін де жаяды. Шәкірттерінің біразы оның дінін қабылдамаса да, білімін қабылдап, кейін өз беттерімен демократиялық, бұқаралық бағыттарға жол тауып кетіп отырады (солардың бірі ыбырай). Адамдық мінезі жағынан соншама қарапайым, қайырымды, сыпайы, мәдениетті Ильминскийдің идеялық-әлеуметтік козқарастары, қоғамдық ой-пікірі өртүрлі қайшылықтарға мейлінше толы. Москва, Петербург, Қазан университеттері мен ғылыми қауымдарына, өсіресе, ориенталистер арасында айрықша беделді Ильминский 1858 жылдың қазан айында Орынбор шекара комиссиясының советнігі, өзінің жақын досы Алексей Александрович Бобровников-

тың көмегімен Орынборға, Шекара комиссиясына қызметке ауысады. Комиссия председателі Григорьев те Ильминскийдің Орынборға келуіне қарсы болмайды. Ильминский Орынборға ауысуының негізгі себебін қазақ тілін тәжірибе жүзінде үйрену деп мәлімдейді. Қазанда қазақ тілін үйреноудін баспасөз арқылы да, адамдармен араласу арқылы да мұмкіндігін таба алмаған Ильминский бұл істің бірден-бір тиімді жолы Орынборға, қазақтар арасына бару деп шешеді. Осы мақсатпен ол Григорьевтен Шекара комиссиясының архивімен танысуға жағдай туғызды өтінеді. Бірақ Григорьев оған комиссия архивінде қазақтың өз тілінде жазылған бірде-бір қатнас-хат қағаздарының жоқтығын, бұл халықтың ресми қағаздары көбінесе татар тілінде жүргізіліп келгенін мәлімдейді. Мұның себебін ол – тіпті соңғы кездерге дейін орыс өкіметі мен жергілікті халық арасында тілмаш ролін негізінен екі тілді бірдей білетін татарлар атқарды да, олар қазақ атынан жазылатын қағаздарды көбінесе өз тілдерінде жазды, сөйтіп, татар тілі қазақтардың өлі құнға дейін кеңсе тілі бол келеді, облыстық мекемелерде қазір де тілмаштардың көпшілігі татарлар деп түсіндіреді. Сол себепті ол Ильминскийге қазақ тілін үйренудің тәжірибелік жолын ұсынады, атап айтқанда, Шекара комиссиясының жанындағы қазақ бала-лары мектебін бірінші бол бітіріп, Шекара комиссиясында жұмысқа қалдырылған Құлбеков, Қоспақов, Бақтияров арқылы өзі орыс тілінде жазған іс қағаздарын Ильминскийге жіберіп тұрады, Ильминский өлгі балалардың көмегімен бұл қағаздарды таза қазақ тіліне аудару міндетін алады. Аталған балалар бір мезгіл Шекара комиссиясында жұмыс істесе, бір мезгіл өздері бітіріп шыққан мектепте алмасып, кезекшілік қызметін атқарады, енді үшінші қызмет табылып, Ильминскиймен бірге орыс тіліндегі қағаздарды қазақ тіліне аударады. Бұл қағаздар Кенесары мен ұрыста қаза тапқан адамдардың отбасына ақы төлеу жөніндегі ережелер болатын. Қазақ жігіттері Ильминскийге құнбек-құн келіп тұрады, көп кешікпей оларға кадет корпусын бітірген жас сұltан, Батыс орданың сұltан правителі Баймұхамед Айшуақовтың баласы ...Баймұхамедов қосылады.

Ильминский 1859 жылдың басында Батыс ордада атакты Марабай жыраудың бар екенін естіп, оны Григорьевке айтып, Орынборға шақыртуды өтінеді. Ақыры Ильминский арқылы жырауды қалаға алдырып, одан Құлбековтың көмегімен “Ер тарғын” жырын жаздырып алады (мұны Қазанда

1860 жылы кітапша етіп шығарды). Атақты жырау қалада қанша жағдай жасаса да, кең далага үйренген тұз қыранындаі далаға кеткісі келеді де тұрады. Сейтіп одан басқа жыршарды жазып алудын реті келмейді.

Ильминскийдің қазақ жігіттерімен орыс тіліндегі тексті қазақшаға аудару жұмысы оңайлыққа түспейді, мектепте татар тілін оқыған, татарша жазуга төсөлгөн жастар қазақша сойлеуді білсе де жазуға, сөздер мен сөйлем құрауға келгенде ана тілінен ғөрі татар тіліне бейімділігін танытады. Татар тілін жақсы білетін Ильминский мұны нақты байқап, тіпті қындыққа кездескен жағдайларда әр сөздің жеке-жеке аудармасын балалардан сұрап алып, сөйлемді олардың комегімен өзі құрайды. Осылайша бірте-бірте жастар да, Ильминский де қазақша жазу өнерін менгере бағтайды, жастар кей ретте сөтті аударма жасайтын дөрежеге жетіп қалады.

Қазақ жастары мен Ильминский біраздан кейін бір-біріне үйреніп, бауыр басады. Осы жастар арқылы Ильминский Шекара комиссиясының жанындағы қазақ мектебімен танысады. Әдеміше келген, жас, қараторы, пысық жігіт Бақтияров мектепте кезекшілігі кезінде Ильминскийді мектепке өкеліп, гимнастика жасау, билсу, скрипкада ойнау сияқты өз бетімен үйренген өнерлерін корсетеді. Бұл кезде мектепте Дынъковтың надзиратель қызыметіне екі жылдай боп, шәкірттердің мұсылман діні қамытынан едөүр босап, еркіндік алып қалған кезі еді. Дынъков пен Ильминский бірін-бірі жақсы түсініп, ұнатады. Дынъковтқ өсіреле қарапайымдылығы мен қазақ балаларын өте жақсы көрушілігі, оларға дұрыс білім мен төрбие беруден аянаушылығы, отаншылдық сезімі Ильминскийге өте-мөте ұнайды. Осы тұста Бақтияров Ильминскийге мектепте гимнастика сабагының балаларға жөnlі ештеңе бермейтінін, оның орнына билеуді үйретудің олдекайда пайдалы да қажеттігін дөлелдеп, гимнастиканы бимен ауыстыруға көмектесуін өтінеді. Бұлайша ауыстыру алғашқы кезде жасырын орын алады. Дынъков оны біраз уақыт байқаса да, байқамаған боп жүреді, кейін жүрттың көзі үйрене келе, шәкірттер үшін зиянсыз жаттығу деп тауып, тілектерін орындаиды.

1859 жылдың 1 мамырынан қазанына дейін подполковник Данdevильдің басқаруымен Каспий теңізінің Манғыстаудан Иран шекарасына дейінгі шығыс бетін картага түсіру үшін экспедиция шығады. Түркмендермен кездескенде тілмаш қызыметін атқару міндетімен экспеди-

ция құрамына Ильминский де енеді. Ильминский осы сапарынан оралып, жолшыбай көрген-білгендері жайында облыс басқармасының председателі Григорьевке рапорт берे келген бетінде Ыбыраймен бірінші рет кездеседі.

Григорьев Ильминскийге Ыбырайды толық және жылы таныстырады. Атасының кім, өзінің қандай адам екенін, қайда, қалай оқығанын, неге құмар екенін т.т. қалдырмай баяндайды. Балғожа жайында көптеген бағалы ойлар, естеліктер, пікірлер қалдырған Ильминский өмірі Балғожаны көрген, кездестірген емес-тін. Оның Балғожа туралы жазғандары Григорьев пен Ыбырай т.б. естеліктері негізінде болатын. Бір сыпыра уақыттан кейін облыстық басқармасының жұмысынан қолы босай бермейтін Григорьев Ыбырайдың өз бетімен білімін көтеру ісіне басшылық жасау мен көмектесу ісін Ильминскийге тапсырады. Ыбырай оқығанда кездескен түсініксіз сөздермен толтырған қалың дәптерін алып Николай Ивановичке келеді. Осы орайда Ильминский өзінің естеліктеріндегі былай деп жазады: “Бұл дәптер біздің таусылмас өңгімеміздің тақырыбы мен материалы болып, менің Алтынсаринмен таныстығымды үзілместей етіп түйіндейді. Алтынсарин менің үйіме күн сайын кешкі сағат 7-де келіп, 12-ге дейін болады. Біздің өңгімеміздің көбі негізінен түсініксіз сөздерді түсіндіру төнірегінде өрбиді. Мен шеттіл сөздерін орыс тіліне жай аударып қана қоймай, техникалық терминдерге келгенде жеке үгымдарды кеңінен түсіндіру үшін сөзге де, уақытқа да сарапандық жасаған емеспін. Әділін айту керек, Алтынсарин менің көпсөзділігіне орасан зор төзімділік білдіретін. Өте сүйкімді бала жігіт Алтынсарин біздің отбасының қадірлі қонағы болып кетті. Григорьев біздің кешкі жұмысымызды білгенмен кейін (Алтынсарин бұл кезге дейін оның кітапханасындағы орысша кітаптардың барлығын оқып шыққан-ды) Алтынсаринді өзінің қасындағы тұрақты кезекшіліктен босатты. Бұдан кейін ол күндіз де біздің үйде болатын болды. Осы кезде біздің үйде бір жас ханым қонақ боп жатыр еді. Таңертеңнен түске дейін әйелдер тоқу ісімен айналысады, Алтынсарин оларға дауыстап көркем шығарма оқиды. Оку кезінде Алтынсарин кей сөздің екпін ыргағын дұрыс қойып айта алмаса, не өзіне түсініксіз сөзді кездестірсе, әйелдер оны түзейді, түсіндіреді. Сөйтіп Алтынсарин бірте-бірте бізге үйреніп, шектен тыс үялшақтығы мен сипайылығына қарамастан бізben бірге түскі тамақ үшетін болды. Кейде ол түстен кейін маған демалдыру үшін кететін де, кешкісін келетін”.

Ильминский Үбырайға оның адамға, қоғамға, өмірге деген көзқарастары енді-енді қалыптасып, өзіндік бағыт-білдірілдік ала бастаған түсінда кездесіп, бойынан жалын атқылған жас жігіттің талай-талай қызық қылықтарына қуә болады. Бірде ертеңгісін кеңсе жұмысына барған Үбырайға советник ордаға жіберілетін қатнас қағазын аударулы тапсырады. Үбырай оны шамасының келгенінше қазакшалап, аға аудармашының мақұлдауына өкелсе, ол ашучынып Үбырай аудармасын сыйып-сыйып тастайды да, киғазды татаршалап қайта жазады. Үбырай бұл оқиғаны Ильминскийге жыларман боп айтады.

Үбырайдың білімге құмарлығы, бұл жолда жалығу, шаршауды білмеушілігі, жаңының тазалығы Ильминскиймен екеуінің арасындағы өңгіме тақырыбын жеке сөздер мен терминдердің төнірегінде қалдырып қоймай, барған сайын терендете түседі. Осындағы қызықты өңгімеге толы кештердің бірінде Петербургке “Россия империясының ұлылығы мен данқын көріп, білу” мақсатымен орда билеушілерінің өр жылда барып қайтатыны туралы өңгіме болады. Оларға Петербургке барғанша да, барған соң да, қайтарда да құрмет көрсетіледі. Петербургте олар патшамен, оның отбасымен, министрлермен, өзге де үлкен чиновниктермен кездеседі, көрнекті, қызықты орындарды, театrlарды, кітапханаларды, өскери қарауылдардың ауысу тортібін т.б. көреді. Бұрын мұндаиды қөрмеген дала тұрғындарының бастары айналып кетеді. Петербургтен кестер алдында оларға өр түрлі шен-шекпен, сыйлықтар тапсырылады. Сөйтіп елге олар өбден риза боп оралады. Ең қызығы сол – елге келгеннен кейін не көріп, не қойғанын келістіріп ешкімге айта алмай, бәрі жақсы, өте жақсы болды деген бір ауыз сөзben тынады. Ильминский мен Үбырайдың бұл өңгімесіне жақындаған Петербургке барып қайтқан осындаі бір депутатияның көрген-білгендері себеп болады. Осыдан басталған өңгіме Үбырай мен Ильминскийді ойشا Петербургке апарады. Ильминский Петербургте өзі білетін мәдени-ағарту мекемелерін, білім беретін орындарды, білім алушын жолдарын ұзақ өңгіме ғып айтып Үбырайдың Петербургке деген ыстық ықыласы мен ынтасын туғызады, күшетеді. Үбырай Петербургке бір барып қайтар ма еді деп армандаиды. Ильминский бұл ойдың іске асусы мүлде ықтимал екенін түсіндіреді. Келер жылы депутатияның Петербургке тағы да бармагын, Үбырайдың сол депутатияға аудармашы бол

ілесу мүмкіндігін, сөйтіп, Петербургты өз көзімен көріп, аралап, біліп қайтудың онша қыны еместігін айтады. Егер мұндай жол түсіп, Петербургке бара қалса, Григорьевтің Петербургте достарының көп екендігін, солардың біріне, мысалы, академик В.В. Вельяминов-Зерновқа генералдан хат апарса, ғалымның оны өз үйіне түсіріп, қаланың білімді қауымымен кездестіріп, жақсы жерлерін көрге жағдай жасау мүмкіндігін айтып, Ыбырайды онан сайын қызықтырады. Бұл тілек-жоспарды жүзеге асыруға болады-ау деген ой Ыбырайды қиял дүниесінің бірде тұнғызық тереңіне сұңғітсе, енді бірде асқақ ғарыштарына самғатады. Осы төтті сезімнің құшагында отырып, түн ортасының ауып кеткенін де байқамаған Ыбырай үйіне қайтады. Бірақ, не керек, үйіне келгенмен түнімен дөңбекшіп, үйықтай алмай, көрер таңды көзімен атқызады. Ыбырай ертеңіне Ильминскийге келіп, түнді өте қындықпен өткізгенін, үйге жақындағ берген сөтте Петербургке бару дегеннің мүлде қол жетпейтін алыс дүниедей көрініп, үміт отының бірте-бірте сөне түсуіне ыза боп, асылып өлерліктей жан азабын тартқанын айтып мұнаяды.

Ыбырай мен Ильминскийдің осы сияқты алуан тақырыптағы өнгімелері мен екеуінің бір-біріне тіл үйрету жөніндегі тәжірибелік жұмыстары 1859-1860 жылдың қысқы айларын, дәлірек айтқанда, 1859 жылдың қарашасынан 1860 жылдың мамыр айына дейінгі шағын кезенді қамтиды. Сондай-ақ осы Ыбырайдың өзінен тыс, оның болашақ жұмыстарының төнірегінде қызу айтыстар жүріп жатқан еді. Оның басталуы өзінше өнгіме болатын

Орынбор мен Самардың жаңа генерал-губернаторы Катенин 1857 жылдың шілдесінде Орынбор өлкесіне келісімен үкіметтің отарлаушылық саясатын бар салада нығайта түсудің жаңа шараларын іздестіре бастайды. Солардың бірі – ағарту саласы. Өлкені аралай жүріп, Торғай бойына келген сапарында губернатор Орынбор бекінісінің (кейінгі Торғай) маңындағы 53 дистанция бастығы сұltан Жәнгіровке орда билеушілерімен кездесіп, олардың балаларын орысша оқытқысы келетін-келмейтінін, егер оқытқысы келсе, мұндай мектептерді орда бекіністерінде өз қаражаттарымен үстап тұра ала ма, жоқ па деген тақырыпта сөйлесуді тапсырады. Кешікпей Жәнгіров губернаторға орда билеушілерінің мектепті ашуға және онда балаларын оқытуға ықласты екендігін хабарлайды. Осы хабарды алысымен генерал-губернатордың қызметін атқа-

рунын Балкашин бұл мектептердің қайда, қандай негіздерде ғоне оларда кімдердің балалары оқытыны жөнінде толық үсінис жасауды Орынбор Шекара комиссиясына тапсырады. Комиссияның председателі Григорьев мәселеге шынласпен кіріседі. Қөп уақыт өтпей-ақ Григорьев орысша-қазақша далалық мектептердің жалпы сипаты туралы ғоне мұндай мектептердің бекіністер мен форттардың барлығында ашу жайында толық жазба тапсырады. Григорьевтың осы алғашқы жобасы бойынша олар мынадай сипатта болуға тиіс еді: 1. Орда тұрғындарының балалары мектепке, қандай да болмасын, күшпен тартылмайды. 2. Алғашқы кезде мектепке келген бала да, үлкен де оқиды, кейін жас окушылар көбейген кезде қызмет орнындағы адамдар мен олардың балалары оқуына жағдай туғызылады. 3. Мектепте алғашқы кезде 25 бала мен 1 мұғалім жұмыс істейді, мұғалім мектеп үйін өзі салады. Балаларға таңақ пісіру үшін жергілікті жерден 1 қазақ жұмысқа алынады, Мектеп неғұрлым қарапайым болса, соғұрлым жақсы, сөйтіп, ол сырттай да азияша болады. Мектепте оқу бөлмесі (кешкісін бұл бөлмеде балалар үйкітайды), мұғалімнің бөлмесі жөне ас пісіретін бөлме (аспаз осында тұрады), сондай-ақ азық қорын сақтайтын сыртқы қора болуға тиіс. 4. Мектептегі оқу: орысша, қазақша жазу мен оқу, арифметиканың төрт амалы жөне екі тілден бір-біріне аудару, грамматикалық ережелерді білдірумен шектелуге тиіс. 5. Оқытудың өдісі Ланкастер тәсіліне, яғни сресек балалардың оқыту өдісіне сүйенуі қажет. 6. Мектептегі оқу мерзімін бекітудің керегі жоқ, өйтсе де, ол төрт жылдан аспайтын болуға тиіс. Бұдан асса мектеп еріншектер мен қолынан ештеңе келмейтіндердің бас сауғалайтын жеріне айналып кетуі мүмкін. 7. Мектеп үйін бекіністерде шымнан, бірақ еденсіз, нарлап салған жөн. Балалар еденде не нарда отырып аласа столдарда оқиды жөне жазады. 8. Асхана жабдықтары бір шелек, екі қазан, бірнеше тостағаннан тұрады. Етті әр бала өз пышағымен кесіп жейтін болады. 9. Киім-кешек, аяқ киім, төсек-орынды балалар өз үйлерінен өкеледі. Тек кедей балаларына ғана жәрдем көрсетіледі. 10. Әр мектептің жылдық шығына 1356 сом шамасында. Мектептің салуға жұмсалатын 650 сом бұдан басқа. Мектептің барлық қаражаты үй басына жиналатын салықтан шығады т.т.

Катенин Григорьевтің жобасын мақұлдаپ, осы жоба мен бірге алғашқы кезекте Орынбор (Торғай), Орал (Ыр-

ғыз) бекіністерінен, Перовскіден (Қызылорда) және Сырдария бойындағы N1 форттан 4 мектеп ашу жөнінде Ишкі істер министрлігіне 1859 жылдың 28 казанында хат жолдайды. Бұл хатта сонымен бірге өр мектепке бірінші жылы 1803 сом 50 тыын (төртеуіне 7214 сом) жұмсалатынын, кейін өр жылда 725 сомнан төленетінін және бұлардың барлығы үй басына жиналатын салықтан бөлінетіндігін хабарлайды. Катенин министрлікке жолдаған хатында мектептерді ашудың тәжірибелі жақтарын айтумен қатар саяси жағын да ұмыт қалдырмайды. Оқудың пайдасын біле бастаған көшпелі халық орысша-қазақша мектептердің жоқтығынан балаларын мұсылманша оқытады, ал бұл дінде оқыған жастар өзге дінге, өзге діндердегі адамдарға, өсіресе, билеуші адамдарға қарсы төрбие алып шығады. Орысша оқыған бірен-саран жастар оларға ұқсамайды, демек, дала тұрғындары үшін орыс мектептерін ашудың мезгілі жетті деп мектептердің түпкі мақсатын отарлаушылық саясатпен байланыстырады.

Дала тұрғындары үшін ашылмақ орысша-қазақша мектептердің мақсаты мен міндепті үкіметтің түпкі мақсатына орайлас келгендейктен, үкімет мектеп туралы ұсынысты 1861 жылы 16 ақпанда бекітеді де, инженер, поручик Алексеевке дала бекіністерінде салынатын мектеп үйлерінің құрылымы жобасы мен Григорьевке мектеп ережелерінің түпкілікті жобасын жасауды тапсырады. Мектеп ережелерінің кейінгі жобасы біраз кешігіп, 1862 жылдың қазан айында гана генерал-губернатор Безактың тұсында бекиді. 32 пункттен тұратын бұл жоба 1857 жылғы алғашқы жобаның кеңейтілген түрі болатын. Екі жобаның арасында аса айырма жок. Түпкілікті жобада мектепке Орда басшыларының бірінші кезекте алынатыны, бекіністегі орыс балаларының мектепке сырттан қатынап оқута праволығы, мектепте Орынбор кадет корпусы мен Шекара комиссиясы мектептерін бітірген, орысша жақсы білетін адамдардың оқытушы бола алатындығы, мектеп мұғалімдерінің негізгі жұмысына қоса бекініс бастықтарының тұлмашы бол қызмет істеуге еріктілігі айтыла келіп, тікелей оқу процесі жайында Ланкастер тәсілі бойынша мұғалімнің алғыр да зейінді балаларды өзі оқытыв, кейін бұл балалардың нашар оқитын балаларды оқыту тәртібі, балалардың мектеп бағдарламасын менгергенше оқытылатыны, бірақ бұл мерзімнің төрт жылдан аспауға тиістілігі, төрт жылда үлгермеген баланың мектептен шығарылатыны көрсетіледі. Балаларды ертегісін және түстен кейін әрқай-

Онында үш сағаттан оқыту, жазғы демалысты 1 маусымнан 1 күркүйекке дейін белгілеу ұсынылады. Мектептің жалпы ұмысына бақылау жасау жөне мектеп үйін жөндеуге қаралған болу бекініс бастықтарына жүктеледі т.т. Әр мектептің ғылдық шығыны 1803 сом 50 тын мөлшерінде бекітіледі.

Мектептің соңғы ережесі бекімей тұрып жөне мектеп үйлерін салып болуга қарамастан 1860 жылдың маусым айында алдымен Орынбор, Орал бекіністеріндегі екі мектепті ашу туралы шешім қабылданады. Бұларға Орынбор Шекара комиссиясының жаңындағы орысша-қазақша мектепті бірінші боп жақсы бітірген Ыбырай Алтын-Сарин мен Шахмұрат Құлбеков мұғалімдік қызметкесінің ішерілмекші болады. Жаңадан ашылатын мектептер үшін оқу құралдарын таңдау мен табу мектеп ісін басқарушылар үшін оңайлықта түспейді. Бұл арада олар оқу құралдарын белгілі принцип бойынша таңдаудан гері, қолданына түскен кітаптарды алуға мәжбүр болады. Сонымен, орысша әліппе, татарша (бұған қоса татар тілінің Бекчурин жазған грамматикасы), орыс тілінің грамматикасы, прифметика, орысша оқу кітабы, Абұлгазы деп аталатын татарша оқу кітабы, орысша-татарша сөздік сияқты кітаптардың өр қайсысынан 25 данадан сатып алынып, екі мектептің оқу жабдықтары жасалады. Бұлардың ішінде, осіресе, Бекчуриннің “Араб, парсы жөне түрік тілдерін үйренудің жетекші құралы” мен Абұлгазы Баһадур ханының “Түрікмен шежіресі” кітабын сауатсыз жастарға оқыту ішті де мүмкін емес еді. Бірақ амал қанша, жақсы окулық таңдап отыратын уақытта, жағдай да жоқ. Мұны мектепті үйымдастырушылар да, жаңа мектепті ашуға бара жатқан жастар да жақсы түсінеді. Әйтеуір құр қол барғаннан жақсы, қалғанын барған жерде көрерміз деген оймен қолға түскен кітаптарды тастамайды, ала береді.

Сонымен 1860 жылдың маусым айында Ыбырай көктен тілегені жерден табылып, аңсаған арманы – ағарту қызметіне кірісуге, дала түрмисына бұған дейін атығана еміс-еміс таныс білім шамының алғашқы күңгірт те көмескі жарығын өз қолымен тұтандыруға жолдама алып, туған еліне аттанбақшы болады. Григорьев Ыбырайдың Орынбордағы жайлар орын мен жақсы кітапхананы тастанап, елінен енді ашылмақ мектепке барып, халқына қызмет етпек талабына қарсы түрмай, ризашылығын береді. Ыбырай мен Шахмұрат Құлбековтың екеуіне де бекініс бастығының тілмашы боп қосымша қызмет істеуге ұлықсат етіледі.

Осы кезде Ыбырай өзге бір ақылдасар, сырласар, тіпті, жол түсіп, таяу арада Торғайға жүріп кетсе, қоштасар адамын Орынбордан іздел, таба алмайды. Ол Ильминский еді. Ыбырай қыстың алты айын алты жылға бергісіз пайдалы жұмыспен, қызғылықты өңгімен өткізген досы, тіпті өкесіндей болып кеткен Ильминскийді көрмей, кездес-тірмей кетудің ретін таба алмайды. Ендігөрі кездесеміз бе, жоқ па, кездессек, қандай жағдайда және қашан кездесеміз деген сан түрлі сұрақтар Ыбырайдың ойынан шықпайды. Ақырында ол мектеп жайындағы ұлықсат, жолдама қағаздары дайын болғанша, Батыс ордадағы танысы Шолак Айбасовтың аулына барып, 2-3 жеті қымыз ішіп, демалып келейін дегенді желеу қылып Григорьевтен ұлықсат алады да, Ильминскийді іздеуге аттанады.

Ыбырай маусым айының орта шенінде Орынбордан Досмұхамет деген жолдасымен екеуі арбамен шығып, екі-үш күн жол жүріп Батыс ордадағы Айбасовтың үйіне келсе, мунда Ильминский болмайды. Бұлардың алдында біраз күн бұрын Айбасов та, Ильминский де кетіп қалған бол шығады. Досмұхамет Айбасовтың аулына келген соң ауырып, өрі қарай жүре алмайды. Енді не істеу керек? Уақыт та аз, жағдай да мықты емес. Ыбырай Досмұхаметті арбасымен, көлігімен және Ильминскийдің әйелі Екатерина Степановна Ильминскийге беріп жіберген екі жәшік сардинка мен шыны ыдыстағы тағы біраз заттарды Айбасовтың үйінде қалдырады да, өзі қазақша киініп, бір атты мініп, тағы бір атты жетекке алып, Ильминскийге деген сөлемдеменің өзге жеңіл-желпісін қоржынға басып, Ильминский қайдасың деп жапан далаға жалғыз өзі тартып отырады. Сөйтіп, жолшыбай еш жерде аялдамастан жұз елу шақырымдай жүріп Ильминскийлер тоқтаған ауылдың үстінен шығады. Ильминскийдің қай үйде отырганын шеттегі үйлердің бірінен сұрастырып біліп, оған бастықтарға өтінішпен келетін ауыл адамдарынша, есіктен имене кіріп, босағадан ұзамай жүресінен отырып, өзге жағдайда, өзге киіммен кездестірген өзін Ильминскийдің таныр-танымасын байқағысы келеді. Бірақ Ильминскийді көрген бойда қуанғаннан бұл жоспарын іске асыра алмайды.

Ильминскийдің бұл сапарының сырлы мынадай еді. 1860 жылдың қызы шығысымен губернатор Катениннің ұлықсатымен Оралдың сол жақ бетінен шығысына қарай 2000 қазақ үйі көшіріледі. Әуелгі жоба бойынша бұлар-

дың жалпы саны 1000 қаралы үй болса да, көшу үстінде ол көбейеді. Кейін бұларға бөкейліктер де қосылады. Бөкей ордасында хандық билеудін жойылып, округтік төртіптің онауы, өсіресе, бұрынғы хан, сұltан тұқымдарына ұнамай, олар да Оралдың оң жағына көптеп өтеді. Осы көшікөндө дау-жанжалсыз, ұрыс-төбелессіз, қан төгусіз өткізу жөне көшкен елді орналастыру мақсатымен Орынбор оқімшілігі арнайы комиссия құрады. Оның бастығы боп Батыс орда правителінің көмекшісі Шолақ Айбасов тағайындалады. Комиссияға Орынбордың облыстық басқармасының бақылаушы екілі боп Ильминский жөне засадатель Маңғысов кіреді. Бұлар 1 мамыр күні Орынбордан шығып, жолшыбай Илецк (қазақша Тұзтөбе) арқылы, одан Шыңғырау өзенінің бойымен жүріп отырып Орал жазықтығындағы Айбасов аулына келеді. Бірақ Айбасовты аулынан кездестіре алмайды да, оның кеткен ізімен Уральскіден кейінгі көшпелілір өтетін пунктке сапар шегеді. Бұлар жол бойы әр рудың қоныстанатын жерлерін белгілей отырып, Илецкіден онтүстік батысқа қарай 150 шақырымдай жердегі Байбақты руының старшинасы Әбубекір Қазиевтің аулына келгенде, бірер күн тоқтап демалады. Осы күндердің бірінде кешкісін алты қанат еңсілі ақ отаудың қақ төрінде жалғыз отырған Ильминскийге ашық тұрған есіктен “Николай Иванович” деп үстіне қазақша шапан, басына құлақшын киген біреу айқайлап, өбігерленіп қара көленкеде кіріп келе жатады. Бұл Ұбырай еді. Кездесу Ильминскийді де, Ұбырайды да ерекше қуантады. Өсіресе, шеті мен шегі жоқ ен дала-дан іздеген адамын пөлендей қындықсыз тапқан Ұбырай біразға дейін қуаныш сезімін баса алмайды. Ильминский болса, Ұбырайдың артынан әдейілеп іздел келгенніне, Екатерина Степановнаның амандығы мен емен-жаրқылап болса да, өз қолынан беріп жіберген сөлемдемесін жеткізгеніне, Орынбордың соңғы хабарларын алып келгенине қуанады. Ұбырай бекіністердегі мектептердің ашылуына Григорьевтің біраз еңбек сініргенін жөне олардың Григорьев жобасы негізінде жұмыс істейтінін мөлімдейді. Ильминский Орынборға оралғанша жаңа қызмет орнына жүріп кететін болғандықтан, онымен қоштасу үшін қымыз ішем дегенді сұлтау қылып, Григорьевтен ұлықсат сұрап шыққанын айтады.

Жастайынан мал көріп, мал арасында көзін ашқан, өсіресе, ер қанаты – ат атанған жақсы жылқының баға

жетпес қадір-қасиетін ес білгелі көріп, біліп және үзак жол жүріп өскен Ұбырайға белгілі бір жерде тұрағы жок, үнемі жол үстінде жүрген Ильминскийді іздел шығу онша қының іс бол көрінбейді. Мұнда Ұбырай мінезіне тән ба-тылдық пен табандылықтың үлесі аз емес еді. Сондай-ақ, оның бұл қылығында далада туып, далада өскен, сондықтан шетсіз, шексіз далаға жүрексінбей, қорықпай аттана беретін дала перзентіне тән өзгеше өрлік пен із кесушіліктің де өсері жок емес-тін. Әйтпесе, Орал даласына кетті деген жалғыз ауыз “адреспен” Ильминскийді іздел шығу, өсіресе, ол кезде бір мая шөптің ішіне бір инені тастап жіберіп, іздел табуға тырысумен бірдей еді, бұған қалада туып-өскен, дала сырын білмейтін адам аяқ баспаған болар еді. Демек, мұндай қадамға ердің ері, достың досы ғана бара алатын. 19 жасар Ұбырай Ильминскиймен алты ай достығын алғаш осылайша аяқтайды. Ұбырай “менімен көрісіп, қоштасуға тегін құмартпаған екен. Орынборға оралысымен ол Торғайға кетті де, біз кейін он алты жыл бойы кездесе алмадық” деп жазды Ильминский осы кездесуден 30 жыл өткен соң.

Өтбекір Қазиевтің үйінде Ильминскиймен біраз күн бірге болып, құмардан шыққанша әңгімелесіп, ішкі шері мен сырын тарқатқаннан кейін Ильминский қасындағы бір топ адамдарымен Орал бойындағы өзге пункттерді арапап кетеді де, Ұбырай Айбасовпен бірге кейін жүріп, Айбасовтың аулына келеді. Келсе, Досмұхамет ауруынан өлі жазылмаған. Онысымен қоймай бұлар келгеннен кейін үш күн бойы мұрнынан қан кетіп, өлімнен қалады. Айбасов пен оның отбасы Досмұқамет өліп қала ма деп қорқып, тіпті молда шақыртып, иман айтқызуға дейін барады. Ақырында, шілденің жиырмасына таман Досмұхамет аздал төүір бол, тамақ ішеді (ет жайді, сусын ішеді). Шілденің 22 күні Ұбырай Досмұхаметті қасына ертіп, Айбасовтың пәуескесін сұрап алып Орынборға жүріп кетеді. Жүргенінде Ильминскийлермен қосылу үшін кейін аттаниғалы отырған Айбасовтан Николай Ивановичке хат жолдайды. Мұнда Досмұхаметтің ауруы жайында, кейінгі күндері ғана аздал бас көтергенін, Екатерина Степановна беріп жіберген тағамдары Айбасов шаңырағының Ильминскийдің өзіне табыс етеміз деп отырғанын, Досмұхаметті Орынборға аман-есен жеткізсе, сонда дұрыстап емдеңтепк иниетін, Айбасов пен оның үй ішінің Досмұхаметке де, өзіне де айрықша ылтипат білдіріп, күткенін, құрметте-

тепін, күн сайын үш жерде қонақ болғанын, соның нәтижесінде жардай боп семіріп, жақсы демалғанын хабарлайды.

Шілденің соңғы күндерінде ғана Орынборға оралған Ұбырай мұғалімдік қызметке ауысу туралы Орынбор өкімдерінің ұлықсаты болғанын естіп біледі. Осындай жұмыстардың ретімен В.В. Григорьевке кірген бетінде сол күндерде Орынборға жол түсіп келіп жатқан Хұсайын Фаизхановпен (1821-1866) кездесіп танысады.

Хұсайын Фаизханов XIX ғасырдың орта түсінда шығыстану ғылыминың белгілі із қалдырыған ғалым. Араб, парсы, түркі тілдерінің білгір маманы алдымен Қазан университетінде, кейін Петербург университетінде шығыс тілдері кафедрасында профессорларға көмекші, біраздан соң лектор бол қызмет істеді. Өз дәүіріндегі өйгілі ориенталистердің қай-қайсысымен де достық қарым-қатынаста болады, оларға өсіреле шығыстың көне жазбаларын ақтаратып, ашып беру саласында көп көмек көрсетеді. Академиктер В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Бартольд т.б. Фаизхановтың шығыстану жөніндегі еңбегін, жастарға білім берудегі қызметін өте жоғары бағалайды. Фаизханов В.В. Вельяминов-Зерновтың тапсырмасы бойынша Қасымов қаласын зерттеуге бірнеше рет келеді, ен соңғы келуі 1860 жыл. Осы сапарларының нәтижесі ретінде “Қасымов қаласында сақталған қабір ескерткіштеріндегі жазулардың көшірмесі мен суреттерінің жинағы” еңбегін жазады. В.В. Вельяминов-Зернов болса, осы еңбектің нәтижесінде өзінің атақты “Қасым патшалары мен олардың балалары туралы зерттеуін” жазып, аяқтап, 1864 жылы жариялады.

1860 жылы Қасымов қаласына келген соңғы сапарларында Фаизханов қаладағы XV-XVI ғасырлардағы ескерткіштерді толық хатқа алғаннан кейін Қасымовтан онтүстік шығыста онша қашық емес Орынборға келеді. Оның мұнда қандай ғылыми мақсатпен келгені белгісіз. Шамасы, шығыстанудың белгілі өкілдері проф. Григорьевпен, Ильминскиймен кездесіп, біраз демалып қайту үшін келген сияқты. Бірақ бұл жолы Фаизханов Григорьевпенде, Ильминскиймен де кездесе алмайды. Фаизханов маусым, шілде айларында осында болады да, қазанда келетін Ильминскийді күте алмай Петербургке жүріп кетеді.

Фаизханов Орынборда Ұбыраймен әлденеше рет бірге болып, сөйлесіп, аз күндердің ішінде жастарының және өмір, білім тәжірибелерінің жер мен көктей айырмасына,

алшақтығына қарамастан (Фаизханов Ұбырайдан 20 жас үлкен) дос адамдарша табысып, түсініседі.* Соның нөтижесінде Фаизханов қашан көзі жұмылғанша (1866) Ұбырайды аузынан тастамайды. Петербургке келісімен Ильминскийге жазған хатында (4 қазан 1860 жыл) ол: “Мен пақырыңыз бұл жазда Орынбор тарапына сапар шегіп, көп күндер болып, қыруар уақытымды Орынборда өткіздім. Бірақ, өкінішке қарай, жоғары мөртебелі Сізбен жолығып кездесу құрметі маған нәсіп болмады. Мен пақырды жылы шыраймен қабылдап, көп мархабат көрсеткен аса құрметті зайыбыңызға шексіз ризамын. Достарымның бәріне де Сіздің зайдыңыздай тамаша өйелі болуын бақыт етіп тілер едім... Үшбу хаттың ішінде Ибрагим Алтынсаринге арналған бір хат жазып салдым. Қазір оның қайда жүргенін білмеймін. Мархабат жасап, осы хатты оған табыс етсеңіз, мен пақыр Сіздің алдыңыздай өзімді көп борыштымын деп есептер едім” деп жазады. Кейін Ильминский Қазанға ауысқанда да, Ұбырайды үнемі еске алып, ылтипатпен айтады, жас деп баласынбай, қайта оның қын да құрделі өмір жолына үлкен жана шырлықпен қарайды, оны өрдайым іздең, ол туралы білгісі кеп отырады, өнер-білім жолындағы қазақ жасының кейінгі өмірінен көз жазғысы келмейді. Ильминскийге 1862 жылы жазған хатында: “Бұл күнде Ибрагим Алтынсарин деген қазақ баласы қай жерлерде жүр екен, білмейсіз бе?” дейді.

Фаизхановпен, Григорьевпен кездесу, әңгімелесу, олардың сөздерін тыңдау, гылыми, өмір тәжірибелерінен талғам алу қанша жақсы болғанмен, қызметтің аты қызмет, оның үстіне сүйікті қызметтің өрбір күні ғана емес, сағаты да есептеулі. Осындай себептермен, Ұбырай Орынборға келген соң, он шақты күннен кейін Торғайға жүрмекші болады. Досмұхаметті дәрігерге көрсетіп, езі жаңа жұмысина байланысты қағаздарын алған соң, өзге үсақ-түйек жайларға кідірмей, Григорьев, Фаизхановпен, басқа да сыйлас, қызметтес дос-жарандарымен қоштасып, тамызың 10-11 шамасында Торғай өңіріне аттанып кетеді.

* Э.Х. Марғұланның айтуынша, Фаизханов 1860-61 жылдарда, яғни Орынбор сапарынан оралғаннан кейін Ш. Уәлихановпен кездесіп, танысып достасады, кейінгі жылдарда үнемі хат жазысып, хабарласып тұрады. Осыған қараганда Ш. Уәлиханов Ұбырайды алдымен Фаизханов, кейін Ильминский арқылы сырттай жақсы билген.

ҮЛКЕН ЖОЛДА

*Соқтықпала, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.*

Абай.

Орынбордан Торғайға дейінгі ұзак жолда аңсаған ағартуышылқ, ұстаздық жұмысына жан ұшыра, асығып келе жатқан өсершіл, арманышыл, албырт жөне өмірді осы уақытқа дейін қебіне жақсы жағынан көріп-білген Ұбырайдың қаншама тәтті қиялдар құшагына еніп, оның құдіретті қанаттарында не бір алысқа самғағанын сезіну қыын емес. Сондықтан да болу керек, Торғайға келген бойдағы көріксіз, күйкі көріністер Ұбырайға оны өзге қара түнек өмірдің түндігінен жападан-жалғыз түсіріп жібергендей өсер етті. Орынбор туған жері болмаса да, өскен, оқыған, үйренген жері еді, онда танитын, сыйлайтын дос-жаран адамдары да аз болмайтын, бұларға қоса кітапхана сияқты бірен-саран мәдени орны да жоқ еместі. Торғайға келген бойда Ұбырай осылардың бәрін бір мезгілде жоғалтқандай болды. Не бәрі 10-15 жылдық тарихы бар Орынбор бекінісінің сыртқы бейнесі қалаға да, ауылға да үқсамайтын. Екеуінің арасындағы өткінші жұпымының күйде еді. Оның үстіне бекіністе танитын бірдебір адамның жоқтығы, бекіністің Тобыл бойындағы ағайын-туғандары мен үй жанынан 400-500 шақырымдай қашықтығы Ұбырайдың жан дүниесінде жалғыздық, құлазу, сағыныш, жабырқау сезімдерін туғызады. Бұларға бекініс бастығы барон Менгденнің Ұбырайдың көзге ілмей, оның мектеп ашу жұмысына еш мән бермегенін, мектеп дегеннің не екенін түсінбегені былай тұрсын, түсінгісі де келмегенін қоссақ, Ұбырайдың басына түскен жаңа қайғы-қасірет пен қындықтың мөлшерін анғаруға болады. Ұбырай мұның бәрін өзі ғана түсініп, өзі ғана сезінеді, айналасынан алғашқы кезде көмектесерлік, жәрдем берерлік адам түгіл, көңіл күйін шындалп бөлісетін де жанашыр жан таба алмайды. Сондықтан бір жағынан шағынғандай боп, екінші жағынан, шерін тарқату мақсатымен қағазға жабысады, Орынбордағы лауазымы бар ресми адамдарға хат жолдайды. Торғайға келісімен, жағдаймен толық танысқаннан кейін іле шала, 26 тамызда Григорьевке жазған хатында былай дейді: “Қызмет орныма келіп жеттім. Қазір тілмаш қызметінен басқа еш нәрсемен ай-

налысып жатқан жоқпын жөне жалғыз осы қызметке ұзак қалатын, тіпті келер күзге дейін жүретін түрім бар. Өйткені мұнда өлі мектеп те, оны салуға өзірлік те атымен жоқ. Комендантқа рапорт жазып, мектеп біткенше келген балаларды орналастыра тұратын қандай да бір баспа на беріңіз деп өтініп едім, бірақ ол маған осы қамалда басы бол берде-бір мүйіс жоқ деп мәлімдеді. Сөйтіп мен бұл қысты сабақ берумен емес, сол күнді аңсап қутумен өткізетін болдым. Тілмаш міндеті де онша мәрдымды емес, оның үстіне мұнда істей қоятын басқа жұмыс та жоқ. Сондықтан өзіме берілген құйттай бөлмеде жападан жалғыз құн кешуден өзге түк қалған жоқ. Тым болмаса оқитын кітап та болмаған соң, зерігіп ішкүса болатын түрім бар. Сондықтан ерсі де болса, Жоғарғы мәтебелім, Сізден өтінішім: осында аттанаарда ала алған жоқ едім, маған көш қаржысын тағайындал, оның отыз сомдайын мектепке қажет оку құралдарын алуға жөне дәл сондай қаражатты Жоғарғы мәртебелі өзініз маған түсінікті өм пайдалы деп тапқан журналдарды бір жылға жаздырып алуға үстап қалу жөнінде тиісті адамдарға жарлық етуінізге болмас па еken. Мектепке керекті кітаптарды ірікте, оны редакциядан жаздырып алу жөніндегі меҳнатты, Жоғарғы мәртебелім, Сіздің өз міндетінізге алуыңызды құлшылықпен өтінем”.

Бірақ Ұбырай барлық уақытта осылайша іштей қүйзелу, күнірену жағдайында қала бермейді, көп кешікпей-ақ айналасындағы өмірді танып білуге, оған бірте-бірте бейімделуге, одан өзіне рухани сүйеніш табуға, сөйтіп, өзінің тілек-мақсаттары мен өмір мұраты үшін құресуге бел шешіп кірісп, өр түрлі өрекеттер жасай бастайды. Ең маңыздысы: Торғайға келгеніне екі ай болмай жатып, 19 жасар Ұбырай билеуші қауым мен қалың бұқара аталағын екі өлеуметтік топтың бар екенін жөне ол екеуінің арасындағы жер мен көктей айырманы, екеуінің өмірге, тұрмысқа, өнерге, білімге екі түрлі қатынасын жаза баспай танып, жанымен сезініп, өзіндік үлкен қорытынды жасайды. Қолында азды-көпті билік тізгіні барлардың ішкі талас-тартысы, бірінің үстінен бірі арыз берушілігі, бірінен-бірі сөл нәрсе үшін жұтып қоюға дайын тұрғаны, паракорлығы, еңбекші қауымға жасап отырган қорлық-зорлығы, надандықтары Ұбырайдың жас жүрегін қалай тітіркендірсе, бұқара халықтың өзін құшақ жая қарсы алып, өнер-білімге шөліркеу, аңсau ынғайын білдіруі, окуға баласын бергісі келетін жүртшылықтың өлшеусіз көптігі,

айналасына өнер іздеген өндірдей жастардың тогтаса, жи-
шала түсүі өлі тәжірибесіз, бірақ бойында қайрат-жігері
олшеусіз мол жас ағартушыны рухтандыра, күшіне күш
коса, алдағы құнгे сенімін арттыра, надандыққа қарсы
күрес тәсілдерін молайта, нәрлендіре түседі. Қанша амал-
айла жасаса да, қандай жолдармен тартқысы келсе де,
Ыбырай жергілікті өкімдердің бітпейтін де қоймайтын лас
дау-жанжалдарының бірде-біріне көңіл бөліп араласпай-
лы, өз бойын таза үстап, таза сактап, өзін мақсатты күрес
жолына ғана жұмсайды. Биылды айтпағанда, келесі, 1861
жылдың ортасына дейін мектептің ашылмайтынына қөзі
әбден жеткен Ыбырай айналасындағы елдің өнер-білім
құмарлығын суытып алмай, қайта оны арттыра тусу мақса-
тымен үш шекіртті өзінің кішкентай бөлмесінде өзімен
бірге түргызып, оқыта бастайды. Қазан (1860) айынан бас-
тап Дәуренбек, Қорғанбек, Әбдібек Бірімжановтарды То-
ргайға шақыртып алып, мектепсіз, сондай-ақ өзге де құрал-
жабдықтардың жоқтығына қарамастан, өзінің үстаздық
өміріндегі бірінші оқу жылына кіріседі. Бірімжановтар –
Ыбырайдың туған нағашылары. Бірімжан мен Ыбырай-
дың шешесі Әймен бірге туған. Екеуінің де әкесі – Ше-
ген. Бірімжановтардың ішінде, өсіреле, Қорғанбек жақсы,
әділ, адал, қарапайым азamat бол өседі. Ол мектеп қашан
ашылғанша Ыбырайдың үйінде тұрып оқып, мектеп ашы-
лғаннан кейін де оқуын жалғастырып, Торғайдың бір клас-
тық (төрт жылдық) үйездік орысша-қазақша мектебін
бітіргеннен кейін алдымен Торғайдың үйез бастығының
кіші көмекшісі, бұдан соң басқа да басқару жұмыстарын-
да істейді. Қай жerde жүрсе де, ол әлсіздін жақтасы,
әділдіктің жақтаушысы бол, көпшіліктің құрметіне
бөлениді, осы қасиетімен Қорғанбек Ыбыраймен де өле-
өлгенше бірге туған адамдай кимас дос бол өтеді.

Ыбырайдың халық өмірімен қоян-қолтық араласып,
оның мұң-мұқтажын, тұрмысын, әдебиет-мәдениетін біле,
зерттей түсіі де осы 1860 жылдың күзгі айларынан бастала-
ды. Оның дәл осы кезде өзіне, өзінің дала өмірінде мүлдем
соны сипатты қызметіне билеуші қауым тараپынан біраз
қарсы адамдар табумен қатар, “Қазактар мені қуана қарсы
алды, мектепке балаларын беруге ынталы адамдар көп...
Шығыс орданың бүкіл жастары менімен бірге, олар мені
жақсы көреді, енді зерігер емеспін” деп, бір жағынан,
мақтануы, екінші жағынан, өзіне зор сүйеніш тапқандай
болуы сол халық өмірін алғаш түсіне, зерттей білуінің

нәтижесі еді. Тұган халқының өресі биік өн-күй өнерін, өнегесі мен дәстүрі мол көркем сөзін қаршадайынан тыңдай, ести, көnlі мен көкіргінде сініре өскен Ыбырай енді оларды өзгениң қосағында емес, өз бетімен, өншейін жай тамашалау үшін ғана емес, халықтың өнер деңгейін пайымдау, байқау ниетімен, халық өмірінің сыры мен сынын аңғару тілегімен тыңдауға, білуге көшеді. Осындаі қундердің бірінде Ильминскийдің “Ыбраш жаным” деп жазған хатын алып, өзін іздептін, сағынатын өзге қауымның да бар екеніне көзі жетіп, шексіз қуанады. “Сіздің маган деген көnlінің бен ақыл-кеңесінізге мың-миллион раҳмет; Сіздің ақылыңыздан мен өзіме көп пайдалы нәрселер алдым, мен оларды өлгенше қадірлемекпін” деп жазады ол Ильминскийге қайтарған жауап хатында.

Ыбырай және онымен бірге оқыған Құлбеков, Мұңсызбаев, Қоспақов сияқты жастар мектеп ашылатын орындарға келіп, мектепті қайткенде тездетіп ашуға болады деп жүргенде Орынборда осы мектептер үшін орыс тілінің оқу құралын жасау мәселеісі ойластырылып жатады. 1860 жылдың қазан айында Орал экспедициясынан оралған Ильминскийге Григорьев сол оқулықты жасау жұмысын тапсырады. Экспедиция кезінде қазақтың сөйлеу тіліне біраз жаттығып қалған Ильминский үлгі ретінде пайдаланар өзге оқулықтың ретін таба алмайды да, орысша-қазақша сөздік түріндегі “Қазақтардың орыс тілін өз бетімен оқу құралын” жазып бітіріп, 1861 жылы Қазанды жеке кітапша етіп жариялады. Кітапшада мың жарымға жуық қазақ сөзінің орысша баламасы беріледі, қысқаша алғы сөзде қазақ тілінің татар тілінен аздаған айырмасы жөнінде ғана айтылады. Грамматика атаулының бар түрі осымен тынады. Фаизханов Шоқанға жазған хатында (1863) бұл оқу құралын онша ұнатпайды, өсірсек, тілді жете білмеуден кеткен қателіктер мен сөздіктің өте шағындығын кемшілік ретінде бағалайды. Кітапша соған қарамастан бірнеше жылдар бойы бекініс мектептерінде оқу құралы қызметін атқарады.

Григорьев Ыбырайдың 1860 жылдың тамызында Торғайға келісімен жазған хатын алғаннан кейін оған көмектесудің жолдарын біраз іздестіреді. Бірақ оның мектепті тездетіп салу, ашу тарапындағы тілектерін орындау барысында мардымды жәрдем жасай алмайды. Ал көшу қаражатын өтеу жөнінде Орынбор мен Самардың генерал-губернаторына хат жолдап, қазақ даласына қызметкес

жіберілетіндердің барлығына да көшу қаражаты төленетішін, Ыбыраймен бірге қызметке кеткен Құлбековке Орынбор басқармасына жер кенін барлау жөне іске қосу үшін түсетін қаражат есебінен төленигенін, Ыбырайға да сол қаражаттан 120 сом көлемінде төлеуге болатынын мәлімдейді. Бірақ Ыбырай бұл қаражатты жөне соның есебінен сұраган оқу құралдары мен журналдарды 1861 жылдың шілдесінен бүрын ала алмайды. Өйткені Григорьев жоғарыдағы ұсынысын 1861 жылдың 27 мамырындаған жолдайды.

1860-1861 жылдардың қысы Ыбырайдың өміріне айтарлықтай жаңалық өкелмейді. Бірақ Ыбырайдың өмірді білуі, айналасындағы адамдарды тануы күннен-күнге артып, терендей, жүйелене түседі. Әсіресе, бекініс чиновниктерінің етірік пен өсекке, арыз бен шағымға өте-мөте құмарлығы, оларды қап-қап қылыш облыстық басқармаса алтын тапқандай жеткізіп отыру сияқты негізгі “жұмыстары” жиырмаса өлі жетпеген жас жігіттің назарынан тыс қалмайды. Осындай түстарда өкімдердің бір-біріне қасқырша қайырымсыздықпен қарап, өзара дүрдиісулері Ыбырайға дала жағдайындағы тіршілік-тұрмыстық қатал заңдарын ұғындырумен қатар, сол тағылық тәртіптің қақпақылына түсіп, бостан-босқа күйіп кетпеуді де ескерткендей болады. Әсіресе, ел билеу ісіне араласып жүрген қазақтардың Ыбырайға, оның жастарды орысша оқыту қызметіне өздерінің таза құлқыны, өзге біреулерден кек алу немесе бұқара көвшілікке зәбір беру тұрғысынан қарап, үміт артуы, балаларын жайдақ закөншік, жалған арызшыл етіп шығару ниеттері Ыбырайдың дала билеушілеріне деген қарсылығын күшайте, қаталдандыра түседі. Мұндай жастардың орысша екі-үш ауыз сөз біліп, сол білгендерін елдің ішін алатаидай бұлдіруге жұмсауы немесе жұмсамақ мақсаты Ыбырай үшін онсыз да өділетсіздік пен теңізіздікке толы қоғамдық өмірді өз қолымен бұлдіре түскендей көрінеді. Сондықтан да ол осы кезден, яғни, мектептің өлі ашылмаған кезінен бастап тентек жөне оқуға өзге талаппен келетін балаларды теріс мінез-мақсаттан ерте тыйып, олардың адамгершілік сезіміне әсер етуді, оларды шын магынасындағы адал да өділ азamat етіп тәрбиелеуді өзінің болашақ ұстаздық қызметінің негізгі үраны, міндеті деп тустандады.

Ең ғажабы – осы жиырмадағы бала жігіт өзінің туган, өскен ортасында, тіпті өзіне дейінгі қазақ тарихында өмірі мен өнегесінен үлгі аларлық орысша оқып, халыққа қызы-

мет еткен бірде-бір адам болмаса да, өзінің орысша оқуға құмарлығы мен үстаздық жұмысқа тынымсыз талпынушылығын қайткенде халқыма пайдамды тигізсем екен, оның өмірге көзін ашып, оны мен солын танытсам екен деген ұлы мақсатқа бағындырады. Бұл мақсат оның бүкіл кейінгі өмірі мен қызметінде айқын сипаттарға ие бол, азаматтық, адамгершілік, гуманистік қасиеттермен тереңдей түскенін көреміз. Өзінің ағартушылық ісіне баста осылайша мән-мағына берген Ұбырай қашан ашылса да, мектептің ашылмай қалмайтынына сенеді. Мұны ол ең алдымен өзінің қайрат-жігеріне байланысты таниды. Мектеп үйін түрғызу түрғысындағы іздену шараларын бір сөтке де кідіртпей жүргізе отырып, жаңа мектеп ашылғанға дейінгі кезде де шекірттерді орыс тіліне, орыс тілі мен қазақ тілін байланыстырып оқыту жайында дамылсыз ойлану, толғанумен болады. Орыс тіліндегі оқулықтарды орысша бір аудың сөз білмейтін қазақ балаларына бірден оқытудың қыындығын жақсы түсінген Ұбырай қазақ шекірттерінің жас, білім, өмір ерекшелігін ескере отырып оқытудың пайдалылығын, демек, мұндай мәселеге жалаң, формальды түрде келмей, творчестволық жолмен келудің тиімділігін естен шығармайды. Бұл саладағы алғашқы жеке жаттығулар, ойлар, тәжірибелер Ұбырайдың болашақ оқулықтарының алғашқы соқпақтарын сала бастайды.

Қыс бойы Ұбырай бекіністегі тілмаштық қызметі мен екі-үш баланы оқытқаны болмаса, жеке қалғанда оқытын кітап та таба алмайды. Бірақ мұның есесіне қарапайым да адал жандар тарапынан өзіне дос қауым тауып, барған сайын оның өрісін кеңейте түседі. Қыстың ұзак тұндерінде олармен бірге болып өнгімелесу, сырласудан, ойын-сауық өткізуден зор ләззат алады. Бұған қоса Торгайдың қарлы, сұық қысында қасқыр, қабан аулауды біраз қызықтап, уақыт өткізеді.

Алайда, жаз шыға Ұбырайдың көңіл күйі, жалпы жағдайы тағы да біраз қыншылықтарға кездеседі. Туған жерге, туған елге аңсап жеткен армандардың ұшы-қыры көрінбей, үнемі алыстай беруі жалынды жастың албырт жігерін әркез тойтарып тастап отырса, екінші жағынан, Тобыл бойындағы отбасының ауыр халы, қыстан жүдеп-жадап шығуы, шешесі мен өжесінің, женгесінің әлсін-әлсін шақырып, тыным бермеушілігі, шешесінің аурулығы, оған қарайтын адамның болмауы, шаруашылықты тапсырып кеткен адамдарының көңілден шықпағаны т.т. Ұбырай-

лың басын қатырады, ойын онға, ақылын алтыға бөледі. Соган байланысты ол осы кезде Григорьевке, Ильминскийге, Бобровниковке, Плотниковке хат жолдап, өзін Орынбордың шығысындағы Тобыл бойындағы қызметтердің біріне ауыстыруды өтінеді, сол кезде бос тұрган Ұзын қыпшақ бөлімі бастығының орнында да (мұны бір кезде Балғожа атқарған) баруға ықласты екенін хабарлайды. Бұл болмаса өзге қандай қызметке де, тіпті Троицкіге де баруға қарсы еместігін білдіреді. Бірақ оның бүл өтініші 1861 жылы да, кейінгі жылдарда да орындалмайды. Шаруашылықтың қындығына тіреліп, қысылған шағында Ыбырайдың өзін іске аспас қиял сағымын босқа қуалап жүрген есалан адам ретінде бағалайтын сөттері де болады.

Дегенмен 1861 жылдың жазы мен күзінде Ыбырайдың өміріне екі түрлі аздаған өзгеріс енеді.

Бірі – Орынбор бекінісінің бастығы (кейде оны комендант деп те атайды) катал да тоңмойын Менгден кетіп, оның орнына 5 маусымда Яков Петрович Яковлев келеді. Бұл өзі кедей отбасынан шыққан, топографтық білім алып, топограф бол көп жыл қызмет істеген адам. Торгайға келгенге дейін қазақ даласын геодезиялық түрғыдан зерттеуші экспедицияға қатысады.

Дала өмірін, тұрмысын, тағдырын, өдет-салттары мен жағдайын жақсы білген қарапайым және көбінесе, қайрымды Яковлев қалың қөвшіліктің сеніміне кіреді. Соның нәтижесінде Торгайға алғаш бекініс коменданты бол келген ол кейін үйездің бастығына дейін көтеріліп, Торгайда не бәрі 30 жылдай қызмет істейді. Торгайға келген күннен бастап Ыбыраймен достасады, бұл достық екеуінің арасында Ыбырай өлгенше үзілмейді. Бір жағынан патша үкіметінің жергілікті жердегі өкілі, сенімді тірегі, екінші жағынан, жергілікті халықтың адал перзенті – Ыбырай үшін Яковлев оның мектеп ашу, мектепке қаражат жинау, балаларды оқуға тарту сияқты нақты, тәжірибелік істеріне жөрдем береді. Бірақ екеуінің көздегені, түптеп келгенде, екі түрлі мақсат еді... Бұл мақсаттар бір-біріне ашиқ қарсы келмеген алғашқы тұстарда олардың күнделікті тату-тәтті қатнастарына ештеңе де бөгет болмайды.

Екіншісі – Ыбырай бекіністің тілмашы өрі өкілі регінде және мектеп ашу жұмысына қатысты мәселелермен бекініс төнірегіндегі елдерді жиі-жиі аралап жүрген күндердің

бірінде Торғайдан 12-15 шақырымдай жердегі Шұбалаң, Сұжарған қыстауында отырган Сүлеймен Жәңгіровтың аулына келіп, Сүлейменнің бой жеткен қызына көзі түседі. Осы кезде Сүлейменнің Хұсайын деген ұлы Орынбордың кадет корпусында оқып жүреді. Ұбырай жазғы демалысқа келген Хұсайынмен танысып, сөйлесуді сылтау қылып, сондай-ақ өзге де жұмыстардың ретін көлтіріп, Сүлеймен аулына жі келіп жүреді. Қызбен (аты белгісіз) де кездесіп, табысудың сөті түседі. Осылайша жұрт көзіне көрініп те, көрінбей де Сүлеймен аулына ат құрғатпай қатынап тұрган Ұбырай өлде-неше уақыттан кейін алышырақтағы жерлерге жұмыспен кетіп, көпке дейін орала алмаған бір тұста қыз ауыл арасы жақын Нұрмағамбет Сүттібаев деген төрениң баласымен қашып кетеді. Сұltан қызының опасыздығына ренжіген Ұбырай қызға арнап ұзақ өлең шығарады. “Кең тоғай, кірме өзен, аралымсың, ішінде тәмам қыздың маралымсың” деп басталатын осы өлеңіне бір кезде өзін бар ынты-шынтымен сүйген қыздың енді кімді сүйіп қарық қылмағын мазақ етеді, ашына өжувалайды.

Ұбырай өмірінде осы сияқты аздаған өзгерістер бой көрсеткен шақта, Ұбырайдың Орынбордағы дос-жаран, көңілі жақын адамдарының тіршілік-турмысында да кішігірім жаңалықтар болып жатады. 1861 жылдың басында Қазан университетінде араб жөне түркі-татар факультеттері ашылып, Ильминский осының екіншісіне қызметке алынады. Жыл басынан сол қызмет бабымен Қазанға бірнеше рет барып келіп жүріп, ақырында, ол желтоқсан айында Қазанға біржолата көшеді. “Менің, – деп жазды ол кейінрек, – Орынбор өлкесінде қызмет бабымен өткізген үш жылым қазақтармен әбден жақын бол кетуіме жағдай жасады. Біздің түсінігімізше, цивилизациядан тыс жатқан, татарша да сауатсыз осы көшпелі халықтың тамаша сөйлеу өнерін көріп, мен гажап таң қалдым. Ежелгі түркі сипатының іздерін көп сақтаған, өзгеден бөлек қазақ тілін мен ерекше жақсы сүйдім”.

Туа біткен үлкен талант, алғыр ақыл, жүйрік сезім үшін ең қапас өмірдің де берер тағлымы мен тәжірибесі, білімі мен өнегесі аз болмайды. Адамның шын мәніндегі жақсы адам бол, өсіп, қалыптасуы үшін тек жақсы кітапты ғана оқуы, жақсы білім алуы, жақсы ортада болуы шарт емес. Тіпті осылардың бірде-біреуін жөндеп көре алмайды, өмірдің жақсылығынан гөрі жамандығын көбірек көріп

Іс қоғамдық, өлеуметтік, ғылыми ой-пікірлері аз уақыт ішінде тамырын теренге жайып, шыңға шыққан шынардай ширай, шамырқана түсетін жандар болады. Үбырайдың Торғай бекінісіне келгендегі алғашқы жылдары осындаі көріністі көз алдыңа келтіреді. Озық мәдениет пен өнердің өзін көрмесе де, оның дүниеде бар екенін баспасөз бетінен өз бетімен тауып, танысуға болатын, тіпті Орынбор сияқты жердің өзінен шалғай, бір шетте, өтірік пен өсектің қақ ортасында, надандық пен қараңғылықтың қара тұтегінде жападан-жалғыз жүріп Үбырайдың бұрынғы алған білігі мен білімнен айрылып қалмай, өзін қоршаған көптің өмір салты мен заңына біржолата еніп не көніп кетпей, қайта ай сайын, жыл сайын адам ретінде, азамат ретінде, өмір мен өнер саласында озық қөзқарас үшін курескер ретінде өсе, биіктей түскенін көргенде, сезінгеде адамның күші мен құдіретіне қайран қалмай қарай алмайсың. Үбырай өміріндегі осындай үрдіс өсу кезеңінің бірі – 1862 жыл болды.

Сырттай қарағанда, Үбырайдың тіршілік-турмысында бұл жылда да елеулі өзгеріс бола қойған жоқ еді. Бұрынғы үш шәкіртке тағы бір бала қосылып, төртеу болып, Үбырайдың өзімен бесеуі бір кішкене бөлмеде күндіз оқиды, түнде үйықтайты. Мектептің үйін салу жұмысы бұрынғысынан аздал қозғалғаны болмаса, өлі аяқталар, іске қосылар күні көрінбейді. Кеңсе жұмысы баяғы бір қалыбында.

Бірақ бір кереметі, мектептің өлі ашылмағаны, төрт баланы өз ықтиярымен, ақысыз-пұлсыз, тек жұрт көзін мектепке үрете беру ниетімен ғана оқытып жүргені Үбырайдың үлкен педагогиканың өзекті проблемаларына қарай батыл барып, өзіндік ізденістер жасауына кедергі келтірмегені былай тұрсын, қайта жағдай туғызады, жол ашады. Ильминскийдің “Өздігінен оқып үйрену” оқу құралын мектеп тәжірибесінде байқап көріп, Үбырай құралда біраз сөздердің қате аударылып, теріс басылып кеткенімен, оқушыға берілетін білімнің бірте-бірте сатылап үйрету тәртібіне негізделіп ұсынылғанын кітаптың үнамды жағы ретінде бағалайды. Сөйтіп педагогикалық арнаулы білімі жоқ, бар оқуы орда басшыларының тілмашы мен писарін дайындастын бастауыш мектеп болса да, Үбырай дидактиканың негізгі принциптерінің бірін үстаздық қадамдарының сонау алғашқы кезеңінде-ақ жақсы біліп, пайдалы тұтынады. Ал енді орысша нақты қан-

дай оқулықтарды қазақ мектептеріне ыңғайлап пайдалану деген мәселеге келгенде, Ұбырайдың қолына басқа ешкім емес, орыстың XIX ғасырдағы педагогикалық озық ой-пікірінің атасы – К.Д. Ушинскийдің “Балалар дүниесі” оқулығы түседі. Өмірде кездейсоқ нәрсе болмайды, кездейсоқ дегеннің өзі занзылықтан туады дейді философия. Ұбырайдың орыс тіліндегі бай жөне идеясы жағынан да әралуан оқулық әдебиеттерінен басқа емес, Ушинскийді табуы, тіпті де кездейсоқ емес еді. Бұл осы екі үстаздың мақсаттарының халықтың негізі мен тілектерінің бірлігінен, ұқастығынан туған нәтиже еді. “Балалар дүниесі” маган қатты үнайды, мұнда мениң аударғым келіп жүрген мақалалар өте көп, – дейді Ұбырай, – молдалар оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойының бәрінен адастырады, кері кетіреді. Ал басқа халықтар сияқты қазақтарға да өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек. Бар күшімді жинап мен “Балалар дүниесінен” бір мақаланы қазақшаға аударып көргелі отырмын; тірі болсам оны Сіздің қарап шыгаруыңызға жіберем”. Бұл арада екі мәселені атап көрсеткен жөн. Бірі Ұбырайдың үстаздық қызметінің өуелі баста-ақ халықтық, озық негізде қалыптаса бастауы жөне мұны өзге біреудің нұсқауымен, көрсетуімен, оқытуымен емес, өз бетімен, өзінің туған халқына деген ыстық ықласын өр уақытта алға үстап жүріп табуы, қатесіз табуы; екіншісі – Ұбырайдың бір бала оқытсын, он бала оқытсын, үстаздық қызметінің жылдан жылға үштала, өрістей түсуі, өрбір жылдың болашақ үлкен еңбектерге келер жолдай, оларды іштей дайындай жөне негізгі бағыты мен сипаттарын айқындай, уақыт өткен сайын жақындана түсуі.

Халқының тамаша перзенті Ұбырайдың қазақ тілі мен оның тағдыры, болашағы туралы ойлары да осы 20-21 жастағы жігіт кезінде озық өреде бой көрсетіп, оның адамдық, азаматтық, ағартушылық ілгері идеяларының бірі ретінде қалыптаса бастады. Қазақтың халық тілін, ауызекі сөйлеу тілін таза сақтау, жат жөне қажетсіз кірме сөздерден арашалап отыру – Ұбырайдың түсінгінде халықтың бүгінгі өмірі мен ертеңгі болашағы үшін жүргізілетін күрестің бөлінбес бөлшегі есепті. “Қазақтың табиғи тілін бұзып жүрген татаризм” дегендे Ұбырай татар молдалары арқылы келген мұсылман діні мен сол негізде

туып, Орынбордың өкімшілік мекемелерінде орын алғып отырған ресми жазба тілдік тәртіпті айтады. Ирі патриот, жас тілші-ғалым Үбірай пікірінің өзге бір ерекше озық жағы – ол өзге халықтың тілі атаулыға қарсы емес. Қазақ тілінде лайықты баламасы табылмаған жағдайда, ол қай халықтың сөзін де орнымен, жарасымды пайдалануды қолдайды. Бұл ретте оған араб, парсы сөздері де қорқынышты емес. Бірақ дін мен дін иелерінің тілді шүбарлауы, оны табиғи қасиетінен айруы – Үбірай үшін адам төзгісіз сұрапыл жай. Сондықтан да ол дүмше “Молдалар өзінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр. Оларды қазақ арасынан қууга еш қандай мүмкіндік жок, өйткені, молданың абсолютина тілі тиғен кісі қазақ арасындағы бастықтарға сол бойда-ақ көпір бол қерінеді” деп қынжылады, қиналады.

Үбірайдың туған халқын сүюі, құрметтеуі оның сол тұстағы тұрмысы мен тіршлігін танып, білуімен ғана байланысты емес, өткен тарихы мен мәдениетін де тереңдей, үніле зерттеу қадамдарымен сабактас. Қазақ арасында ең көп тараған халықтық батырлар жырының бірі “Ер Тарғынның” Марабайдан жазылып алғынып, Қазанда 1860 жылы бастырылып шығарылуы Үбірайдың өзіне де, шәкірттеріне де ерекше өсерін тигізеді. “Бұрын таза қазақ тілінде ешбір кітаптың жарық көрмеуі, енді, міне, өз тіліндегі дүниенің кітап бол қолдарына тиоі қызық та таңданарлық” бол көрінеді оларға. Үбірай осы тұстан бастап халықтың бай ауыз өдебиеті нұсқаларын іздеу, жинау ісіне шындалп кіріседі. Өзі де ара-тұра өлең шығару әдетін жалғастыра түседі. Бұл кезге дейін батырлар жырын, өзге де эпикалық туындыларды жазып алумен шұғылданса, енді халықтың аргы-бергі әдет-салттарын, этнографиялық өзгешеліктерін зерттеп, олардың болашақ өмір үшін пайдалы немесе зиянды жақтарын айқындау мәселесіне көбірек мөн береді.

Үбірайдың ағартушылық, үстаздық жұмыстардан бастап осы сияқты үлкенді-кішілі істерінің қайсысы да бір үлкен мақсатқа, атаниң ұлынан адамның ұлы болуга, халықтың ұлы, белсенді қайраткері болуга саналы түрде баяндырылып, содан тарап, өрбіп жатты. Ол шарқ үрүп ғылым, білім іздесе де, оған өрдайым толассыз талап пен талпыныс білдірсе де, Қазанға барып, жоғары дәрежелі ғылыми қауымдарды көріп, танысып қайтқысы келсе де (Қазанға бару идеясы Үбірай ойына осы 1862 жылдан

бастап берік орнайды), тіпті, қолына жазатайым түсे қалған белгісіз бір кітапты да жұтып қоярлықтай ынтамен тез оқығанда да халық үшін пайдалы нөрселер табу мақсатын көздейді, халықтың өмірін жеңілдету шараларын тапқысы келеді, соған жауап іздейді, халықтың алдағы күнге қарай батыл аяқ басуын тездету, жеделдегу жолдарын қарастырады. Өзінің осылайша бірде үлкен ғылым мен өнерге дамылсыз қол созып, алысқа талпынуын, енді бірде халыққа тәжірибе жүзінде көмек көрсету мақсатымен ағартушылық істерге көніл бөліп кетуін, бірақ қолы өлі ештеңеге жетпей отырганын жас күрескердің өзі де түсіне алмай, айран-асыр қалатын сөттері болады. Осындей шақтары жайында ол: “Қазіргі кезде менің халім адам күлерлік, “былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады” деген қазақ мақалының кебі. Сондықтан ақылдан адаса қою да онша қыын емес”, немесе “...басқалардың бәрі тып-тыныш, бақытты өмір сүріп отырганда, жалғаз өзі тағдырының рақымсыздығына үдайы шағынып, құдайдың бергеніне риза болмай жылап отыратын өйелмен өзімді салыстырғанымда, маған өз халым әрі күйіншті, әрі өкіншті боп көрінеді” деп жазады. Бірақ Ұбырайдың өмір жолын, күрес жолын мұндай күйінш, реніш сөттері шешкен жоқ. Ол қындық пен торығу кездеріне қанша кездессе де, халық үшін қызмет етіп, халыққа пайдалы адам болу, сол айқын мақсатта бір минут та кілірмей іздене беру, күресе беру талабынан тіпті осы алғашқы жылдардың өзінде де тайған емес, танған да емес. “Менің қазіргі жағдайыма, егер құдай қолдап, күш-қуатым жетіп жатса, қазақ халқына азды-көпті пайдамды тигізе алар едім, ал басқа үлттарға, халықтарға, әрине, пайдам тимес” дейді ол 1862 жылғы бір хатында.

1861 жылы Ильминский Казанға барып-кетіп жүргендерінің бірінде Ұбырай өтініші бойынша, оған өр алуан кітаптар жібереді, олардың ішінде алам деушілерге сатып, ақшасын жіберерсің дегендері де болады. Ұбырай Ильминскийдің бар тілегін орындаиды. Осы кітапшалардан бірі қазақ халқын көзben көрмей, білмей, сырттан, әйтеуір, жабайы, тағы халықтардың біреуі болар деп жаза салған белгісіз бір оқымысты-сымактың кітабы болып шығады. Ұбырай осы кітапшаны оқып, автордың қазақ халқын зерттеп білмей тұрып, ол жайында жиіркене жазғанына аса ауыр қиналады, тікелей өз атына айтылған жалған қаралау сөзіндей қабылдап, қапаланады. “Қазақ

халқы қарапайым, құлық-сұмдықсыз халық, бірақ біз оның қарапайымдылығынан көп жақсылық табамыз. Ал кейбір ақылдысымақтардың қазақ тентек, қазақ қанішер деген сөздері мәңгібаки тек қағаз бетіндегі сөз болып қала бермек. Қазақ даласын үш жылдай аралаган Сіздің қазақ халқы үғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңзге сенемін” деп жазады ол Ильминскийге осы жайында. Мәселе бұл арада кітап авторы пікірінің ағаттығында емес, Ұбырайдың жас болса да өз халқын терең түсініп, өділ бағалауына, объективті тануында, оған үлкен аяушылық, қамқорлық сезімдермен қараудында. Ұбырай, осіресе, қазақ халқын жамандауга келгенде жаман сөздің түрін табатын, ал оған тәжірибе жүзінде жөрдем көрсету дегенде жұмған аузын ашпайтын “білгіштерге” өте-мөтे қатты реніш, қарсылық білдіреді. “Осы уақытқа дейін жұрттың бөрі көзге ілмей, тентек, тағы атандырып келген Орда тұргындарына тым болмаса бір қайырымды адамның шындалап назар аударатын кезі жетті емес пе? Айталық, қазақ тағы халық екен делік, ал ол жөнінде осындаі сөздерді жазып отырған ақылды адамдарының ең болмаса біреуі қазақтың аянышты тұрмысын түзеу, оны бүкіл-адамдық өмірді дұрыс тани білуге бағыттау шаралары халқында бірауыз жылы сөз айтудын еді ғой” дейді Ұбырай күйініп.

Осындаі адал да дарынды халыққа қайткенде пайдамды молырак, нақтырақ, тигізsem деп күніге он ойланып, жүз толғанған Ұбырай дөл сондай сезімді өзгелерден таба алмағанда, қайта оған мүлдем қарама-қарсы өрекеттерге душар болғанда не істеп, не қоярын білмей, күйінеді, айрықша ауыр жан азабын тартады. “Бастықтардың қазақтарға білім беру қамқорлығына келсек, олар бекіністер жанынан мектеп салудан гөрі, үйлерінің онсыз да қызыл төбесін қызарта боятқанды, онсыз да ақ қабырғаларын ағарта тұскенді артық көреді” деп дала тұрмысындағы билеуші қауымның ғылым, білімге деген қарсылығын, кертартпа саясатын лайықты көріп, біліп, бағалайды.

Тобыл бойындағы Ұзын қыпшақ арасына немесе сол мандағы қызметтердің біріне бару жөніндегі тілек-өтініштерінен ештеңе шықпағаннан кейін, өне-бойы отбасынан белініп, жалғыз жұрудің ретін таба алмаған Ұбырай 1863 жылдың жазында ата-бабасы 40 жылдан астам қоныстанған Тобыл бойынан үй ішін мал-жанымен түгел Торғайға көшіріп алады. Шаруашылғының біразын бекіністің ішіне,

біразын сыртқа, бекініс төңірегіне орналастырады, қарт өжесі мен шешесінің ауру-сырқауына да енді өзі қарап, күтіп, бас көз болуына жағдай туады.

Бекіністе жаймен жақсы орналасқаннан кейін және бұл кезде мұнда мектеп үйінің де салынып, аяқталып қалуы енді Ұбырай көңілін ешқайда аландастпайды. Сондықтан да ол күзде Орынбор облыстық басқармасының жаңа бастығы Ладыжинскийге (бұл кезде Григорьев Петербург университетіне профессор боп ауысып кеткен) хат жолдап, енді Торғайдан басқа жерді, ұстаздықтан басқа қызметті іздемейтінін де, сұрамайтынын да хабарлайды.

Орынбор, Орал бекіністерінде мектеп үйлерін салу жөніндегі 1860 жылдың тамызы, қыркүйек айларынан басталған жұмыс, айтыс-тартыс, талас, женістен гөрі жеңілісі көп, бұралан-бұралысы да аз болмаған қымыл-әрекет, ақыры, өйтекеүір, белгілі нәтижеге жеткізеді. Алдымен Орынбор бекінісінде, одан сөл кейін Орал бекінісінде 1863 жылдың аяғында мектеп үйлері пайдалануға беріледі. Мектептердің қайсысы да Алексеевтің бекініс мектептеріне арнап, дала тұрғындарының тұрмысына лайықтап жасалған жобасы бойынша кірпіштен, еденсіз, бес бөлме етіліп салынады.

Сөйтіп, Ұбырай 1860 жылдың жазынан бастап ізденген, үмтүлған ұстаздық, ағартушылық қызметіне көптеген рухани, моральдық, материалдық қындықтар мен кесір-кедергілерді бастан өткізіп, 1864 жылдың қантар айында, арада үш жарым жыл қымбат уақыт өткеннен кейін ғана қолы жетеді, 8 қантарда армандаі күткен мектебі салттанатты жағдайда ашылады. Мектептің ашылуына бүкіл Орта орданың ірі билеушілері, бекініс өкімдері, чиновниктер мен офицерлер, өзге де кіші-гірім ұлықтар, не бәрі 200-дей адам шақыртылып, оларға қонағасы беріледі, қыстың іші болса да, қазақ дәстүрі бойынша ат жарысы, балуан күресі, жамбы ату сияқты ойын-сауықтар үйымдастырылады. Бұған орда басшылары риза боп тарайды.

Ұбырайдың елден ерек іскерлігі мен үқыптылығы, табандылығы, өз ісін жете білетіні және үлкен үйымдастырушылық қабілетінің арқасында Орынбор бекінісіндегі мектеп ісі бірден дұрыс жолға қойылып, өзінің жақсы нәтижесін бере бастайды. Мектепке қажет жабдықтар, өсіреке, парта, орындық, тақта, төсек-орын, ыдыс-аяқ т.т. оку басталмай тұрып, өткен жылдың аяғына таман сатып алынады. Ұбырай мектебіне бірінші күні-ақ 14 бала

қабылданады, сөл кейін тағы бір бала қосылады. Бұлар мектеп туралы ережеде көрсетілгендей, бекініс батсықта-рының қатан бақылауымен, үйгаруымен іріктеледі. Сондықтан олардың көбі дерлік орданың билік тізгінін қолдарына үстап отырған сұltандар мен билердің, болыстардың балалары еді. Осы жылдың 25 қазанында ашылған Ыргыз мектебіне де аталған принцип бойынша 6 бала қабылданады.

Орынбор бекінісінде Үбырай ашқан мектепте бала саны жылдан-жылға көбейе түседі (1865-1866 оку жылында 17 бала, кейіннен онан да асады). Үбырай оқуга алғаш қабылдаған 14 балаға өзінің бұрын үйінде жатқызып оқытып келген 3-4 баласын да қосып оқытады.

Үбырай мектебінің ашылуы дала өмірінің ағарту ісіндегі тұңғыш беташар есепті аса үлкен оқиға еді. Үбырайдың өзі де оны осылайша танып, бағалайды. Ал мектептің Үбырай өмірінде атқарған ролі мен алған маңызына келер болсак, бұл жайында ол былай дейді: “Осы жылы қантардың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды... Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, ете қызу кірістім”. Бұл жолдардан аңсаган арманына қолы енді ғана жеткен адамның алғашқы қуанышы мен жүрек лүпілін сезіну қын емес.

Бұрын да оқыту өдістерінің ғылми-практикалық жолдары терендей және творчестволық тұрғыда қарастырып жүрген Үбырай енді мектеп ашылғаннан кейін бұл мәселелерге барынша байыпты, байсалды түрде келіп, оқушыларының ерекшеліктерін ескере түсуге тырысады. Сөйтіп, оқу, оқыту тәсілдерін өзінше құрады. Алдымен балаларға заттардың орысша аттарын, оған жалғас санын (яғни, сын есімді), кейін бұл екеуін қосып сөйлем құрауды, осы орайда етістікті, оның жақтау, септеу, жынысқа бөліну жолдарын үйретеді, “Өздігінен оқып үйрену” құралынан женілжеллі сөйлемдерді аудартады. Бұрыннан оқытып келе жатқан екі шәкірті бұл кезде орыс тілінің тәжірибелік грамматикасын едөуір менгеріп, “Балалар дүниесінен” аудармалар жасай бастайды. Шәкірттер азды-көпті орысша сөйлей алғын болған кезде оларды орыс балаларымен араластырып оқытуды жоспарлайды. Сөйтіп, 4 жыл ішінде оқушыларына орысша сөйлеу мен жазу саласында біраз білім беруге болады-ау деген тоқтамға келіп, бүкіл күш-жігерін сол негізгі мақсатқа пәлендей қындықсыз және табысты жетуге бағыттайды, сонымен қатар ол молданы

мектеп маңынан жүргізбеу мақсатымен, өзінің де, бала-лардың да өзге сабактардан қолдары бос уақытында бағдарлама бойынша міндettі дін сабагын өзі жүргізеді. Мұнда діннің тарихынан басқа окушылар қызығып, құмартып тыңдайтын пайдалы әңгімелерді де айтып береді. Мектепте мұсылман дінінің тәртіппері сақталмайды.

Ыбырай шәкірттеріне білім мен тәрбие беруде бір негізгі міндettі қатаң тұтынады. Ол – жастардың мектептен шын мәніндегі адам боп, тәрбие алғып шығуы. Сондықтан шәкірттердің адамгершілік қасиеттерін тәрбиелу Ыбырайдың ағартушылық, педагогтік идеяларының негізгі өзегі ретінде осы тұстан бастап айқын көзге түседі. Ыбырайдың өз сөзімен айтсақ, бұл тәрбие мынадай өте қарапайым формулада көрінеді: “Кейін паракор боп шықпау-лары үшін оларға адамгершілік жағынан өсер етуге бар күшімді салып келемін” дейді ол. Орыстың XIX ғасырдағы демократиялық ой-пікірінде тәрбие жұмысының алдына мұндай аса түбегейлі мәселені В.Г. Белинский сияқты ұлы ойшылдың ғана коя алғанын ескерсек, Ыбырай сөзінің мәні мен маңызын тереңірек түсініп, бағалауымызға болады. Ыбырайдың дәл осы 60-жылдардың бірінші жартысында В.Г. Белинскийдің “Не чиновникті, не ақынды, не қолөнершіні дайындау шарт емес, әйтеуір, ақырында кім боп шықса да, адамдық қасиеті мол азаматты тәрбиелуе қажет” деген әйгілі идеясымен танысып үлгерді ме, жоқ па, белгісіз. Бірақ қазақтың жас ағартушысының адамгершілік тәрбиесі жөніндегі өзіндік түсінігі мен мақсаты Белинский ойының, идеясының дала өміріндегі алғашқы жаңғырығы сияқты өзіне тән озық үн, үздік ұран екені даусыз еді. Осындай айқын адамгершілік мақсат көздеңен жұмысынан анда-санда болса да жақсы, иғі нышандардың бой көрсетіп қалуы, елес беруі Ыбырайдың күшіне күш, жігеріне жігер қосады, алдағы құнге қарай үлкен үмітпен ілгерілей, іздене жол ашады, жағдай туғызады, адамдық, азаматтық, ағартушылық ойларының қанаттары қатайып, нығая түсуіне себепші болады. Сондықтан да ол: “Мениң үнемі үмтүлған тілегім – қалай да (халқыма – Ә.Д.) пайдалы адам боп шығу еді, ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады” деп алдағы үлкен күреске өз бойынан жаңа зор күш-куат тапқандай оптимистік сыңай білдіреді.

Мектеп ашылған бойда шәкірттердің бәрі-бәрінде оқу құралдары жетісе де бермейді. Ыбырайдың 8 балаға лай-

иқтаптан “Әліппесі” мен “Өздігінен оқып үйрену” кітабы ғалалардың екі-үштен бірігіп оқуына ғана жетеді. Мұның үстіне балаларды оқыту жөне менгерушілік жұмысы жайында Ыбырайдың қолында бірде-бір жетекші, нұсқаушы құралдар болмайды. Сондыктан Ыбырай мектептің өзге де мұқтаждарымен бірге аталған құралдарды да тауып, жіберулерін өтініп, облыстық басқармаға өлсін-өлсін хат жолдайды. Осы кезде Ыбырай Торғай бекінісінің комендантты Яковлевтің сонынан қалмай жүріп, келісімін алған, бекіністе кітапхана ашу ісімен шұғылданады. Кітапхана қадірін билетіндер бірігіп ақша жинап, көптеген қажет кітаптарды сатып жөне жаздырып алдырады, газет, журналдарды да ұмыт қалдырмайды. Кітапхана жылдан-жылға өсе түседі. Ыбырай кітапханаға келген қітаптар мен журналдардың бірде-біреуін жібермей оқиды.

Мектептің кеш ашылуына байланысты бірінші оқу жылы не бәрі төрт жарым ай (8 қаңтардан 1 маусымға дейін) ішінде аяқталады. Бірақ осы аз уақыттың ішінде оқушылар программалық материалдарды түгел өтіп, лайықты білім, тәрбие алады: сандарды орысша, татарша шапшаң оқи, жаза біледі, мыңға жуық орыс сөзін үйренеді, жеңіл-желпі орысша сөздерді қазақшаға аударады, орыс сөздерінің өзара қысыу, байланысу ережелерінен мағлұмат алады, арифметикадан төрт амалды үйренеді, географиядан жер шары, құрлықтар, мемлекет орталықтары жайында шағын түсініктерге ие болады. Оқу жылдарының аяқталаудына байланысты Ыбырай Орынбор бекінісінің комендантты Я.П. Яковлевпен келісе отырып, оқушылардан емтихан алу программасын жасайды. Яковлевтің, священник Бирюковтың, дәрігер Пальчевскийдің, подпоручик Горбуновтың қатысуларымен осы бағдарлама бойынша өткізілген сынақ емтиханда оқушылар 4-5 айдың ішінде көп нәрсені үйреніп, тиянақты білім алған шыққанын, әр қайсысы 6-дан 11-ге дейін кітапшалар оқығанын, оларды екі тілде айтып бере алатынын, сөздерді орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға аудару мүмкіндіктерін, орыс грамматикасынан алған үғымдарын т.т. көрсте алады. Осыған байланысты Орынбор жөне Самар генерал-губернаторына жолдаған рапорт-хатында Яковлев былай деп жазады: “28 мамырда барлық офицерлер мен дін өкілі училищеге шақырылды. Менің көзімше қазақ балаларынан емтихан алынады. Оқылған уақыттың аздығына қарағанда оқушылардың табысы ете жақсы. Төрт жарым айдың ішінде

олардың алған білімі ете қанағаттанарлық, тіпті кейбіреулері орыс тілінде басылған кітаптарды жақсы оқи да алады, 9 бала қазірдің өзінде орысша жаза біледі, сондай-ақ мынға жуық орыс сөзін дұрыс айта алады және 6 оқушы татарша оқиды және жазады”. Бұл, екінші жағынан алғанда, Ыбырайдың үстаздық айрықша таланты мен қабілетіне, ынгасы мен ықласына, жұмсаған күші мен еңбегіне берілген баға еді. Аталған өр баланың ең кішкентай та-бысының өзі Ыбырайдың үлкен жұмысының шағын көрсеткіші, куәсі тәрізді болатын.

Осы кезде 23-24 жастағы Ыбырайдың бойынан ағартушылық, үстаздық қызметке байланысты талант пен тапқырлықтан мүлдем басқа өзге бір дарын қыры айқын белгі бере бастайды. Туганнан өсердің, сезімнің адамы Ыбырайды өмір мен мектептен алған жазушылық байқағыштыққа, сыршылдыққа, өмірден көрген көріністерден сол өмірге тән үлкен де жинақтаушы түйін түйе білушілікке, өмірді өзінегін тән көркем бейнелермен, бояулармен тани білушілікке үйретеді, баулиды, тәрбиелейді, қоғамдық жеке адамдардың өзін олардың сол өмірде атқарып отырған рөлі мен алып отырған орнына сай типтерінде тани, бағалай, бейнелей білуіне жол ашады. Осы ретте оның Орынбор бекінісіндегі офицерлер, чиновнигер қауымы мен сол төңіректегі қазақ феодалдарының ортасына берген сипаттамасы, берген бағасы және сол өмірдегі өз жайын суреттеуі ерекше жанды да өсерлі, тартымды, сондай-ақ, тамаша шынышыл өрі көркем. “Мұндағы ат тәбеліндегі мырзалар тобына майор және кавалер шеніндегі қарапайым, қайырымды Яков Петрович бас болып отыр, – дейді Ыбырай бекіністегі өмір жайлы, – ол әлсін-әлі өзінің майор екенін есімізге түсіріп, өзінің дәрежесіне лайық қиқарлық та жасап қояды. Бірақ біз оның алдында тіл қатпай, бас ие береміз, біраздан соң ол да тынышталады. Міне, менің алдында есігі терт бұрышты үй түр, ауыз үйі толған өртүрлі құрал саймандар: шөп шабатын, жер жыртатын саймандар және басқа да заттар. Одан өрі қарай ұзындығы 3,5 сажындей залдың ішінде столдар, орындықтар, скамейкалар орналасқан. Бұлар қара, сары, қызыл бояулармен қалай болса солай бояла салған. Үй қабырғалары ақ балшықпен мұқият ақталған; бөлме бұрыштарында үлкен-үлкен бейнелер және есікке қара-ма-қарсы қақ тәрде патшаның суреті. Осы сөн-салтанаттың ортасында “жоғарғы білімді” жас дәрігер түр. Мен

сыпайы түрде кіріп келіп, майорға, оның қасында өңгімелесіп отырған адамға бас иемін, майор рақымы түсіп менің қолымды бірінші бол алады. Сол арада залға қылыш асынган казак офицер кіріп келіп, бекініс ішінің тыныш екендігі туралы майорға рапорт берді. Майор сыпайы өрі менмендеу салқын жұзбен оның рапортын қабылдайды да, оған отырыңыз дейді. Ол отырады. Мен де орнынан тұрып, жаймен ғана оның қасына келіп отырам. Екеумізде де үн жок, қасымызда отырған екі аристократқа қарап, олар сейлесе қалса, өңгімелерін тыңдал жай отырамыз. Ал, мырза, картада ойнасақ қайтеді дейді біреуі. Мен үндемеймін. Ал қайтеміз енді деп мені де стол басына өкеледі. Картада жайылып, ойын басталады. Картаны бір-екі рет айналдырганнан кейін бастайды. Ақырында, майорға келгеніме өкінем, одан өрі қарай картадан жаңыла беремін. Яков Петровичпен одақтас бола қалсам, ол өбден жынданып, терісіне сыймай кетеді. Ақырында, нашар ойнайтынды біле тұрып, мені неге қартада ойнатасыз деп айтып саласың. Майор ашуланып қалады. Ойын сонымен тоқтайды. Содан соң тарқаймыз. Екі күннен кейін тағы да кездесеміз. Мені тағы да картага зорлай бастайды...” Патша отарлаушыларының жергілікті жердегі чиновниктеріне тән бейғам да масыл, әрекетсіз де дарақы өмірді, олардың ұсақ ұлттардың өкілдерін мысықтың тышқанға қатнасында мазақтай ұстасын өткен ғасырлардың 60-жылдарында бұлайша көркем де көрнекті жоспарда көріп, бағалаған, өлтіре өжуалай бейнелеген бірде-бір жазба де-рек болған жок.

Ыбырай қазақтың билеуші қауымына қалай қарады, оны қалайша көрді? – енді соған келейік. “Қызмет бабында мен қазақтармен жиі-жиі ұстасып қаламын, олардың ішінде менің өз туыстарым да бар. Олардың сырын жақсы білемін, көбін тіпті жек көремін. Орда ішіндегі іс басындағыларды да тіпті көңілім сүймейді. Олар кедей қазақтарды, қарсылық көрсете алмай қасқырдың аузына түсіп жем болатын қойлардай, қорғансыз момындарды адамшылықтың шегінен шығып, арсыздықпен тонап, талап жеп жүр. Соларды көргенде, менің жұмысым болмаса да, өте қатты күйінемін. Бас-аяты он жылдың ішінде миллионер бай болған, оған дейін түгі де жок, Ордадағы ең алайқтардың бірі (сұltан Жәңгірдің өзі) менің олардың істерін жек көретінімді біліп қалды, мұндай адамдарды олар ұнатпайды. Сондықтан мені бұл жерден қызып жібе-

рудің бар амалын істеп жүр. Бірақ өзір оған қолы жеткен жоқ, бірақ, кім біледі, бұл тілегіне де жетер, бірақ мен бұлардың бәрін елең қылмай, жайбарақат жұмысымды істеп жатырын". Бірақ қоғамдық өміріне өз бетімен енді ғана араласқан жас жігіт тек Торғай төнірегіндегі елдің шағын шындығын ғана көріп, біліп қоймайды, сол арқылы бүкіл қазақ қауымына тән, оның билеушілері мен қарапайым халқына тән үлкен шындықты қоғамдық өмірге тән, ортақ ерекшеліктерімен танып, біледі, бағалайды. Бір-бірінен сыртқы түрі жағынан алшақ болғанымен, ішкі мазмұны жағынан өз ара үқсас осы екі өмір салты да Ұбырайды қызықтырмаданы былай тұрсын, оның өмірге деген қоғамдық, өлеуметтік қатынасын барған сайын ұстарта, терен-дете түседі, өмір толған өлсіздікпен, теңсіздікпен алдағы үлкен жекле-жекке іштей дайындаі, шынықтыра береді. Әзірге Ұбырай сол құреске орысша өнер-білім ұрығын шаша тұсу арқылы, өзінің білім және тәжірибесін молай-та тұсу арқылы дайындалады. Қоғамдық өмірдің моральдық, праволық сүм-құрқия сырларын көп көріп күйзел-ген Ұбырай осындайда туған өлкенің самал тынысы мен бірөңкей тыныштығынан рухани күш, ләzzат тапқандай болады, оны өзінің ен жақын серігі мен сүйенішіндегі сезінеді. "... Үйіме, үйдегі жұпның төсегім мен жаныма жайлышапаным қарай бет алғанда ғана еркін дем ала-мын. Кешкісін далага шығып, олай-былай көз жіберсең, көзіңде құлазыған, шеті-шегі жоқ кең даладан басқа еш-нәрсе көрінбейді. Қара жусаннан басқа ешбір қылтанақ, ешқандай шөп те жоқ. Еріксіз тоқтап, кез келген жерге отыра кетесің. Торғайдың баяу ағысына қарап, өзің-өзің еріксіз: бұл не деген өмір, қалған омір де осылай өте бермек пе дейсің. Откен өмірдің жақсы жақтарын еске түсіруге тырысасың... өстіл отырғаныңда бетіңе самал жел соғып, жаныңды жай таптырып, аздал қөңілінді көтере бастайды. Мен сол арада көп отырып, көп ойлап, ақырында үйге кеш қайтамын". Осы ұш түрлі жанды сурет оқу жылын бастаған жас ағартушының бойында реалист, суреткер Ұбырайдың да бірге өссе, есейе бастағанының айғағы еді.

Бір жағынан жаңа мектептің менгерушісі әрі мұғалімі, екінші жағынан, бекініс коменданттының тілмашы Ұбырай ел ішіндегі лас, жиіркенішті істерден қанша аулақ, алыс жүрсе де, кейде олардың шарпуына ілігіп, өз басын жала-дан арашалау сәттерін де бастан кешіреді. 1864 жылдың мамыр айында нағашылары Қазыбек, Бірімжан Шегенов-

тардың аулына қызырып барып, бір қонып қайтқаны үшін Орынбордың облыстық басқармасына үстінен арыз түседі. Сандыбай Эйгелов өзі жөніндегі арызды Ыбырай жазды леп, Ыбырайдан күдіктенеді. Ыбырай облыстық басқарманың бақылаушы чиновнигіне жазған рапортында өзінің мінез-құлқы, әділдігі, адалдығы, ешкімнің үстінен арыз атағы шықпағаны жөнінде, 4 жыл қызмет істеген жері – бекініс басшыларынан сұраңыз деп күйіне жауап беруге мәжбүр болады, сондай-ақ, орда ішінде тазалығымен аты мәлім Шегеновтерді де өсек-өтіріктен қорғап қалады.

1864-1865 оку жылы, Орынбор бекінісінің екінші оку жылы, ойдағыдай аяқталады. Бұл жылда оқушылар алдағы жылы алған білімдерін едөүір бекіте түседі: орыс кітаптарынан оқығандарын аударып түсіндіреді, зат есімдерді өтеді, жеке сөйлемдердің байланысы мен грамматикалық талдауды, таза жазу мен миллионға дейін санауды, татарша оку, жазуды т.б. үйренеді. Оқушылар жыл бойы өткен материалдар бойынша жеке-жеке емтихан тапсырып, ел жайлауға көшүдің қарсаңында, 22 майда жазғы демалысқа шығады. Жыл бойы жақсы оқып, емтиханда алған білімдерін сөтті көрсеткендері үшін облыс басшылары Қорғанбек Бірімжанов, Жалмұхамед Жангожин, Нұрғали Әуезов, Ибраһим Ташенов сияқты балаларға бағалы кітаптар сыйлады.

1865 жылдың 25 ақпанында Ыбырайға жақсы қызметі үшін хорунжий (сол замандағы ең төменгі офицерлік шен) атағы беріледі.

Мектеп ашылып, негізгі арманына қолы жеткеннен кейін Ыбырай ара-кідік бекіністегі тұлмаштық жұмысымен айналысқаны болмаса, оку жылы кезінде ел аралауды да, ел ішіндегі дау-шарға араласуды да азайтып, біржолата үстаздық қызметімен шүғылданады. Бос уақыты болған кезде мектептегі және мектептен тыс жас достарымен кездесіп, өнгімелесіп, олардың өмірді танып бітуіне, мінез-құлқына өзінің әрбір сөзімен, ақыл-кеңесімен, өзін-өзі үстаумен өсер етуді көздейді. “Мұнда тек қыста ғана жақсы, үнемі жөн-жосық белетін есті адамдардың ортасында боласын; осы қарапайым, ақ көңіл, адал, кейде тіпті қызық адамдармен кездесіп, көңілінді көтересің” дейді ол осы тұстағы өмірі жайында. Сөйтіп, айналасындағы дос-жаран жандардың санын барған сайын көбейте түседі. Бұлардың ішінде әртүрлі өнер иелері де: ақын, өнші, күйші, ертекші, өнгімеші т.б. аз болмайды. Ыбырай жастар арқылы

қай жерде, қай елде қандай көрі құлак, естігені, тоқығаны көп жанды шежіре, жырши, жырау қарттардың бар екенін біліп алып, олармен кездесуді, олардың аузынан көне сөз нұқсаларын жазып алуды өзінің тұрақты қызметінің біріне айналдырады, өсіресе, қазақ халқынаң арғы замандардан келе жатқан өдегет-ғұрыптары мен салттарын шындаап зерттеуге кіріседі, материалдар жинаиды. Григорьевтің бай кітапханасын көріп, оның ғылымдық дәмін мол татқан Ұбырай енді өз кітапханасын жасауды армандалап, өр тараптан кітаптар, өсіресе, педагогикалық өдебиеттер мен журналдарды көтеп алдырады. Оларды өрдайым оқып отыру табиғатынан дарынды Ұбырайды тек бүгінгі өмір мен проблемаларын ғана емес, өткен өмір мен болашақ өмір мөселелерін де өз бетімен пайымдауға азды-көпті жәрдемін тигізеді. Өзі ішінде отырган қоғамдық өмірді көз жазбай қадағалау, оның талап-тілектері мен бағытын анғаруға тырысу, сол салада іздену, еңбектену Ұбырай өмірінің тұрақты мазмұны мен мақсатына айнала бастайды.

1866 жылдың жазында 25 жастағы Ұбырай Перовск (Қызылорда) жағындағы жаппас руы достияр арысының Шолақ деген адамының қызы – Айғанысқа үйленеді. Орта шаруалы Шолақ өз ортасының беделді адамы болады. Айғаныс – ұзын бойлы, аққұба, бет бітімі татар қыздары төрізді сопақша, қой көзді, кішіпейіл, қайырымды, көп үндемейтін, жібек мінезді, көдімгі қазақ қыздарының бірі. Орысшада да, мұсылманиша да оқымаған Айғаныс жүйрік ақылы мен жұмсақ мінезінің арқасында Ұбырайға қосылған кезден бастап бүкіл ағайын-тұған мен жекжат-жұрагаттың, ауыл-үйдің үлкен-кіші адамдары мен дос-жараның тілін тауып, сүйікті адамы боп кетеді. Үйге келген қонақты, ауыл адамдарын бай, кедей деп бөлмей, барлығын бірдей күтіп қарсы алады. Көп ұзамай үйдің ішкі-сыртқы үлкен шаруашылығын өзі біліп, жеңіл басқарып кетеді де, Ұбырайды шаруашылық атаулыдан босатады. Ұбырай енді өзінің мұғалімдік және ғылым-білім ізденушілік ісімен алаңсыз айналысуга мүмкіндік алады.

Ұбырай 1861-1862 жылдардан бастаған этнографиялық зерттеулерін осы кезде, 1867 жылы аяқтайды, “Орынбор ведомоствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу, оған ас беру дәсүрінің очеркі”, “Орынбор ведомоствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлөрінің очеркі” аталатын еңбектерін жазып бітіреді.

60-жылдардың бірінші жартысы орыс этнографиясындағы ерекше бір өрлеу, сапалық өзгеріске ауысу кезеңі еді. Этнографиялық еңбектерде халықтың тарихандағы, кейінгі өміріндегі, әдет-ғұрыптарындағы, мәдениетіндегі, әдебиеттіндегі ұсақ-түйек фактыларды ешбір айқын мақсатсыз, шетінен тізіп жаза беру ғылым емес, мұндай деректер белгілі бір халық жөнінде де тиянақты дұрыс түсінік бере алмайды, этнографиялық әрбір жаңа еңбек халықтың тұрмыс-салтын даму тұргысынан көрсетуі керек, қоғамдық дамуга лайықты үлес қосатын құбылыстар ғана орынды бағасын алып, ғылыми әдет-салттар сынауды қажет деген озық ой-пікір алдымен “Современник” журналында көтерілді де, кейін өзге де баспа орындарында, өсіреле, демократтар еңбектерінде берік орын алады, бірте-бірте ол Россияның шет аймақтарына да таратай бастайды. Ыбырайдың аталған еңбектері этнография ғылымында сол идея қазақ даласынан қосылған жаңа бір үн, жалқы дауыс сияқты болды.

Ыбырайдың екі зерттеуі де тақырыбын білгілік пен шындық түрінде ашумен қатар, қоғамдық өмірдің дамуына бөгет боп, кедергі келтіріп отырған әдет-салттарды сынауы, өшкереleуі жағынана да өткір публицистік туынды бол шықты. Мұны, өсіреле, екінші еңбек жөнінде айту орынды. “Қазақтардың өз ара қоғамдық қатынастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде... екі-үш жасар ұлы бар дәuletті қазақтың қайсысы да, баласына өзі сияқты дәuletті және беделді біреудің қызын айыттыруға тырысады” деп келіп, Ыбырай әйел қауымын теңсіздікте, сауда-саттықтың құралы ретінде ұстаудың төркіні ең алдымен билеуші топ өкілдерінің өз ара қоғамдық қатынастарын түзеу мақсатында туып, кейін көп әйел алушылыққа, әйелдерді қорлықта ұстауға, әмен-гершілікке т.б. әкеп соққан өлеуметтік тамырларын терен ашып көрсетеді. 8-9 жасар ер баланың не қыздың тұрмыс құруы немесе 10-11 жастағы балаға 25-30 жастағы келіншектердің қосылуы, не жас әйелдің 60-70 жастағы шалға жығуы т.т. әуелі қоғамдық қатынастардың әртүрлі тілек-мақсаттарына байланыста туып, кейін әдет-ғұрыпқа айналып кеткендігін, мұның өзі, адамдық правоның ең қарапайым шарттарының да сақталмауына душар етіп отырғанын сынай, өшкереleй баяндайды, кедей адамдардың үйлене алмау қаупін, қашан үрын барғанша қыз бен жігіттің бір-біріне көрінбесу немесе көріне алмау салттарын өмірдің өзгешелігі ретінде сипаттайтыды. Ыбырайдың,

әсіресе, қыз айтытуру салтының тарихына барып, оны Есім ханның ескі жолымен байланыстыруы (XVII ғ.) ғылыми тұрғыдан ерекше қызық жай. Қөп жүрт қыз айттыруды баяғыдан білсе де, оның арғы тарихын Ұбырай кезінде де, кейін де біле берген жоқ еді. Ұбырай пікірі бұл ретте мәселеге анықтау енгізеді. “Даңқты қазақтар, — дейді Ұбырай, — өр қашан өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысады, қазір де солай, қазақ арасындағы аңыздарға қарағанда қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім ханның бүйрығы бойынша орнаған көрінеді. Қазақ қарттары мұндай тәртіпке алысты болжагандық бар, өйткені ел іші тыныш болмаған кезде ол халыққа пайда өкеледі деп түсінеді”.

Орыстың географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесін ашу жөніндегі шешімнің қабылдануы (1867 жыл, мамыр) Ұбырайдың осы еңбектерінің аяқталу түсіна тұра келеді. Бірақ бөлімше өз жұмысын бірден бастап кете алмады. Оған өртүрлі қыындықтар кездесті. Бөлімшенің алғашқы үйымдастыру мәжілісі 1868 жылдың қаңтарында ғана откізілді. Мұнда қоғамның жарғысы қабылданды. Оның алдында тұрган міндеттер жөнінде генерал-губернатор Крыжановский сөз сөйлемеді. Бөлімшенің алғашқы мүшелері бол Оынбор өлкесі тұргындарының тарихы мен тұрмысын көптен зерттеп келе жатқан белгілі адамдар сайланды. Бұлардың ішінде ағайынды Л.Н. және В.Н. Плотниковтер, В.Н. Игнатьев, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, Ұбырай т.б. бар. Бөлімшенің келесі мәжілісінде (28 наурыз) Ұбырай “Орынбор ведомоствосы қазақтарының құда тұсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі” деген еңбегі жайында баяндама жасады. Баяндама жүрт көнілінен шығып, үнамды бағасын алды.

Бөлімшенің өзіндік баспа органы – “Записки...” 1870 жылдан шыға бастады (1870, 1872, 1875, 1881 жылдары төрт кітапшасы шыққаннан кейін тоқтап қалды). Осы 1870 жылғы бірінші кітапшада Ұбырайдың екі енбегі жарық көрді және олар жөнінде В.Н. Плотниковтың мақаласы жарияланды: еңбектер “Қазақ өмірінің ерекшеліктерін білдіретін нақты деректерінің молдығымен ерекше назар аударады, халық этнографиясын зерттеуде бай материал бол табылады” деп жазды ол сын мақаласында.

60-жылдарда тек Ұбырай өмірінде емес, бүкіл Қазақстан өмірінде, тіпті онан өрі Россия қоғамында саяси-

әлеуметтік маңызы зор өралуан өзгерістер орын алды. 1861 жылы Россияда крепостниктік право жойылып, Россия капиталистік даму жолына айқын бет бүрді. Қазақстанның Россияға қосылу процесі осы кезде біржолата аяқталып, көптеген шет аймақтарымен бірге Қазақстан да бүкіл-россиялық шаруашылық-экономикалық өмір ағымына бірте-берте ене, тартыла бастады. Россияда капиталистік өндірістің даму қарқыны қазақ даласын өлі де зерттеп, біле тұсумен қатар жаңа жүйе бойынша басқаруды талап етті. Осы орайда патша үкіметі 1867-1868 жылдары қазақ жерін билеу жөнінде бір сыйыра зандар қабылдады. 1867 жылдың 11 қазанды “Жетісу, Сырдария облыстарын басқарудың уақытша ережесі” қабылданып, бұл ереже бойынша Түркістан өлкесі Жетісу, Сырдария облыстары бол екіге бөлінді. 1868 жылдың 21 қазанында қабылданған “Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарын дала облыстарына айналдырып басқару жөнінде уқытша ереже” бойынша Орынбор губерниясы Орал, Торғай, ал Батыс-Сібір губерниясы Ақмола, Семей облыстарына бөлініп, басқарылатын болды. Орал облысының оргалығы бол Орал қаласы тағайындалды да, Торғай облысының оргалығы Орынборда қалды. Орал облысына бұрынғы Орынбор қазақтары аймағының батыс бөлігі (Кіші жұз рулары) енді, ал Торғай облысына шығыс бөлігі берілді. Өр облыс 4 үйеze бөлінді. Торғай облысына Елек (8 болыс, 41 ауыл), Николаевск (8 болыс, 51 ауыл), Торғай (5 болыс, 23 ауыл), Ыргыз (7 болыс, 34 ауыл) үйездері қарады. Бұл кезге дейін Орал бекінісі бол келген қалашық – Ыргыз, Орынбор бекінісі бол келген шағын қала – Торғай аталды.

Қоғамдық өмірдегі бұл тәрізді өкімшілік-территориялық өзгерістер қоғамның өрбір мүшесінің өміріне де азды-көпті өзгеріс өкелмей қалған жоқ. Солардың біри – Ыбырай.

Үбырай ағартушылық, ұстаздық жұмысты өз өмірінің мәні мен мазмұны, ең негізгі мақсаты санап, халық арасына өнер-білім тұтандыра тұсу үшін жан аямай күресіп, өзге, өсіреле, билеушілік жұмысты ұнатпағанына, тіпті жек көргеніне қарамастан уақытша басқару ережесіне байланысты 1868 жылдың желтоқсанында Торғайдың үйеzi бастығының іс жүргізуісі қызметіне ауыстырылады. Екінші, мұнда Үбырайдың өзге бір тілек-талаптарының да үшкіны жоқ емес тәрізді. Бұл кезге дейін қазақ өмірін едөуір зерттеп, оның өзіндік қыры мен сырын жақсы та-

нып үлгерген Үбырай қара қазақтың аянышты өміріне аз да болса арашашы болып, оны ашық талау мен тонаудан қорғауга кейде ашық, кейде жабық түрде араласу мақсатын көздегенге үқсайды. Үбырай үйездік басқармадағы жұмысын уақытша басқару ережесін көпшілікке, өзінің көңіл-жақын адамдарына түсіндіруден бастайды. Сондыктан да басқа жерлерде байқалған толкулар Торғайда болған жоқ дейді Ильминский Үбырайдың халық алдындағы үлкен беделі мен парасаттылығы жөнінде. Бұл арада Үбырайдың уақытша ереже халыққа жақсы, женіл өмір өкеледі деп түсінбекенін жөне өзгелерді де осы өреде түсіндіру мақсатын көзdemегенін ашып айтуда қажет. Үбырай уақытша ереженің қанаушылық сипатын көре, біле тұра халықты оған қарсы қоюды қаламайды, артық қан төгуді болдырмауға тырысады, мұның есесіне орыстың халқымен, қоныстануға келген кедей шаруаларымен қоян-қолтық араласып, оның тілі мен өнерін менгеруді орынды да тиімді деп біліп, өзінің үтіт, насхат жұмысын осы тарапта жүргізеді. Үбырай ресми қандай қызмет атқарса да, облыстагы ағарту жұмысын бір сөт көзінен таса қылмайды, барлық күш-жігерін ағарту ісіне жұмсайды.

1868 жылғы уақытша басқару ережесі бойынша ұсақ халықтардың мектеп жөніндегі жұмысы Ішкі істер министрлігінен алынып, Халық ағарту министрлігіне беріледі. Татар, башқұрт, қазақ мектептеріне арналып Қазан оқу округы құрылады. Округ басына ұсақ үлттар арасында оқу ісін біледі, басқара алады деген адамдар тағайындалады.

Осы оқу округы құрылмастан бір жыл бұрын Орынборда ерлер гимназиясы ашылатын болып, онда қазақ балаларына отыз орын беріледі деп белгіленеді де, бір кезде Үбырайлар оқыған орысша-қазаша мектепті жабу туралы шешім қабылданады. Сонымен бұл мектеп не бәрі 18 жыл (1850-1868) жұмыс істеген мезгілі ішінде 48 бала оқытып шығып, ақыры жабылады. Ал гимназия болса, 1869 жылдың тамыз айында ашылады. Гимназияның жанында дайындық класы жұмыс істеді. Оның міндеті ауыл өмірінен келген қазақ балаларын орысша оқу, жазуга үйретіп, гимназияға дайындау болады.

Үбырайдың үйездік жұмысқа ауысуына байланысты Торғайдың мектепке мұғалім іздеу қажеттігі туады. Торғайдың үйез бастығы Яковлев пен Үбырай облыс бастықтарына арнаулы хат жолдап, Үргыз мектебінің мұғалімі Ш. Құлбековты Торғай мектебіне ауыстыруды өтінеді.

Бұған басты себеп, біріншіден, мектепті Ұбыраймен бірге оқып, бітірген және осы жаққа бір мезгілде қызметке келген Құлбековтың өз өтініші болса, екіншіден, осы уақытқа дейін Ұргызыда мектеп ісі дұрыс жолға қойылмайды, балалар жиналмайды, бала саны 6-7 дең аспайды, окудың сапасы да көнілдегідей болмайды, қысқасы, мектеп жергілікті жермен қоян-қолтық араласып, сіздің кете алмайды. Мұның бәріне, өрине, ең алдымен Құлбековтің озі кінөлі еді, аталған кемшіліктер оның ағартушылық, үстаздық, үйымдастырушулық қабілетінің аздығымен байланысты еді. Облыс бастықтары үйездің ұсынысын да, Құлбековтің өтінішін де қабылдамайды. Сөйтсе де Ұбырай Торғайдың өзі ашып, өзі біраз жыл қызмет істеген мектебіне білімі мен адамдығы жағынан дұрыс, таза адамның келуін айрықша қадағалайды, мектептің оку, тәрбие жұмысында бұл уақытқа дейін жеткен дәрежесін өрі қарай биіктете түспесе, тәмендетпейтін, сондай-ақ халық алдындағы үлкен беделін кішірейтпей үстай билетін адамның тағайындалуын қалайды. Қашан қолайлы адам табылғанша, Ұбырай қын да мазасыз кенсе жұмысына ауысқана қарамастан, мектепті тастан кетпейді, шөкірттердің окуын бір күнге де, бір сағатқа да тоқтатпай, негізгі жұмысына қосып жүргізе береді, сөйтіп, оку жылын өдettегі уақытында (мамырдың аяғында) балаларды тиісті емтиханин өткізіп аяқтайды. Сөуір (1869) айында Торғай мектебіне жұзбасы, сұltан Бабинді жіберу мәселесі қойылады. Бірақ Ұбырай Бабиннің кандидатурасына қарсы болады. Білімі жағынан мектепте мұғалім бол қызмет істеуге праволы Бабиннің адамдығы мен адалдығының аздығы, шамалылығы мектептегі шөкірттерге еш пайда өкелметінін айтпағанда, зиянын тигізуі мүмкін деген пікірін облыстық басқармaga мәлімдейді. Ақырында, 1869 жылдың 1 маусымында Торғай мектебіне мұғалім бол Орынбордың орысша-қазақша мектебін Ұбырайдан кейін бітірген Іztileu Жақсыбеков келеді. Шахмұрат Құлбеков Торғайға ауысу туралы өтінішіне облыстық бастықтар құлақ аспағаннан кейін, қалады. Мектеп екі жылдай мұғалімсіз бос тұрып, акыр аяғында өз-өзінен тұрып, құлап қалатын болғандықтан сатылып жіберіледі.

1868-1869 оку жылы аяқтағанша мектеп айналасынан үзап кете алмаған Ұбырай балаларды жазғы демалысқа шығарысымен үйездік басқарманың жұмысымен бас алмасстан шұғылданады. Ең алдымен мамыр айының 22 күнгі

кешкі сағат 5-тен бастап жауған нөсер жаңбырдың нәтижесінде Қараторғай болысының Қызылбай сайында отырған ауылдың кешкісін суға кетіп, соның нәтижесінде 11 адамның өлу (4 әйел, 7 бала) жайын мүқият тексеріп, өзгелердің де қашалықты зиян шеккенін анықтайды.

1869 жылы Ұбырайдың үйездік басқарма тарапынан жүргізген үлкен жұмысы – Торғай облысының Торғай үйеziнеге қарайтын бес болыстың әр қайсысына тиісті жерін, шекараларын, үй санын, халқын, шаруашылық жайын т.б. анықтауға, тексеруге байланысты. Осы жұмысқа бөлінген комиссиямен бірге Ұбырай Тосын, Қарақоға, Сарықопа, Наурызым, Қараторғай болыстарын түгел аралап, олардың ауыл-ауылдарына дейін болып, әрбір адамдарына дейін көріп, қалың көпшіліктің, бұқараның өмірімен, тұрмысымен, талап-тілегімен егжей-тегжейіне дейін танысады. Ел өмірін бұлайша зерттеу, білу Ұбырайлардың ресми жоспарларында болмаса да, Ұбырай қызмет бабындағы міндеті мен өзінің үлкен азаматтық, ғалымдық, халық мұддесі үшін күрескерлік парызын, ізденушілігін, зерттеушилігін қатар жүргізеді.

Ұбырай 1870, 1871, 1872 жылдары Орынбор генерал-губернаторының тапсыруымен Торғайдың үйездік судьясы болып істейді. Әсіреле, осы қызмет кезінде ол қазақ феодалдарының, жергілікті өкімдерінің өз құлқыны үшін неше түрлі айла-сұмдыққа жерkenбей баратынын өз көзімен көріп, оларға шама келгенінше тиым салуға, зәбірленуші жақты қорғауға тырысады.

Осындай тұстарда Ұбырай халық арасында белгілі Нұржан Наушабаев, Сейтахмет Бейсенов сияқты ақындармен, майталман күйшілермен, өншілермен кездесіп танысады. Олардың өнерлерін қызықтайды, оларға дұрыс бағыт сілтейді. Нұржан сияқты ақындарға өлеңді ойын-тойдың құралы дәрежесінен қоғамдық талап-тілек деңгейіне көтеру қажеттігін үгындырады, оларды өз өз өлеңдерімен де таныстырады.

Жасы жас болса да, Ұбырайдың елге аға, халыққа пана, қамқор болғанын ақындар өзгеше тақырып етіп жырлай бастайды. Сейтахмет “Бір ақынның әділ төреге айтқан сөзі” деген Ұбырайға арналған өлеңінде (кейін бұл өлең 1879 жылы “Қазақ хрестоматиясында” жарияланды):

Ініңіз артыңа ерген біз бір ғаріп,
Әділ боп іс бітірдің топты жарып,

Басқа әкімдер жүргенде қараңғы едік,
Ашылып дүние жүзі болды жарық.

Мырзамыз құтты болсын басқан ізін,
Сақтасын қыдыр ата үйі-түзін.
Халықтың кіргіздің берекесін,
Нұр шашып көк шыққандай дүние жүзін.

Ағайын араладың біраз елді,
Зорларға жарлы байғұс бір тенелді.
Басқа әкімнен өділдік мұнша көрмек,
Өнің түгіл түсіне кірер ме еді... —

деп, Үбірайдың қалың көшілікке, халыққа тигізген пайдасын мақтана жыр етеді, оған халық атынан алғыс айтады. Нұржан ақын да Үбірайдың халық үшін еткен еңбегіне арнағ өлеңдер шығарады. Себебі бұл кезеңде қоғамдық өмірде Үбірай тәрізді үлкен азаматтың көрініп, оның халыққа ашықтан-ашық қамқорлық жасауы үлкеннің де, кішінің де көрмеуіне болмайтын отаршылдық қоғам кезіндегі үлкен батылдық пен парасаттылық еді. Нұржанның да:

Құр жерге кеме, су астына жақтырған,
Қараңғыда адасқанға жол таптырған.
Талып, шаршап жүргенниң нешеулерін
Ойдан алып, берекке* ылақтырған, —

деуі соның бір көрініс, нәтижесі еді. Сөйтіп, Үбірай отыз жастың аржақ-бержагында өзінің айқын демократиялық, халықтық ісімен, мақсатымен халық аузында аңызға айналып, көзі тірі кезінде-ақ өдеби кейіпкер бола бастайды.

Үбірайдың үйездік басқармадағы жұмысы оның халық арасында бол, халық өмірімен біте қайнауына, осы арқылы халықтың арман-тілегін өзінің арман-тілегіндегі сезіне білуіне жағдай туғызады.

1868 жылғы Уақытша тәртіп бойынша 1869-70 жылдарда ағарту ісі аз-кем жандана түседі, әр облыста мектеп ашу, балаларды оқыту қажетіне арналып, біраз қаражат (8 мың сом) бөлінеді. Бірақ оның жартысы да жұмсалмай, үкіметтің қалтасында қалып отырады. Себебі балаларды орысша, қазақша оқытатын маман мұғалімдер табылмайды. Патша үкіметінің дала өмірінде мектеп ашу, орысша, қазақша сауатты адамдар дайындау мақсаты оның отарлаушылық саясатты барған сайын нығайта түсу тілегінен туындалап отырады. Үкімет өзге халықтардың көмегінсіз, қазақ-

* берег

тың өз арасынан шыққан тілмаштары, пысықтары, атқа мінерлери, кішігірім чиновниктері арқылы тікелей тілдесуді қолайлы көрді. Ағарту жұмысы төңірегіндегі шаралар да осы мақсатқа бағындырылды.

Қазақ арасынан алдағы уақытта ашылатын мектептерде оқуды татар тілінен орыс және қазақ тілдеріне ауыстыру жайында және сол мектептер үшін орыс алфавиті негізінде қазақ оқу құралдарын жасау мәселелері 1868 жылдан бастап көтеріле бастады. 1870 жылдың наурыз айында Қазан университетінің профессоры Ильминский оқу министрлігіне хат жолдап, онда жаңадан ашылмақ қазақ мектептеріне орысша, қазақша бағыт пен мазмұн беруді, мұндай мектептердің оқуға ықласты үлкенге де, кішіге де түсінікті, пайдалы оқу орны болуын, мектептегі оқу мұсылман дініне негізделмей, бүкіл адамзаттық білімді таратуға негізделуін, сондықтан қазақ арасынан ашылатын мектептер қашан іске кірісkenше немесе қазіргі бар мектептердің жұмысын қайта құрганша, алдымен қазақ тілінде орыс алфавитіне негіздел оқу құралдарын жасау мәселесін ұсынады. Араб жазуынан гөрі орыс жазуының қазақ тілі ерекшеліктеріне жақынырақ екенін өзінше дәлледей келіп, Торғай облысында Ұбырай Алтынсарин деңген талантты да ақылды және орыстың тілі мен біліміне мейлінше құмар, ғылымына ынтық жас қазақ жігітінің бар екенін хабарлайды. Егер осы жігітті оқулық жасау міндетімен жіберсе, мұндағы алуан тілдегі үлттық оқу құралдарымен таныса және олардан тиісті тағлым ала отырып, ғалымдар қауымында бола жүріп өз халқының арасында алыстағы ауылдарға дейін кең тарай алатын оқу құралын жасап шыға алар еді, сөйтіп, халық арасына мұсылман дінін таратудан өлдеқайда пайдалы жаңа оқу кітаптарын халық өміріне сініре түсуге болар еді дейді.

Ильминский бұл пікірін Ұбырайға да жеткізеді. Негізгі қызметі үйездік басқарма болғанымен Ұбырай қазақ мектептерінің тағдырына байланысты ірлі-ұсақты мәселелердің қай-қайсысынан сырт қалмай, қайта, оларға үлкен ықласпен, ынтамен қарайды, Ұбырай қазақ оқу құралдары үшін орыс жазуын қолдану “ешбір талас туғызбайтын, пайдалы пікір” дей келіп, “қазақ сөздері орыс жазуымен анағұрлым дұрыс жазылатынын” өзі тарапынан да атап көрсетеді. Алайда отыздағы жас мөлшерінен өлдеқайда артық ақылды, байсалды, өр мәселені өбден дайындалп алып, кезеңі жеткенде, кезегі келгенде ғана көтеруді

орынды деп санайтын, көреген Үбырай бұл мәселеде де жел өкпе, көрсекізарлық әрекеттен аулақ болуды ескер-теді, өнер-білімге енді ғана дұрыс бет бұрып келе жатқан сенгіш те сезімтал, қабілетті халықты сөл нәрсемен үркітіл, шошындырып алмауды, оның үстіне, орыс жазуы ғана емес, орыстың ғылым-біліміне түгелдей жаулықпен қарайтын мұсылман діні иелерінің мұндай қадамдарды өздерінің мүддесі үшін қатты пайдаланып кету мүмкіндігін болдырып алмауды еске салады. Сондықтан да ол, өсіресе, алғашқы кездे бұл шараны жүзеге асырудың көп қындықтарға ұшырайтынын айта келіп, былай деп жазады: “Қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептерінде орыс жазуын қолдану (бұл мектептерге қазақтар балаларын орыс тілін үйренсін, орысша жаза білсін деп беріп отырғандықтан), кейбіреулердің ойлағанындаі, қазақ арасында қалай да бір өнгіме, күдік туғызады деп ойламаймын. Бірақ мәселе мынада: орыс жазуымен жарияланған кітаптар қазақ арасына тап біздің ойлағанымыздай, женіл жөне тез сіңе қоймайды. Бір жағынан, фанатизм салдарынан, екінші жағынан, орыс жазуына көзі үйренбегендіктен, бұрын таныс еместіктен, оның үстіне елімізде тарап отырған татар (араб – Ә.Д.) жазуының өсерінен т.т., міне осылардың бәрін еске ала келгенде, жалпы оқуға арналған кітаптар мектептің есігінен ұзап шықпай, соның өзінде қала береді”. Сондай-ақ, Үбырай өзірге мектепті бітіріп шығушыларға да үміт артудың ертелігін, өйткені олардың көпшілігі дәл қазір оқуды аяқтасымен, мектепті оқуымен бірге атып үроп, оқығандарын біржолата ұмытып, орда ішіне, өр алуан жұмыстармен тастай батып, судай сініп кететінін, кетіп жүргенін ескертеді. Сол себепті ол, өсіресе, алғашқы жылдарда жазудың түрінен гөрі мазмұнына назарды көбірек аударғанымыз дұрыс болмас па екен деген ойды ұсынады. “Араб жазуымен жазылған кітаптарды алатын болсақ, егер бұл кітаптар пайдалы кітаптар болып, ең алдымен мазмұны жағынан қызықты болса, мектептен тыс ел арасына тез жайылып, қазақ жастарын білімге тартуға жетекші бола алады. Шындығына келгенде, қазақ сөздері орыс жазуымен анағұрлым дұрыс жазылатын болса да, татар (араб – Ә.Д) жазу қазақ тілінің тазалығына жөне бүтіндігіне зиян келтіретін болса да, көп уақыттарға дейін татар жазуын қазақтардан айыру мүмкін емес екенін еске алуымыз керек... Жат өріппен (араб жазуын айтады – Ә.Д.) жазылған біздің оқу құралдарымыздың күші,

меніңше, нашар. Біз бұл арада сапасы жағынан мүлдем басқа, бірақ түрі жағынан осындай құралдың өзімен, оқығанда ақылға ақыл қосып, шындықты түсіне білуге бағыт беретін, басқаша айтқанда, осы қасиеттерді бойына толық жинаған, қазақтарға бұрыннан таныс, оқымай тұрып шошындырмайтын жазумен оқуымыз керек. Мәселенің ең мәнді жері: қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу, олардың білімге беттеген жолына кесел жасамау фой. Ондай ықпалдан құтқару үшін, бірте-бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын пайдалы кітаптарды асықпай, қазақтың өз тілінде, оларға таныс жазумен шығара беру керек. Бұл арада жазудың арабша не орысша болуы, араб жазуының ептеген зияны біздің ісімізге онша кесел келтірмейді, ол зияннан құтылуға болады. Міне, менің шын пікірім осы”.

Ал орыс қарпімен жасалмақ окулықты кім жаза алар еді деген мәселеге келгенде, Ұбырай істің қындығы мен жауапкершілігін ескере отырып, ондай адамның қазақ елінің жергілікті жағдайын толық білетін адам болуы қажет деп санайды. Ақырында ол бұған өзінен басқа бірде-бірде лайықты адамды таба алмайды. Ұбырайдың бұлайша өзін-өзі ұсынуы атаққұмарлық, даңққұмарлық тәрізді дарақылық мінезден мұлде аулак, алыс еді. Ұбырай істің пайдасын ойлап, өзге бір шала сауатты, біліксіз адамдардың тиімді шарага, жақсы талапқа зиянын тигізу қаупін ескеріп қана, өзін ұсынуға мәжбүр болады. Тұмысынан қарапайым, ешкімнің ырыздығы мен үлесіне көз алартпайтын Ұбырай бұл арада мәселе жеке бір адамның атағы не абыройы тарапында емес, одан өлдекәйда жоғары, тұтас бір халықтың мәдени-агарту ісіне жаңа бағыт беру жайында болғандықтан және өзі бұл мәселенің бүкіл қыры мен сырын сезіне, түсіне білгендіктен, өз бойын жасырып қалуды, сөйтіп өзге біреуді ұсына салуды адамдық, азаматтық щешім деп ойламайды. Тек сол себепті ғана өз кандидатурасын ұсынады, үйездегі жұмысын мұндай иғілікті істің алдында құрбан етуге дайын екенін мәлімдейді.

Қазақ арасынан ашылмақ мектептер жайы осы жылдары Ильминский мен Ұбырай сияқты жеке адамдар арасында ғана емес, ресми мекемелер арасында да жүріп жатады. 1871 жылдың сәуір айында министрлер комитетінде Торғай облысы соғыс губернаторының 1869 жылғы есебі

тындалып, комитет осы есептегі біраз жайларға тиісті мекемелердің назарын аудару жөнінде шешім қабылдайды, сөйтіп соғыс губернаторының облыстағы ағарту ісіне байланысты пікірлерін қарау ағарту министрлігіне жіберіледі. Ағарту министрлігі облыс есебімен таныса келіп, облыстағы оқу-ағарту ісін қайтадан қарап, мұқият тексеріп, ол жайында толық мәлімет пен ұсыныс түсіруді Казан оқу округының попечителіне тапсырады.

Осы кезден бастап бір жағы – ағарту министрлігі мен Казан округі, екінші жағы – Орынбор генерал-губернаторы мен оның қарамағындағы Орал, Торғай соғыс губернаторлары, сондай-ақ ішкі істер министрлігі араларында қазақ арасынан ашылмақ мектептер мен олардың сипаты, әсіресе, оқуды қай тілдерде жүргізу жөнінде хат арқылы пікір алысулар үздіксіз жүріп жатады.

Бұл пікірлерді екі топқа бөліп, топтастыруға болады. Бірінші тобына Ағарту министрлігі мен Қазан оқу округы, екінші тобында Орынбордың генерал-губернаторы мен Торғай, Орал соғыс губернаторлары. Бұлардың қайсысы да қазақ арасынан орысша бастауыш мектеп ашудың мезгілі жетті, үкіметтің жаңа билеу тәртібін жергілікті жерде баянды ету үшін жұртқа азды-көпті орысша білім беру қажет деп санайды. Ал осы білімді қалайша беру қажет дегенге келгенде аталған ресми мекемелер екіге бөлінеді. Біріншісі оқуды орыс, қазақ тілдерінде жүргізу қолайлы, бұл кезге дейін қазақ тілінде оқулықтар болмай келсе, оларды орыс жазуымен тездегіп шығару, жариялау қажет, осылайша дала өмірінде өріс алып отырған мұсылманша оқуды өлсіретуге, кейін бірте-бірте жоюға болады деп есептейді. Бұрын татар, башқұрт молдалары қазақ арасына сөудегер не басқа қызыметкер бол жасырын өтіп кетіп, қазақ жастарына мұсылман дінін көбіне жасырын жүргізетін еді, қазір енді осы ісін олар ашық жүргізуде, мұның өзі орысша атаулының қай саласының да қазақ арасына енүіне кедергілік келтіріп отыр, сол себепті татар тілінде оқытпай, бірден орыс, қазақ тілдерінде оқыту тиімді дейді. Екіншісі – бұған негізінен қарсы болмаса да, мұсылман дінін оқып үйрену дала өмірінде атам заманнан орын алғып келеді, сондықтан оны тез арада жойып жіберу мүмкін емес, сол себепті мектептердегі оқу орыс, татар тілдерінде жүргізілсін, мұғалімдер татардың тілі мен жазуын жақсы білетін болсын, осы арқылы олар мектеп айналасындағы қауыммен араласа алады, оған өсерін тигізетін болады,

орыс, қазақ тілдеріндегі оқу халыққа мұндағы ықпалын тигізе алмауы мүмкін деп қауітпенеді.

Сөйтіп, ресми пікір ұсынушылардың қайсысы да қазақ арасынан мектеп ашу, қазақ жастарына орысша білім беру ісіне бір ғана тұрғыдан – отарлау саясатының мұддесі тұрғысынан келіп, қайткенде оған кесел жасап алмауды көздейді. Біреуі қазақ арасына орыс қауымы тарапынан келіп жатқан жаңалық атаулының баршасына қарсы мұсылман дініне тойтарыс беруді көздесе, екіншісі, мұсылман дінін белгілі мерзім бойына тиімді құрал ретінде пайдалана отырып, отарлаушылықты нығайта түсу шараларын ұсынады.

Бұдан шығатын айқын қорытынды – қазақ арасынан мектеп ашу мәселесін көтерген адамдар мен мекемелердің қайсысы да қазақтың үлттық тілі мен мәдениетін көркейту, дамыту және олардың болашағын ойлау тұрғысынан келген жоқ, олайша келуі мүмкін де емес еді, керісінше, өздеріне тапсырылған билеу, отарлау шараларын нығайту, жетілдіре түсу тұрғысынан келді.

Осы 1869-71 жылдары қазақ арасынан ашылатын мектептер түрі жағынан қандай болуы керек, кімдерді және қалай оқытуды қажет деген мәселелер төңірегінде де неше алуан пікір алысулар орын алады, мектептер жайында әр кім өз жобасын ұсынады. Бір-біріне ұқсамайтын осы жобалардың қайсы бірінің аты болмаса, заты мектептен аулақ бірденелер еді. Сол себепті Ыбырай жаңадан ашылатын мектептердің атына заты сай, өзіне жүктемелік міндетті атқара аларлықтай дәрежеде қызмет ете алатын мәдени-ағарту мекемесі болуына бар күш-жігерін салады. 1870 жылы Ыбырайдың далалық мектептер жөніндегі ойлары, жобалары, ұсыныстары мұлдем айқын және нақты прогрессіл сипатта. Осы тұста ол былай деп жазады: “Жаңа мектептер қандай негізде ашылмақ, қазақ балалары орыс балаларымен бірге оқытыла ма, мектеп дегеніміз шын мағынасындағы мектепке ұқсауы үшін қаражат көбейтіле ме, жақсы мұғалімдер бөліне ме, мектеп бітіргендер мен мұғалімдердің қай жөнінен болса да, бір артықшылығы бола ма – осыларды білгім келеді. Мұндағы жағдайлар болмаса, мектебіміз, сөз жоқ, ойлагандағы боп шықпайды. Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, олар қазақ даласының кез келген жеріне ретсіз орнатыла салатын болса, ешбір пайда келтіре алмайды. Ал біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана

осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы (бір жөні ғоуір) білім берілетін болсын, артта қалған халықты мектепке қызықтырып тарту үшін мектеп бітіргендерге қай жонінен болса да, бір артықшылық берілетін болсын, сондағана оқушылардың саны ешбір күмәнсіз тез өседі. Осылай еткендеғана ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа өсер ете алады...”

Патша үкіметі 1871 жылдың 22 қазанында Қазан оқу округында татар, башқұрт, қазақ мектептерінің инспекторы қызметін тағайындауды. Инспектордың міндеті аталған ұсақ халықтар арасында оқу, ағарту ісін бақылау, тиісті ұсыныстар жасау, жұмысты жолға қою боп белгіледі. Алайда патша үкіметі, бір жағынан, осылайша аз халықтар арасында ағарту ісін жолға қоюға тырысқан сияқты боп көрінгенімен, екінші жағынан, сол ағарту ісінің өсіп өркендеуіне зиянын тигізетін шараларды да қабылдайды. 1872 жылы Қаржы министрлігі қазақ облыстарының әр қайсысына ағарту мұқтаждығы үшін деп бөлінген әр жылға 8 мың сомның осы кезге дейін жартысы да жұмсалмай келгенін пайдаланып, ақырында оны төрт мыңға түсіртеді. Бұл қаражаттар айтар ауызға едөүр болғанымен, шындалап келгенде бір-екі ауылдық мектептің жылдық шығынынан (мектеп үйі, балалардың азық-түлігі, мұғалімнің енбек ақысы, оқулықтар, оқу жабдықтарын т.б. есептегендеге) ауыспайтын еді. Соған қарамастан үкімет Қаржы министрлігінің тілегін қанағаттандырып, жетпеген қаражатты халықтың өзінен жинауды үйғарды. Қай облыстың тұрғындары да, оның ішінде Торғай облысының халқы да, мектеп үшін ақша жинауға ризашылық білдірді.

Осы кезде, яғни 1872 жылы, татар, башқұрт, қазақ мектептерінін инспекторы В.В. Радлов (1837-1918) Торғай облысының тұрғындары үшін көшпелі мектеп ашу мәселесін көтерді. Бұл уақытқа дейін қазақ арасында он жылдай болып, қазақтың ауыз әдебиетін көп жинап, зерттеп, оның үлкен бір томын 1870 жылы Петербургтан шығарып үлгерген академик В.В. Радлов қазақ халқының діншіл халық еместігін айта келіп, дүниелік ғылым-білімді қазақ арасына таратуда ұтымды жолдың онша қын еместігін мәлімдейді. Ол үшін, Радловтың пікірінше, жаңа мектептерді дала тұрғындарының арасына таратуда біржолата сіңістіріп жіберу керек. Қазақтардың өздері көшсе көшіп, қонса қонатын көшпелі мектептерді көбей-

ту оларға пайдалы білім берудің ең тиімді жолы дейді Радлов.

Қазақ мектептері үшін орыс өрпі негізінде қазақша окулық жасау мәселесі 1870 жылдан бастап көтеріліп, кейінгі жылдарда біраз пікір талқысынан өткеннен соң, ақыры 1873 жылы министрлікке бекітіліп, оны басқару, үйымдастыру ісі Қазан оқу округының бақылауына тапсырылады. Оқу округы Орынбор және Самар генерал-губернаторлығына хат жолдап, оқулық авторлығына кімді ұсынатындықтары жөнінде пікір білдіруді өтінеді. Авторлыққа белгіленген адамдардың қараша айында Қазанға келіп үлгеруін, бұл кезде Қазанда оқулыққа байланысты арнаулы комиссияның жұмыс істей бастайтынын ескертеді. Осы хат бойынша Орынбордың өкімшілігі “орысша жақсы жаза және сөйлей білетін” Орал облысының болысы Шолақов Ержан мен “тек қызмет бабындағы істерімен ғана емес, қазақтардың этнографиясы жөніндегі баспа енбектерімен де көзге түсіп жүрген” Торғай үйездік басқармасының іс жүргізушісі Ұбырайды ұсынады. Бұл хабар көп кешікпей Ұбырайда да жетеді. Ұбырай оқулыққа автор болу мен Қазанға бару мүмкіндігіне ерекше қуанып, қуанышын хат арқылы Ильминскиймен бөліседі, “Қазанға барып, игі адамдарды көріп, олардың сөздерін тыңдап, өзіме өнеге алу – көптен бергі арманым еді, енді сол арманым, ақырында, жүзеге аса ма деген үміттемін” дейді. Жаңа оқулық туралы хабар көптен асқақ арман, тәтті қиял ағысына берілуге мүмкіндігі де, жағдайы да болмай жүрген Ұбырайдың сезімі мен шабытын алысқа шырқатады, өрідегі көк жиектерге дейін апарады. Бұл уақытқа дейін өр кезде жазып, жинап жүрген өз өлеңдерін оқулыққа енгізу мақсатымен қайтадан қарап, тәртіпке келтіре бастайды, ел арасынан көп жылдардан бері жиыстырып келе жатқан ауыз өдебиеті нұсқаларын да тақырыбы мен жанрлық ерекшеліктері және тәрбиелік мазмұн, идеялық сапасы жағынан іріктей түседі. Оқулыққа автор болу хабары Ұбырайды онсыз да ықылассыз, ынтасыз жүрген үйездік кенсе жұмысына, билік, басқару қызметіне іштей қарсылығын күштейтіп, ғылым-білім, өнер жолына аусу жөніндегі есқі тілегін қайтадан жандандырады, тірілтеді.

Ұбырай оқулық жайындағы хабардың рас-өтірігіне өлі көзі жете алмай, Ильминскийге қайта-қайта хат жазып, анық хабарын біліп беруін өтініп, аландал жүргенде Ильминскийден тағы да хат алады. Ильминский оқулық тара-

пындағы комиссияның осы күзден (1873) бастап жұмыс істейтінін, Ұбырайдын күзде Қазанға келуі баяғыда шешілген мөселе екенін хабарлайды. Бұл сөттерде Ұбырай алуан сезімнің құшағына бөлөнеді, біраз жұрт оған “туған жерінен кетіп, өзге жерден қандай бақыт таппақсың” десе, енді бір сыпырасы, жолың болсын, бақытың жаңа ашылды деп қостау, қолдау білдіреді. Ұбырайдың өзі, әрине, Қазан сапарына ерекше мән береді. Оқулықтың, әсіресе, айналандағы азғана жұрт емес, тұтас халықпен тілдесуге мүмкіндік беретіні, сол арқылы оның өміріне азды-көпті бағыт сілтеуге жағдай туғызатыны бұл уақытқа дейін үлкен трибуна таба алмай (қазақ арасында осы тұста ешбір мерзімді баспаса з орнының болмағаны да мәлім) келген Ұбырайды бір биік шыңның төбесіне шығарып, айналасын түгел шолуга мүмкіндік бергендей сергітеді, қуантады. Сондықтан да ол осы бақытынан айрылып қалмау үшін қолынан келген сақтықтың баршасын жасай жүріп, Қазан сапарына дайындалады, үй ішінің шаруашылықтарын реттей бастайды. “Мұның бәрі (Қазан сапары – Э.Д.) шешілген шаруа бола тұрса да, – дейді ол, – менің көnlім тынышталмай жүр, колына бір қымбат затты ұстап, оны біреу алып кетпесін деген сақтықпен, айналасына жалтан-жалтан қарай беретін адам сияқтымын. Менің мінез-құлқым мен жағдайым мені келешегіме сенімсіздікпен қарайтын күйге жеткізді. Ал, оның бер жағында, менің мұнда бұдан бұлай қала беруімнің мүмкін емес екенін күн сайын сезіне түсудемін. Мен қазірдің өзінде жартылай шіріп болдым, шіру енді екінші жартыма қарай ауысқан сияқты. Менің даусым да Сізге батпаққа батып бара жатқан адамның дауысындағы естілүіне тиіс. Пайдалы жөне пайдасыз жұмыстарды, ал кейде тіпті өте қызын істер мен алыс сапарларда он жыл өмірім отіп кетіпти. Ақырында өзім тұрган ортада ақылым да топастана бастады”.

Алайда, Ұбырайдың өмір сүрген ортасы қаншама күнгірт, отарлық табанда болғанмен, жаңа жұмысқа ол қаншама үлкен ықлас білдіргенімен, оның жағдайымен де, тілегімен де ешкім есептеспейді. 1873 жылы оқулық жасау жөніндегі сөз осылайша тым тәуір басталады да, кейін онан әрі қозғалмай, қалып қояды. Сейтіп жүргенде, 1874 жылдың көктемінде Орынбор өз алдына оку округы бол болініп, оның попечительдігіне П.А. Лавровский келеді де, бүкіл мектеп ісімен бірге, сол мектепке оқулық жасау жұмысы да осы округке, оның бастығына тапсырылады.

Сонымен Қазанда басталған жұмыс аяқталмай, сол күйінде қалады.

Ыбырай 1874 жылы Россия географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесіне қызметкер – мүше бол сайлаңады. Бұл оның қазақ этнографиясын зерттеуге сінірген үлкен еңбегіне берілген баға еді.

Бұл жылы облыста мектеп ашу, жаңа мектептерге лайық жаңа оқу құралдарын жасау мәселесі сөз болмайды, көтерілмейді. Мұның басты себебі: Орынбор оқу округи жаңадан құрылғандықтан, округтың бастығы Торғай, Орал облысындағы оқу жұмысымен өуелі толығырақ танысып алуды, содан кейін барып шешімдер қабылдауды, ұсыныстар жасауды орынды деп санайды.

Лавровский Орынбор облыстарындағы оқу жайымен танысу барысында осы өлкені, оның халқы мен сол халықтың тілін біletін біраз адамдармен хат арқылы хабарласып, оқу, оқулық мәселелері жөнінде ақылдасып отырады. Солардың бірі Ильминский. Ильминский Ыбырайды ең талантты да іскер жас ретінде бұрын айтып жүрген пікірін тағы да қайталаң, оқулықтың авторы тек Ыбырай болу керек деген пікірді білдіреді.

Ыбырай бұл жылы үйез көлеміндегі бар жұмысты атқарып, ел ішіндегі шаруашылық, өкімшілік, праволық мәселелермен көбірек айналысады, үйездік судья міндетін, үйез бастығының көмекшісі міндетін, ара-кідік үйез бастығы қызметін қоса атқарады. Қандай жұмысты атқарса да, Ыбырай өзінің әрбір іске қатысымен, адалдығымен, тазалығымен көпке үлгі болады. Тіпті Ыбырайдың ізін андып, бағып жүрген жауларының өзі оның өділдігі мен адалдығына ешбір шұбә келтіре алмайды. 33 жастағы жас жігіт Ыбырай өз басының осындай асыл қасиеттерімен, байсалды, байыпты мінезімен, өздігінен жеткен терең білімімен қазақ баласына қаншалықты тәрбие мен парасат бере алатының халық алдында бар тұлғасымен көрсете, дәлелдей түседі. Оған көрі де, жас та еліктей қызығады, сол арқылы, әсіреле, жастардың білім мен ғылымға құмарлықтары күн санап арта береді.

Үйездік басқарма жұмысы ауырлығына, мазасыздығына, жауапкершілігінің қындығы мен көптігіне қарамастан Ыбырайды ағарту саласындағы үлкен ойлары мен жоспарларынан бір сөт те аластата алмайды. Ыбырай ел аралай жүріп, халықтың нені ұнатып, неге құмартып отырғанын қадағалай зерттейді және кешікпей сол халық тілегін



Ыбырай
ұлкен ұлы
Абдолламен.



Отбасымен бірге.



СУЗ-БАСЫ.

Бр булакта салына
Көл балдар онын,
Омындың күнгүлдөн
Налыс нея тоңымы!

Көтөнгө болар калыптар
Бастасанты алжасын,
Омындың жүзүн
Карынтың күрнәшесе:

Көл балдар онын,
Омындың күнгүлдөн
Налыс нея тоңымы!

Омындың балдар
Шашын түрк жынылар
Талендин алжасын
Надежек табады.

Көл балдар онын,
Омындың күнгүлдөн
Налыс нея тоңымы!

Нал даудеттеги балыны,
Бр жүтсептеги жөн болыр,
Омындың балдары
Но жутака жөн болыр.


Көл балдар онын,
Омындың күнгүлдөн
Налыс нея тоңымы!

Сисе күдәктүү устундеги
Толу ишке табылган
Сүзүнчилгүч таңады

Ыбырайдың хрестоматиясы.
Орынбор, 1879 жыл.



Торғай қолөнер училищесі шәкірттерінің арасында.



К.Д. Ушинский




Ы. Алтынсарин



И.А. Крылов



Л.Н. Толстой



Орынбор бекінісіндегі іс қағазы.
Хрестоматияның араб әрпімен нұсқасы.
1863 жылы Торгайды салынған мектептің ыбырайлық жобасы.

орындау тарапында қымыл-әрекет жасауға кіріседі. 1874 жылы ол үйездік басқарманың бастығынан бастап іс жүргізушісіне дейінгі екі ортада барша міндетті атқара жүріп, Торғай облысы халықтарының екікласты училище ашуды қажет етіп отырғанын облыстық басқарманың алдына үлкен мәселе етіп қояды. Халықтың басым көпшілігі жастарға өнер, білім беретін жөні түзу мектептерге аса қажет шара ретінде шын ықласпен қарай бастағанын, ба-наладарын оқытуға құмар орда адамдарының жылдан-жылға облыс, үйе兹 көлемінде көбейіп келе жатқанын, сондай-ақ олардың мектеп ашу мен жалпы оқу ісіне қатысты айым-салықтардың қандайына да риза екенін Ыбырай алдымен өзі көріп біледі де, кейін мұны облысқа да жеткізеді. Бұл арада оның мектепке қаражат жағынан көмек бергісі келіп, көпшіліктің шарушылықтары онша оңып түрмаганына назар аударуы, 1868 жылғы Уақытша ережеден кейін, өсіресе, кедей көпшіліктің жерсіз қалып, қүйзеліске ұшырай бастағанын көрсетуі, соған қарамастан мектеп ашу қаражаттарынан тартынбауы атауға тұрарлық жағдай еді. Ыбырайдың өзі де мәселенің осы жағына басым көніл бөледі, халықтың күнбе-күнгі тірлік қамынан гөрі, баянды өнер-білімнің артықшылығын сезіне бастағанына жас ағартушы іштей ризашылықпен, қанағаттанарлық сезіммен қарайды.

1875 жылы Орынбор оқу округында қазақша оқу құралдарын жасау мәселесі қайтадан қолға алына бастайды. Сөүір-мамыр айларында оқулық мамандарының көбірек шоғырланған жері – Қазанда жиналыс өткізу жайлы тағы да ұсыныс болады. Бірақ бұған министрлік пен жергілікті жерден қостау мен қолдау болмайды, соның нәтижесінде қаражат табылмайды. Сол себепті Орынбордың жаңадан құрылған оқу округты енді қазақ мектептеріне арналған оқу құралдарын өз күшімен жасауға кіріседі. Бұл мәселені өз кезінің белгілі тіл маманы, Орынбор оқу округының ұсақ ұлттар мектептерінің инспекторы Катаринский басқарып, қазақ жүртшылығымен, оқығандарымен кездесіп, пікір алысады, орыс, татар оқулықтарының қазақ мектептерін қаншалықты лайықтылығы жөнінде ақылласады, неше түрлі тәжрибелер жүргізіп көреді, қазақтың орысша-қазақша білім алған адамдарының ішінде кімдердің бұл мәселеге ықласы мен ыңғайы, бейімділігі мен құмарлығы бар дегенді де ескере, зерттей жүреді. Ақырында Катаринский қазақ тіліндегі жаңа оқулықтар-

ды ағарту ісін жақсы түсінетін, білетін, ең керектісі соны білуге, түсінуге ынталы қазақтардың біреуі жасағаны дұрыс деген қорытындыға келеді.

Ұбырай, бір жағынан, үйез басқармасының жұмыстарымен, екінші жағынан, Торгайдан екіласты училище ашу мәселесімен шүғылданып, ол үшін жеткілікті қарашаттың мөлшерін анықтау жөне тікелей жинау жайымен айналысып жүргенде, 1875 жылдың жазында Орынбор оқу округының попечителінен қазақ мектептеріне арнап оқу құралын жасауды жүктеген ұсыныс – хат алады. Бірақ бұл ұсыныстың кісі қуантарлық жағы өте аз еді. Бұрын оқу құралына зор үміт артып, онда халыққа айтпақ, жеткізбек идеяларының баршасына орын таппақ бол жүрген Ұбырайдың бірде-бір ойына попечитель ұсынған оқу құралы сай келмейді. Попечитель Бекчурин, Ильминский, Радловтардың татар тіліндегі оқулықтарын, өсіресе, Радловтың “Билик” оқулығын аз-кем қыскартып (онда да попечитель көрсеткен мөлшерде), орыс қарпімен аударуды ғана ұсынады. Бірақ бұл ұсыныстың Ұбырай үшін пайдасы – осы кезден бастап ол оқулық мәселесімен шындалап шүғылданады.

1875-1876 оқу жылында Ұбырай Торгайдың үйездік басқармасында жұмыс істей жүріп, “осы орысша оқып білім алады-ау”, “алған білімінің пайдасын басқаға да тигізе алады-ау” деген біраз жастарды оқуға тартады. Солардың бірі, Ұбырайдың досы – Балғымбайдың 8 жасар ұлы Әбдіғали. Кедей отбасынан шыққан қағылез жас бірден-ақ жақсы оқып, үлгеріп кетеді. Әбдіғали сабактан қолы босаған уақытында әкесінің қимас досы жөне өзіне тікелей қамқорлық жасап, оқуға түсірген Ұбырайдың үйіне жи келіп тұрады, кеп үзамай-ақ, осы үйдің бір баласында бол кетеді. Осы достық күн сайын, жыл сайын өрістей, өрлей түседі. Кейін өзі үстаз болған кезде де Әбдіғали Ұбырайдың қолында бол, оның әкелік қамқорлығын көп көреді. Осы тамаша достықтың бір күесі – Әбдіғалидың Ұбырай туралы естелігі. Ұбырай өмірінің көп беттерін аша тануда, білуде бұл естеліктің бізге жеткізгені мен бергені өлшеусіз мол.

1875 жылдың бас кезінде Торгайдың үйездік соты Плотников қайтыс болып, оның орнына жаңа адам сайлау жөнінде өркім әртүрлі ұсыныстар жасайды. Үйездің бастығы Яковлев облыстың вице-губернаторы Григориевскийге осы қызметке Ұбырайды сайлау жөнінде ұсыныс түсіреді. Мұның өзіндік біраз қисыны да жоқ емес

еді. Біріншіден, Яковлев үйездің бірінші бастығы, екіншіден, Ыбыраймен осы уақытқа дейін 14 жыл бірге қызмет істеген, оның бүкіл мінез-құлқын, іскерлігін, өсіресе, тазалығын жақсы біледі. Сондықтан Ыбырайға берген мінездемесінде: “Ақтарған қызметінің қай-қайсысында да тапсырылған өрбір іске бүкіл ықласымен бұл офицер қашан да өзінің іске бейімділігі мен адалдығын және си-рек ақылын көрсете білді” деп жазады. Үшіншіден, Ыбырайдың бұл кезге дейін үйездік сотың міндетін 3-4 рет (әрқайсысында бірнеше ай бойы) абыраймен атқарғаны және белгілі. Соңғысында он айдай істейді. Мұны облыс әкімдері де біледі. Бұл айтылғандармен қатар, Яковлев Ыбырайдың қазақ балаларын оқытуға да жанын сала кіріскенін, қазір үйездегі көптеген жастардың орысша жапжақсы сөйлей және жаза алу дәрежесіне жеткендігін, осында жұмыстармен Ыбырайдың өз халқына едөүр қызмет істеп отырғанын да ұмыт қалдырмайды. Сондай-ақ, ол Ыбырайдың 1868 жылғы Уақытша ереже бойынша қазақ облыстары мен үйездерін жаңаша билеу кезінде үкіметтің саясаты мен жергілікті халықтың мұқтаждығын да дұрыс түсініп, бұқара көпшілікті арандатпай, қайта оған қамқорлық жасай білгенін мәлімдейді. Яковлев бұл сияқты жұмыста жергілікті жерді, халықты жақсы білетін және халық та оны сыйлайтын, сүйетін Ыбырай төрізді ақылды да іскер адам болмағанда өзінің түк бітіре алмайтынын жасырмайды.

Тегінде Торғайдың үйез бастығы Яковлев – қыын да күрделі адам. Ең алдымен ол патша үкіметінің жергілікті жердегі оң көзі, үкіметтің отарлау саясатына ашық не жабық келетін нәрсенің қандайы да Яковлевтің де жауы. Яковлевтің қас қақтырмай бағып отырғаны да осы жаулықты болдырмау. Екіншіден, Яковлев атам заманнан билікке араласып қалған ақсүйек тұқымынан емес, кедей шаруадан шыққан, сондықтан оның кейде бекініс коменданты немесе үйез бастығы екені есіне түсіп кеткен сөттерде жынды кісіше айқайлап, даңғазаланып кететіні болмаса, мінез-құлқы жағынан қарапайым, біраз адамдармен қатнасы өте қарадүрсін. Білімсіздігіне қоса түрпайлышы мен догалдығы да жоқ емес. Патша саясатының жалпы бағытын түсініп, өзіне тапсырылған жұмыстарды дәл сол күйінде орындағаны болмаса, олардың ішкі сырларын ол жете түсініп, біліп жатпайды, оған тырыспайды да. Кейде қайырымдылық жасап, балаша өзгере қалатын мінезі де

осы жайларымен байланысты. Ыбырайдың іскерлігі, ибалылығы, сүйкімділігі мен сыпайылығы, білгірлігі мен адалдығы, басқа бірденесіне қызықпаушылығы, ешкімді күндеуешшілігі, тіл алғыштығы, үйездің бар жұмысын бір өзі дерлік тындырып отыргандығы т.б. Яковлев сияқты адамға Ыбырайды жақсы көрсетпей қоймайды. Патша үкіметінің адамы Яковлев мұның теріс екенін түсінген жоқ, сондықтан да ол кейде Ыбырайдың іскерлігін дәл өз қалпында көрсетем деп, бастықтарының алдында оны артық мақтагандай боп та көрінеді. Яковлев мұнымен де қоймай, Ыбырайды қызмет бабында үлкен еңбегі мен біліміне қарай жоғарылату мәселесін губернатор алдына бұған дейін де өлденеше рет қойғанын, бірақ сонын бәрі жауапсыз, аяқсыз қалып келгеніне түсінбестік білдіреді. Сөйтіп, Яковлев Ыбырайдың адамдық, адалдық қасиеттеріне өмір бойы қарыздар болмай, оған аздал болса да, жақсылықпен қайтарғысы, көмектескісі келеді. Бірақ оның бәр өрекеті босқа кетеді. Неліктен олай екенін ол түсінбейді, оған ешкім түсіндіріп те жатпайды. Судьялық қызмет жөніндегі соңғы ұсынысы да сондай сөтсіздікпен тынады.

Ыбырай 1876 жылдың оқулық мәселесімен Қазан, Петербург қалаларына барып қайтуға ұлықсат сұрап Торғайдың облыстық басқарма бастығы мен Орынбор оқу оқругты попечителінің қабылдауында өлденеше рет болады, жаңа мектептерде жаңа оқулық жасау ісі өзге ұлт тіліндегі оқулықтарды аударумен тынбайтыны, өр халықтың өз өмірі мен талап-тілегіне сай және оған мейлінше жақын да тартымды тақырыптарда жазылған оқулық қана көздеңен мақсатқа жеткізетінін дәлелдейді, сондықтан Қазан мен Петербург сияқты ғылым, білім орталықтарына барып, өзге халықтардың ғалымдарымен, маман педагогтерімен, оқулық авторларымен кездесіп, ақылласудың қажеттігін, Орынбор өлкесінен қанша іздесе де табылмайтын педагогикалық, методикалық оқу құралдарымен, өр тілдегі оқулықтармен танысадың өте-мөте пайдалылығын сан рет шағына да, жалына да түсіндіруге тырысады. Ақырында, августың аяқ кезінде ұлықсат алып, алдымен Қазанға, содан кейін Петербургке бармақ боп, асығыс жүріп кетеді.

Қыркүйектің 7 күні Ыбырай Қазанға жетіп, Ильминскийдің үйіне түседі. Ильминскийдің өзі үйде болмайды, өйелі Екатерина Степановна 16 жыл бойы көрмей, өбден сағынған Ыбырайды орыс өйеліне тән тамаша ашық та жайдары мінезбен, өз баласынша құшак жая қарсы ала-

ды. Ильминский кешкісін үйіне келіп, жұмыс бөлмесінде отырған Ұбырайды көріп, аң-таң қалады.

Ильминский мен Ұбырай алғашқы сөттерде бірді айтып, бірге кетеді, 16 жыл көріспеген кездегі жаңалық та, әсер де көп, неден бастап, неден қоярын білмей, реттіжетсіз мол өңгімеге кіріседі. Ұбырай Торғайдағы өмірін, қызметін, ортасын, үйез ішіндегі жолдастары мен достарының қөптігін, олардың түгелге дерлік орысша окуға ынталылығын, 1868 жылғы Уақытша ереженің дала өміріне әкелген өзгерістерін т.т. бүге-шігесіне дейін қалдырмай айтып береді. Ильминский Ұбыраймен кездеспеген уақыттың ішінде Ұбырайдың өмір тәжірибесі, қоғамды, адамды тануы, бағалауы және білімі жағынан, өсіресе орыс тілін менгеруі жағынан, бұрынғысынан көп өскенін, байсалды да білімді адам дәрежесіне жеткенін көреді, сезінеді.

Ұбырай Қазанда болған кезінде университетте, оның кітапханасында, оқытушылар семинариясында болып, көбіне-көп ағарту саласындағы адамдармен кездеседі, кітапханада оқулықтармен танысады. В.В. Радловтың кейінгі жылдарда Ұбырай туралы айтқан етене пікірлеріне қарағанда, Ұбырай мен Радлов осы күндерде кездесіп, танысқан тәрізді. Бұлай деуіміздің себебі, Радлов бұл кезде Қазан оқу округындағы татар, башқұрт мектептерінің инспекторы, басқаша айтқанда, Ұбырай ізденеп, кездескелі келген ұсақ халықтар арасындағы ағарту ісінің ірі қайраткері және оқулықтың белгілі авторларының бірі еді. Екіншіден, Қазан оқу округының попечителі Шестаковтың “Радлов айтып отырған Ұбырай Алтынсарин Орынбор Шекара комиссиясы жаңындағы мектепте оқыған, одан сон бұрынғы Орынбор қамалындағы (Торғай бойындағы) мектепте мұғалім болды...” деуіне қарағанда, Радловтың Ұбырайды жақсы білгені күмәнсіз. Ол екеуі бір-бірімен тек осы күндерде ғана кездесіп, білісуі мүмкін еді. Үшіншіден, Ұбырай Радловты “Түркі тайпаларының өдебиет нұсқалары” (3 том, С-Петербург, 1870) кітабы арқылы ертеден білгені және басы ашық жай. Қазақ ауыз өдебиетінің алуан жанрын қамтыған бұл кітапты Ұбырай, өсіресе, оқулық жасау кезінде сан рет аударған болатын (кейін одан хрестоматияға бірнеше шыгарма алғаны да белгілі). Ұбырайдың Қазанға өдейі келіп тұрып, қазақ өдебиеті нұсқаларын 10 жыл бойы қазақ арасында жүріп жинап, тұнғыш рет жеке үлкен том етіп шыгарған ғұламағалымға жолықпай кетуі мүмкін де емес еді.

Ыбырайдың көп жыл бойы армандаі жүріп жеткен Қазанда 5-6 күннен артық бола алмай, Петербургке асығыс аттанып кетуінің едәуір себептері бар-тын. Ыбырай Қазанға келген күні Петербургтен оку министі граф Д. Толстой да Қазанға келді. Ильминский 7 қыркүйек күні күндіз үйінде болмағанды, министрді қарсы алып жүреді. Ыбырай Қазанда, Ильминскийдің үйінде жатқан күндерде, Ильминский министрмен жиі-жіе кездеседі. 3-4 күннен кейін Ильминский Ыбырайға министрмен бірге Уфаға баратынын, одан әрі Орынборға да барып қайту мүмкіндігін айта кеп, осы сапар кезінде министрмен қазақ арасындағы оку-ағарту ісі жайында әңгіме бола қалса, министр қазақ даласынан жаңадан ашылмақ мектептерді басқара аларлық іскер де білімді кімді білесің деп сұраса, мен сені атасам, оған сен қалай қарайсың дейді. Ыбырай Ильминскийдің бұл ойына ағынан жарылып, үйездік басқармадағы жұмыстан құтыла алмай жүргенін, ал ағарту ісі болса, ол бүкіл өмірінің арманы екенін жасырып, жаппай ашып айтады. Егер жаңағыздай жұмыстың реті келіп жатса, жер бетінен өзге бағыт ізdemейтінін де мәлімдейді. Сонымен Ильминский екеуі осыған келісіп, қоштасып, Ыбырай кідірмей Петербургке жүріп кетеді де, Ильминский министрмен бірге, қастарында Орынбордың оку округи попечителі Лавровский бар, Уфаға жолға шығады. Ыбырай қыркүйектің аяғына таман Орынборға орадуга тиіс болады. Ильминский, шамасының келгенінше, Ыбырайды министрмен кездестіріп, тілдестіруге уәде береді.

Петербургте Ыбырай университет профессоры, өзінің ескі досы Григорьевті тауып алып, соның қамқорлығында болады. Григорьев бұл кезде Дүниежүзілік шығыстану ғылымының III съезін (20-31 тамыз) өткізіп (1874 жылы шығыстанудың II съезі Лондонда өткен-ді, сонда III съезд Петербургте өткізілуге үйарылып, онын үйымдастыру-председательдігіне Григорьев сайланған болатын), жаңағана қолы аздал босаған еді. III съезге Торғай облысынан Географиялық қоғамның Орынбор белімшесінін толық мүшесі, белгілі этнограф С. Жантөрин баратын боп, облыстан аса бағалы да қымбат зергерлік, тігіншілік, қазақтың тұрмысына байланысты (киіз үй, еркек пен әйелдің киімдері, үй жиңіздарын) бүйымдарды жинаиды, бірақ дәл жүрер кезде, жол қаражаты болмай, жүре алмай қалады. Ыбырай мұның барлығын Григорьевке толық хабарлайды. Ыбырайды Григорьев жақсы қарсы алып, Петербургтың мәдени-ағарту мекемелері мен

НАЧАЛЬНОЕ РУКОВОДСТВО

НЪ ОВЧЕНІЮ

КІРГІЗОВЪ РУССКОМЪ ЯЗЫКУ.

СОСТАВЛЕНО

И АЛТЫНСАРИНЪ

ПЕТЕРБУРГъ

1870.

ғылми орындарының көбін көріп, тануына жағдай туғызды. Соның нәтижесінде Үбырай аз уақыттың ішінде Петербург университетінде Григорьев пен басқа да шығыстану саласында еңбек етіп жүрген белгілі ғалымдардың, профессорлардың лекцияларын тындайды, театрларда болады. Петербургтың өйгілі көшілік кітапханасында (қазіргі М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы) орыс және өзге тілдердегі оку құралдарымен тереңдей танысады. Орыстың педагог жазушыларының еңбектерінен Үбырайдың көптен-көп үнатқан кітаптары: К.Д. Ушинскийдің “Балалар дүниесі және хрестоматия”, “Ана тілі”, Л.Н. Толстойдың “Орысша бірінші оку кітабы”, “Орысша үшінші оку кітабы”, “Орысша төртінші оку кітабы”, орыстың 60-70 жылдардығы белгілі педагогтерінің бірі, демократиялық бағыт ұстаған “Учитель” журналының редакторы Иосиф Иванович Паульсонның “Орыс тілінде оку және жаттығулар кітабы” т.т. Бұларды тандау үшін Үбырай, өрине, сол кездегі ондаған, тіпті, одан да көп құралдарын қарап шығуға, зерттеуге тиіс болады. Петербург қаншама ұнагымен, ғылым, білім, мәдениет орындары мен ескерткіштері көп те қызығылты болғанымен, Үбырай мұнда да үзақ қала алмайды. Біріншіден, Ильминскиймен Орынборда кездесіп, министрге қазақ даласындағы ағарту ісінің жайы мен мұқтаждығы туралы өз аузымен айтып, тілек-өтініштерін білдіруге асықса, екіншіден, демалыс уақыты да азайып, аяқталуға жақындалап қалады.

Бұл кезде министр мен Ильминский, Лавровский үшеуі Қазаннан Уфа арқылы Орынборға келген еді. Жолшыбай сөз реті келгенде Ильминский министрге Үбырай Алтынсарин деген орысша жақсы білімді, өте тәрбиелі, адамдыққа жат мінездің баршасынан аулақ, орыстың ғылым, біліміне мейлінше құмар және оны өз халқының арасына жаюға аса ықласты сүйкімді жас жігіттің бар екенін, оның жақындаған Петербургке жүріп кеткенін, ағарту саласындағы қандай қызметті де атқара алатын

үйымдастырушылық қабілетін және осы тақырыпта оның өзімен де сөйлесіп, ақылласқанын айтады. Ильминскийдің сөзін Лавровский де қостайды. Министр Орынборда болған төрт күн ішінде оқу орындарын тексеріп, қаланы арапап көреді, генерал-губернатор Крыжановскиймен кездесіп, қазақ арасындағы оқу ісі жайында, қазақ тілінде шығарылатын оқу кітаптары үшін орыс жазуын қолдану хакында сөйлеседі. Ұбырай Орынборға министр кейін қарай жүретін күні азар жетеді. Себебі Ұбырай Петербургте қаншама аз болдым дегеннің өзінде кешігіп шығады. Петербургтан Самараға (қазіргі Куйбышев) дейін поезбен келсе де, Самарадан Орынборға жету қыын болады. Күздің жауын-шашиңды ауа райы балшық жолдарды езіп жіберген, жүргізбейді. Сонымен жаяулап-жалпылап, қазанның 2 күні ғана Орынборға келеді, келісімен Ильминскийді тауып алады, Ильминский Ұбырайдың келгенін министрге хабарлайды. Министр сол күні кешкі сағат 7-де Ұбырайды Ильминский мен Лавровскийді қатыстыра отырып қабылдайды. Ұбырай министр алдында өзін ұлken де білікті кісіге тән байсалдылықпен үстап, орыс-қазақ мектептерін ашудың түбірлі мәселелері жайындағы өз ойлары мен ұсыныс-тілектерін қысқа да жүйелі айтып береді. Министр қазақ арасындағы оқу жүйесін қайта қараган кезде Ұбырайды оқу жұмысына шақыртпақ, тартпақ болады.

Петербург пен Қазан сапары Ұбырайға зор тағым береді, көп нәрсеге үйретеді. Ең алдымен Ұбырай дүниеде бай мәдени байлықтың бар екенін көзімен көреді, сол мәдениетті халық пен сол халықтың саналы да патриот ұлдары ұзақ уақыт бойы, сан үрпактың үздік ақыл-оїы, құш-жігерімен жасағанына көзін жеткізеді. Мәдениет пен ғылымның ұлken орталықтарында өртүрлі адамдармен кездесу, сондай-ақ, Ұбырайдың өмірге, тарихқа, болашаққа деген көзқарасын озық түрғыда ұштай, шынықтыра түседі, халыққа адал да пайдалы қызмет ету үшін, оны мәдени-экономикалық даму жолына бұру үшін жақсы ниет пен аз ғана баланы оқытудың жеткіліксіз екеніне сендіреді. Ендігі жерде ол тұтас халыққа өзі мен ойын жеткізе аларлықтай тәсілдің, жолдың қай-қайсысында шебер де ұтымды пайдалануға белді бекем буады. Оның үстіне алдағы уақытта ағарту саласындағы қызметке ауысам ба деген үмітпен Ұбырайдың көңіл қүйін шалқыта, семірте түседі. Сөйтіп, оқулық жасау ісіне жаңа шабытпен, жаңаша ойлармен кіріседі.

Орынборға қазанның 2-де келген Ыбырай ол-пұл жұмыстармен қазанның аяғына дейін Торғайға жүре алмайды. Осы кезде ол оқу округының попечителі Лавровский мен оның татар, башқұрт, қазак мектептерінің инспекторы Катаринскийде бірнеше рет болып, оқулықтың принципиялдық негіздерін айқындайды, Петербургтан, Қазаннан көріп, біліп келген идеяларын түгелге жуық өткізеді. Сонымен қазақ мектептеріне арнап жазылатын оқу кітабы екі бөлімнен (кітаптан) құралады дегенге тоқтап, біріншісінде қазақ тіліндегі өлең, әңгімелер, ертегі, жырлар, мақал-мәтеддер және орыс тіліндегі оқулықтарда жарияланған шығармалардың аудармасы немесе мазмұн-дамасы, ал екінші бөлімінде іс қағаздары, жаратылыс, тарих т.б. ғылымдар материалдары қамтылатын бол келісіледі. Сонымен қатар Ыбырай қазақ тілінен бастапқы грамматикалық түсінік беретін, аздал орысша-қазақша сөздігі мен тіл құралын жасауды да міндеттіне алады. Ыбырайдың бұл істерге құлшына кіріскен соншалық, Орынбордан Торғайға жүре алмай, өзге жұмыстардың ыңғайымен алаң бол жүрген, аласапырын азғана уақыттың өзінде-ақ Катаринскиймен бірге орыс оқулықтарын аударылуға тиіс шығармаларды іріктеу, таңдап алу жұмысына кірісп кетеді.

Ыбырай негізінен оқулыққа байланысты, сондай-ақ, өзге де жұмыстардың қамымен Орынбордан бір ай (қазан) бойы шыға алмай, ақырында, қыс түсіп, күн сұыта босап, Торғайға бет алады. Жолшыбай Орск, Троицк арқылы бірде шана, бірде салт ат, бірде арбамен жүріп отырып, Торғайға ноябрьдің 11-де, арада 15 күн бойы қисапсыз жол азабын шегіп азар жетеді. Бұған дейін ауырып көрмеген, сондыктан да өз денсаулығын дала тірлігіне лайық төзімді, мықтыға санап келген Ыбырай бұл жолы жолшыбай бірде салқын, бірде жылы ауадан салқын тигізіп алып, қатты ауырады. Осы аурудан жиырма шақты күндей жатып тұрады.

Аурудан сәл бас көтерісімен Ыбырай өзінің атақты “Қазақ хрестоматиясын” бастап жазуга кіріседі. Бұл күн – қазақтың ғылым, білім, ағарту, мәдениет тарихындағы жаңа бір кезеңнің басталған күні – 1876 жылдың 2 желтоқсаны еді.

Хрестоматияның алғашқы беті:

Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!..

Істің болар қайыры,
Оқысаңыз Алалап.
Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалып!..
Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар...

деген өлеңмен басталады... Бұл кездейсоқ емес еді. Үбырай оқу құралын қандай мақсатпен жазса, сол мақсат кітаптың алғашқы бетінен бастап соңғы бетіне дейін қандай оқушының да көзіне бірден көрініп, көnlіне бірден ұлайтындағы болуы керек деп танып, хрестоматияның өр сөзін, өр бетін өзінің айқын агартушылық идеяларына бағындырады. Сол себепті бүгінде көшілік үғымына “Кел балалар, оқылық!”, “Өнер-білім бар жүрттар” деген атаулармен сіңісп кеткен өйгілі өлеңдерін “Сөз басы” деген ортақ атпен кітаптың бірінші беттеріне берді. Осы арқылы кітаптың өзекті мазмұны мен идеясын, міндеп мен мақсатын оқушысына бұркеусіз, ашық та нақты, тікелей жеткізууді көздеді. Ата-лған қысқа да тартымды поэзиялық туындылар автор мен кітаптың мақсат-мұддесін өз бойларына толық сіңіріп, хрестоматияға лайықты сөз басы бола алды да.

“Кел, балалар, оқылық!”, “Өнер-білім бар жүрттар” өлеңдерінің құндылығы агартушылық мақсатта жазылған-дығында немесе ғылым мен техниканың жетістіктерін на-сихаттауындаға ендеу емес еді. Ең алдымен бұл туындылар көркем шығарма ретінде барша мазмұнымен, сапасымен жаңа дүниелер болатын. Олар қазақ өлеңінің сол кезге дейінгі бар мүмкіндігін пайдаланып жазылған халыққа, қауымға арналған зор үндеу тәрізді еді. Үндеу болғанда да заман талабы мен өмір тынысынан туған, жастарды сол талап пен тілекке лайық ізденуге, еңбек етуге шақырған айқын идеялы туындылар болатын. Поэзиялық ерекшеліктері жағынан бұл өлеңдер қазақ поэзиясына ертеден тән дәстүрлі суреттеу тәсілдерінің бірі – өмірдің екі үдай құбылыстарын бір-бірімен салыстыра бейнелеу негізінде жазылып, оқушысына неден қашық, неге асық болуды шебер де үтимды үғындыра алатын дәрежеде шықты. “Кел, балалар, оқылық!”, “Өнер-білім бар жүрттар” өлеңдері идеялық-көркемдік қасиеттерімен тек Үбырай творчествосындаға емес, жалпы қазақ поэзиясында жаңа көркемдік дүниетаным, талғам, бағыт және өдістің төл басы дерлік еңбектер болды.

Ыбырай хрестоматияны жазуға алғаш кірісе бастаған-ның өзінде кітапқа қазақ өміріне, оның қоғамдық дамуына тікелей өсерін тигізе алатын пайдалы, жөні түзу материалдарды енгізу мақсатын қатаң ұстады. Осы мақсатпен де ол: “Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан ғері мәндірек өнгімелер керек. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары: балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді деп, тіпті, ренжігенін өз тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағналы сөздер, жұмбақтар, ойына ой қосатын өнгімелер немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құртының, көбелектердің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты өнгімелер төүірірек” деп жазды. Кейін, әрине, бірен-саран мысалдар да кітаптан орын алды. Мәселе бұл арада Ыбырайдың кітапқа бірден қандай үміт пен міндет артуында және сол міндеттің өуелі баста-ақ нақтылығы мен айқындығы жайында еді.

Хрестоматия 4 бөлімнен құрастырылады: 1. Балалар өмірінен ұсақ өнгімелер, 2. Үлкендер өмірінен өнгімелер, 3. Әр түрлі өлең-жырлар, 4. Мақал-мәтелдер.

Бірінші бөлімдегі өнгімелердің көвшілігі балалар өмірінен алынып жазылған шағын-шағын шығармалар. Олардың басым көвшілігі Ушинский, Толстой, Паульсон оқулақтарынан алынған аудармалар. Бұларға қоса “Сөтемір хан”, “Абылай хан”, “Ізбасты би”, “Бай ұлы”, “Жөнібек батыр”, “Қарабатыр” тәрізді ел аузынан жиналған аңыз өнгімелер бар. Сондай-ақ, Ыбырайдың өз шығармаларының болуы өз алдына басы ашық мәселе. Бұлардың қайсысы да балалар үгымына мейлінше жақын және аталған адамдардың балалық кездегі өмірлерінен шағын бір көріністі баяндайтын, көбіне-көп еңбекке, адамдыққа, өділдікке қарай ойыстыра айтылған қысқа сөздер еді. Бұл бөлімдегі назар аудараптың көлемдірек өнгіме – Ыбырайдың төл туындысы “Бай мен жарлы баласы”.

“Бай мен жарлы баласының” әдебиетіміздегі орны ерекше. Ол көркем сөз өнерімізде көп кешікпей профессионал, жетекші жанр дәрежесіне көтерілген прозанның алғашқы бет ашары, бұлақ бастауы есепті дүние. Осы өнгімемен бірге тек проза жанрына емес, жалпы әдебиетімізге “кішкентай адам” келді, сол арқылы көркем сөз өнерінде халық өкілінін, халықтың өмірін суреттеу бағыты пайда болды. Ыбырайдың

“кішкентай адамы” өділетсіздік пен теңсіздікке негізделген қоғамда еңбекші бұқара өкілінің қандай аянышты өмір мен бақытсыздықты бастаң кешіріп отырганын баланың да, үлкеннің де ұғымы мен дүниетанымына лайық көрсетіп берді. “Бай мен жарлы баласы” атты қысқа әңгіме Үбырай творчествосының биік сатысы, автордың педагогтік ойларының көркемдік құралдарымен бейнеленген көрінісі. Шығарма оқушысын адаптацияланаған еңбекке, өмір сырын үйрене, менгерге білуге шақырады, табиғаттың өздігінен адамға ештеңе бермейтінін, мәселе одан қажет нәрсені таба жөне ала білуде екенін қазақ оқушысының түсінігіне женіл, өміріне тән шындық көріністер арқылы бейнеледі. Сондай-ақ, шығарманың тағы атап өтерлік ерекшелігі – жазушының түсінігі мен позициясын, тенденциясын айқын аңғартады. Шығарманы оқи отырып, автордың қай қоғамның болашағына жарқын үмітпен қарауыштырығын ангару қын емес. Әңгімеде осындаид идеялық ойлар мен тұжырымдар мысал жанрындағыдай тікелей ғақлия түрінде емес, шығарманың бүкіл болмысымен өріліп, оның барша мазмұнынан, рухынан, бағыт-бағдарынан туындаиды. Көркем шығарма үшін, оның ішінде бір халықтың тұтас бір жаңа жанрының басы болғалы отырған әңгіме үшін бұл абзal қасиет еді.

Үбырай “Бай мен жарлы баласы” әңгімесінде екі жас кейіпкерінің еңбекке екі түрлі қатынасын көрсете, екінші бөлімге енген “Қыпшақ Сейтқұл” әңгімесінде толысқан еңбек адамының жемісті еңбегін суреттеді. Сейтқұл өз кезінің жаңа адамы, еңбекке жаңаша қарайтын жөне оны творчестволықпен танып бағалайтын, қолданатын адам. Өмір сұру ол үшін күрес пен іздену. Осы жолда адаптацияланаған еңбекке қарсы топтан іргесін аулақ салып, барымтамен, үрлікпен айналысқан тұған ағасынан да бөлініп, өзі сияқты еңбек адамдарын жылып, отырықшылықпен, жер шаруашылығымен айналысады. Кейін адаптацияланаған еңбек пен жомарт жер Сейтқұл мен оның серіктестеріне өз жемісін береді.

Екінші бөлімге де орыс оқулықтарынан біраз аудармалар енеді. Сонымен қатар, “Таза бұлақ”, “Киіз үй мен ағаш үй” сияқты Үбырайдың төл туындыларымен қатар, “Жиренше шешен”, “Әлім кісі” төрізді аңыз, әңгімелер де кіргізіледі. Үбырайдың азаматтық өмірінде қазақ қоғамының дамуына дұрыс бағыт көрсету қандай негізгі орын алса, агар түшінің қызыметінде де бұл мақсаттың шешуші рөл атқарғанын өр кезде-ақ көреміз. “Киіз үй мен ағаш үй” деген әңгіме осы саладағы озық идеяның көрінісі. Үбырай ата

салты деп қысы, жазы көшіп, киіз үйде болудың денсаулыққа да, шаруашылыққа да зияндылығын бұл өнгімесінде шағын оқиға арқылы ұтымды әрі әсерлі бейнелейді.

Бірінші қазақ авторының қолымен тұнғыш рет таза қазақ тілінде жазылған хрестоматияның қадір-қасиетін сөз еткенде айрықша назар аудараптық мәселеңін бірі – осында халық ауыз әдебиеті үлгілеріне салмақты орын берілуі. Үбірай-дың 60-жылдардан бастап өзі өлең жазып, оларды сақтаумен бірге, ауыз әдебиеті шығармаларын да мұқият жинастырганын білеміз. Хрестоматияны құрастыратын мезгіл туғанда Үбірай өз шығармаларымен, аудармаларымен бірге, қазқтың байырғы ертегі, аңыз, жырлары мен мақалмәттерін де мол қамтуға тырысты. Халықты қалтқысыз сүйіп, өз өмірін оған қызымет етуге арнаған Үбірай оның ауыз әдебиетін де сүйді, оның асыл маржандарын жоғары бағалады, олар ана тіліміздегі тұнғыш оқулықтан өзіндік орнын алуға тиіс деп түсінді, фольклордан халық өмірінің өткен дәуірлердегі ашы шындығы мен арманың, көркем сөз саласындағы сан ғасырлық тәжірибесі мен шеберлік сырларын көргендей болды, өзінін болашақ оқушыларына да соларды көрсеткісі, білдіргісі келді. Сонымен қатар, Үбірай халықтың ғасырлар бойы сақтай білген фольклорлық туындыларынан өзінің гуманистік, ағартушылық, педагогтік идеяларына зор үндестік тапты, осы арқылы озық пікірлерін халықтың атам замандағы арман-тілектерімен үштастырып, ұластырып, жаңа қоғамдық кезеңде оларға жаңаша өмір берді. Ағартушының қаламына іліккен аңыз, өнгімелер (“Лұқпан Әкім”, “Жомарт”, “Жиренше шешен” т.т.) мен ертегілердің (“Қарабатыр” т.б.), эпостық туындылар (“Қобланды” жырынан үзінді т.т.) мен толғаулардың (“Бір ханға бір бидің жамандардан қорлық көргенде айтқан сөзі”, “Нұржан бидің бір сөзі”, “Өсиет сөздер” т.б.), жеке ақындар шығармалары (Жанақтың айттысы, Сейтахмет ақынның сөзі т.т.) мен мақал-мәтеддердің қай-қайсысы да негізінен халықтың рухын сақтай көрінеді. Мысал үшін “Қобыланды” жырынан үзіндіні атауға болады. Ең алдымен “Қобыланды” жырын тыңдаудың өзі тамаша. Бұл – халық эпостарының ішіндегі ең көркем, ең көне жырлардың бірі. Осындағы Тайбурыл шабысы туралы үзіндіні алу арқылы Үбірай тәрбие мәселеңінің біраз жайын көздеген, ескерген. Атап айтсақ, оқушысын ана тіліндегі таңдаулы нұсқаларымен таныстыра отырып, оның ұлттық мәдени, әдеби мұраны тани, сүйе білу сезімдерін тәрбиелеуді мақсат еткен, сондай-ақ, шын поэ-

зияның бейнелеу өнері тәрізді объектіні окушының көз алдына келтіру құдіретін танытпақ болған. Шындығында да, Ыбырайдың ойлағанында, Тайбурылдың шабысына арналған үзінді қазақ окушысына түсінікті ғана емес, оның көз алдынан өтетін қайталанбас көркем сурет, асқақ сезіміне өсер етерлік аса әдемі көрініс еді. Ауыз өдебиеті нұсқаларынан таңдаған шығармалардың қатарында Ыбырай Радловтың 1870 жылғы кітабынан бір топ өлең үзінділерін алып, оларды “Өсиет өлендер” деген атпен енгізді. Мұндағы өрбір үзінді билердің, молдалардың, байлардың жауыздығын, қаталдығын, екіжүзділігін әшкереңдейді. Ал Ыбырай қала-мына іліккен мақал-мәтелдерді алар болсак, бұлар да негізінен халықтық, халықтың өмір тәжірибесін, ақыл-ой, көркемдік сөз өнерін білдіретін нұсқалар.

Хрестоматияға енген Ыбырай аудармалары өз кезіндегі шекірттер үшін де, кейінгі үрпактар үшін де көп жағынан бағалы. Бұлар орыс өдебиетінен жасалған алғашқы аудармалардың окулық жасау барысында туып, кейін жалпы жазба өдебиетіміздің дамуына зор үлес қосқандығының кепшілі. Рас, Ыбырай бірінші кезекте орыстың классикалық үлкен туындыларын аударуға бара алмады, оның көптеген себептері болды, ең бастысы, ол тікелей ағартушылық, дидактикалық мөні бар, қазақ окушысының түсінігіне қындық келтірмейтін шагын шығармаларды аударуға тиіс болды.

Аудармашының қашан да өзінің идеялық-эстетикалық талап-тілегіне сай келген шығарманы ғана аударатыны мөлім. Бұл пікірдің, өсіресе, Ыбырайға, оның аудармаларына қатысы барагырақ. Ол өзінің бұл кезге дейінгі үстаздық қызметінде және хрестоматияны құрастыру үстінде орыс педагогтерінің оқу құралдарын кеңінен пайдаланды, қазақ шекірттерін өкіту мен тәрбиелеу ісіне пайдасын тигізеді деген өлең, әңгімелерді ғана аударып, хрестоматияға енгізді. Бұл шығармалардың өрбіреуі тәрбиенің жеке мәселелерін көтереді және жастардың білімі мен сапасына қонымды қорытындылармен аяқталып отырады. Атап айтсақ, осы әңгімелер арқылы Ыбырай өз шекіртерінің бойында өділдік пен адалдық, қарапайымдылық пен кішіпейілділік, өдептілік пен тазалық, тапқырлық пен талаптылық, мейірімділік пен үлкенді сыйлаушылық, еңбеккерлік пен ізденгіштік мінезд-құлықтары мен сезімдерін тәрбиелеуге мүмкіндік жасады. Ыбырай аудармаларының ішінен негізгілері ретінде “Силинчи ханым”, “Жамандыққа жақсылық”, “Мұңсыз адам”, “Да-

нышпан қазы”, “Үш ұры” (Л. Толстойдан), “Қарға мен тұлкі”, “Ақмақ дос” (И. Крыловтан), “Үндік, тұлқи мен сшкі”, “Қарға мен құрт” (К. Ушинскийден), “Бір уыс мақта”, “Алтын шеттеуік”, “Аурудан аяған күштірек”, “Текаппаршылық”, “Әдеп”, “Дүние қалай етсөн табылады”, “Тышқанның өсietі” (И. Паульсоннан) т.б. атауга болады. Ұбырай аудармаларында басқа тілдегі шығармаларды бүрмаламай қазақыландыру принципі атымен жоқ. Ол орыс жазушылары өңгімелерінің мазмұны мен рухын толық сақтай отырып, қазақ оқушысына түсінікті, тартымды туынды етіп шығаруды көздеді және осы мақсатына толық жетті де. Ұбырайдың осы шағын аудармаларының тарихи маңызы өте зор. Қазақ қауымы орыстың әдебиеті мен мәдениеті туралы алғаш осы аудармалар арқылы танысып, бұл әдебиет жайында бастапқы мағлұмат, түсінік алды. Ұбырай аудармалары, сонымен қатар, орыс-қазақ әдебиеттері байланысының бірінші беттері бола отырып, екі халықтың арасындағы достықтың нығая, шыныға түсініе де көп септігін тигізді, қазақтың демократияшыл бағыттағы жазба әдебиетімен туып, осы жас, жаңа әдебиеттің есейіп, қанаттана түсініе де көп жағдай жасады.

Ұбырайдың орысша-қазақша мектепте оқып, тәрбие алатын балалар үшін оқулық жасауда орыс оқулықтарынан үлгі алуы мен олардан шығармалар аударуының өзіндік себептері мол еді. Бұл жайға кітаптың алғы сезінде ол арнайы тоқтап, толық түсінік берді. “Қазақ халқы аз-ғындарындаған халық, оның талабы біреу салып берген таршенберге сыя бермейді, ол еркін ойлай біледі, оның келешегі үшін қандай да болмасын адамгершілік ықпал жасау жағы жетіспесе де, оған жалпы білім мен тәжірибе жүзінде пайдалы нөрселер беру керек. Мен білсем, осы мақсатқа жеткізетін бірден-бір жетекші құрал өлі күнге дейін бізде болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары мен хрестоматия сияқты кітаптардың шын мәніндегі білім мен пайдалы мәліметтер беретін ғылми, күрделі оқу құралдарына бастап аппаратын, ал мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін ескеріп, біз мұндай жетекші оқу құралдарын өзімізге ең жақын орыс тілінен іздеуге тиіс болдық. Сондықтан бұл шығарғалы отырган кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес келіп, орыстың ғылми және пайдалы кітаптарына тікелей бастап кіруі үшін сол орыс кітаптарына тек магынасы жағынан ғана емес, өрпі жағынан да қайшы келмеуін

көздең, біз осы кітабымызды орыс өрпімен жариялауды қолайлы деп таптық”.

Тұған халқын қандай сүйсе, оның тілін соншалықты қадірлеген Ұбырай өзінің қазақ тілі жөніндегі көзқарасын, ұстаған позициясын, алған бағытын хрестоматияда толық көрсетуге мүмкіндік тапты. Ұбырай халық тілін үлттық байлықтың нағызы өзі деп танып, оның тазалығы мен бүтіндігі үшін құресуді 60-жылдардың басынан бастап жүргізген бірінші адам. Ұбырайдың халық тілінің тазалығы үшін жүргізген құресінің нақты нәтижесі ретінде оның хрестоматияға енген төл өлең, әңгімелерін, аудармаларын, ауыз әдебиеті нұсқаларын атауға болады. Бұларда тіл шұбарлау деген атымен жоқ, оның есесіне халықтың таза да табиғи, көркем де қарапайым сөйлеу тілі бар. Осы саладағы еңбегімен Ұбырай қазақ әдеби тілінің алғашқы ірге тасын қалады. Хрестоматияның жазылу мақсатының өзі, түптеп келгенде, қазақтың үлт тілін таза сақтау мен дамыту, оны мектеп тілі, білім тілі, оқу тілі дөрежесіне жеткізу тілегінен туған еді. Мұны Ұбырай хрестоматияның алғы сөзінде бірінші мәселе етіп қойды. “Қазақ халқының сауатсыздығынан, — деп жазды ол, — қазақ тілінде басылған бірде-бір кітаптың жоқтығынан оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, өзге амалдың жоқтығынан, татар тілінен еш кемшілігі жоқ ана тілін тастап, шәкірттерге татар тілін үйренуге тұра келуде”.

Ұбырай хрестоматиямен бірге, “Қазақтарды орыс тіліне оқытудың жетекші құралын” жасау жұмысын да ойластыра жүреді.

Петербург пен Қазан сапары Ұбырайдың творчество-лық өсүіне көп себеп бол, оның өмірге, өнерге, агарту ісіне көзқарастарын есейте, қанаттандыра түскенімен, сейтіп, творчестволық қызметке қанша қызықтырып тартқанымен, үйедік басқару, өкімшілік жұмыстары ағартушының көп күші мен уақытын алып, жазу жұмыстарын ауық-ауық бірнеше ай бойы бөліп кетіп отырды, үлкен қалалардан келген бойда аз уақыт ішінде аяқтап тастауына ерік бермеді. Оқулықтарды жазу кезіндегі өмірі жайлы Ұбырайдың: “... анда-санда қартымыз ақырып-жекіріп тыныштықты бұзып жібереді. Тан ата торғайлармен бірге тұрып, өзінің ауласын айналып, сол арада-ақ қазақтардың арыздарын тындал, оларға себепсіз ақырып

жатқан бұл қартты көрген адам, мынау шалды жын қаққан шығар деп ойлайтын болар. Бірақ сырттан қарағанда мұнша айқайшыл бол көрінгенімен, ол қайырымды, ақыл иесі және алпыс жылдық тәжірибесі бар адам” деп жазуы кездейсоқ емес. Ұбырай сөзінің аяқ жағында үйез бастығы Яковлевті қанша ашық мақтағанымен, іштей оның айқайшыл, мазасыз, даңғаза мінездерін ұнатпағандық сынай білдіреді. Мұндай адамның қарамағында жүріп творчестволық жұмыспен айналысу, оған уақыт пен мүмкіндік табу, өрине, киын еді. Сондықтан да ол 1876-1877 жылдың қызы шығысымен ел ішіне етек алап кеткен дау жанжалды шешу, тиу мақсатымен бүкіл бес болыс үйезді аралап кетіп, үш ай бойына үйіне де орала алмай жүреді. Осындағы кездерде оны оқулықты жазу қындығынан гөрі, одан қол үзіп, жаза алмай, үзап кету қындығы қебірек қинаиды, мазалайды. Сол себепті ол кейде, мүмкін, хрестоматияны Орал жаққа қызметке барған соң аяқтармын деп те ойлады.

Хрестоматияның бірінші бөлімін жазу үстінде Ұбырай оның екінші бөлімін құрастыруға берік бел байлайды, бірақ кітаптың қандай дәрежеде шығарына аз-кем сенімсіздікпен, қобалжұшылықпен қарайды, өйтсе де оның жалпы мазмұны мен материалдар көлемін біраз анықтап алғанын білдіреді. “Екінші кітабымды, – дейді Ұбырай осы тұста, – балаларға қызығылықты етіп шығару үшін табиғат құбылыстары мен табиғат күштері туралы, тарихи және географиялық ғылыми өңгімелер келтірмекпін. Мениң бұған шеберлігім мен білімім жетер-жетпесін білмеймін, бірақ соған тырысып бағамын”.

1877 жылдың наурыз айында Ұбырай Орынбор оқу округтynың инспекторы Катаринскийден Орал облысына қазақ мектептерін қарайтын облыстық инспектордың орынбасары бол бару жөнінде ұсыныс алады. Ұсыныс Ұбырайды тоқсан жолдың торабына қойғандай көп ойлантады, әсіресе, қоғамдық мұдде мен жеке мұдде таласқа түскен кезде, Ұбырай мәселені қоғамдық мұдде тұрғысынан шешіп, Орал облысына баруға, облыстың Гурьев пен Хан ордасының бірінде тұруға келісімін береді. Шындығында да Ұбырайдың заманында, жағдайында мың шақырымдай жерге көшіп барып, танымайтын, білмейтін ел-жүрттың арасында кішігірім қызметте тұру үшін ризашылығын білдіру тек Ұбырай сияқты атанаң ұлы емес, адамның ұлының, өзі арман еткен ағарту ісінің қандай қындығына да қорықтай қарсы баратын

тәуекелшіл, ер, патриот жанның ғана қолынан келетін тірлік, шешім еді. Орал облысындағы инспекторлық қызметтің өзі үшін қолайсыздығы мен пайдалы жағы туралы Үбырай: “Мен мұнда үлкен бедел алып отырган туыстарым мен таныс халықтың арасынан алысқа кетпекпін, менің мұнда жана істерімнің қайсысы да жақсы нәтижелерге жеткізген болар еді, ал Орал қазақтарын тіпті де білмеймін. Екіншіден, қырдағы төүір шаруашылықтардың бірі боп қалған өз шаруашылығынан да алыстамақтың және, үшіншіден, жасыратыны жок, мен, сірә, бастықтармен (Торгайдагы – Ә.Д.) істесе алмаспын, сондықтан олардың арасында бағынышты боп, өз ойыңша жұмыс істей алмай жүргеннен, алыс түпкірге кетіп қызмет жасағанды жақсы көремін” дейді. Бұларға қоса, Троицкіден ашылады дегеніне біраз уақыт болған оқытушылар мектебінің де жылдан-жылға кейінге қалдырыла беруі Үбырайдың Оралға аудису шешімін бекіте түседі. Троицкі метебіне оқытушы боп бару Үбырайға қай жағынан да пайдалы еді. Себебі, біріншіден, болыстық мектептерге мұғалім дайында мақ, бұл мектепке Үбырай өзі дұрыс бағыт беріп, шәкірттерін оқу, тәрбие салаларында олардың болашақта қазақ арасындағы мектептерге барып қындықсыз қызмет істеп кетулеріне лайықты да қажет жөн-жоба көрсетуге мүмкіндік туар еді, екіншіден, Троицкі Үбырайдың көшиконына да жақын, ағайын-тұғандарынан да көп алысқа кетпейді. Үбырайды Троицкідегі қызмет осы жақтарымен қызықтырады. Бірақ Үбырайдың қолында тұрған не бар? Барлығын шешетін жогарғы әкімдер. Олар Үбырайдың тілегімен санаспайды, санаусуға да тиіс емес. Сондықтан ол халыққа сөл көмегін тигізетін кішкене мүмкіндіктің өзін бос өткізіп алмай, пайдаланып қалуға тырысып, Оралға бармақ болады. Себебі “бул жұмысқа ілкі кезде мен сияқты білімі шамалы болса да, халыққа деген сүйіспеншілігі мол қазақтың араласуы қажет қой” дейді өзінің халық алдындағы азаматтық парызын жете сезінген Үбырай ақырында.

Осы кезге дейін Үбырайды қазақ арасынан шыққан және өз халқына пайдалы жұмыстар істеу қолынан келетін көрнекті адам ретінде қызмет сатысымен жоғарылату, білімі мен іскерлігіне лайық үлкен орын беру жайлы облыс әкімдеріне тынбай үсініс жасаудан аянып көрмеген, бірақ сол үсіністардың облысқа барған жерде белгісіз себептермен тоқтап қалу жайын түсінбей келген Яковлевтің өзі Үбырайдың Орал облысына кетуіне екі түрлі сезіммен қарайды. “Маған, – дейді ол, – бір жағынан, Алтынсарин-

шің бізден кетуі өте өкінішті бол көрінеді, ал, екінші жағынан, оның үлкен кісілердің назарына түскеніне қуана-мын да. Мүмкін бұл қызмет оның өзін бөгетсіз, толық корсете алатында жөне осы сияқты адамдарға аса мұқтаж бол отырған қазақ халқына пайда келтіре аларлықтай ашық жолға шығуна көмектесер. Сөйтіп, өрі өкіне, өрі қуана отырып, мен өзімнің досым Алтынсаринге жолың болсын деп бата бермекпін". Ыбырай мен Яковлевтің бұл тараптағы өрекеттері мен сезімдерінің қайсысы да артық бол шығады. Бұдан бұрынғы ұсныстыар тәрізді Оралға ауысу қызметі де ақырында белгісіз сбептермен аяқсыз қалады.

1877-1878 жылдары Торғай облысында, сондай-ақ, Орал облысында орысша оқудың дәмін татып, оған үмтүлу-шылардың саны құннен-құнге қебейе түседі. Сондыктан патша үкіметі қазақ жастары үшін ашылмақ оқытушылар семинариясын әр түрлі себептермен кешіктіргенімен, ел ішіндегі оқуға тырысуышықты лайықты көрген, бағалаган болып, 1877 жылы Троицкі гимназиясынан қазақ балаларына екі стипендия тағайындалды, Торғай облысы халқынан жиналған 19200 сомның есебінен облыстағы кедей қазақтың балалары үшін деген атпен Петербург, Қазан университеттерінен 3 стипендия белгіледі. Бірақ кедей баласы үшін деген сөз жүрттың құлағына жақсы естілу үшін таратылған лақап қана еді. Ауылдық орысша-қазақша мектепке алдын-ала дайындық көрмеген кедей баласы түсе алмай, түссе де оқи алмай жүргенде, Петертург пен Қазан университеттеріне бірден барып кедей балалары оқымақ па және оларды жергілікті жерден жіберіп жатқан кім бар?

Орынбор, Троицкі гимназияларына түсіп оқыған жекелеген қазақ балаларының жақсы оқып, жақсы мінез-құлық көрсетуі, сондай-ақ, гимназиялардан бөлінген орындардың мейлінше аздығына қазақ жүртшылығының наразылық білдіріп, дамылсыз өтініштер жасауы Торғай облысы өкімшілігін аз уақытқа болса да ойландырады. Соның нәтижесінде облыстың соғыс губернаторы үйездерге хат жолдап, әрбір үйez сайын балаларды гимназияға дайындастын дайындық мектебін (школа-приют) ашуды, ол үшін алдымен халықтан ақша жинауды тапсырады. Сөз жүзінде қалғаны болмаса, бұл мектептерді жақсы бітірген шекірттер гимназияларға түсіп оқиды, егер гимназияларда орын жетіспесе, оларға арналып жеке гимназия ашылады делініп, халықты біраз емексіткен еді. Бірақ ақырында бұдан ештеңе шықпады.

Үйездік жұмыстар қаншама ауыр боп, көп уақытын алғанымен Ұбырай 1878 жылдың аяғында хрестоматияны біржолата бітіріп, Орынборға өкеп, оқу округының попечителі Лавровскийдің қолына тапсырады. Лавровский кітапты басқа жақта емес, Орынборда шығару жайында 1879 жылдың қаңтарында министрлікке хат жолдап, министрліктің назарын мына мәселелерге аударды. Алдымен ол хрестоматияның қазақ тілінде орыс жазуымен сөтті дайындалғанын, үлт мектептері үшін бұл тәсілдің жақсы нөтиже бере бастиғанын айта кеп, өзелі оқу министрінің ала-бөтен “еңбегін” біраз жеткізіп мақтап алады да, кейін өзін де құр қалдырмайды. Хрестоматияны құрастыру жөнінде Ұбырайға тапсырма бергенінің өзін үлкен іске тыңнан жол салып, жаңа бағыт бергендей бағалайды. Бірақ мәселе бұл арада облыстық чиновниктің өзі мен министрін мақтауында емес, Ұбырайдың оқулық авторлығына қазақ қоғамының тұрмысы мен тіршілігін жақсы білетін оқымысты адам ретінде шақыртылып, соған орай хрестоматияны балалар мен үлкендердің оқуына бірдей жарақты кітап дөрежесінде дайындағанын хабарлауында, кітапты министрліктің қаражатымен Орынборда шығаруға ұлықсат сұрауында еді. Бұлай болған жағдайда кітапты Орынбор оқу округының татар, башқұрт, қазақ мектептері инспекторы Катаринскийдің бақылауымен жөне автордың өз корректорлығымен шығаруға мүмкін болар еді дейді ол. Лавровский хрестоматияның тиражын 2000 дана көлемінде сұрайды, хатпен бірге хрестоматияның қолмен көшірілген бір данасын министрлікке жібереді.

Осылайша келген 1879 жыл Торғай облысы үшін халық ағарту жүйесінде бір кезеңдің басталған жылы болды. Облыс халқының мектепке балаларын оқыту жөніндегі өтініш, шағымдары мен метеп ашу үшін, әр түрлі стипендиялар үшін деп жинаған қаражаттарының өте-мөте молдығы облыс жөне Орынбор өкімшіліктеріне құлақ астырмай қоймды. Халықтың орысша өнер-білімге құмарлығын елемеудің, ескермеудің, менсінбеудің амалын барған сайын азайта тұсті. Сондықтан тиісті жогары орындар осы жылдың 14 наурызында Ұрғыз үйеziнің орталығынан екікласты училище ашу жөнінде шешім қабылдады, училищеде бір орыс мұғалімі болады, орыс, қазақ балалары бірге, 30 орыс баласы үйлерінен қатынап оқиды да, 20 қазақ баласы интернатта жатып оқиды деп белгіленді. Алайда бұл шара бүкіл облыстың талап-тілегін орындау-

дан мүлдем алшақ еді. Сондықтан Орынбордың оқу округи облысқа комиссия шығарып, облыстағы ағарту ісінің жайы мен міндеттерін зерттеп білуге мәжбүр болды.

Комиссия облыс, өлкे өкімшілігіне мынадай ұсыныстар жасады: оқу ісінің қазіргі жағдайында облыста мектеп санын көбейту үшін тырысудың қажеті жоқ, одан да өрбір үйез орталығынан селолық мектептер типінде екікласты бір-бір мектеп ашу пайдалы, онда қазақ балалары үшін 50 интернат-орын болса жеткілікті, орыс балалары үйлерінен қатынап оқиды делінді. Болыстық мектептер ашу үшін алдымен ол мектептердің мұғалімдерін дайындастын қазақ оқытушылары мектебін ашудың тиімділігі ескертіледі. Сондай-ақ, осы тарапта аздал болса да басталған жөне алдағы уақытта жүзеге асырылмақ істерді жергілікті жерлерде бақылап, іске асырып, басшылық беріп отыратын оқу министрлігінің жеке бір өкілінің болуы қажет деген ұсыныс енгізілді. Орынбор оқу округының попечителі Лавровский осы ұсыныстардың барлығын оқу министрлігіне жеткізді. Министрлік аталған мектептер жөнінде бірден шешім қабылдай алмаса да, инспектор жөнінде жартылау шешім шығарып берді, Торғай облысы үшін жеке инспекторлық қызметтің қажеті болмас деп тауып, Пермь губерниясындағы 7 инспекторлық орынның біреуін уақытша Торғай облысына аударды. Орынбор оқу округы мен Торғай облысындағы ендігі үлкен мәселе бұл орынға кімді тағайындау жөнінде жүріп жатты.

Ібырай бұл тұста өз шаруашылықтарына мойын бұра алмады. 1879 жыл туысымен үйездік басқарманың өмірі бітпейтін де қоймайтын жөне үнемі дау-жанжал, арыз-өсекке толы жұмыстарымен, сондай-ақ, оқу құралдарын қайда, қалай жариялау жайымен, бұларға қоса жаз ортасына таман инспекторлық қызметке шақырылумен байланысты Орынборға алғашқы жарты жыл ішінде үш рет барып қайтуына тұра келді. Торғай мен Орынбор арасындағы жолдың 700 шақырымға жуықтығын ескерсек, Ібырайдың айналдырған 5-6 ай ішінде 4 мың шақырымнан астам жерді көлікпен өрлі-берлі жүргенін көреміз. Бұл адамды, азamatтық үлкен парызыды сезіне, қадірлей, қастерлей білумен берге, темірдей денсаулық та керек еді. Ібырайда осының алдынғысы болғанымен, кейінгісі қысқы суық, жазғы ыстыққа тыным, тыныштық көрмей жүре бергендейтін сыр бере бастайды. Қаражаты таусылып, шаруашылығы күйзеледі. Оның үстіне осы тұста

бұдан былай Торғайда біржолата қалам ба деген үмітпен түргын үй салуга кіріскені де көп қолбайлау жасап, мол шығынга ұшыратады. Сондықтан да ол Катаринскийдің жаз мезгілінде Қазанға барып, хрестоматияны баспадан шығарып қайту жөніндегі ұсынысына қанша ықласты болса да, сол бойда қозғалып, ешқайда шыға алмайды. Бір қызығы, хрестоматия өткен жылдың аяғында тәмамдалысмен оны Орынборда жариялау жөнінде Лавровскийдің министрлікпен байланыс жасап, хат-қатынас жазып жүргенін Катаринский де, Үбырай да білмейді. Бұлар шілденің аяғына дейін оны Қазан баспаларының бірінде жариялау мақсатымен өуре болады. Үбырайдың өзі де, жүртшылық та хрестоматияның кітап боп шығуын асыға қүтеді, кітабынды қашан көреміз деп асықтырушылар да аз болмайды. Жылдың өтіп кеткендігін ойлағанда Үбырай кітап биыл шығып үлгермейтін болар деген түйінге орала береді. Әйткенмен, ол жаңа қызметке кіріскеннен кейін бірінші кітапты тездетіп жариялауға да, екінші кітаптың материалдарын шапшандатып жинауға да мүмкіндік туар деген үмітте болады. Қазанға өзі бара алмаган жағдайда, сондағы Сүйінішгалиев пен Шуаков сияқты студент жігітердің, қиналған жағдайда Ильминскийдің жәрдемімен кітапқа корректорлық көмек тигізу мүмкіндігін Катаринскийдің есіне салады. Үбырайдың бұл ойы, әрине, “шарасыздан шалға тидімнің” кебі еді. Әйтпесе, қазақтың сөйлеу тілін жақсы білгенмен, аталған студенттердің қазақ тіліндегі (оның үстіне тұңғыш рет орыс жазуымен дайындалған) кітапқа лайықты корректорлық қолғабыс жасауы мүмкін емес болатын.

Күзге таман Үбырай салып жатқан үйінің негізгі жұмыстарын азар дегенде бітіріп, үйге біржолата кіріп алады. Қала типімен салынған үй өте сөнді бол шығады: кіре берістегі бөлмеге басқышпен көтеріледі, оған жалғас үлкен зал, қонақ бөлме, жұмыс бөлмесі, жатын бөлме, асхана, асханадан шығатын үш есіктің біреуі көшеге, екіншісі аулаға, үшіншісі алдыңғы екі бөлмеге апарады, бұлардан бөлек ас пісірілетін жеке үй, сарай, погреб, атқора, монша т.б. қосымша құрылыштарымен салынған үй Торғай жағдайында ең жақсы үйлердің бірі бол саналады. Үйдің сырты қандай жақсы болса, іші де қызығарлықтай тартымды қалыпқа келтіріледі. Қонақ бөлмеде үлкен киіз, оның үстінде әдемі кілем, кілемнің үстінде көрпе, жастықтар жатады; Үбырай қонақтарын орысша да, қазақша да қабылданап кү-

теді, орыстарды көбіне жұмсақ диван, кресло, орындықтар түрған жұмыс кабинетінде қабылдайды, тамақты столда береді. Ұбырайдың өзі де, әйелі Айғаныс та үйге кім келсе де, жатырқамай қарсы алып, риза етіп аттандырады.

Ұбырай үй салуға байланысты жұмысын енді аяқтап бола берген мезгілде, 1 қыркүйекте Торғай облысы мектептерінің инспекторлығы қызметіне шақырылады (бұл жұмыс орнының жоғарыда бекуі, бұдан айдан астам бұрын, 25 шілде). Ұбырайдың инспекторлық қызметке тағайындалуының көптеген ішкі, сыртқы жөне көбі көзге көріне бермейтін өзіндік себептері бар еді. Бұл кезге дейін жұмыс бабында өзін тек қана жақсы жағынан танытқан Ұбырайдың облыс өкімдері тарапынан ешбір қостау, қолдау таппай келгені, егер жергілікті жер жаңа қызметке ұсынып жатса, оған ешкімнің құлақ аспағаны, ескерметені мәлім. Ал енді мына қызметтің тұсында да біраз қындықтар болғанына қарамастан Ұбырайдың бекуі алдымен Торғай сияқты үлкен облыста жергілікті жердің адамығана басқаруы пайдалы деп үйғарылған орынға Ұбырайдан білімді, ықласты, ыждағатты, ағарту ісін қалтқысыз сүйіп, оны өзімнің төл ісім деп қарайтын өзге бірде-бір адамның болмауымен байланысты еді. Екіншіден, патша үкіметі, өсіреле, 1868 жылғы Уақытша билеу тәртібін енгізгеннен кейін қазақ даласынан мұсылман дінін ығыстыруды көздеді, мұны отарлаушылық саясатың негізі мақсаттарының бірі ретінде жүргізді, сөйтіп, қазақ арасында христиан дінін енгізу арқылы қазақтарды орыстандыру міндетін жүзеге асыруға тырысты. Осы мәселенің алғашқы жартысына патша үкіметі мен Ұбырайдың мақсаттары бір-бірінен алыстаған жоқ, қайта өз ара жақын болды, ал кейінгі бөліміне келгенде үкімет Ұбырайға қандай қызмет берсек те, өз ырқымыздан кетпес деп ойлады. Ал Ұбырай болса патша үкіметінің мақсатын ұтымды, сөтті пайдалана отырып, қазактың үлттық тілін тірілтуді, оны ресми, әдеби тіл дөрежесіне көтеруді мақсат етті, осы тарапта қолынан келген шарадан аянған жоқ, орыс жазуын да осы мақсатта пайдаланды. Мұның қайсысында да ол үкіметтен қолдау тапты. Ал өзге дінді қолдану, сол арқылы халықты орыстандыру саясатына келсек, Ұбырайда мұндаи ой атымен болған жоқ, ол орыстың тілі мен білімін халыққа үйрету, ел ішінде тарату арқылы, халықты мәдени озық елдердің қатарына тартуды көздеді. Ұбырай 1879 жылға дейін де осындай мақсат ұстанған бола-

тын. Бірақ оны көп адамдар, өсіресе, әкімдер жете байқай бермеген еді. Ол инспектор бол бекігеннен кейін де сол мақсаттан еш тайған емес. Осы жөнінде Ыбырайды жақсы білген сол заманның қадірлі адамдарының бірі ақадемик В.В. Радловтың өзі де былай деп қателесті. “Өз жұмысының озық сипатына байланысты Алтынсариннің патша үкіметі тарапынан құғынға ұшырамағанын немен дәлелдеуге болады, – деп ол өзіне сұрақ қояды да, оған өзі жауап береді, – олар (демек, үкімет пен Ыбырай – Ә.Д.) бір мөселеде, атап айтқанда, ислам дініне қарсы құресте бір мақсатта болды. Бірақ Алтынсаринде басқа дінді – христиан дінін қабылдау ойы болмаған”. Ақиқатында Ыбырай “ислам дініне қарсы” құрестеген. Бұл Радловтың өз пайымы ғана... Сондай-ақ, кезінде үкімет тарапынан құғынға ұшырауы жағынан Ыбырайдан артық қорлық қөрген адам көп болмаса керек. Бұл, өсіресе, ағартушы өмірінің соңғы тұсында молырақ орын алды. Қазанда тұрган Радлов мұнын бәрін, өрине, біле берген жоқ.

Сырттай қарағанда Ыбырайдың инспекторлық қызметке тағайындалуына Ильминскийдің, тағы да басқа сол сияқты дос-жарандарының тікелей көмегі тиғен сияқты бол көрінеді. Рас, Ильминскийдің аздаған өсері болғаны мәлім. “Мен Орынборда тұрганда, – деп жазды ол, – инспекторлық қызметке кандидатуралар ұсыну кезінде осы қаладағы қазақ курсының мектебін бітірген Ибрагим Алтынсарин деген қазақ жігітін білуші едім. Онымен екі жылдай бірге болдым. Бұл өзі барып тұрган талант, білімге жаны құмар, аса сүйкімді, таза жанды, ақылды және патриот адам. Кейін мен одан біраз уақытқа дейін жалынды лебізге толы хаттар алып тұрдым. Хат алыспай кеткенімізге қазір бірсыныра мезгіл болды. Егер Алтынсарин сонау бір кездегі жанды қасиеттінің белгілі бір бөлшегін сактап қалған болса, Торғай облысындағы қазақ мектептері үшін аса қолайлы адам болған болар еді”. Бұл төрізді ұсыныстардың қосалқы ғана рөлі болды. Негізгі себептер жоғарыда айтылған жайлардан тарап жатты.

Ыбырайдың инспекторлық қызметке бекуі оның үйымдастырушылық, ағартушылық, гуманистік, патриоттық ойлары мен қабілеттінің бір сыйдырғы жарқын көрінүне жол ашты. Патша үкіметтің жергілікті әкімдері оның барша жоспарының жүзеге асуына мүмкіндік берген жоқ, беруі де мүмкін емес еді. Инспектордың мекен-тұрағы Торғай бекінісі деп белгіленді.

БИІКТЕ

Білімге құмарлық өр адамда бар. Халық тұныстау үшін ауаны қандай жақсы көрсе, іздесе, білімді де сондай жақсы көреді, іздейді.

Л. Толстой.

1879 жылдың 1 қыркүйегінде Ұбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалған мезгілде хрестоматияны Орынборда басып шығару мәселесі де ойдағыдай шешіліп, жаңа қызмет жайымен және хрестоматияны жариялау жұмысымен Орынборга жедел жүріп кетеді. Осы жолы оның Орынборда бірнеше ай бойы жұмыс істеуіне тұра келеді.

Ұбырай Орынборға келісімен Лавровскийге жолығып, жаңа қызметтің жайымен танысқаннан кейін, хрестоматияның “Оренбургский листок” газетінің баспаханасында терілетінін біліп, тиісті ұлықсаты мен жолдама қағаздарын алып газет редакторы И.И. Евфимовский-Мировицкийге (1839-1905) жолығады. Ұбырай бұған дейін Евфимовский-Мировицкийді жай танығаны болмаса, онымен етене араласы болмаған еді. Танысып, білісудің, бірбірін түсінудің сөті енді ғана түседі.

Евфимовский-Мировицкий 1869 жылы Россиядағы оку орындарының бірі Петербург университетін бітіріп, право ғылымының кандидаты атағын алады. Бұл кез Россияда крепостниктік правоның жойылып, елдің капиталистік дамуға айқын бет бұрган, отарлаушылық саясатың тамырларын алысқа жайып, шет аймақтардағы байлық пен шикізатты қөптеп игерудің қажеттігі нақты сезіле бастаған шақ еді. Евфимовский-Мировицкий 1871 жылы Орынбордағы әйелдер институтында орыс тілі мен әдебиеті пәннінен мұғалім болып істейді. Евфимовский-Мировицкий үстаздық жұмысты өлкетану, оның тұрмысы мен тіршілігін түсіну, білу өрекетімен үштастырады. Евфимовский-Мировицкийдің Орынбор өлкесіндегі ең үлкен еңбегі осы өңірдегі бірінші жекеменшік мезгілді баспасөз органы – “Оренбургский листок” газетін шығарумен (1873) байланысты. Осы газет бетінде ол ұзақ уақыт бойы қазақ өмірінің шындық күйінде жазып тұрумен қатар, оның мәдениет және халық ағарту істері саласындағы мұқтаждығына байланысты мәселелерді көтеру тарапында, сондай-ақ, халықтардың бір-бірін танып, өзара жақындастырып, олардың мәдениет және халық ағарту істерінде қаржылықтың маңыздылығын көрсету миссиясында орын алған жағдайда оның тұрмысы мен тіршілігін түсіну, білу өрекетімен үштастырады.

хақында біраз пайдалы істер жасады. Либерал-буржуазиялық бағыттағы газет үшін бұл аз қолғабыс, көмек емес еді.

Евфимовский-Мировицкийдің шағын газетінің одан да шағын жөне жүдеу баспахранасында “Қазақ хрестоматиясын” басып шығаруды міндеттіне алуы (жеке меншік газет иесінің өртүрлі сылтауымен, өсіресе, қазақ өріпперінің жоқтығы мен өзінің қазақ тілін білмейтіндігін бетке ұстап қабылдамауына да болатын еді) үлкен батылдық, ерлік, жергілікті халықтың жаңа бастамасына немікүрайды қарамай, оған қостау, қолдау білдірушілік еді, оның демократиялық бағыт-бағдарының белгісі еді. Ыбырай мен Евфимовский-Мировицкий (хрестоматияны жариялау кезінде) екі-үш ай (қыркүйек-қараша) бірге қызмет кезінде бір-бірін жақсы түсініп, лайықты бағалады. Ыбырайдың арада көп уақыт өтпей-ақ, келесі жылдың көктемінен бастап газеттің тұрақты аз тілшілерінің біріне айналуы осы сыйластық пен түсінісіндің бірден-бір жемісі. Газет бетінде қазақ ағартушысының айқын демократиялық, озық ой-пікірлерінің орын алуы негізінен Ыбырайдың еңбегі болғанымен, мұнда Евфимовский Мировицкийдің де үлесі жоқ емес еді. Басқасын айтпағанда, оның осы еркін, халықтық идеяларға газет бетінен орын беруі, біріншіден, оның батылдығының күесі болса, екіншіден, сол идеялардың авторына, оның халқына іштей тілекtestіk білдіре қарағандығының нәтижесі болатын.

Ыбырай Орынборда болған қыркүйек-қараша айлауында жаңа жөне ескі таныстарымен, дос-жарапдарымен, қызмет бабындағы адамдармен кездесіп, алуан түрлі мәселелер жайында пікір алысу, өңгімелесумен қатар, аз уақыт ішінде облыс үйездерін бір аралап келеді де, қалған уақытында хрестоматияның корректурасын күнбе-күн қарап, түзетіп, баспаханаға жіберіп отырады, қолы сөл босаған мезгілде “Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралын” жазады, облыстарға ағарту ісін зерттеп, оны дұрыс жолға қоюдың шаралары жайында облыстық өкімшілік мекемелеріне жіберілетін ұсыныс-хатты дайындаиды.

Осы тұста ол аяғының жарасы ашылып ауырып, он шақты күн үйден шыға алмай, жатып қалады. Аяғы жазыла бергенде, күндіз-түні сарылып отырған жазу, ойлау жұмыстарынан басы ауыратын болып, екі құлағы бітіп, ештеңе естімейтін болады. Осы кездегі жайын айта кеп

ол өзін біреу сөйлегенде жүгіріп барып оның аузына құлағын тоса қоятын попечительдің хатшысына үқсатады. Бірақ қаптаған қалың жұмыс бір жағынан, аур, екінші жағынан, ауылда бітпей қалған үй шаруашылығының жұмысы үшінші жағынан қысқанменен, Ыбырайдың бұл күндердегі көңіл-күйі өте көтеріңкі, сезімі сергек, жұмыс қабілеті де мейлінше күшті. Өйткені жаңа қызмет пен оқулықтың шыға бастауы Ыбырайды халық ағарту ісіндегі алыс жиектерге қарай тағы да дамылсыз жетелей, талпындыра түседі. Соның нәтижесінде ол қарашаның алғашқы он күнінде хрестоматияны баспадан шығарып үлгереді, “Бастауыш құралды” жазып бітіріп, қайтадан көшіру жұмысын ғана қалдырады. Әуелгі кезде тазалап қайта жазуды Торғайға барған соң бітірем деп жүрсе де, кейін оны да осы сапарында бітіріп, баспаға тапсырып кетеді (кітап желтоқсанда басылып шығады).

Орынборда болған күндерін Ыбырай мектеп мұқтаждарына үқыпты пайдаланады. Қыркүйек айының ішінде облыс мектептерін аралап көріп қайтқаннан кейін, қазаның 11 күні оқу округиңи попечителіне облыс мектептерінің жайы туралы бірінші инспекторлық хатын жолдайды. Мұнда ол облыс бойынша төрт жерде (Торғайда, Ыргызда, Троицкіде және 2-Аманқарағай болысында) бір-екі класты, 3 бір класты ауыл мектептерінің тек қараз жүзінде өмір сүріп келгенін, ал іс жүзінде мектеп деп атауға тұрарлық бірде-бір мектептің жоқ екенін хабарлайды. Оның себебі Торғайдағы 1863 жылы салынған мектеп бұл кезде азып-тозып тамақ не зат сақтайтын сарай дәрежесіне жеткен еді, үйдің жылынбайтын салқындығынан балалар қысқа қарай жаппай ауыратын-ды. Троицкідегі мектептің үйі атымен жоқ, балалар кішкентай екі бөлмелі жеке меншік пәтерде оқытын және тұратын. Балалардың оқу бөлмесіне стол мен орындық қоюға болмайтын, алдыңғы кіре-берістегі бөлмеге жалғыз мұғалімнің өзі өзөр сиятын. Ыргыз мектебінің үйі тым жаман болмағанмен, екінші мұғалімі жоқ еді. Ал Аманқарағай мектебінің аты бар да заты жоқ болатын. Өйткені балалар қанша оқыса да, өлі күнге дейін бірдеме оқып, жазу легенді біліп үлтермеген. Осыларды айта кеп Ыбырай алдымен үйез орталықтарында 50 баладан 100 балаға дейін оқыта алатын бір-бір орысша-қазақша екікласты үйездік мектептер ашуды (Торғай, Ыргыз, Ақтөбе, Николаевск) үсінады. Николаевскі үйезінің мектебі бұл кезге дейін

Троицкіде болып келген. Үбайрай енді оны келешекте осы үйездің орталығы болатын Ордабай төгәйі (қазіргі Қостанай тұрған жер) деген дерден ашуды үйгараады. Әр мектепке мұғалімдерді үшеуден кем жібермеуді, мұғалімдердің тұрмыс жағдайын жақсартуды, мұғалімдердің білімін көтеріп, жергілікті жердің жағдайлары мен ұлт мектептерінің ерекшеліктеріне үйрететін курс ашуды, мектеп құралдарын салуды, балаларды өртүрлі қолөнер көсібіне, шешек ауруына қарсы еге білуді үйретуді т.т. үсінады.

Үбайрай бұл тұста мектептерді жабдықтау ісімен тікелей айналысуға мүмкіндік табады. Үргыздың екі-класты мектебіне мұғалім етіп Қазанның мұғалімдер семинариясын бітіріп келген Григорьев пен Спиридонов (ұлты татар) деген екі жас жігітті бірден жібереді. Мектептін өзі бармай ашылуына және жұмыстарының бірден дұрыс жолға қойылуына қатты шұбаланса да, жігіттерді Оынборда бос үстай берудің ретін және таппайды. Үбайрайдың Үргыз екікласты мектебіне қызылуының және бір себебі: оның ашылуы жөнінде шешім сөүірде алынса да, онда мектепке деп бір ескі үйді (ол кейін 2-3 жылдан соң құлап қалады) сатып алынғаннан басқа, балалар оқитын парта, тақта, жататын төсек-орын ештеңе жоқ еді. Үбайрай ақшасын кейін Үргыздан жіберmek боп, Орынбордан 700 сомға 25 темір төсек, ас пісіретін, ас ішетін ыдыс-аяқтар, көрпе-жастық, төсек материалдарының көпшілігін Қызыл Крест үйымынан сатып алып, бірсы-пирасын тапсырыспен дайындал, Үргызға қазанның аяғы мен қарашаның бас кезінде жөнелтеді. Мектеп ақыры 1-қарашаның Үбайрайдың қатысуының ашылып, өз жұмысина кіріседі.

Қарашаның 22-23 күндері Үбайрайдың көптен асыға күткен арманы – хрестоматия 2000 дана кітап боп басылып шығып, оның алғашқы 20 данасы автордың қолына тиеді. Бірінші қазақ авторының таза қазақ тілінде жазған бірінші кітабы жазылу кезінде қанша қыындық туғызғанымен, кітап боп шыққан кезде авторына өлшеусіз зор қуаныш пен бақыт өкеледі. Үбайрай халық үшін жұмсаған күш-жігерінің азғантай болса да жемісін көзben көріп, қолмен ұстагандай ләzzат алады.)

Кітап шығысымен Үбайрай оның белгілі мәлшерін Орынбор оқу округында қалдырып, біразын Түркістан округы мен Сібір (қазіргі шығыс, солтүстік, орталық об-

лыстар) окрутына бөлу және жөнелту жөнінде попечительмен келісіп шешеді. Кітаптың бояуы кеппей жатып, алғашқы 20 дананың есебінен Григорьев пен Ильминскийге бір-бір кітап жібереді. “Сіздің қамқорлығыңыз бер адалған хатында, — біз, бірнеше қазақ офицері, өздеріміздің қызымет жолымызды, бастадық. Сіздің қайырымында шапагатыңыз біздің бойымызға терең сінді және сіз көрсеткен бағытпен жүре отырып, біз ақырында, қазір жүрттың таңып отырғаныңдай, өзіміздің туған халқымыз үшін пайдасыз адамдар болмай шықтық, Жоғары мөртебелім. Сіздің шәкірттеріңіздің бірі құрастырып шығарған қазақ тіліндегі осы бір тұнғыш кітапты жібере отырып, оны жалпы біздің, өсіресе, менің бағалап, шексіз құртметтейтіндігімнің жанды белгісі ретінде қабылдауынызды өтінемін!”.

Ыбырай дәл осы 25-күні Ильминскийге жолдаған кітап пен хатында өзінің жаңа қызыметке кірісіп жатқанын айта келіп, жалпы қазақ арасындағы халық ағарту ісі жайында бар ойын ортаға салады. Бұл ойлар 11-қазанды Лавровскийге жазған жолдамадағыдай ресми емес, халыққа деген жанашырлық сезімнің тікелей көрінісі, сонымен бірге ағарту ісін нағыз мемлекеттік тұрғыда түсіну мен бағалаудың нәтижесі дерлік. “Менің білімім өте аз, соны біле тұра мен аз білімімді іске қосқым келеді, өйткені ешкім іске кіріспесе, өздігінен келетін нөрсе жоқ қой. Қазір қайткен күнде де дала өміріндегі мектеп ісін тиісті жолға қою қажет болып отыр. Ол үшін үлкен білімнен гөрі, тәжрибелілік көбірек керек. “Ашу қажет”, “бағыт беру қажет” деген екі ауыз сөзді айту мен жазу оңай, ал осы сөздерді орындау үшін маған қаншама қындық, еңбектену, реніштерді бастан кешіруге тұра келетінін өзіңіз жақсы білесіз”, — дейді Ыбырай. Дегенмен, Ыбырай бұл кезде қындыққа да қарамастан, өзі ойфа алған үлкен істерді жүзеге асыруға бел шешіп кіріседі. Болыстық мектептерді ашуды қоя тұрып, алдымен үйездік екікласты, реті келіп жатса үшкласты мектептерді ашуды қолға алады. Бұл мектептердің міндеті балаларға білім мен тәрбие беру ғана емес, сонымен қатар оларды өмірге үйрету, отырықшылық өмірге бейімдеу, дүниені түсіне білуге баулу, қысқасы, мектепті бітіріп шыққаннан кейін халыққа ақылымен де, білімімен де өмір сұруға қабілетті адамдар дайындау деп түсінеді, бүкіл ағарту жұмысын осы мақсатқа бұруды

көздейді. Болыстық мектептердің дәл қазір осындай тілекті, міндетті атқара алмайтынын білгірлікпен бағалайды. Себебі, ұстаздықтан аздаған хабары бар адам айдалағы мектепке 200-300 сом жылдық еңбек ақы үшін барып, халықпен көшіл-қонып жүре алмайды, оның үстіне болыстық мектепті жолға қоятындаі қазір қаражат та жок, сондай-ақ, мұндай мектептерге арызшыл біреуді немесе аспан астына сыймай жүрген бір маскүнемді жібергеннен тек зиянғана тартамыз деген пікірде болады Ұбырай. Мектептің халыққа барлық жағынан өнеге көрсетуін ол өркезде бірінші орынға қояды. Арызшыл, маскүнем адамдар метепке мұғалім бол барып жұмыс істеудің орнына, окуды енді-енді түсініп келе жатқан халықты шошытып ала ма деп қорқады. Үйездік мектептерді бітіріп шыққан қазақ жастары көбейген кезде ғана болыстық мектептер өз нәтижесін берер деген үмітте болады. Ұбырай бұл қудердің де қашық еместігін сезініп, алдағы уақытқа үлкен тілек, міндет арта қарайды.

Ұбырайдың жаңа досы И.И. Евфимовский-Мировицкий өзінің нашар баспаханасында “Қазақ хрестоматиясын” жақсы кітап етіп басып шыгарумен тынбай, “Оренбургский листок” газетінің осы жылғы 2-желтоқсан күнгі санында, демек, кітап жарияланғаннан не бөрі бір жеті кейін “Кітап жаңалығы” деген атпен үлкен мақала берді. Мақала хрестоматия жайындағы бірінші баспасөз пікірі болғанына қарамастан, кітаптың маңызы мен мазмұнын мейлінше дұрыс танып бағалаған, кітапты қөпшілікке алғаш таныстырып, оны оқуға шақырған, лайықты наси-хаттаған еңбек болды. “Қандай халық болмасын, – деп басталады мақала, – оның ана тілінде бірінші рет шыққан кітап, сөз жоқ, ол халықтың ағарту ісінде белгілі бір дәуір бол саналады. Өзінің туғандары, біздің көршіміз, әрі досымыз дала қазақтары үшін Алтынсарин мырза жариялаған “Қазақ хрестоматиясы” жөнінде де осыны айтуға боллады”. Газеттің Ұбырайдың өдеби еңбегіне берген бағасы да мейлінше назар аудараплық. “... білімі бар қазақ азаматы бұл кезге дейін өз халқын аз білді, халқының ауыз өдебиеті бар екенін білген де жоқ, жазба өдебиет деген қазақтарда атымен болмады, – дей келіп газет, – өз халқын билетін, сүйетін адамдар керек қой. Сонымен бірге Россияны, оның тілін, сондай-ақ, бүкіл адамзаттық білімді менгерген адамдар да қажет-ақ. Бірақ ондайлар өте аз. Тек ағайынды сұltандар Жантөриндер мен тағы екі-үш

казак қана анда-санда қазақтың өлең-өндерін жинаумен айналысып жүр. Бірақ соның борінен де бұрын біздің дала тұргындарының ұлы агарту ісіне бар жанын, күш-жігерін сала жемісті еңбек етіп жүрген адам орыс жазуымен қазақ тілінде басылып шыққан осы бірінші кітаптың авторы – Ибраһим Алтынсарин мырза... ол өз халқын біле түсудің бір сөтін де босқа жіберген жоқ, қазақ арасында айтылып жүрген өлең-жырларды көп жинап қана қоймай, халқы үшін жазба өдебиетінің ұлы маңызын өз ортасында бірінші бол түсінген адам. Үңғайы келген кезде халық ауыз өдебиетінен жинап қазақ тілінде тұңғыш оқу-агарту кітабын шығарудан да аянып қалған жоқ”. Мақаланың кейінгі жағында хрестоматияның тек Торғай облысы емес, Бекей ордасы, Түркістан, Сібір облыстарына да тарап, өз оқушысын көптеп табатыны, қазақтардың барлық жерде кітапты аңсай күтіп отырғаны да мактанды шеңберінен аталауды. “Бұқіладамдық өмір майданында тың әрі сөбидей таза ой-пікірімен, ақындық өнердің сарқылмас қорымен енді ғана көрініп, таланттымен даражана түскен осы бір халықтың өдебиетіне негіз болуы мүмкін бул кітапты басып шығару абройы біздің баспахананың еншісіне тигеніне ризашылық шеңберінде жасыра алмаймыз” делінеді мақала сонында.

Хрестоматия жөнінде айтылған бул пікірлерге қазір жүз жылдан асып барады. Бірақ соған қарамастан олар әлі күнге дейін алғашқы айтылған кездегідей сақтайды. Бүгінгі біздің ұрпақ та хрестоматияның тарихи маңызын дәл осылайша бағалайды. Бұл хрестоматия – халқымыздың азаматтық тарихындағы, мәдениет шежіресіндегі, рухани өміріндегі жаңа бетбұрыс, тың бағыт, жаңа дүниетанным, соны коркемдік әдістің бастамасы, демократияшыл жаңа өдебиетіміздің жыл санауының басы, өдеби тұліміздің қағаз бетіне түскен алғашқы нұсқасы. Ал хрестоматияның қазақ қоғамына сінірген еңбегін айтар болсақ, оны халқыныздың өзіне дейінгі тарихындағы ешбір оқиғамен салыс-

ДӘТСКІЙ МІРЬ

ХРЕСТОМАТИЯ

ДАСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ
ДАСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ НЕДЕЛЕДЕН ТАРАНДЫ
ДАСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ НЕДЕЛЕДЕН ТАРАНДЫ

ІЗДАНИЕ ДОСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ

ДАСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ НЕДЕЛЕДЕН ТАРАНДЫ
ДАСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ НЕДЕЛЕДЕН ТАРАНДЫ

ІЗДАНИЕ ДОСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ

ДАСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ НЕДЕЛЕДЕН ТАРАНДЫ
ДАСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ НЕДЕЛЕДЕН ТАРАНДЫ

ІЗДАНИЕ ДОСТАУАЛАУЫЛЫҚ АДАМДАСЫ

САЛГАУЕДІРІЛІККЕРІ
САЛГАУЕДІРІЛІККЕРІ

1936

тыруға болмайды. Ол баршадан биік тұрған аса зор құбылыс. Ол бірінші қүнінен бастап жарты ғасырға жуық уақыт бойы халқымыздың үрпағы үшін бірден-бір оқулық, өмір оқулығы, өнер оқулығы болды. Кейінгі дәуірде де өзінің озық қасиетін жоғалтпай, жаңа қоғамның жаңа адамын тәрбиелеу ісіне белсенді ат салысып келді. Басқаша айтсақ, ол – өрі алғашқы өліппе, өрі алғашқы жоғарғы дәрежелі мектеп қызметін атқарды. Дұрысында, ол осы екі абыройлы қызметтің екеуін де бір мезгілде өтеп отырды, мектептегі шәкіртке қалай қызмет етсе, жалпы халыққа сондай қызмет етті, авторының “халықтың окуына жарайтын кітап болу” арманын артығымен ақтады. Ол дала өміріне дүниелік ғылым-білімді өкеп, насиҳаттап қана қойған жок, шын мөніндегі адамгершілікті, гуманизмді, достықты, еңбекті, бостандықты мадақтаған жаңа мазмұнды кітап болды. Бұрын қазак қоғамында кітап туралы үғым көбіне “құдай атымен” байланысты болса, хрестоматия бұл үғымды өзгертіп, ілім-білім туралы жаңаша түсінік өкелді. Жұртшылық осы кітаптан бастан кітаптың діни наным-сенімдеріне ғана байланысты емес, таза ана тілінде “сейлеп”, құнделікті өмір, тұрмыс проблемаларын көтеру, шешу тәрізді тың “қасиеті” мен қабілетін танып білді.


Ыбырайдың хрестоматиясында орыс жазуы тұңғыш рет қазақ тіліне іс жүзінде қолданылды. Ыбырайдың қасында бұл мәселе жайлы ақыл қосар, жөн сілтер, көмек көрсетер бірде-бір тілші ғалым не өзге маман болған жок. Ыбырайға дейін мұндай тәжірибе қөршілес өзге халықтар арасында да көрінбеген болатын. Сондықтан Ыбырай тек өз күшіне, өзінің ақыл-ойы мен азғана біліміне сүйеніп, қазақ тілі үшін орыс жазуын батыл енгізді. Оның мұндағы негізгі принциптері: қазақ дыбыстарын жаңаша таңбалau тәсілдері, сөздерді мейлінше қарапайым және дәл жазуы т.т. кейінгі дәуірлерде де ескірмей, осы саладағы істің мызғымас негізі боп қалды. Ыбырайдың хрестоматияны орыс жазуымен шығаруы оның қазақ жастарын орыстың тілі мен біліміне қарай бастау мақсатына тікелей сай келді.

Осы жылдың желтоқсан айының аяғына таман жарық қөрген екінші кітап – “Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастапқы құралы” бүтінгі мақсатындағы тіл құралынан мүлде алыс, алшақ. Ыбырай үлт мектептерінде орыс тілін бүкілтандық тіл ретінде оқыту идеясын алғаш көтерушілердін бірі болса, “бастауыш құрал” соны алғаш іс жүзіне асырған еңбек болды.

Ыбырайдың қазақ тілінде орыс жазуымен шыгарған хрестоматиясын жүртшылықтың жылы қарсы атуы қайткенде мұсылман дініне тойтарыс беріп, орысша сауатты адамдарды көбейту арқылы отарлаушылық саясатты дала өнірінде нығайта тұсу үшін тырысып отырган Орынбор өкімшілігін ойландыра тұсті.

Ыбырай Орынборда жүрген күндерде, қарашаның аяғында Орынбордың генерал-губернаторы, Торғай, Орал облыстарының Соғыс губернаторлары және попечи-

тель бол, төртеуі жабық мәжілісте Торғай, Орал облыстырында орыс, қазақ тілдерінде “Областные ведомости” газетін шығару мәселесін қарайды. Осы мәжілістің үйгарамына байланысты ішкі істер министрінен ұлықсат сұрай жазған 11 желтоқсандағы жолдамасында Орынбордың генерал-губернаторы Крыжановский 1876 жылдың оку министрінің қазақ арасына баратын іс қағаздарын татар тіліне аудистыруды, татар тілмаштарының орына біртебірте қазақ тілмаштарын тағайындауды тапсырганын, осы ретте орыс жазуын қазақ тіліне қолдануға байланысты біраз шаралар жасалғанын айта кеп, “жақындаған Алтынсарин деген талантты қазақтың қазақ хрестоматиясын орыс жазуымен құрастырып шыгарғанын”, және “... бастауыш қурал” оқулығын бірге жолдап отырганын хабарлайды. Мұның баршасын генерал-губернатор Ыбырайды министрге мақтау үшін емес, қазақ арасында екі тілде мерзімді баспасөз органын ашудың кезеңі келгенін дәлелдеу үшін айтады. Газет шығарудагы Орынбор өкімдерінің негізгі мақсаты қазақ халқына білім беріп, мәдениетке тарту емес екені айдан анық еді. Дала тұрмысында бұл кезге дейін сауаттылықтың жөнді өрістей алмауына байланысты мезгілді баспасөздің де дами алмауы (1870-1883 жылдары Ташкентте шығып тұрган “Түркістан уалаятының газеті” Орынбор өлкесіне жөнді тарамады) отарлаушылар үшін де аз қындық кетірмеген болатын. Сондықтан да губернатор: “... қазактар арасына пайдалы мәліметтерді тек ре-



ми баспа орындары арқылы таратып отыруға болады. Бұл шараның дала жағдайында билеудің жаңа тәртібін орнықтыра түсуге, қазақтарға өз правосы мен міндеттерін білдіруге... көп пайдасын тигізетін сөзсіз”, – дейді. Бұдан кейін губернатор екі облыстан баспахана үйымдастыру үшін қаражат қажеттігін, оны да ел ішінен білдіртпей, өте сақтықпен жинап жатқандарын мөлімдейді.

Ыбырайдың орыс жазуын қазақ тіліне сөтті қолданып, жақсы кітап шығаруы Ыбырайдың өзі мен жас достары – шәкірттері үшін, ұстаздар үшін орыстың үлкен мөдениетіне қарай барудың бірден-бір жолы ретінде танылса, патша үкіметінің жергілікті өкімдері екі тілде газет шығарып, отарлаушылық саясатын нығайту үшін пайдалануды көзdedі. Мұндай газет шыққан күнде де жергілікті өкімшіліктің ресми органды болғандықтан, оның саясатын жүргізе отырып, өзінің сол негізгі мақсатын жүзеге асыру барысында халықта азды-көпті нәрселерді білдіруі, ең болмағанда ел ішіндегі соңғы хабарларды т.б. жеткізіп тұруы мүмкін еді. Осы арқылы халықтың аз да болса сауаттылығы артып, оқуға, білуге ықласы арта түсер еді.

Ыбырай бұл жабық жиналыстың жалпы еткізілетінін естігені болмаса, оның мақсаты мен шешімін білген жоқ еді. Өйткені ол Ыбырайдың қатысуын да, білуін де қажет етпейтін, Ыбырайсыз шешілетін мәселе болатын. Ыбырай өзі тарапынан хрестоматияны құрастырып, орыс жазуымен шығарды, сөйтіп, өз міндетін аяқтады. Ал енді осы жазуды өкімшілік орындары қалай, қандай мақсатқа пайдаланады, бұл өлке, облыс билеушілерінің өз жұмысы еді.

Орынбордагы жұмысын біраз ретке келтіріп, кітаптарын шығарып, Ыбырай қарашаның 29-даған Торғайға қайтады. Бұл жылғы қыс Торғай өлкесіне ерекше қаңарын төге келді. Желтоқсан туда бастаған боран бір күн ашылмай соғады да тұрады. Бұрын бұл өңірде мұндай боранды естіп, не көріп білмеген Ыбырай Орынбор мен Торғайдың арасында 20 күн азапты, ауыр жол шегіп, үйіне 19-желтоқсанда өліп-талып жетеді. Келсе, үйде жағатын бір тал отын не малға беретін бір тал шөп жоқ, отын-шөптің бәрі тау-тау қардың астында қалған. Бұл қарды тынбай соғып тұрган боран аштыртпайды да. Бір үй екінші үйге қатынау үшін үйді басып қалған қар үстімен келіп, үйдің жобасы осы-ау деген шамалы тесіп, күреп, тек төбесінен ғана түседі. Қыстың бұлайша басталуы үлкен жұттың келгенін айтпай-ақ танытты. Желтоқсан айынан басталған

Сүнқ боран келесі 80-жылдың марта на дейін ашылмайды. Іүкіл Торғай облысын қар басып, жаншығандай даладағы мал түгел қырылды. Мың жарым жылқысы бар байлар-лың қолында бір не екі жылқы қалды. Аштық пен сұық малмен бірге адамға да ауыр тиіп, адамдар өле бастады. Жолшыбай қайыр сұраған аш-жалаңаш адам. Үйездік мекеменің берген азғана қөмегі тойтарыс бола алмады. Үйездің қарамағындағы 14 мың үйдің түгел күйзеліске, шыныққа ұшырауына наурыздың ортасына таман бір пүт қара ұнның бағасы 7-8 сомға, бір пүт шөп 1 сомға, арпаның пүты 5-6 сомға көтерілді, біраздан кейін бұлар да табылмады. Ұбырайдың өз шаруашылығы да ауыр шығынға ұшырады. Асыл, жүйрік тұқымнан ірікеп жинаған екі жұз елудей жылқыдан тігерге тұяқ қалмады. Себебі: қысқа нағыз дайындық жасайтын кезде Ұбырайдың өзі Орынборда боп, ондағы жұмыстардан ұзақ уақыт бойы босап шыға алмайды да, елде шаруашылық жағын інісі Оспан Ұбырай тапсырып кеткен, кейін хат арқылы да өлсін-өлсін қайталап айтып, пысықтаған жұмыстарды мүқият орындалмайды. Көріп жүрген қыс емес пе, жылдағы тіршілігі мізді көреміз деп, салғыртси, енжар қарайды. Ақыры, мұның соңы бүкіл шаруашылықтан ада болуга алып келеді. Бірақ Ұбырай бұған қиналмады, малдан бұрын адамның аштықтан өле бастағанына, қайыр сұрап, аш-жалаңаш ел кезіп кеткеніне қатты қайғырып, облыс, үйез мекемелерінің алдына халыққа қөмек көрсету жайында мәселелер қояды, шаралар ұсынады. Ұбырай өз басы танитын, танымайтын аш-жалаңаш адамдарға қолында, үйінде бар тамақ, киім қорын, қаражатын аяусыз үлестіріп отырды. Бекініс ішінде толып кеткен жоқ-жұқа адамдар Ұбырай үйіне күндіз-түні кеп, арылмай тамақ ішіп, қонып кетіп жүрді. Бірақ бір немесе Ұбырай сияқты бірер адамның мұндай қөмегі бүкіл елге не болады? Сондықтан да ол: “Біздің жағдайымыз жұртқа қарағанда жақсы – қызметіміз бар, басымыз бар, аз да болса біліміміз бар, қолымыздан да бірдене келеді. Қайыршылыққа ұшыраған халық қалай күн көреді?” – деп қынжылады, оған жауап таппай сасады. Қыстай жауып, бораумен болған сіреу қардың сөүірге дейін ерімей сіресіп жатып алуы бұрын мал шаруашылығы тымтөүір Торғай облысын, өсіресе, Торғай үйезін түп-түгел жұтатып, тақыршаққа отырғызды.

Торғайдағы халық жағдайының қындығы, қыстың бұрын-сонды болып көрмеген сұрапыл мінезі қыс ішінде

Ыбырайды ешқайда шығармайды. Оның үстінен Ыбырай Орынбордан Торғайға оралысымен Торғайдың соғыс губернаторынан облыстық “Қазақ газетін” шығаруға бұйрық алады да, желтоқсан-қантар айларында осы газеттің бірінші санын дайындаудан басқаға бұрыла алмайды. Бірінші санды Ыбырай төрт бөлімнен (үкімет жарлықтары жайынан хабарлар, ішкі хабарлар, шетел хабарлары, таңсық өңгімелер) құрастырып, орыс және қазақ тілінде шығаруға кіріседі. Бірінші бөлімде облыс қөлемінде ашылған және енді ашылғалы жатқан орысша-қазақша мектептер жайында, орысша білмеген адамның кішкентай қағазды біреуге жаздырып алу үшін көп шығынға ұшырауы жөнінде, көбіне мұндай қағаздардың ештеңе білмейтін, сауатсыз адамдардың қолымен жазылуы хақында айтылады. Қазақтардың отырықшылыққа көшуіне байланысты пеш салатын мамандардың жоқтығы, терезе, ағаш бүйімдарын жасайтын адамдардың жетіспеушілігі, малдың сүтінен, етінен, терісінен басқа көп заттың пайдаланылмай далада қалып жатқандығы және оларды саудагерлердің бостан-босқа алуы сияқты тұрмыс пен экономикаға байланысты мәселелер көтеріледі. Жаңадан ашылатын мектептерде 50 ден 100 балаға дейін оқу мүмкіндігі айтыла келіп, осы мектептерде орыстың білімімен қатар өнеркәсіпке байланысты істер де үйретілетіні ескертіледі, сондықтан балаларды оқыту ісіне жапай үмтүлудың падалылығы көрсетіледі, “мына халық пайдасын білметін халық екен” деген сөзге қалып, “пайдалы нәрсені уақытында алып қалмай, кейін өкініп жүрмейік”, – дейді. Екінші, үшінші бөлімдерде ішкі сыртқы хабарлар беріледі де, төртінші бөлімде Жиренше шешенниң Жәнібек ханды өлсін-өлсін сөзбен, тапқырлықпен жеңген өңгімелері берілген. Ыбырай дайындаған бірінші санның да, жалпы бүл газет жөніндегі өзге жоспардың да бар өмірі осымен тынады. Ыбырайдың материалы Торғай соғыс губернаторына барғаннан кейін өрі қарай өріс ала алмайды. Ыбырай газеттің бірінші санының өзін ағартушылық мақсатына жақсы пайдалану төсілдерін тауып еді. Неліктен бұлай болғаны белгісіз. Газет сол күйінде шығып, өмір сүріп кеткенде Ыбырайдың ағартушылық қызметінің жемістірек болуына ықпал етері сөзсіз еді.

Газет төңірегіндегі жұмыстан босасымен Ыбырай өзінің төл ісі – мектептер жайымен біржолата айналысуға мүмкіндік алады. Қыстың сұрапыл қыындығы, айнала

елдін ауыр күйзеліске ұшырауы, сондай-ақ өзінің жеке шаруашылығын да тығырыққа тірелуі агартушы ісіне бөгет болды. Әуелі баста онша қыын боп көрінбеген жаңа мектептер жобаларының облыстық мекемелерде бекуі күн сайын агартушы жүргегін қобалжыта түседі, көлденең бірдемелерді тауып алып, солардың сылтауымен кідіртіп немесе бекітпей тастай ма деген қорқыныш мазалай берді. Бұл тұста Ыбырай өзі де, өзгелерді де, өсіреле, оқу-тәрбие жұмысына қатысты адамдарың барлығын қазақ арасында ағарту жұмысын дұрыс жолға қоюдың тетігі мен табысы осы мектептерді тездетіп ашуымызға байланысты деп түсінеді және түсіндіреді. Сондықтан бұл мектептер жайында қанша айтылып, ойланылып, түсіндіріліп жатқанымен, жергілікті жердің жағдайы мен мұқтаждығын білмейтін бастықтардың сөл жақпас жеріне тиіп кетіп, істі толықтатып не бұлдіріп аламыз ба деп үнемі құдікtenеді. “Қазір өткінші жағдайда отырған халқымыз өзіне қандай да болмасын адамгершілік сипатты нөр тілеп отыр”, – деп таныған Ыбырай сол нөрді халық өз бойы мен ойын уландыра, шіріте түсетін надан молдалардың қолынан алып қоя ма деп асығады, қысылады, жаңа мектептер тезірек ашылып іске қосылса, мұдай қауып, қатері болдырмауға жағдай туар еді деп ойлайды. Сондықтан да Орынбор оқу округінің үлт мектептері инспекторы Катаринскийге өлсін-өлсін хат жазып, облыс өкімдеріне кіруді, сейлесуді жалына, жалбарына өтінеді.

Қыстың ауырлығы Ыбырайдың мектептермен байланысина да, оқу жүйесін жақсарту шараларын ойластыруына да айтарлықтай бөгет жасамайды. Үрғыз, Троицкі мектептерімен хат арқылы хабарласып, тиісті ақыл-кеңестер беріп отырса, қасындағы Торғай мектебін күнбе-күн көзінен таса қылмайды. Троицкі мектебінің мұгалімі Воскобойников мектеп үйі мен жағдайының нашарлығына байланысты мектептен кеткісі келгендей, оның жылдық енбек ақысын 450 сомға көтермек боп, қыс ішінде мектепті тастап кетіп қалуын болдырмауға өрекет жасайды. Оқытушыларға сабактарды өзі үнатқан оқу құралдары бойынша жүргізу қажеттігі жайында нұсқау береді. Мысалы, география пәнінен К.Смирновтың “Математикалық, физикалық, саяси географиядан жалпы мағлұматтар” кітабын, Белярминовтың “Жалпы және орыс тарихының элементарлық курсы” оқулығын орысша-қазақша мектептер үшін лайықты деп табады. Себебі бұл кітаптарда балаларға

берілетін білім көлемі дәл де нақты және жинақы түрде берілген деп есептейді. Ал бұл принципке келініңкіремейтін Иловайскийдің “Тарихын” оқытпау жөнінде оқу округы инспекторына өз пікірін білдіріп, оның ұлықсаты мен келісімін сұрайды.

Осы қыста Ыбырай тындырган үлкен жұмыстың бірі – екікласты мектептің оқу бағдарламасын жасау. Ыбырайдың жобасында бұл бағдарлама мынадай бол көрінеді.

1-клас. а) Ыбырайдың “Қазақтарға орыс тілін оқыту-дың бастапқы құралы” кітабын оқып, үйренгеннен кейін оқу басталады; б) Толстойдың хрестоматиялары бойынша жеңіл мәтіндерді оқып, таза жазуға тәселдіру, оқу, жазу кезінде кездескен түсініксіз сөздерді бөлек дәптерге жа-зып отыру; в) “Бастапқы құралды” толық өтіп болғаннан кейін, “Қазақ хрестоматиясы” мен Водовозовтың хресто-матиясын қатар оқыту, оқылған материалдарды түсіндіріп отыру, “Қазақ хрестоматиясындағы” мәтіндерді орыс тіліне жазбаша түрде аударуга үйрету; г) арифметика сабагын кубиктер мен шоттар бойынша жүргізу.

2-клас. а) Орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасаттыра отырып, оқығанды түсіндіру, грамма-тикалық талдау жасау; б) тарих; в) география, табигат құбылыстары; г) жай бөлшектерге дейінгі арифметика; соңғы жылда жазуға, окуға үйрету, іс қағаздарын білдіру.

Оқу бағдарламасының жобасын оқу округының инспекторы Катаринскийге жолдайды.

Қысқы сұық боран алысқа шығармаса да, Ыбырай облыс мектептерімен хат арқылы байлансын үзбейді. Қантар, ақпан айларының ішінде Троицкі мектебіне барып қайтқысы келгенімен, сөүірге дейін бара алмайды, өйткені жаз шыққанның өзінде Троицкіге жетіп, барып келетін көлік табылмайды. Ыбырайдың Троицкіге бармақ себебі: мектептің мұғалімі Воскобойников почта сайын хат жа-зып, мазасын алады. Оның төркінін зерттей келіп мына шындыққа көзін жеткізеді. Троицкінің екікласты мектебі үйез бастығының адам түруға жарамайтын екі бөлмелі кішкентай, әрі жаман жеке меншік үйін жылына 300 со-мға жалдап тұрады. Ат қорага лайық үйге балалар да, мұғалім де сыймайды. Осы қаражатқа Троицкіден өте келе үй тауып алуға болатынын үйез бастығы да, мұғалім де біледі, бірақ үйез бастығы балалардың дұрыс оқуы мен денсаулығынан ғөрі, өзінің қалтасының қалың болуын ойлад, мектепті өз үйінен шығармау үшін қандай айла-

әрекеттен де тартынбайды. Осы негізде Воскобойниковпен екеуі бір-біріне өбден жау болып алады. Воскобойников үйез бастығының жаман үйін жалдау мақсатымен балаларды ат қораға қамап қойып отырғанын айтса, үйез бастығы Воскобойников мектептің балалар тамагына қаржатын езі пайдаланып, балаларды су мен нанга отырғызып қойды деп арыз береді. Бұл арада Ыбырай Воскобойников ісінің дұрыс екенін біле тұра, оған жай ескерту жасаған болады да, үйез бастығы алдағы уақытта да мектеп ісіне зиянын тигізіп жүрмесін деген мақсатпен, оны да көп ренжітпей, сөзбен риза қылып, Орынбор оқу округінің үлт мектептері инспекторы Катаринский “Троицкі мектеп үйін қолайсыз деп тапқан”, – деген сылтаумен мектепті басқа үйге көшіртеді. Осы екі ортада Катаринскийге хат жазып, оның беделін сырттай пайдаланғанына кешірім сұрайды.

Іргыз мектебінің жайы Троицкі мектебінен де жаман бол шығады. Мектепке деп сатып алған жаман үйге үйез өкімдерінің өуелі біреуі орналасады да, кейін мұнда үйездік мекемені көшіреді, мұнымен де қоймай, тағы бір саудагерді кіргізеді, сонымен балаларға оқытын, жататын жер қалмайды, олар тек өлмешінің күнін көріп, бір кішкене бөлмеде күн өткізеді. Ыбырай алғаш бұл хабарды естігенде ашуланғаннан не істерін білмей, терісіне сыймайды. Бірден саудагерді қызып шығады, үйез бастығының мекемесін қар кетісімен басқа жерге көшіруді ескертеді, оған бұдан қатты келудің ыңғайын таппайды.

Жергілікті жерде мектеп ашу, оның жұмысына жағдай туғызу міндеттері тапсырылып отырған үйез өкімдерінің осы тәрізді іске “қамқорлығы” мен шексіз ұсақтығы, ылас әрекеттері мен жеке құлқындары үшін арамза қызықтың қандайынан да табылмайтындығы Ыбырайды ойлантпай, толғантпай қоймайды. Ол өр мектептің өр бөлмесі, есік-терезесі, партасы, өрбір баласы үшін алда қандай айтыс-тартыстың, өтірік-өсектің, арыз-шағымның аз болмайтынын көре, сезіне түскендей ауық-ауық уайым-қайғы құшағына да беріліп қояды; олардан ешбір жақсылық күтүге болмайтынына көзі анық жетеді. Сондықтан алдағы күреске, женис пен жеңіліске, реніш пен қыындыққа өзін осы бастан дайындайды. “Жергілікті өкімдер тараپынан ешбір жақсылық күтүге болмайтын сияқты. Көп қолайсыздықтарға да үшырауға тұра келетін болар. Ең жаманы, қыныны – халықтың қараңғылығымен күресу емес,

сол қараңғылықты жоюға жағдай жасау үшін үкімет қойған сауатты, білімді адамдармен күресу болып отыр”, – деп Ұбырай жергілікті әкімдердің ағарту ісіне қандай мақсатпен, мұддемен қарайтынын тереңнен, әлеуметтік, қоғамдық, тілті саяси тұрғыдан түсінгенін, бағалай білгенін танытады. Сөйті тұра, ол халық училищелері туралы қазанда ұсынған ұсыныстарының жайы не болды еken деп, оны асыға күтеді, екі көзі мен құлағын Орынбор жағына тігіп, таныстарынан өлсін-өлсін сұрастырумен болады.

1879-1880 жылдардың қысы халыққа, оның ішінде Ұбырайдың өзіне де өзгеше ауыртпалық, қындық, зор күйзеліс өкелгенімен, ол ағарту саласындағы жұмысымен қатар, азаматтық парызына қатысты істерді де бір сөт қалыс қалдырмайды. Бұларға қоса қас қылғандай, өткен желтоқсанда Орынбордан Торғайға көп қиналып жеткен Ұбырайды осы ауыр күндерде бір жағынан ауру да қатты мазалайды. Жолда тиген салқыннан аяқтарының жарасы тағы ашылып, біраз уақыт төсек тартып жатуға да тұра келеді. Дегенмен мұның қайсысы да Ұбырайды ойға алған жұмысынан бөле алмайды.

Ұбырай наурыз айының ішінде “Оренбургский листок” газетіне арнап мақала жазады. Оны жазудың басты себебі облыс халқының сұрапыл жұттан азып-тозып, қайыршылыққа ұшырау жайы болды. Бұл жұт тек Торғай облысы емес, бүкіл қазақ жұртына келген үлкен ауыртпалық еді. Соңдықтан да ол қазақтың ескі жыл санауы бойынша “тақыр қоян” аталады, халықтың жадында да сол атымен ұзақ сакталады. “Қоян” жылына “тақыр” эпитетінің қосылуы мал атаулыдан ештеңе қалдырмай, тақырлап, қырып кетті дегенен шыққан еді.

Мақала “Жұт туралы”, “Қазақ даласындағы аштық хакында” деген тақырыптармен екіге бөлініп, газеттің 1880-жылғы 16, 17-сандарында (13, 20 сөуір) авторының атын толық көрсетпей, І.А. деген бас өріпперімен жарық көреді. Кейбір себептермен осылайша автор атын бүркемелей берілгеніне қарамастан, мақаланың иесі Ұбырай екені күмәнсіз еді. Мұны кезінде де, кейін де жүртшылық жақсы білді. Көек айында Орынбордағы достарына жазған хаттарында Ұбырай Орынбор газетіне мақала жібергенін хабарлап, мақала жарияланысымен, Орынбор әкімдерінің ол жағдайдағы пікірлерін біліп, хат жазуды өтінеді.

“Оренбургский листок” газетінің бетінде жарияланған бұл мақалалар өз заманының аса көрнекті қоғам

қайраткері, халық мұддесінің бірден-бір күрескері Ұбырайдың қоғамдық, әлеуметтік ой-пікірлерін танып, білуге мол мүмкіндік беретін көркем де бағалы, шыншыл да озық сипатты тамаша туындылар. Өткен ғасырдың 70-80 жылдар аралығындағы қазақ қоғамның жай-күйін танып білуде бұдан құнды да қымбат публистикалық материалды табу қыын.

“Жергілікті жердің мәтелімен айтсақ, біздің Торғай өнірін қара бұлт басып тұр, оның сұрапыл салдары бұл арадағы халық өміріне көп уақытқа дейін өсерін тигізетін болар” – деп басталатын бірінші мақаласында Ұбырай Торғай жерінің құргақшылық сипатын, халықтың бар тағдыры жалғыз Торғай өзенінің жылма-жалғы суының аз-көптігіне байланысты екенін, ал мұның өзі қыста түскен қардың қалың не жұқалығымен байланыстылығын, жаңбыр дегеннің бұл өнірде жаз айларында мейлінше болатынын айта кеп, жұттың алдындағы жылдардағы жағдаймен таныстырады. Ұш жыл қатарынан қар жаумай, жауса да жерде шана түсетіндей қар жатпай, жаз шықса жаңбыр тамбай құргақшылық болғанын, ал 1879 жылдың жазында жаз бойы ыстық жел жер бетін өбден кептіріп, қүйдіріп жібергенін, бұл аздай-ақ өрт деген пөле шығып, жердегі азды-көпті қылтанақ, қамыс атаулыға дейін құртып жібергенін (үйез бойынша 24 рет өрт болып, мұнда көптеген үйлер мен шаруашылықтардың, аздаған шөп қорының өртеніп кеткенін), сонымен қарашаның 24 нен басталған алғашқы боранға дейін жер бетінде қара шаңдақтан басқа түк қалмағанын күйзеле, құнірене жазады. Жаз бойы көк көрмеген адам мен малдың қысқа дейін-ақ азып-тозып, азар жетуі бір сүмдіктың келе жатқанын хабарлағандай болғанын айта кеп, Ұбырай бұған билеуші адамдардың жете мән бермегеніне, көрсеткен жәрдемдерінің мейлінше аз болғанына назар аударады. Осы орайда автодың көмейіндегі көп сөздің айтылмай, актарылмай қалғанын не газет бетінен алынып тасталғанын анғару қыын емес. Ашық баспасөзде оның бөрін айту да, оны біреудің жариялауы да мүмкін емес еді. Дегенмен өкімдер атына сыпайылап айтқан сынды өзге жайларда нақтырақ байқауға болады. “Боран” деген сөзді айту оңай. Ал оны бастан кешіру, өсіресе, ол үш ай ашылмай соқса, дүниеде бұдан қыын нөрсе жоқ. Боранды өзінің жылы үйлерінің терезесінен ғана көрген адамдар бұл сұрапылдың қандай екенін білмейді. Жылы үйлерін өртке беріп, өздері жыр-

тық-жыртық киіз үйлерде отырған қазақтардың қазіргі күйін көз алдыңызға келтіріп көрініз” дейді Ыбырай.

Дала өмірінде жолшыбай кездескен жанды-жансызын бәрін жалмап, жойып, жұтып келе жатқан жойқын боранның өсіреке кедей шаруаның өміріне тигізген өсерін автор зор аяушылық сезімімен баяндап, оның трагедиялық халіне өзгелердің де жанашырлық сезімін туғызғасы, шақырығасы келеді. Міне, айналасы қамыспен қымталған киіз үй тұр. Оның ішінде, бір жағында төрт кішкентай бала, үй иесі өйелімен және кемпір-шешесі, ал оң жағында тамак ол-пұлдары, ортада от жағатын жер, ал қалған жердің бәрінде жас төлдер: екі бота, үш бұзау. Маған осы төлдердің арасында орналасуға тұра келді. Ал далада неше түрлі қорқынышты дыбыстар шығарып ысқыра соққан боран жыртық үйдің төсектерінен дамылсыз да аяусыз, үйді сықырлатып алып барады. Есікті ашып, адым жерге шықсан болғаны, боран екі көзінді аштырмай, табанда құлатады да, үстінді басып жүре береді... Үйдің ортасындағы оттың айналасында ересек адамдар ғана үндемей, бір-біrine сүйенісіп отыр, балалар жұбанбай жылайды, шырылдайды. Жабагы көрпелерді жамылып жатқан кемпір ауық-ауық “ой, құдай-ай, құдай-ай!” деп жалынып, жалбарынып ах үрады. Үй иесі қабағы түсіп кеткен үн-тұнсіз, ал бетінде қайғы мен қасірет ізі өшпестей белгі салған өйелі отқа аздап қамыс салып қояды. Бір мезгілде үй иесі орнынан тұрып, белін тастай ғып буып ап, қулақшынын киіп, жолға шығатын сыңай білдірді, Әйелі өксіп жылап, жалынып, жалбарынып күйеуін жібергісі келмеди. Мен де кетпе деп көрдім. Бірақ ол ешкімді де тыңдамай, қолына таяғын алды да есікке таман барып: “20 сомнан басқа ешкімге борышым жоқ” деді (мұнысы өлсем, төлөрсіндер дегені еді). Жанында жақсы көретін хайуандардың дала-дағы қар астында дүлей боранның өлім мазағына душар болуы оның санасына сыймады, жүргегін жаралады...

Ыбырай малмен бірге көп адамның үсіп, адасып өлгенін, мал бақташыларының біразы өлі-тірісі белгісін жоғалып кетіл, бірсыныра мал түгелдей қырылғаннан кейін ауылға өздері келгенін, кейбіреулерінің малды тастап, ауылға кеп паналаганын, ірі байлардың малдарынан да ештеңе қалып жарамағанын айта кеп, осы жұттың адам аштығына соққанын үлкен өкініш, қайғы түрінде баян-дайды. “Күзден бастап соғымын сойып, сірелеп жинап алатын қазақтар қыста аштыққа ұшырайды деп бұрын

кім ойлаған”, – дейді Ыбырай. Шын аштық келгенде жалғыз еттің де түк болмай, аштықтың аузы арандай ашылып, адамдарды да жалмай бастағанына таңырқайды. “Қазақтарда осындауда бір-біріне міндетті түрде көмектесетін қасиетті өдеть бар. Әйтпесе, сараң адам халықтың мәңгі қарғысына ушырап, ел бетіне қарай алмайтын болады”, – дейді Ыбырай осы өдettің азды-көпті көмегі болғандығы жайында айта келіп.

“Қазақ даласындағы аштық хақында” деген тақырып-пен берілген жоғарғы мақаланың жалғасында автор қазақ халқының сол тұстағы тұрмыс халі мен болашағы туралы жанашырлықпен сөз қозғайды. Қазақ халқының жалғыз гана мал шаруашылығымен шүғылданып, көшпелі өмір салтынан өзгені білмеуі оның болашағы үшін зиян екенін көрсете келіп, қазақтарды отырықшылыққа айналдыру тек зорлау мен тез уақыттың ішінде күшпен көндіру түрінде болмаса екен, әйткені мұндай шүғыл шараның жеке халық үшін кейде пайдасынан зияны көбірек болатын еді деген пікірді ұсынады. “Шындығында, – дейді ол, – дала тұрғындарының халықтық өміріне жасанды түрде төңкеріс жасауга кіріспес бұрын алдымен осы халықты, оның өмірін зерттеп білу ақылдырақ іс болмай ма? Бұл халықта отырықшылық үшін қандай негіздер бар, өзі күнделікті тіршілігінде байланыс жасап отырған отырықшы халықтың өсерін ол қалай қабылдауда, бұл халық қандай табиғат жағдайларының ортасында отыр т.т. деген мәселелерді алдынала білген дұрыс емес пе? Мұның өзі зиянды қадам жасамау үшін қажет. Өйткені бүтін халықтың өмір салтын күшпен өзгерту кейде нағыз қабілетті халықтың өзін де енжар, селсоқ халыққа айналдырып жібере алады. Башқұрт халқы осындағы жағдайға душар болды деп көп адамдар айтып жүр. Шындығында, табиғаттың заңында жас баланы бірден ересек адамға айналдыру деген болмайдығой”.

Ыбырай, әрине, отырықшылық өмірге қарсы болған жоқ, қайта, мәдениет те, білім де көшпелі халыққа қонбак, дарымақ емес деп танып, өзінің педагогтік қызметінде жастарға отырықшылық өмір үшін қажет білім мен тәрбие беруді көздегені, мақсат еткені мәлім. “Қазақтар сыртқы тұрткісіз-ақ өздерінің табиғатына біткен ізденгіштігімен жақсы нәрсеге, тиімді жағдайға үмтүлышп келеді. Осының нәтижесінде ол отырықшылық жолға айқын бет бұрды. Мұны мына жайлардан көруімізге болады. Бұдан он бес

жыл бұрын қазақ облыстарының далалық үйездерінің ешбіреуінде тас үй жоқ еді. Қазақтар біздің көз алдымызыда алдымен өздеріне қысқы жылы үй, кейін кәдімгі тас жөне шым үй, ал қазір тіпті бірнеше бөлмелі сөнді үйлер сала бастады. Осы күнде тас үйі, қысқы үйі жоқ қазақ өте сирек, ал кей жерде бүтін қыстақтар болуда” – дейді Ыбырай. Ол халық өмірін терең зерттеп, оның озық бағыттағы даму тенденциясына іштей қуанады, осы біртебірте өрлеу процесіне өзге бір күштердің араласып, зиянын тигізбеуін тілейді. “Біз бұлардың барлығын айтқанда, – дейді ағартушы қазақтар үшін өмір салтының бірін мақтап, екіншісін даттау мақсатынан аулақпыш. Әрине, қазақтардың өмір бойы көпшілік тұрмыста қала беруін қаламаған болар едік. Өйткені өрбір халық өзінің даму жолында көшпеліліктен отырықшылыққа ауыспай қоймайды, халық ағарту ісінің өзі отырықшылықпен тығыз байланысты. Жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ халқы отырықшылыққа қарай бет алып келе жатыр. Мұны оның ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын соңғы кезде өзгерту қадамдарынан көріп отырмыз. Осындай кезде өзінің табиғи жолымен келе жатқан іске құштеу шараларын қолдау мақсатқа тез жеткізе қояр ма екен”.

Ыбырай қазақ халқының отырықшылыққа ойысада алғашқы нәтижелерге, іздерген, көздерген мақсаттарына жете бастағанын да орынды көріп, тиісті бағалады жөне үлкен болашақтың кекжиегін көргендей сол азғантай табыстарға үлкен үміт арта қарады. Оның “Қазірдің өзінде қала маңындағы қазақтар жер шаруашылығын орыс шаруаларынан кем білмейді. Уақыт өткен сайын, жас халыққа тән қабылдағыш та сирек қасиеттері мол қазақ халқы жер көсібімен бұрыннан айналысатын елдердің қайсысынан да қалыспауы мүмкін” деуі содан.

Әйтсе де, көп жерлердің құнарсыздығы, жер көсібімен айналысуға қолайсыздығы ды қатты қинаиды. Жер шаруашылығымен ғана шұғылдана бастаған қазақ еңбекшілеріне алғашқы талаптың жақсы нәтиже бермеуі осы жаңа бастамының келешегіне зиянын тигізбес пе екен деп қорқады. Дегенмен қазақ жұртшылығының белгілі жерлерге орналасып, ол жерлерді кем-кемдең игерे бастауы ағартушының көбінесе оптимистік қорытындылар жасауына мүмкіндік береді. “Бұдан 20-30 жыл бұрын тау ешкісіндей ен даланы кезіп жүрген халық қазір кішкентай егістік, жайылым, сулы жерді қатты қадірлейтін болды сондық-

тан жаз көшсе де, алысқа кетпейді, сол жерінен 10-15 шақырым жерде болып, жайылым жерді жаңартып қана отырады” дейді Ұбырай.

Ұбырайдың жер туралы, оны игеру, менгеру жайлыш саясаты мүлдем айқын. “Қазақтар мүмкіндігі бар жерде жер шаруашылығымен молырақ айналысада. Бұл талап, әсіресе, Торғай үйесі қазақтарының өмірінен айқынырақ көрінеді. Олар құнарлы жері болмаса да, көп еңбек пен шыдамдылықты қажет ететін егін көсібімен шұғылданып отыр” дейді Ұбырай. Ол қазақ жерін орыс шаруаларына бөлуде жергілікті жердегі отарлаушы әкімдердің үлт араздығын қоздыру саясатын ұстаушылығын мейлінше дәл танып, біліп, шама келгенінше, сол араздықты болдырмау үшін алдын-ала құрестер жүргізді. “... орыс шаруаларының жаңадан келіп қоныстанушыларына қазақтардың ең болмағанда достық түрғыдан қарай алмайтындығын көрмеуге болмайды” деп күні бұрын ескерту жасады Ұбырай. Тілегі мен үміті, тіршілігі мен тұрмысы бір халықты алалап, бірін-біріне қырғықабақ, араз жасауды болашақ үшін қиянат қылмай бағалады. Өмір бойы орыстың ғылыми мен біліміне, озық мәдениетіне үмтүлған, туған халқын да сол мәдениетке қарай тарту үшін еңбек еткен Ұбырай орыс пен қазақ халықтарының достығына да ешбір сыйзат түсірмей жалғастыра, дамыта түсу үшін қүресті. “Орыс, қазақ халықтарының бір-біреуіне жақындауын ешбір күшке салмай, табиғи даму жолдың еркіне берген дұрыс болмас па еken. Бұл ретте қазақ халқының табиғатында қолайлы рухани нышандар да барғой. Қазақ халқының орыстармен мейірлене араласатынын қазақтармен істес болған орыстардың қайсысы да растай алатын болар... орыс, қазақ халықтарының бір-біріне табиғи жақындауына, біздіңше, олардың бойындағы адамгершілік қасиеттердің кейбір ұқсастықтары жөрдемін тигізбек. Бұлардың қайсысы да күнделікті өмірінде жалған мінез-құлықтарының жоқтығымен, мағыналы да іскер ақылымен, діни не үлтшылдық сенімдер арқылы бұзылмағандығымен, қайырымды жүрегімен, қарапайым алғырлығымен, өзге бір дінге қысым жасамаушылығымен көзге түседі. Сондықтан қазақ халқының орыс халқымен жақындаусының тәсілін сырттан іздемей, адамгершілік ықпал мәселелерінен ізdegен дұрыс болмас па еken. Бұл үшін қазақ арасында орыстың білімін тарату ісі көп жөрдемін тигізер еді, мұның өзі халыққа сол

жақындаудың пайдасын да үғындырар еді. Басқа қалғандарын өмірдің өзі көрсетеді. Қазіргі уақытта қала маңындағы құнарлы жерлердегі егінші қазақтар орыс шаруаларымен ешбір құштеу шарасыз-ақ, қоян-қолтық аласып, тіршілік етіп отыр”, – дейді Ұбырай. Бұл сөздер, ойлар, болжамдар қазақ агартушысының орыс, қазақ халықтарының арасындағы рухани, ұлттық ұқсастықтарды дөл байқап, оларды болашақ достықтың тамаша негіздері ретінде дұрыс та әділ бағалай білгендейгінің күсі.

Орыстың халқына да, оның мәдениетіне де өр кез үлкен үмітпен қараған Ұбырай қазақ арасына осы мәдениеттің келу жолдарының бірін орыс қалаларының тіршілік, тұрмысынан көре білді. “Біз арамызға қоныстанған орыстарға қазақ даласын мәдениет арқылы өзгертудің үстазы ретінде қарап, көп сенім артамыз ... қазақ өмірі үшін орыс қалаларының маңызы өзгеше ... қалалар мен ыңғайлы қатынас жолдары қазақ халқының өміріне аса иғілікті ықпалын тигізеді”, – деп жазды ол. Сөйтіп, өз заманының озық қоғам қайраткері Ұбырай қазақ халқының отырықшылық өмірге көшүі мен орыс халқымен өзара жақында, достаса түсіү мөселесіне мейлінше байыптылықпен қарауды ұсынды, мұндай қын да күрделі проблемаларға қалай болса солай емес, диалектикалық жолмен келудің пайдалылығын ескертті. Мақаласының қорытындысында ол былай жазды: “Сөйтіп, біздің пікірімізше, қазақтар отырықшылыққа өз бетімен келеді, ерте ме, кеш пе, орыстармен өздері табысып ұғынысады. Жалпы мемлекеттік экономика тұрғысынан қарағанда мал шаруашылығының өзі құптауга тұрарлық болса да, қазақтар үшін мал шаруашылығын егін шаруашылығымен қатар жүргізе аларлықтай жер қалдыру керек... Қазақтарды өздерінің табиғи жолында қостау, қолдау қажет, шаруашылық саласында қазір орын алып отырған кездейсоқ төңкерістерден сақтап қалу қажет. Қазақ арасында орыс білімінің ықпалын дамыта түсіп, бұл дарынды да ақыннадай өсерлі жас халыққа адамгершілігі жағынан орыс халқына жақындей түсудің шарасын жасау керек. Қазақ халқы таяу арада орыс мемлекетімен бүтіндей қоян-қолтық араласатын болады”.

Мақала қазақ даласында, қала берді Орынбор губерниясы қөлемінде мұлде тың дауыс, жаңаша үн боп естілді. Жергілікті жердегі отарлаушы әкімдер бұрын мұндай ресми дауысты естімек түгіл, естімін деп те ойламаған болатын,

сондықтан ойларына не келсе, соны істеп жүре берген. Қазақ арасынан қогамдық, өлеуметтік мәселелерді мемлекеттік дәрежеде түсінетін, өсіресе, көтере білетін адам таяу арада шығады деп те ойламаған-ды. Мақала сол өкімдер ойлаған жайларды байыбына бара түсіну, танумен қатар, олардың ойларына кіріп те шықпайтын мәселелерді қою арқылы, төмендете айтқанда, Орынбор әкімшілігін қатты ойландырып, ал авторын қазақ халқының бүгінгі өмірі мен болашақ тағдырын бүкіл жан, жүргімен ойлайтын, ол үшін күрес жолының қайсысынан да тайынбайтын азғана ұлдардың алдындағы қатарына шығарды. Ұбырай бұған дейін Орынбор, Торғай әкімшіліктерінің алдында агарту саласындағы айқын демократиялық, халықтық ойларымен, талаптарымен көзге түссе, енді ысылған, тәжірибелі, ірі қогам қайраткері ретінде ашық та айқын өлеуметтік көзқарастармен көрінді. Бірақ бұл үшін ол ешкімнен қорқып, тізгінің тартып көрген емес. Осының нәтижесі ретінде оның жоғарыдағы екі мақаласынан соң, іле-шала тағы да бір шағын мақала жазып, “Оренбургский листокке” жібергенін атауга болады. Бұл мақала газеттің 11-мамырдағы 20-санында (Торғайдан келген хат) деген атпен авторы көрсетілмей жарияланады. Ұбырай мұнда да алдыңғы мақалаларындағы ойларды жағластырып, Торғай облысы тұрғындарының трагедиялық халін түзетуге байланысты мәселелер көтереді. Торғайда “малды сактау қамы деген мәселенің атымен жойылып, оның орнына одан қын аштық деген проблеманың туып отырғанын” айта келіп автор енді “кедейлер жағдайын қалай жөндеуге болады” деген мәселені ашық қояды. “Енді не істей керек?” деген сұрақ жүрттың басындағы жалғыз сұрақ. Мұны өмір туғызып отыр дейді Ұбырай.

Ұбырай мақалаларын жазу үстінде Торғайдың соғыс губернаторына әлсін-әлсін барып жүріп, ақыры халықтан мектепке деп жиналған қаражаттан Торғай мектебін қайтадан салуға 2000 сом ақша бөлдіріп алады. Сөуір туып, қар кетісімен бұл ақшаны қыстан жұтап, өлгені өліп, өлмегені қара жер басып, қаңғып, жұмыс іздеп жүрген кедей қазақтарға 240 мың кірпіш соғып бересіндер деп үlestіріп береді. Ақша қазына қалтасынан шықпай, халықтың өз ақшасы болғандықтан Ұбырай мектеп үйінің жобасын жоғарғы архитектуралық мекемелерге жіберіп, олардың бекітіүін сұрап өуре боп жатпайды (себебі мұндай өтініш созылмаған мен, жұмысты айлап кідіртеді деп кор-

қады). Ал Үбырай үшін мектепті күзгі оқу жылына дайындау, салып бітіру керек. Сондықтан ол оны ауыл тұрмысы мен қала жағдайының екеуін де ескеріп жасаған өз жобасы бойынша салуға тоқтайды да, мұны округтың оқу инспекторына ескертеді. Торғай мектебіне байланысты ен-дігі үлкен мәселе – қажет ағаш материалдарын табу мәсесіне тіреледі. Бұл жайында қағаз, қатынаспен ештеңе бітпейтін болғандықтан, сөуірдің орта не аяқ шеніне таман Николаевскідегі жергілікті қогамдар мен Троицкіге өзі барып сөйлеспекші болады. Үргыз мектебі де Үбырайдың келуін асыға күтеді. Себебі мектепке қажет ағаш бүйымдары өлі жетіспейді, мектеп үйін мектептің жұмысына лайықтап қайтадан жөндеу, түзеу де біраз күш пен қарожатты қажет етеді. Ал мұндай істі басқа біреуге сеніп тапсыру қыын, себебі сенген адамдар жұмыстан ғөрі өз қалтасына азды-көпті тиынның түскенін жақсы қөреді. Мектепке бөлінген ақша басқа біреу жеу түгіл, мектептің өз қажетіне жетіспейді. Сондықтан мектептерді жаңадан салуға да, жөндеуден өткізуге де, мектепке қажетті заттарды сатып алуға да, қысқасы, осы саладағы үлкен-үлкен жұмыстардың қандайына да Үбырайдың өзі жүруіне, өзі көруіне, өзі басқаруына тұра келеді. Қалың жұттан кейінгі жазда Үбырайды осындай үлкен жұмыстар күтіп тұрған еді.

Үбырай мектеп үйлерін, жөндету жұмыстарымен қатар, мектептердегі оқу, тәрбие жұмыстарын да тиісті дөрежеге көтеріп, шаруашылық жағын тұракты қалыпқа жеткізу дің шараларын қарастырады. Бұларға қоса хрестоматияның екінші кітабын бастап жазуға кіріседі. Бірінші кітаптың бас жағы қыын басталса да, аяқ жағы түгел, ойдағыдан шығуы Үбырайдың екінші кітапқа үлкен ықласпен кірісуіне жағдай туғызады, жол ашады. “Мұны мен бірекі жылда аяқтайтын болармын, – дейді Үбырай осы кітабы жайында, – хрестоматияның бұл бөлімінде мен мүмкін болғанша толық түрде жаратылыс тарихы туралы, география, тарих жайынан, аздал химиядан, физикадан, техникалық өндірістен түсінік бергім келеді. Қазақ халқының қазіргі жағдайында маңызы күшті болатын бұл еңбекті ойдағыдан орындаш шығуыма құдай тек өмір мен күш беретін болсын – мұны жақсылап қолдана білсек, бұл қазақ даласына көп өзгеріс енгізеді”.

Дала мектептерінің ісі тек қана инспектор мен мектеп мұғалімдерінің қолында болып, өзге өкімшілік мекемелер мен өр түрлі қоғамдық орындардан тиісті жәрдем,

камқорлық көрмесе, алысқа бара алмайтынын, ойлаған межеге жеткізбейтінін жақсы түсінген Ыбырай Орынбор оқу округының үлт мектептері инспекторы Катаринскийге хат жолдап, жергілікті жердегі ресми адамдардан өрбір училищеге қамқорлық жасап отыруға тиіс адамдарды белгілеп, тағайындауды өтінеді, мұның өзі заң жүзінде де, іс жүзінде де қажет екендігін ескертеді.

Шілде айында Ыбырай Торғай облысына Қазанның мұғалімдер семинариясын бітіріп келген С.Меркуьевті Торғай училищесіне екінші мұғалім етіп тағайындауды да, осы мектепте 1875 жылдан жұмыс істеп келе жатқан И.Бабинді училищенің менгерушісі етіп қалдырады.

Жаз шығысымен Ыбырай Торғай мектебінің құрылыш жұмысына өзі басшылық етіп, ақыры жаңа оқу жылдарының басына дейін құрылышты аяқтайды, екі үй салып бітіреді. Біріншісі түгелімен балаларға арналады да (онда екі класс бөлмесі, екі жататын бөлме, қолөнер бөлмесі, кітапхана бөлмесі, жуынатын бөлме, асхана, ас пісіретін бөлме), екіншісі мұғалімдерге арналып салынады (әр пәннен екі бөлмеден торт болме, кіреберіс бөлме, ас бөлмелері). Мектептің бұрынғы үйін тамақ сақтайтын сарай, монша жасатады. Мектеп үйлерінің тез салыну себебі: қыстан өліп-талып шыққан қазақ кедейлері өздерін, семьяларын асырау мақсатымен жалданып істейтін жұмыс іздел жүргенде, мектептің құрылышына кезігіп, жаз бойы тынбай жұмыс істейді. Сөйтіп, құрылыш қашан аяқталғанша мектеп жұмысшы күшінен тапшылық көрмейді. Мектеп үйлері салынып бітіп, жаңа оқу жылын бастаған кезде мектеп екікласты училищеге айналдырылды.

1880 жылдың жазы Ыбырай отбасына үлкен қуаныш әкеледі. Үйленгеніне 14-15 жыл болса да, бала қөрмей сағынып жүргенде Ыбырай зайыбы Айғаныс жүкті болып, ер бала туады. Баланың атын Абдолда қояды. Баланың туу құрметіне арнап Ыбырай үлкен той жасайды. Тойда қазақ дәстүрі бойынша ат шабыс, балуандар күресі болады. Ыбырай бұл кезге дейін шанырағында үзақ уақыт бала болмағандықтан, інісі Оспанның Хамитбек деген баласын асырап алады, бірақ ол 5-6 жасында өліп қалады. Онан кейін Оспанның Зілиха деген қызын балағып алады, ол Абдолда туғанда 2-3 жаста. Ыбырай Абдолда тұсында да, кейінгі балаларының тұсында да бала тәрбиелейтін тәрбиеші үстап, оны бағу, тәрбиелеу ісіне айрықша зерсалады, қамқорлық жасайды.

Ыбырай, сөйтіп 1880 жылдың жазын көбіне-көп Торғайда, Торғай мектебінің құрылышы маңында өткізіп, Ырғыз мектебіне жеткілікті көңіл бөле алмайды. Соның нәтижесінде бұл мектеп өндөу-жөндеусіз, бұрынғы күйінде қалады. Бірақ Ыбырай осы екі мектептің де оқу-тәрбие жұмысын жөне шаруашылық жайларын жолға қоюда біраз шараларды іске асырады. Торғай мектебінен босаған соң, күзге қарай Ыбырай Николаевскі үйеziнен жаңадан ашылмақ екікласты училищемен айналысады. Бұл кезге дейін Николаевскі үйеziнің мектебі саналып келген Троицкідегі мектеп Николаевскі үйеziнің көп болыстарынан қашық, бір шетте болғандықтан үйеziдік мектепті болыстардың барлығына бірдей орталықтан ашу қажеттігі туады. Оның үстіне бұл кезде Николаевскі үйеziнен арнап орталық қала салу мәселеiсі көтеріліп жатқан. Ыбырай осыны пайдаланып, өзінің Тобыл бойындағы ата қонысынан 3-4 шақырым, өзеннің батыс бетіндегі Ордабай тоғайы деген (қазір Қостанай тұрган) жерден үйеziдік мектеп салу мәселеiсі жөнінде үйеziдің, болыстың ұлықтарымен, ру басыларымен келіссөз жүргізе бастайды. Әлім Қылышбаев деген Ыбырайдың немере туысы, осы Арақағай болысының беделді адамы мектеп үйін салуга 500 бөрене ағашын ақысыз-пұлсыз мектеп слатын жерге жеткізіп беруді міндеттінде алады. Сондықтан Ыбырай Орынбор оқу округының жаңа попечителі В. Дальға (бұл кезде Лавровский басқа жаққа кеткен) 4 желтоқсанда хат жазып, Арақағай орманынан 500 бөрене ағашын кесіп, алдын ала кептіріп дайындауга ұлықсат алып беруін өтініп хат жазады. Даль осы хат негізінде Торғайдың соғыс губернаторынан ұлықсат сұрайды.

1880 жылдың аяғына таман облыстарда ағарту ісінің қайтадан жаңдануына байланысты 1868 жылғы Уақытша билеу тәртібі бойынша алғаш өрбір облысқа 8 мың со-мнан бөлініп, кейін жартысы қысқарып қалған қаражатты бастапқы қалпына келтіру туралы мәселе көтеріліп, ақыры сөтті шешіледі. Осы шешімді алысымен оқу округының попечителі Даль оқу министрлігіне барып, Троицкідегі біркласты орысша-қазақша мектепті екікласты мектепке көшіру туралы мәселе қояды, бұған онша көп ақшаның керек емес екенін (615 сом толық жетеді деп) дәлелдейді. Министрліктен ұлықсат болмай жатып, попечитель Троицкіге екінші мұғалім (С. Даниловты) жіберіп, жұмысқа кірісе беру жөнінде бүйрық береді.

Жылдың аяғында Троицкі мектебін екіласты мектепке көшіру жөнінде ұлықсат та алынады.

1881 жылдың наурыз айында Ыбырай “Оренбургский листок” газетіне тағы бір кішкентай мақала жібереді. Мақала авторының аты-жөні көрсетілмей газеттің 12 сөүірдегі 15-санында басылып шығады. “Торғай облысынан хабар” деген мақаласында автор соңғы бірер жылда ағарту ісінің қолға алына бастағанын, үйездік училищелердің ашылып, енді оқытушылар мектебі мен болыстық мектептерді ашу жөніндегі мәселелердің көтеріліп жүргенін айта келіп, мұндай іске жергілікті жердегі әртүрлі қауымдардың, қоғамдардың, әкімдердің көптеп көмек көрсетуі қажеттігіне назар аударады. “Топырағы мен ауа райы жақсы болмаған жерде егіс те шықпайды ғой”, – дейді автор. Осы орайда ол бірен-саран адамдардың мектепке ақысыз-құлсыз қосымша қызмет істеу бастамаларын мейлінше қолдап, оларға алғыс айтады. Ырғыз мектебінің казначейі Бажановтың мектепке өн-күй пәнінен ақысыз сабак беруін көпшілікке үлгі етіп ұсынады.

1880-1881 жылдың қысы да өткен жылғы жүттән кем соқпағанының хабарлай отырып автор, кейінгі жылы сүзек ауруының қосымша болып, халық жағдайын мүлде ауыр халге ұшыратқанын мәлімдейді. “Алдымызда не боларын, мұның бәрі немен тынарын кім білсін? Тұтас бір халық неліктен осылайша құрып кетпек!” – деп қынжылады Ыбырай. “Торғайда да жұрт нашар тұрады, – дейді ол тағы да, – айналаң толған бақытсызың. Халық аштыққа ұшырап өліп жатыр, ал осыған жергілікті өскери бастықтар қандай көмек көрсетіп отыр? Жалпы біздің алыстағы дала жағдайында кімнің қолында өкімет не күш болса, кім әкімдермен жақсы болса не әкімдерге жақса, соларғана азды-көпті жаман өмір сүрмейді. Ал әділ де нағыз занды талап қойып көріңіз, тіл тартпай өліп кетесіз. Ел аралап жүріп біздің мынадай бір сүмдышты қөргеніміз бар. Бір өскери команда да дәрігер болды. Ол өзі жаксы адам еді. Бірде өкелген етті дәрігер командаға солдаттарға жеуге ұлықсат етпейді, ал командир болса, командаға етті жеуге бүйрық береді де, дәрігерге ет бергізбейді. Кейін дәрігер отын сүрай келгенде, отынды жалпы бермеуге не жарақсыз отынды беруге өмір етеді, ал дәрігерді көрсе болғаны, оның штаб-офицер екеніне қарамастан, неге қолынды көтеріп, сәлемдеспейсін деп тиісе бастайды. Осының бәрі ақырында гарнизонда құркұлақ ауруы-

ның пайда болуына өкеп соғады. Жалпы сырттағы, алыс түпкірлердегі өрбір бөлім өкімдерінің қай-қайсысы да өздерін қарамағындағы адамдардың түгелдей қожасы ретінде таниды, тіпті олардың өмірін де билеп-төстеуге хұқылымыз деп есептейді. Қараниеттілік пен алаяқтықтың заңдылық дәрежеге дейін көтеріліп, өріс алуы екінің бірінен кездеседі. Шені төмен адамдардың аузына кейде ас та, ауа да жетіспейді. Егер бұл туралы біреуге айтар болсан, “жер бетінен құртып жібереді”. Бұл мырзалардың бүкіл тәсілі – қорқыту, өсірсе, кінесіз адамдарды өлгенше қорқытады, бір офицермен дәл осылай болды”. Ұбырайдың бұл жөне бұған дейінгі мақалаларының кейде мұлде авторсыз, кейде автордың аты-жөнінің бас өріптері ғана көресетіліп жариялануы кездейсоқ емес еді. Оның себебін осы мақалаларды оқып отырганда түсінесін. Мақалалар негізінен билеу жүйесін, өкімшілік орындарын, жеке өкімдерді, бұқара халыққа ешкімнің жаны ашымау-шылдығын, оған өліп жатса да, жәрдем көрсетілмеушілігін ресми баспасөзге сыйымды түрде өлтіре сынайды, өшкерелейді. Сондықтан редакция да, автор да мақалаларды авторсыз жариялауды қай жағынан да орынды деп тапқан төрізді.

1881 жылдың жазы шығысымен Ұбырай өткен жылы жөнді айналыса алмаған, айналысса да ештеңе бітіре алмаған Үрғыз мектебінің үйін жөндеумен шұғылданып, үйді мектептің қызмет жайына, ерекшелігіне жақындана түсу барысында едөуір шараларды жүзеге асырады. Мектептің оқу бөлмелерін, асхана, ас пісіретін, жататын бөлмелерді тиісті ағаш, төсек-орын, ыдыс-аяқ басқа да құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етеді.

Елек үйеziнің біркласты мектебі үқытша Бөрте болысында жұмыс істейтін бол шешілсе де, оның түпкілікті үйін Ақтөбе бекінісінен салдыруға 12 мың сом ақша беріледі. Бұл қаражат Ақтөбе мектебін Торғай училищесіндегі екі бөлек үлкен үй жөне оған қосымша ауру балалар жататын жеке бөлме салуға жетеді деп есептейді Ұбырай. Бұл жұмыстарын 1882 жылдың көктемінен бастау жоспарланады.

Николаевскі үйеziнің мектебін салу жұмысы 1881 жылы басталмайды. Себебі үйеziн орталық қаласын (қазіргі Қостанайды) қайдан, қашан салу мәселесі 1881 жылдың жазында шешілмейді. Бірақ Әлім Қылышбаев жеткізіп берем деген 500 бөрене ағашы мен үйеzi болы-

стық мектептерге деп дайындаған 60 мың кірпішті Ордабай тогайына 1881-1882 жылдардың қысында тасып жеткізу мәселесі қойылды.

1879-1880 оку жылдарының қорытындысында Ыбырай Торғай үйеziндегі халықтардың балаларын орысша оқытуға ықластылығын тағы да айрықша атап өтуге тиіс болады, кейбір ата-аналардың балаларын оқыту үшін қандай қын шарттар жасауга да дайын екендерін тап көрсетеді. Бұл жылы Торғайда 27 қазақ баласы, 11 орыс баласы, Ыргызда 23 орыс баласы, 25 қазақ баласы, 1 еврей, 1 татар баласы, ал Троицкідегі басқа да орыс мектептері көп болғандықтан тек 22 қазақ баласы оқиды. Ыбырай мектептің интернатында жатқан қазақ балалары мен үйлерінен қатынап оқытын орыс балаларының бірге оқуының жақсы жағымен бірге қындығы да жоқ емес екенін байқап, мұны оқытушылармен қатар, жоғарғы жаққа да хабарлайды. Бірге оку екі халықтың балаларына бір-бірінің тілін үйренуге жақсы жағдай туғызыса, екінші жағынан, орыс балаларының мектептен бос уақытында өздері мен өздері болып, көшеден мектепке өртүрлі тәртіпсіздіктерді өкелуі интернаттағы балалардың тәрбиесіне теріс өсерін тигізуінен сактандырады.

1881 жылы Ыбырай көптеген үлкен мәселелердің бірі мұғалімдер жөнінде. “Қазақ даласында халық ағарту ісін дұрыс жолға қоюда негізгі кемшиліктердің бірі болып келген жөне қазір де қындық туғызып отырған мәселе қабілетті, іскер мұғалімдердің жетіспеушілігі. Олар ішкі губернияларда аз болмаса да, қазақ даласына келмейді. Соған қарамастан қазақ арасында ағарту ісінің негізін жаңа сала бастаған қазіргі кезеңде ағарту ісінің жақсы маманының керектілігі айдан анық. Біліксіз адамдар негізін қалаған істен жақсы нәтижелер күту мүмкін емес”, – деп жазды Ыбырай. Маман мұғалімдерді қайдан болса да шақырып, олардың енбек ақысын, артығымен төлеуді Ыбырай ағарту ісінде дұрыс бағыт берудің алға шарты ретінде бағалады.

Ыбырай бул жылдары Торғай облысына қарайтын мектептерді көктемде бір, күзде бір, жылына екі рет арапап, өркайсысында екі жұмадан бір айға дейін болып, мектептің бүкіл ішкі-сыртқы, оқу-тәрбие, шаруашылық, тазалық жұмыстарын бүге-шігесіне дейін тексеріп, мұғалімдерге нақты ақыл-кеңес береді, қажет болса, өзі сабак өткізіп те көмектеседі. Өзіне, өзінің ісіне, өрбір

қадамына жауаптылық пен тәртіп тұргысынан қараған Ұбырай мұғалімдерге де солай қарайды, орындалуға тиіс істің қалай да іске асырылуын талап етеді, оқу ісін өзі қандай жақсы көрсе, оқытушылардың да оқуға соншалықты адалдығы мен ықластығын көргісі еледі, сондай-ақ, өзінің қарапайым да тартымды өнгімесін оқытушының өз ісіне ынта-жігерін арттыру жолдарын да таба біледі. Мектептерге келген кезінде қайда барса да, мұғалімдерді ертіп жүреді, жұрт алдында, өр түрлі қауымдарда мұғалімдерді ең адал да пайдалы еңбек иелері ретінде ерекше көтермелей сөйлеп, жұрттың оларды айрықша қадірлеуін, сыйлауын талап етеді, соған жағдай жасайды.

Ұбырай Катаринскийге өлсін-өлсін хат жазғанда өрбір мектепке ресми қызмет адамдарының қамқорлық жасауы жөнінде министрге ұсыныс жасауын қоймай өтіне жүріп, ақырында осы, 1881 жылы мектептердегі шаруашылық, тәртіп, тазалық, денсаулық жұмыстарына бақылау, қамқорлық жасауға тиіс адамдарды бекітіп алады, сейтіп, шаруашылық, қаражат мәселелеріне келгенде ол адамдардың жөрдемімен заң жолымен талап етуге жағдай жасайды.

Осы жылы Ұбырай алғаш рет Торғайдың екікласты училищесі жаңынан қолөнер мектебін ашу және оны үйе兹 бастығының атымен (Яковлев) атаяу жөнінде ұсыныс жасайды. Үйе兹 халқы училищеге арнап 4 мың сом ақша жинаиды және оның алдағы кездегі шығындарын да өздері көтермек болады.

1881 жылдың 4 октябрінде Орынбор оку округымен попечетителі Елек үйеziнің Бөрте болысындағы біркласты селолық мектепті ашуға ұлықсат береді. Мектеп Бөрте болысында уақытша жұмыс істейді, кейін Ақтөбе бекінісінен мектеп үйі салынып болған соң, сонда көшірілетін бол шешіледі. Мектептің мұғалімдік қызметіне Қазаның оқытушылар семинариясын бітірген А. Мозохин жіберіледі. Мозохин қазаның 10 шамасында Бөртеге келсе, мектеп деген үйдің есік-терезесі жоқ, іші көң-қоқырағатолы. Оның үстіне Мозохин бұл өнірде бұрын болмаған, ешкімді танымайды және қазақша бір ауыз сөз білмейді. Мектеп те, мектепте оқытын бала да жоқ болғандықтан Мозохин Ұбырай келгенше губернатордың айрықша тапсырмаларын орындағытын кіші жөрдемшісі Кейкиннің үйінде уақытша жата тұрады. Күн өткен сайын Мозохиннің мектептің ашылуына деген үміті азая бастайды, оның үстіне жұмыссыз қарап жатқаннан кейін зерігеді де, ақырында

оку округына хат жазып, кетіп қалғысы келетінін де білдіреді, 1000 шақырымдай жерде жүрген инспектор таяу арада келеді, келгенде мектепті аша алады деп мұлде ой-ламайды. Сейтіп жүргенде бір жетінің ішінде Ұбырайдан хат алады. Танымайтын адамның соншалықты қайырымы, парасатты жөне мейлінше жылы жазылған хаты Мозохиннің көңіл-күйін мұлде өзгертіп, бойына жаңа күш-жігер қосады, бірден іске жұмылдырады, жергілікті жерден ұзындығы 3-4 метр стол, бірнеше орындықтар дайындауды тапсырады, мектептің шаруашылығына қажет ба-сқа да нәрселерді іздеуді, табуды жүктейді, мектепке ба-лаларды тарту ісімен де шүғылдана бастауды өтінеді. Сон-дай-ақ, мектептің қасындағы медресе молдаларымен, шәкірттерімен танысып, қазақша үйрене тұруды ескертеді, өзінің 10-15 күннен қалмай келетінін хабарлайды. Қазан-ның 17-күні Орынбордан Бөрте мектебіне қажет оку құралдарын, жазу жабдықтарын, өзге де қажетті заттарды жүк тасушылар арқылы жіберіп, 21 күні кешкісін Ұбы-райдың өзі келеді. Қазақша киінген, орта бойлы адамның жүзі алғаш Мозохинге сұықтау көрінеді. Бастанқы кездесу кезінде өңгіме көбіне жұмыс жайлы ресми түрде бола-ды. Орысша атаулының бәріне жаны қас Кейкин Ұбы-райдың қасынан бір елі қалмай еріп жүреді. Ұбырай Мозохиннің оку жөнінде, мұсылман діні жайында, қазақтардың өдет-ғурыптары туралы сұрақтарының бірде-біреуіне естімеген кісіше, жауап бермей, өңгіме тақырыбын бірден өзгеге аударып жібереді. Мозохин мұны түсінбей, таңырқайды да қояды. Тек кейін оңаша қалған-дағана Ұбырай Мозохинге Кейкиннің көзінше сақ сөйлеуді тапсырады, ол біздің досымыз емес деп таныстырады. Кейін бұған Мозохиннің өз көзі де жете бастайды. Бас аяғы 18 күннің ішінде Ұбырай жоқ мектепті дүниеге келтіріп, бастауыш мектеп үшін қажет (үйден бастан, парта, орындық, тақта, оқулық т.б. дейін) нәрсенің бөрін тауып береді, мұғалім үшін төсек-орын, көрпе-жастық, ыдыс-аяққа дейін дайындағы береді. Мектеп 23-қазан (1881) күні үйez, болыс адамдарының қатысуымен ашылады, мектептің ашылу құрметіне арнап Ұбырай орысша оқудың пайдасы жайында қысқаша сөз сөйлейді. Бұдан кейін осы оқиғаға байланысты жиналғандарға аз-маз қонағасы беріледі, шақырылған қонақтар риза болып тарайды. Мек-тепке баласын берем деушілер саны алғаш көп болады. Алынуға тиіс 25 баланың орнына 23 бала интернатқа алы-

нады да, Үбырай қалған ата-аналардың да тілегін орындау мақсатымен тағы 8 баланы үйлерінен қатынап оқуға қабылдайды. Әйтсе де, оқу жылының кеш басталуына, алыстағы болыстардың уақытылы хабарланып үлгермеуіне байланысты оқуға 23-қазанда не бәрі 7 бала келеді. Үбырай үйез бастығы арқылы болыстарға балаларды мектепке 1 қантарға дейін жеткізіп болу жайында тағы да ескерту жасауды өтінеді.

Сонымен, өмірден де, үстаздықтан да ешқандай тәжірибесі жоқ, оның үстіне қазақша бір ауыз сөз білмейтін 20 жасар жас жігіт Мозохин не бәрі 7 баламен алғашқы оқу жылын бастайды. Мектептің жанында атағы бүкіл облысқа белгілі, 100 шәкірті бар үлкен медресе жұмыс істейді. Оның молдасы қазақ арасында оқымысты атанған Хұбнияз Аблаев. Аблаев пен Мозохиннің арасы жер мен көктей. Аблаев Мозохинді жұтып қойды десе ешкім таңырқамайтындар. Мозохинді осындай қыын да қоркышты жағдайда қалдыруға қанша қимаганмен, 26 қазанда Үбырай Торғайға жүрмек боп, аттанып кетеді. Қыс сөл кешірек түссе, өлі де бірер жетіге кідіру жоспрын ауа райының кенет өзгеріп, сұтына байланысты табанда өзгертуге тиіс болады.

Үбырайдың Мозохин жағдайын түсініп, оны аяғаны соңшалық, Торғайға келген соң да оған үзбей хат жазып, ірілі-усақты әрбір жұмысқа байланысты ақыл-кенестер береді, жасымай, жалғызырымай еңбек етуге, негізгі мақсат, нысана үшін аянбай күресуге рухтандырып отырады, оқыту өдісіне байланысты қай пәнді неден, қалай бастау жөнінде, немен жалғастыру жайында әдістемелік нұсқаулар жазып жібереді, қысқасы, Мозохинді жалғызыратпайды. Мозохин дәл қасында болмаганымен, Үбырайдай үлкен қамқор да абзal, қайырымды да білімді жанның сыртында тұрганын сезініп, өз ісін жақсы жүргізумен қатар, Хұбниязбен кейде ашық, кейде жабық күресін жалғастыра береді.

Қазанның соңғы күндеріндегі қара сұық Үбырайдың бұрын да осындай сұық кездерде байқатып қалып жүрген шамалы денсаулығын тағы да өлсірете түседі, Бөртеден келген соң ауырып, екі жетідей жатып тұрады.

Үбырай 1881 жылдың жазы мен күзінде мектептердегі кітапхана ісін жолға қою мәселесімен айрықша шұғылданады. Шәкірт кезінде Григорьевтің бай кітапханасын көріп, дәмін татқан, кейін Петербург, Қазан қалалары-

ның өйткілі кітапханаларында болып, тәлім алған, Торғайга алғаш келісімен үйездік басқарма жаңынан кітапхана ашып біраз ысылып қалған Ұбырай әрбір мектеп жаңынан алдымен балалар мен мұғалімдер үшін, кейін барша халықтың оқып, пайдалауы үшін кітапхана ашу – халық агарту ісін жақсартудың негізгі шараларының бірі деп тапсыды, сондықтан бұл жолда да аянбай еңбектеніп, өзінің тапқырылығы мен табандылығын сан рет көрсетті. Бұл кезге лейін Ұбырайдың өз кітапханасы өжептөүір дәрежеге жетіп қалған еді. Онда орыстың сол заманғы педагогикалық одебиеті, оқулықтары, саяси-әлеуметтік журналдары, газеттерімен қатар Крыловтың мысалдары, Пушкин мен Лермонтовтың, Гоголь мен Достоевскийдің, Белинский мен Чернышенский, Ушинский мен Добролюбовтың шығармалары, мақалалары, Бокль, Гегель, Байрон, Руссоның шығармалары мен енбектері, сондай-ақ, Григорьев пен Ильминскийдің кітаптары, Ш. Үәлихановтың жекелеген енбектері т.т. болды.

Ұбырай мектеп кітапханалары жөнінде іздене жүріп, ең алдымен жұмысты жаңадан ашылатын мектеп үйлерінен арнаулы кітапхана бөлмесін салудан бастады. Мұндай бөлме өуелі Торғай мектебінде салынып, іске қосылды. 1880 жылы министрліктен әрбір мектептің тәртіп, шаруашылық жұмыстарына қамқорлық жасауға тиіс ресми адамдарды бекіттіріп алған Ұбырай енді оларды осы кітапхана жұмысина, оны үйымдастыру шараларына мейлінше ақылдылықпен пайдалана білді. Осындай адамдардың бірегейлі Ұбырайдың туған нағашысы жөне алғашқы шөкірттерінің бірі – Корғанбек Бірімжанов. Жас жағынан Ұбырайдан азғана кіші Қорғанбек Торғай мектебін Ұбырайдан оқып, бітіріп шыққан еді. Қорғанбек адалдығымен, өділдігімен, тазалығымен жөне орысша-қазақша сауаттылығымен тек Ұбырай алдындаған емес, бүкіл елге қадірлі болған адам. Ұбыраймен екеуі өле-өлгенше достасып, араларын жазбай өтеді. Қорғанбек көп уақыт бала көрмей, сағынып барып перзентті болғанда Ұбырайдың Қорғанбектен кем қуанбай, Қорғанбек пен оның баласына арнап шығарған өлеңі бар. Осы Қорғанбек мектептер жаңындағы мөселесі көтеріліп жатқанда Торғай үйеzi бастығының кіші көмекшісі болып қызмет істейтін жөне Торғай мектебіне қамқорлық жасауға тиіс ресми адам еді. Торғай мектебінің кітапханасын жабдықтауға Қорғанбектің көп жәрдемі тиеді. Қорғанбек кітапхана жұмысина тек Ұбырайдың туысы

болғандықтан көмектеспейді, осы іске ресми адам есебінде қолғабысын тигізеді. Өйткені Торғай облысының соғыс губернаторы 11 тамыздағы хатында Қорғанбекке кітапхана ісінің жауапкершілік міндетін тапсырады. Осы сияқты өр үйезден, өр болыстан дерлік табылады. Елек үйеziнің бір ғана Дамбар болысынан кітапхана үшін деп 260 сом жиналады т.т..

Ыбырай мектеп кітапханасына кітаптар таңдау ісін қалай болса, солай емес, айқын мақсатты және ғылыми негізде қоюға тырысады. Сондықтан тиісті қаражатты жинап алғаннан кейін тәжірибелі инспекторлармен кездесіп, олардың ақылы мен тәжірибесін пайдаланбақ болады. Бұл шара ұсынылған кітаптардың баршасын бірдей ала беріп, қателеспей үшін керек дейді Ыбырай. Ағартушының түсінігінде бұл кітапханаларға ең алдымен балаларға ғылымның негізгі салаларынан білім беретін және өмірге үйрететін, өнерге баулитын, тіршілік үшін қажет шараларды білдіретін кітаптар керек. Мысалы, қолөнерін, баубақша істерін, мал шаруашылығы мен егін көсібін үйрететін практикалық оқу құралдары, кітаптар т.т.

Өзінің инспекторлық қызметін үйе兹 орталықтарындағы мектептерді екікласты училищеге айналдырып, оларға лайық мектеп үйлерін салудан бастаған Ыбырай өзінің дәл осы жылдардағы міндеті мен бағыт-бағдарын, жұмысының жайы мен болашағын былайша түсінеді: “Біздің үлесімізге қазір ең ауыр да жауапты кезең тиіп отыр. Бұл кезеңде бәрін тыңдан жасау қажет, осы жаңаның бәрін қаранды халықтың арасына апарып, күшміз бен қабілетіміз жеткенінше, оның көзін ашуымыз керек. Басында жақсы басталған істің нәтижесі де жақсы болмақ. Ал ешқандай дайын материалдың негізінсіз мектеп ашу бәрінен де қын екен. Сондықтан мен қазір бүкіл елді аралап өр түрлі топтардан, өр түрлі қоғамдық, үйездік және облыстық өкімет орындарынан қаражат сұрап алып жүргенмін.

Менің қазіргі барлық ойым: қазақ үйездерінің өз орталысынан, негұрлым тезірек, бір-бір екікласты орталық мектеп ашып, оның негізін берік қалау, оны әдемі, таза мектеп ету; сөйтіп, қазақ балаларына тәрбие берудегі жұмыстарымызда мектептің лас болуы, қабыргаларының дымқыл болуы, пешінен иіс шығуы, балалардың аш болуы, сұыққа тоңуы, оқу құралдарының жеткіліксіз болуы және халық мектептерінің көпшілігіндегі, оқытушыларының сауатсыз болуы сияқты кемшіліктерге жол бермеу.

Мектептің шаруашылық жағдайлары жаман болса, оның ісі еш уақытта да онға баспайды, пайдалы еш нәрсе бермейді, оның оқушылары да, оқытушылары да істен күдер үзіп кетеді – бұған мениң өбден көзім жетті. Мұның үстіне мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құргақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін”.

Ыбырай дала тұрмысында ағарту ісіне дұрыс бағыт берілсе, алғашқы құннен жақсы жөнге қойылса, оның қазақ халқы үшін пайдалылығына, халықтың оны тез меңгеретініне ешбір күмән келтірген жок. “Қазақ халқы білім ұрығы қаулап өсетін құнарлы жер төрізді. Әттең, осы іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде кейде күйінесің” дейді Ыбырай.

1881 жылдың аяғына таман Тұрғай облысының Николаевскі мен Елек үйездері Орынбор губерниясына қарап, Тұрғай, Ырғыз үйездері басқа облыстарға қосылады екен деген хабар тарайды. Бұл хабардың Тұрғай халқы үшін экономикалық, қоғамдық тұрғыдан қараганда ынғайсыз екендігін дәлелдеу мақсатымен Ыбырай “Оренбургский листок” газетіне тағы да мақала жазады. Мақалада автордың бұған дейінгі мақалаларындағыдан, мәселе өткір де ашық қойылып, аталған жобаның, өсіреле, Николаевскі мен Елек үйездерінің халықтары үшін қолайсыздығы жанжақты дәлелденеді. Мақала газеттің 10-қантарындағы 2-санында жарық көреді.

Ыбырай ең алдымен Тұрғай облысындағы төрт үйездің экономикалық жөне рулық қатынастары жағынан бір-біріне өте-мөте жақындығына, сондықтан олар екі жаққа бөлініп кетсе, мұндай жағдайдың олардың шаруашылығына бірден зиянды өсерін тигізу мүмкіндігіне назар аударады. Қазір жеке рулар үйездерге бөлінгенімен, облысы бір болғандықтан пөлендей зардап көріп отырған жок, көшу, өну, қатысу кездерінде бір-біріне еркін қатысып, көмек көрсетуде.

Мысалы, Николаевскі мен Елек үйездерінсіз өз жерле-рінде жаздық сұзы жок, бірақ оның есесіне жазда мал мен адам үшін зиянды жәндіктері көп Ырғыз бен Тұрғай үйездерінің жазғы көші-қоны жөнінде сез қозғауға да болмайды; сондай-ақ, Ырғыз, Тұрғай үйездерінің қысы барлық уақытта бірдей қатты бола бермейді; Елек, Николаевскі үйездерінің халықтары көбінесе қысқа қарай осы

оңтүстік үйездерге қарай көшеді; 1879-1880 жылдың қысында қатты жұтқа ұшыраған Торғай үйезіне Николаевскі үйезіндегі ағайындарының көрсеткен экономикалық қемегі атап айтуда тұрапты.

Тұстарына қора-қора мал айдал өкелгендер де аз емес; екі мындан үйді ағайын туғандары көшіріп елдеріне өкетті, олар қазір алдарына мал бітіп, жерге ие болып отыр дей келіп, автор Николаевскі, Елек үйездері Орынбор губерниясына тікелей қараса, бұрынғы жағдайдан айрылып, өзге халықтармен жақсы жер үшін таласатын кездері болмай қоймайды, осыған дейін мұндай жағдайда көбіне қазақтар таяқ жеп келді, ісі ақ, өділ бола тұрып, олар өздерінің ақтығын дәлелдей алмады, арасынан шыққан адамдары болмағандықтан дұрыстығын ешкімге айтып сендіре алмады, мұның себебі қазақтар Россия империясына жақында қосылған, ол өлі өзіне-өзі келіп үлгермеген халық дейді Ыбырай.

Қазақ халқы сәби бала төрізді, қашан өсіп, өз аузына өз қолы жеткенше айрықша қамқорлықты талап етеді, мұндай қамқорлық оны жақсылық атаулыға төрбиелеп, хұқығын қорғап, болашағын өртүрлі қолайсыз жағдайлардан сақтап отыруға тиіс деп жазды автор. Соңғы 10-12 жылдың ішінде Торғай облысы үйездерінің отырықшылықпен, жер шаруашылығымен айналысып, мектептер ашып, балаларын оқытып, мәдениет пен экономика саласында көзге көрінерліктей ілгері басқанын автор қазақ халқының орыс халқына үлкен сеніммен қарағанының нәтижесі ретінде көрсетеді.

Енді күнбек-күн өсіп, дамып келе жатқан осы үміт-сенімді халықтарды бір төнірекке жасанды түрде үйіп-төгудің салдарынан жер үшін амалсыз туатын талас-тар-тыс арқылы бұзудың, сейтіп, араларына ірікті салудың қажеті қанша дейді, Ыбырай. Патша үкіметінің халықтарды бір-біріне қарсы қою, жауластыру арқылы билеу саясатының негіздері мен төркіндерін Ыбырай дұрыс түсінбеді де, жергілікті өкімдердің көзге көрініп тұрган теріс істерін түзетпек, жөн демек, түсіндірмек боп, өр кез осындай ашық қарсылықтарға барып қап отырады.

Ыбырай орыс, қазақ халықтарының бір-біріне адамгершілік тұрғысынан жақындауына кедергі болатындағы қайшылық бұл халықтардың ешбіреуінде байқалмайды деп таныды. Сондықтан ол мақаласының қорытындысында қазақ халқы басы артық қиял атаулының қандайынан да

таза халық, бұл ерекшелігімен қазақ халқы өзі діндең халықтардың көбінен жогары тұр; ол пайдалы нөрсөнің қандайын да қабылдауға дайын, егер оның болашағын тожирибелі адамдар қолына алып, жергілікті жердің жағдайын қашан да және өр меселеде біліп өрекеттер жасаса, бұл халықтың болашағы үлкен үміттер күттіреді, көп ұзамай-ақ ол баршамызға ортақ Отанымыздың пайдалы да адал және қабілетті мүшесі болады; егер осы жас халықты жаңа билеушілер орашолақ қолдарымен басқаларға апарып, уақыты жетпей зорлап қосамыз деп жатса, бұл өте өкінішті деді автор.

Бұл мақаладан кейін Ұбырай “Оренбургский листок” газетінің бетінде жоқ. Шамасы, қазақ ағартушысының ашық та ақықат ойлары, пікірлері Орынбор өкімшілігінің көңілінен шыға бермегені былай тұрсын, айқын қарсылықтай көрінген болуы керек. Ұбырайдың орыс халқына іш тартып, оны қазақ халқының ажырамас туысындай, досындей, үстазындей көріп, екі халықтың адал достығы үшін құресіп, үкімет пен жергілікті өкімшілік тарапынан үсынылған өрбір жаңа жобаға қарсы бұлтартпас дөлелдер айтуы өкімдердің қай-қайсысына да ұнамаған төрізді.

1882 жыл Ұбырайдың ағартушылық қызметіне жаңа міндеттер мен жұмыстар өкелді. Қантар айында ол жергілікті жердің жағдайларын жан-жақты ескере отырып, бірсыныра болыстардың қатысуымен алдағы уақытта ашылмақ қолөнер мектебінің жобасын жасады.

Жалпы қолөнер мектебі туралы меселенің осы тұста көтерілуі өмірдің өзгерту, ілгерлеу талабынан, тікелей мұқтаждықтан туған еді. Ұбырай өмір тынысын білгірлікпен қадағалай бағдарлай отырып, басқа көп жайларды да уақытылы байқап, бағалаганы төрізді, қолөнер мектебінің де қажеттігін бірінші бол 1881 жылы өмірдің күн төртібіне қойған болатын. Отрықшылық өмір салтына енді ғана бет бұрып, жер көсібімен жаңа айналыса бастаған халық үшін қолөнер саласының қандайы да аудайдай еді. Ұбырай осы мұқтаждыққа бірінші кезекте аз-кем болса да, жауап берудің шешуші тетігі, құралы қолөнер мектебі деп есептеді де, оны ашу үшін қолынан келген шараның барлығын қолданды. Жаңа жылдың қантар айында жасалған жоба соның бір көрінісі еді.

Жоба бойынша мектепке алғаш 10 бала алынды, мектепке орысша-қазақша училищенің кейінгі класындағы балалар қатынап оқиды, мектептегі интернат орны 25 ба-

ладан аспауга тиіс, мектепке жиналатын қаражат артып жатқан жағдайда интернат орнын одан өрі көбейтуге болады. Мектепте қазақ балалары аз болса, мектеп басшыларының шешімімен бос орындарға орыс балалары қабылданады. Мектепке қазақ қыздарының да қатысып оқуына болады, оларға жалпы білім мен тоқу, іс тігү өнерлері үйретіледі, ер балалар үшін мектептегі негізгі оку ағаш, темір ұсталығын үйрету болуға тиіс, мектепте екі мұғалім жұмыс істейді, оның біреуі ерек, біреуі әйел болғаны дұрыс, ерек мұғалім ағаш, темір ұсталығы бойынша, ал әйел тоқыма, іс тігү істерінен сабак береді.

Мектепке түскен балалар қашан сауаты ашылғанша қасындағы орысша-қазақша училищеде оқиды, мектепке мұғалім тағайындау, оның еңбек ақысын белгілеу жергілікті инспекторға тапсырылады, мұнда мектепке жиналған қаражат пен жергілікті жағдай ескерілуге тиіс, мектептің менгерушілігі мұғалімдердің біреуіне жүктеледі, мектептің оку, шаруашылық жұмыстарын бақылау инспектордың міндетіне кіреді, сабак беру тәртібі мен сабакты өзара кезектестіре өткізу мәселелерін жергілікті жердегі оку ісіне жауапты адамдар белгілейді. Мектепке қажетті оку жабдықтары, өр түрлі құралдар, аспаптар, материалдар, оку құралдары мектеп үшін жиналған қаражат есебінен алынады деп өзге де көптеген ірілі-ұсақты жағдайлар ескерілді.

Ібырай осы жобамен бірге Орынбор оку округының попечителіне жолдаған хатында былай деп жазды: бұл мектептің қазақ даласындағы мұлдем жаңа оку орны ретінде бірден көзделгеніміздей өз алдына жеке өмір сүріп кетуі өте қыын, оның үстіне қазір үйездің материалдық жағдайы да онша емес.

Егер мектеп алғашқы кезде жақсы нөтижелерге жетіп жатса, мен бұған, өрине, барлық күш-жігерімді салып жа-тырмын, кейін оның балаларға оқытар, үйретер көсіп салаларын да кеңейте түсүімізге сеніммен қарауға болады. Сондықтан менің қазіргі өз ойым: мектептің жұмысына ұсынылып отырган жобадағы нұсқауларды сабак кезінде жетекшілікке алumen шектеп, мектепті белгілі бір қалыпқа түсіру үшін асықпау қажет. Қолөнер мектебін бір қалыпқа келтіру үшін асықпау қажет. Қолөнер мектебін жақсарту барысында ненің қажет екенін және оны басқа-ру жұмысында қандай қаулы-қатынастардың пайдалы болатындығын уақыт, тәжрибе, өсіреле, оған бөлінген қаражат көп кешікпей өзі-ақ көрсетеді.

Наурыз-сөуір айларында қолөнер мектебіне үй табу мәселесі көтеріліп, Торғай үйеziнің бастығы да, Ыбырай да мектеп үшін 6-7 мың сомға үй салудың, біріншіден, үзақ уақытқа созылып, бірнеше жыл күтүге тұра келетінін, екіншіден, мұндай қаражаттың қазір жиналып үлгермегенін ескеріп, дайын үйді арзанырақ бағаға сатып алуды қолайлы деп табады. Торғайды мектеп үйі жасауға бірден-бір лайық үй Ыбырайдың үйі болады да, Яковлев Ыбырайдың үйін қолөнер мектебі үшін 4 мың сомға сатып алу жөнінде Торғай соғыс губернаторының ұлықсатын сұрайды.

1882 жылдың бас кезінде 1868 жылғы Уақытша билеу тәртібінің қазақ арасында қолданыла бастағанына 13 жыл толды. Осыған байланысты Ыбырай жаңа билеу тәртібі қазақ қауымына не әкеледі, уақытша деп енгізілген тәртіп-тің артық-кемі неде, 13 жылғы тәжірибе нені көрсетті деген мәселеде өз ойларын ортага салады. Шамасы, облыстық әкімдердің бірі қазақ арасындағы пікірлерді білмек бол Үбырайдың өз ойларын арнай сұрағанға үқсайды. Ыбырай жоғарыда аталып өткен мақалаларындағы сияқты мұнда да қоғамдық, әлеуметтік жайларды өзі қалай түсініп, бағаласа, сол күйінде жасырып, жаппай баяндайды, мұнда да қайткенде халықтың тұрмыс-тіршілігіне пайда тигізу, көмек көрсету, тіпті болмағанда зиян жасамау деген мәселеңі бірінші орынға қояды.

Уақытша билеу тәртібінің Орынбор өлкесіне өкелген өзгерістері алдымен өлке тұрғындарын Торғай, Орал, Сырдария облыстарына бөліп, бұрынғы хан тұқымдарынан шыққан сұлтан-правительдер билеп келген Батыс, Шығыс, Орта ордаларының орнына 4-тен 6-ға дейін үйездер мен үйездік басқармаларды құруға байланысты еді. Үйездерді түгелімен орыс офицерлері мен чиновниктері басқарды, қазақ тек бір ғана жұптыны жұмысқа – үйез бастығының кіші көмекшісі қызметіне тағайындалды.

Бұл қызметтің тілмаштықтан артықшылығы шамалы еді. Бұрынғы дистанциялық бастықтар орнына Уақытша тәртіп бойынша өрбір 50 үйдің өкілдері сайлайтын болыстар келді, старшиналарды өрбір 10 үйдің өкілдері сайлады, сот билігі елуліктер сайлаган 8 биге берілді. Жер дауы мен жесір дауы сияқты талас-тартыстарды осы елуліктер мен ондықтар шешетін болды т.т. Ыбырай Уақытша билеу тәртібінің қазақ халқының жайы мен болашағын ойлау тұрғысынан емес, үкіметтің өз мұддесін қорғау, жүзеге

асыру мақсатымен жүргізіліп отырғанын ете сипайы түрде сездіре келіп, мынадай жайларға назар аударады.

Біріншіден, ол 1879-1880 жылғы қыста Торғай, Орал облыстарының қатты жұтқа ұшырап, майдарынан түгелге жуық айрылып, көп адамдарының аштықта өліп кеткенін осы билеу тәртібіне, оның халыққа жәрдем бере алмаған бюрократтық-ұstemдік мазмұнына байланысты деп таниды. Бұқіл халық та осы ойда дегенді аңғартады, соның нақты дөлелі ретінде бұл жұт туралы өлең шығармаған, халық мұнын бөліспеген бірде-бір қазақ ақыны болмағанын айтады.

Екіншіден, болыс сайлаудың қазақ арасына пара мен жаланы, ру басылардың арасындағы бітіспес дау-жанжалды, партия-партия боп қырқысқан талас-тартысты өкелгенін атай отырып, мұның өзі елді қоғамдық дамудан гөрі, ол жолдан бұрып өкетіп, талан-таражға, азып-тозушылыққа душар ете баставанын, бұдан, өсіресе, кедей-шаруалардың қатты зиянға ұшыраушылығын баян етеді.

Үшіншіден, Ұбырай осы жылдың (1882) басында “Оренбургский листок” газетінің бетінде жарияланған мақаласындағы пікіріне қайта оралып, Торғай облысы үйездерін бөліп, оларды шекара аудандарындағы басқа халықтармен араластырып жіберудің қазақтар үшін өзірге ерте-рек екендігіне, сондықтан қолайсыз нәтижелер беру мүмкіндігіне назар аударады. Қоныс аударушыларға жер беруді сылтау қылып, отарлаушы әкімдердің қазақтардың бұрыннан игеріп келген шұрайлы жерлерін құшпен тартып алып, орыс шаруаларына беру арқылы олардың арасына араздық алмасын тастанап, бұл араздықты өдейі қоздыру саясатын ұстаганын Ұбырай жүқталап болса да атайды.

Орынбор мен облыс басындағылардың үлттарды бір-біріне татулықта, достықта ұстаудан гөрі, араздықта, жаулықта ұстауға тырысуышылығы Ұбырайды таңдандырмай қоймайды. Бірақ ол мұның түпкі төркіні мен себебі неде екенін айқын түсіне алмайды, азды-көпті сезсе де, ашық айта алмайды. Екінші жағынан, патша үкіметі жүргізіп отырған билеу саясатына жергілікті халық өкіліне қарсы шығуы мүмкін емес еді. Ұбырай мұны жақсы түсінеді.

Сондықтан да ол халық арасында ауыртпалық пен жиіркеніш туғызып, “штатқа таласу” аталып кеткен Ұақытша тәртіптің сипатын өртүрлі жолдармен сөтті көрсетсе де, ақырында, мұның өзі қазақ халқының жеке халық ретінде өлі есейіп кете алмағандығынан да болуы мүмкін

деп сыпайыгершілік білдіреді. Дегенмен болыс сайлауының қазақ қауымына ашық зиянын тигізіп отырғанын айтпай кете алмайды.

Осыдан келіп ол бұрын елулік, ондық дегендердің болмағанын, олардың қазіргі қызметін ертеде ру ақсақалдары атқарып, ақсақалдың айтқандары қарамағындағы қауым үшін заң болып келгенін, шығарған биліктерін ешкім екі етпегенін, ал кейінгі бастықтарды ешкім тыңдамайтынын, өйткені бұлардың көпшілігі ел танып үлгермеген жас адамдар екендігін көрсетеді.

Әрине, бұл арада Ыбырайдың Уақытша тәртіп бойынша енгізілген сайлау жүйесін сынауы орынды, бұрынғы ру басы ақсақалдарын өділ басқарушылар ретінде маңақтауы, халыққа қайткенде пайда келтіруге болады деген ағартушылық қиялдары мен қоғамдық көзқарастарынан туындаған.

Ел ішіндегі жер дауы мәселелерінің сайлаушылар (ондықтардың) жиналысында немесе болыс съезінде де орыс қоғамындағы тәртіпті (ауылдық сходқа) қазақ жағдайына сол күйінде көшіре салу екенін, мұндай жиынға орыс сайлаушыларын шақыру оңай болса да (өйткені олар бір не бірер деревняда тұрады), қазақтар үшін жүздеген шақырым жерлерге тарап көшіп кететін халықты қажет кезінде жинау мүмкін еместігін Уақытша ереженің өзге бір үлкен кемшілігі ретінде атайды.

Пікірлерінің соңында Ыбырай Уақытша билеу тәртібі деп енгізілген заңынң 13 жылдық өмір тәжірибесі оның көп ретте қазақ халқының тұрмысы мен жағдайын, өсіресе, болашағын ойлаудан, ескеруден тумағанын айта келіп, алдағы уақытта осы жағы ескеріліп, қайта қарала түссе екен деген тілек білдіреді.

Ыбырай Торғай облысының вице-губернаторы Ильинге Уақытша билеу тәртібі жөніндегі жазба пікіріне қоса, қазақ ақындарының штатты өлтіре сынаған, оның сатқындық, мансапқорлық, паракорлық мазмұнын батыл өшкепелеген бір топ өлеңдерін орыс жазуына аударып бірге жолдайды. Вице-губернатор ішкі істер министріне жіберген жбық хатында, осы өлеңдерде көрсетіліп отырғанындей, “залалдың бүкіл төркіні билеу жүйесінің өзінен шығып жатқан” шындығын амалсыз мойындаиды.

Ыбырай арада біраз уақыт өткеннен кейін қазақ ақындары өлеңдерінің ішінен “Қазақ қайғысы” деп аталатын біреуін орысшаға аударып, “Оренбургский листок” газетіне

жібереді, бірақ газет оны жариялай алмайды. Өлең бір-екі жылдан кейін П.Распоповтың қолына түседі. Бұл – 1880 жылғы 7 шілдеде Москвада Пушкинге қойылатын ескерткіштің ашылу салтанатына қазақ даласының өкілі боп қатысып, Москвандар сарайында сөйлеген сөзінде Пушкинді ана тіліндегі хрестоматия арқылы қазақ балалары да оқи бастаны деп Үбірайдың хрестоматиясы туралы айтқан Распопов еді.

Распопов өлеңді орыс тіліне өдеби түрде аударып, өзі дайындал жатқан “Эпикалық және лирикалық мазмұнды қазақ поэзиясының нұсқалары” (1885 жылы басылып шықты) деген кітапқа енгізбек бол, ішкі істер министрлігінің баспасөз жөніндегі басқармасынан 1883 жылдың 12 қарашасында хат арқылы ұлықсат сұрайды. Бірақ баспасөз басқармасы сол жылдың 8 желтоқсандағы жауап хатында министрлің бұл шығарманы кітапқа енгізуге қарсы еkenін хабарлайды, “өлеңде патшалық билеуге, оның жергілікті билеу орындарына қарсылық бар екен” – дейді.

Бұдан Үбірайдың 1868 жылғы Уақытша билеу төртібінің халық өміріне тигізген ауыр зардабын нақты көре, түсіне білгенін, сол себепті де өшкереушілік мазмұндағы шығармаларды жинап, оларды халық ойы ретінде билеуші орындарға жеткізіп отырғанын тағы да көреміз. Ең маңыздысы: Үбірай реєми, өкімшілік, билеуші Россияның қазақ халқына, оның болашағына тек қанаушылық тұрғыдан қарап, өзге ештеңемен санаспағанын іштей дұрыс түсініп, дұрыс қорытынды жасайды.

1881-1882 жылдың қысы да Торғай өніріне жайлыш тимейді, күннің сұықтығы 1879-1880 жылғы жұт қысынан да артық, жайсыз бол, бұл жылы малдан гөрі, адам көбірек жұтап, үлкен қырғынға үшырайды. Мұның себебі: қыс бойы сүзек ауруы көтерілмейді. Жүртпен бірге Үбірайдың отбасы да түгелдей ауырып, өйтеуір өлмей, бір-бір айдан ауырып, жатып тұрады, ағайын-туғандары да түгелдей ауырады, Үбірай өзі ауырмаса да, сол жанашыр жақын адамдарын күтіп, ауырганнан жаман киналады, көңілінің қоши болмайды. Сол себепті достарына да, жұмыс бабында да ешкімге хат жазбай, ауыр қысты аурулармен бірге үйде өткізеді. Жыланып, жайымды айтып, басқалардың мазасын деген ойда болады.

Торғай бойынша сүзектен көп адам өледі. Олардың ішінде Үбірайдың ағайын-туғандары да жоқ емес. Сүзек пен аштық Торғай үйеziнде қымбатшылықтың мейлінше

қатты өріс алуына жағдай жасайды. Облыс, үйез халқына соңғы екі-үш жыл бойы бас көтертпей қайта-қайта соғып отырған жұт пен аштықтың, сүзектің ауыртпалығы Ыбырайды рухани ауыр күйзеліске ұшыратады. “Бұл бақытсыз үйездің оңалар күні болар ма екен” деп қайғырып, қапаланатын шақтары аз болмайды.

Көктем шыға Ыбырай Торғай, Ырғыз мектептерінің үйлері үлғауына байланысты шығынның да (отын, жарық, қызыметші үшін) өскендігін, оның үстіне жұт пен сүзекке байланысты тамақтың да қымбаттағанын ескеріп, мектептерге бөлінетін қаражат мөлшерін көбейту мәселесін көтереді. Оқу округи үні попечителіне осы жайында екі дүркін хат жолдайды, үйез бастығы Яковлевтің атынан губернаторға да өтініш түсіртеді.

Қар кетіп, көктем туысымен Ыбырай қысқы үйдің есکі ауасынан құтылу мақсатымен киіз үйге шығады. Торғай үйezінде кейінгі жылдары бірінен соң бірі келген ауыртпалықтар Ыбырай ойында Троицкі мен Тобыл бойына ауысу ниетін барған сайын жандандыра түседі.

1882 жылдың жазында Ыбырай көбіне Ақтөбе, Николаевскі үйездерінде болып, мектеп үйлерін тездетіп салу ісімен айналысады. 1881 жылдың қазанында Торғайдың облыстық басқармасы Ыбырайдың ұсынысымен Елек, Николаевскі үйездерінің жаңынан комитеттер құрған болатын, оның құрамына үйез бастығы (председатель), үйез бастығының аға көмекшісі, үйездік сот, үйездік мектептерді қамқорлыққа алған адамдар және жергілікті жердің бір адамы, сондай-ақ, мектептер инспекторы кірген. Комитеттердің міндегі – үйездік мектеп үйлерін тездетіп салуға көмектесу. Сонымен Ақтөбе бекінісінде мектеп үйін салу 1881 жылдың аяғында салына бастайды.

Ал Николаевскі үйезінің мектеп құрылышы өртүрлі себептермен кешігеді. Үйез бастығының 1882 жылдың қаңтар айындағы хатында Аракарағайдан тасылмақ 500 бөрененің өлі Николаевскінің орталығына, бұл кезде Қостанай атала бастаған елді мекенге жеткізілмегенін, болыстық мектептер үшін дайындалған 60 мың кірпіштің 3-4 жыл пайдаланылмай тұргандықтан бұзыла, сынға бастаған соң жұртқа қарызға беріліп, біразының сатылып кеткенін мәлімдейді.

Ыбырай бұл кезде құрылыш жұмысынан босаған мезгілінде облыстағы төрт мектепті жазы, қысы аралауды өдеге айналдырып, өрқайсысында жылына кемі екі рет

болып тексереді, соның нәтижесінде өр мектепті, өр мұғалімді бес саусағында жақсы біледі, қандай мектепке не керек екендігін, ірі-ұсақ деп бөлмей, түгелімен есінде сақтайды, қашан оны жөндегенше ұмытпайды, естен шығармайды.

Ыбырай, әдетте, өрбір мектепке келгенде ертеңгі сағат 9 дан түскі сағат 2 ге дейін сабактарға қатысып, түстен кейін 6 дан 8 ге дейін кешкі сабактарды болып, тек 8 бел 12 нің арасында ғана мұғалімдермен өңгімелесуге уақыт қалдырады. Осы ұзақ та сыршыл кеңесу, кездесу кезінде Ыбырай өзін өзгеден бөлмей, қайта, мұғалімдердің қадірлі досындаиды, туысындаидай тіпті өкесіндей сезініп, еркін өңгімелеседі. Сондықтан мұғалімдер де оған ешнөрссесін жасырмай, актарылып, бар ойларын ортага салып, қажет көмектерін уақытында артығымен алып отырады. Мұғалімдер Ыбырайдың келу сөтін ұлken мерекені күткендей асыга күттетін болған.

Ыбырай көп уақытын мектептерде өткізіп, балалардың білімін тексеріп, байқап жүрген кездерінде қарамағындағы мұғалімдерді де терең зерттеп, қайсысының қандай қабілеті, мінез-құлқы, білімі, тапсырылған іске ынтажігері бар екенін анықтап біледі, жақсы оқытушысыз қанша талаптансан да ешнөрсе шықпайтынына өзінің көзін жеткізіп қана қоймайды, өзгелердің де көздерін жеткізуге тырысады.

Сондықтан да осы кезде жақсы оқытушыны “өзіме берілген ұлken бақыттай көремін, – дейді Ыбырай – халық ағарту жұмысы бұл өңірде жаңа ғана басталып келеді, сол себепті жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік жөне мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісіміз де, қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істін қазіргі басталуына байланысты, сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытуши. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бүйректары да, әбден мұқият жүргізілген инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды”.

Торғай облысының мектептерінде, Ыбырайдың қарамағында мұндай мұғалімдер аз болған жоқ. Солардың бірі Бөрте мектебінің мұғалімі Мозохин. Оның бұл мектепке келгеніне бір жыл болмай жатып (1881 жылы қазанда келген), Ыбырай оны баласында жақсы көріп сыйлайды,

қадірлейді. Мұның біраз өзіндік себептері де жоқ емес еді. Ұбырай өткен жылдың қазан айында Мозохинді 7-8 баламен Бөртедегі айтулы үлкен медресенің жаңындағы кішкентай үйге кіргізіп кетеді. Мозохиннің айдалада қалған жетім баладай халы Ұбырайдың көніліне өркез ренішпен аяныш сезімін өкеледі.

1882 жылдың тамыз айында Бірте болысына, бір жағынан, асыға, екінші жағынан, мектептің ауыр жағдайын көрем бе деп қорқа келген Ұбырай өз көзіне өзі сенбейді, бұған дейін хат арқылы естіген жайларының баршасын көзімен көріп, көнілі орнына түсіп, айрықша қуанышқа ие болады. Ұбырай істің жайымен таныса келіп, мына жайларды анықтайды. Мозохин де, медресе молдасы Хұбнияз да оқу жылышын алғашқы құндерінде өрқайсысы өз жұмыстарымен болады. Біраздан кейін шатақ дін сабағын өткізуден басталады. Хұбнияз орысша-қазақша мектептің оқушылары медресе шәкірттерімен бірге күніге бес рет мешітке барып намаз окуын талап етеді. Мозохин өз мектебінің қазақтар арасындағы беделін түсіріп алмау мақсатымен алғашқы кездे бұған көніп, ұн демей жүреді, бірақ біраздан кейін байқаса, оқушылалдың көп уақыты бес намазбен өтеді де, үлгерімдері нашарлай бастайды, құндізгі не бәрі үш сағат оқу материалды толық білуге, менгеруге жетіспейді.

Сондықтан Мозохин Ұбырайға хат жазып, ақыл сұрайды. Ұбырайдың кеңесі бойынша оқушылардың намазы мешітте емес, мектепте өтетін болады, Мозохин Хұбниязға уақытты өзі хабарлап тұрады. Тек тұскі намаз кезінде ғана оқушылар сағат 12-де кетіп, 1-де келеді. Бірақ арда көп уақыт өтпей, балалар тағы да бұрынғыдай мешітке баратын болады. Бұған қолы жеткеннен кейін молда майсайрай, еркінси түседі. Сойтіп, өсіреле, жұма құндері қолына аса таяғын ұстап, Мозохиннің мектебіне келіп, балаларды мешітке куып өкететінді шығарады. Жаңа мектептің жайы құннен-құнгеге қындарды.

Бірақ оның есесіне бұл кезде ата-аналардың мектептегі балаларын христиан дініне оқытып жатпағанын, екі-үш айдың ішінде балаларының орысша аздап болса да оқып, жазып сауаттанып қалғанын көріп, мектепке деген сенімдері арта түседі. Мозохиннің өзі қазақша түсіне бастайды. Бұларға Ұбырайдың үнемі қамқорлығы мен тапқыр ақыл-кеңестері қосылып, Мозохинді бірте-бірте батыл күреске өкеледі. Әуелі ол молдаға балаларды мешітке таяқтап қуып

әкетпей-ақ, дін жолымен тартсаңыз да болмай ма деп көреді. Молда бұған құлақ аспайды. Келесі бір жұма күні молда мектепке кеп балаларды төсектің астынан таяғымен тінтіп іздең жүрген кезде Мозохин молдага келіп, оны қолынан ұстап далаға шыгарда да, бұдан былай мектепке келмеуін, балаларды мешітке апармауын, тек жұма күні ғана барғысы келген балаларға намаз оқытыун талап етеді.

Осы сәттен бастап облысқа, үйе зге, инспекторға арыз қардай борайды. Бірақ бұдан іштеңе шықпайды. Енді Мозохиннің алдында Хұбниязды біржолата мектептен тайдыру міндеті тұрады. Бірақ ол мұны Ыбырайсыз істей алмайтын болғандықтан, Ыбырайды күтіп жүргенде, та-мыздың бір өдемі күнінде Ыбырай келе қалды. Ыбырай да Хұбниязды мектептен алыстату жоспарын қолдайды. Бірақ мұны қалай іске асыруға болады? Ендігі қызын мәселе осыған тіреледі.

Жұмыстан молданы ашық босату – мектепке іргеден жау табу деген сөз. Бірақ Ыбырай мектепті де, молданы риза жасаудың өдемі жолын табады. Алдымен молданы шақырып алып сейлеседі, молда бірден Мозохинді жамандай бастайды. Ыбырайдың не айтқаны белгісіз, бірақ біраздан кейін молда көнілденіп шығады. Шамасы Ыбырай оған: өзіңіз медресе шәкірттеріне үлкен ғылымыңызды үйретумен алаңсыз шүғылданыңыз, орысша-қазақша мектептің азгана баласына үлкен басыңызben діннің әліппесін үйретем деп алаң болып қайтесіз, сізге жәрдемші тауып берейік, кейінгі балаларды сіздің басшылығыңызben сол жәрдемші оқытсын дегенге үқсайды.

Бұған молда қуана-қуана келіседі, өйткені ешбір жұмыссыз айына 5 сом жалақы алып тұруды жек көрмейді. Ыбырай бұрын Орынбор тубіндегі Қарқаралы медресесінде оқыған, қазір Мозохиннің мектебінде өз қаражатымен оқып жүрген бір шәкірт баланы Хұбнияздың жәрдемшісі етіп белгілейді, ол негізгі сабактардан босаған уақытта өзімен кластас балаларға дін сабағын жүргізеді. Енді Мозохиннің алдында медресенің өзін жою мәселеңі тұрады. Реті келіп жатса, бұған Ыбырай да көмектеспек болады. Медресе шәкірттері жазғы демалысқа кеткенде Мозохин орысша-қазақша мектептің екінші мұғалімін семьясымен үш бөлмелі медресенің ең үлкен бөлмесіне кіргізіп қояды.

Қазанда шәкірттер оқуға жиналар кезде Хұбнияз да келіп, үлкен дау-жанжал туады. Хұбнияз губернатор жа-

нындағы кіші чиновник Байеділ Кейкинді шақыртады. Ол келісімен өй-шәйға қарамай, мұғалімнің отбасын да-лаға қуа бастайды. Мозохин араға түсіп, мұғалімнің еш кінөсі жоқ екенін, басқа үй болмаған соң медресе бөлмесіне кіргізген өзі (Мозохин) екенін айтып көрсе, Кейкин тың-дамайды. Соナン соң Мозохин де ашуланып, қазір деру Верхне-Озерноға жетіп, губернатор мен инспекторға же-делхат берем дейді. Кейкин осы кезде тоқтап, құртам-жоям деп жайына кетеді.

Мозохин де бұл оқиғаны үйез бастығы мен Ұбырай-ға өзі тарапынан хабарлайды. Бірнеше күннен кейін Мозо-хин “Кейкинге тапсырарсың” деген Ұбырайдың хатын алады. Бірақ Мозохин мен Кейкин кейін өзара татуласып кетеді де, хат тапсырылмай қалады. Медресенің ересек шәкірттері оқытын бөлмесі болмаған соң, шәкірттер тарап кетеді де, кіші шәкірттерді Хұбнияздың оқытқысы кел-мейді.

Сонымен, 1882 жылдың аяғында медресе жабылады. Сөйтіп, осыдан бір ғана жыл бұрын Ұбырай 100 шәкірті мен оқымысты, беделді молдасы бар үлкен медресе жа-нындағы 7-8 баламен енді ашылып жатқан орысша-қазақша мектептің күні не болады деп қорқып жүргенде, бір жыл-дан сөл аса бере Ұбырайдың ойы керісінше орындалады. Медресе құлайды да, орысша-қазақша мектептің оқушы-сы 7-ден 36 балаға (мұның 25-і интернатта, 11-і үйден қатынап оқиды) жетеді.

Орысша-қазақша мектептерде мұсылман дінін оқыту, оқытпау мәселесі, оқытса молда оқыта ма, әлде басқа оқыта ма деген мәселелер Орынбор округында 1879 жылдан ба-стап көтеріліп, әр кезде әр дәрежеде пікір алысып келе жатқан еді. Оқу округының попечителі Торғай облысы-ның өскери губернаторына жазған хатында молдаларды мектепке жолатудың қажетсіздігін ескерткен болатын. Алайда, облыс әкімдері іштей мұсылман дініне қарсы болса да, сырттай бұл шешімге қосыла алмайды, себебі мұсыл-ман дінін мектептен шеттетеміз деп жүріп, қазақ құымын, халқын мектептен біржолата алыстатып алармыз деп қор-қады, мектепке бірден мұсылман дініне қарсы бағыт беруді халық жалпы дінге қарсылық деп түсініп қалмасын деген ниетте болады. Осы мақсатпен Торғайдың өскери губер-наторы облыс мектептерінің инспекторы Ұбырайға 1881 жылдың 12 тамызында мектептерде орыс және қазақ мол-даларын ұстау жайында бүйрық бреді (орыс балаларын

священник, қазақ балаларын молда оқытатын болады). “Молдалардың фанатиктік ықпалынан мектептер мен медреселерде қоркуға болар, ал орысша-қазақша мектептерде қоркудың жөні жоқ, өйткені бұларда молдалардың әрекеттерін бақылап отыратын құралдар жеткілікті” дегендегі бүйрықта.

Мектептерде қай дінді де оқытуға қарсы емес Ұбырай ақыры мұсылман діні жайында балаларға арнап қысқаша кітап жазуға кіріседі, осы арқылы балаларды діни схоластиканың зиянды шырмауына беріліп кетпеуін ескеріп, балаларға діннің тарихы жайынан қысқа мәлімет пен дұғаның бірнеше түрлерін үрету, бұған жоғары әкімдер де, жергілікті жердегі ата-аналар да қарсы болмайды деп есептейді. Кітапты 1882 жылдың тамыз айында жазып бітіреді. Оны жазғандағы мақсаты туралы Ұбырай былай дейді: “Қазіргі кезде қазақ арасына Мұхаммедтің діни окуы жайылып, етек алып барады; бұл діни оқуды көбінесе татар жөне бұқар молдалары немесе татар жөне бұқар медреселерінен оқып шыққан қазақтар жургізіп отыр. Бұл діни оку қазақтарға түсініктірек болсын деп татар кітаптарын пайдаланады; бірақ бұл кітаптарда ешқандай жүйе жоқ, тіпті, көбінде ешбір мағына да жоқ; осы күнгі кітаптар бойынша татар медреселерінде бірнеше жыл оқыған шәкірттер өз діні жөнінде еш нәрсе түсінбейтін надан болып қалады, тек болғаны олар мұсылман дінінен басқаның бәрін мүлдем жек көретін болып шығады. Бұқар жөне татар молдаларының рухани білімінің бағыты, жалпы алғанда, белгілі. Олар бір жағынан өздерінің жеке мұдделерін көздең, екінші жағынан, өздері белгілі бағыттағана, сыңаржак тәрбие алғандықтан, барлық жақсылық тек қана Мұхаммедтің діни оқуынан шығады деп біледі; будан басқаның бәрі де оқытуға тұрмайтын, көпірлердің ойлап шығарған нәрсесі, дінді өлсіретуге бағытталған әрекет деп есептейді. Ал молдалардың мұндай пікірі, мұндай бағыты мұсылман заңының немесе шаригаттың негізгі рухына толық сай келеді деп айтуға болмайды, өйткені шаригат, мысалы, әр түрлі ғылымдарды, өнерді қай халықтан болса да үйренудің керектігін еш жерде теріске шығармайды; бұған мысалы ғалым молда (хатип) атағын алғысы келген адам өртүрлі “Фәндерді”, яғни, өртүрлі ғылымдарды, есепті, дәрігерлікті жөне астрономияны окуға тіпті міндетті екені дәлел бола алады. Сонымен, бірінші жағынан халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл

талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтының ескеріп, екінші жағынан, осылай болған соң қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дінді оқытуға негізгі құрал бола алатын оку құралын жасап берудің қажеттігін еске ала келіп, мұның үстіне, мүмкін болғанынша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктепері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал, екіншіден, татар тілі қазақтар арасында алдағы уақытта да жазба тіл боп қала бермеуі үшін... мен соңғы кезде Мұхаммед шаригатын үйрене бастап... осы оку құралын жазуға кірістім... Менің бұл еңбегім балаларына құдай парызын өрбір мұсылманның білуіне міндетті мөлшерінде үйреткісі келетін қазақ үйлерінің және бұл пән оқытылатын орыс-қазақ мектептерінің құралы ретінде өзінің алдына қойған мақсатына сай келеді деп көміл сенемін". Ұбырай алғашында бұл кітапшасын ("Шаригат ислам") орыс жазуымен шығарғысы келсе де, кейін "қазақ арасында сенімді болмас", "әр түрлі қолайсыз әңгімелер туғызар", "сөйтіп іске аспай, мектеп кітапханаларында жатып қалар" деген қауіппен, араб жазуымен шығаруға тоқтайды, кітапты мектеп қаражаты есебінен Қазан баспаларының бірінде бастырып беруді Ильминскийден сұрайды, кітаптың корректурасын оқуды Қазандағы туыс студенттері Алдияров пен Қарабаевқа тапсырады.

1882 жылдың аяғында Ұбырайдың қарамағындағы төрт мектептің үшеуі екікласты (Ұргыз, Торғай мектептерінде қазақ, орыс балалары, ал Троицкіде тек қазақ балалары оқиды), бір біркласты (Бөртедегі уақытша мектепте қазақ, орыс балалары оқиды) мектеп ретінде жұмыс істейді. Әуелде бұлардың әрқайсысында 50 баладан 100 балаға дейін (интернат орнымен) оқиды делінсе де, бұл кезде өр мектепке орта есеппен 25 баладан келеді. Интернатта жататыны бар, өз қаражаттарымен оқитындары бар – барлығы төрт мектепте 22 қазақ баласы, 42 орыс баласы оқиды.

Мектептердегі оку-тәрбие жұмыстарының жылдық қорытындысына байланысты есебінде Ұбырай қолөнер мектебі туралы мәселені тағы көтереді, мұның өзі халықтың отырықшылыққа, жер көсібіне ауысуына байланысты қажеттіліктен, ағаш, темір бүйымдарының жетіспеушілігінен туып отырганын айтады. Осы мектептің тоқыма, киім тігү өнеріне үйрететін бөлімшесін ашудағы негізгі мақсат қазақ қыздарын қызықтырып алдымен қолөнер мектебіне, содан кейін орысша-қазақша мектептерге тар-

ту еді, бірақ осыған қызын оқытқысы келіп отырған адам өзірге көрінбей түр дейді.

Қазақ мектептері үшін мұғалімдер дайындастынын арнаулы мектептің жоқтығы агарту ісінің ойындағыдан өріс алуына кедергі келтіріп отырғанын тағы да атай келіп, Ұбырай үйездік мектептерді бітірген біраз жастардың мұғалімдік қызметке жіберілуі алғашқы кезде орынды шара болғанымен, арнайы дайындалған қазақ мұғалімдердің қажеттігін кейін де күн тәртібінен алып тастай алмайды деген пікірді білдіреді.

1882 жылдың соңы айларында Ақтөбе бекінісіндегі мектептің құрылыш жұмысы негізінен аяқтала келеді, ал Ордабай қалашығындағы мектептің құрылыш материалдары қыс бойы мектеп салынатын жерге жеткізіліп, жаз шыға үйді қалай бастау жоспарланады.

Осы кезде Ұбырай көтерген қоғамдық мөні үлкен мәселенің бірі – үйез орталықтарындағы училищелерге қалалық мектеп атағы мен праволарын беріп, оларды бітірген адамдарға мемлекеттік қызметке орналасу право-сын беру жайында. Ұбырай екіласты мектептерге жақсы мұғалімдердің табылмау себебін бұл мектептердегі қызметтің мемлекеттік қызмет дәрежесінде танылмай отырғандығынан деп біледі. Әсіреле, екіласты мектеп көлемінде білімі бар қазақ жастарының үйездік басқармаларда, тағы басқа сол сияқты әкімшілік орындарында өздерінің білімдеріне лайық орын таба алмауы, тіпті бұған заң жүзінде праволарының жоқтығы, орыс, қазақ еңбекшілерін рухани-экономикалық жағынан бір-біріне жақындана түсуге көмегін тигізетін қызметтерге де жолатылмауы Ұбырайды өркез қатты назаландырады.

Сондықтан да ол егер қазақ даласында орысша оқыту ісін жолға қоямыз десек, орысша-қазақша үйездік мектептерді бітірушілер мен оларда жұмыс істейтіндерге қалалық мектептер правосын беру қажет, бұл қазақ арасында орысша-қазақша оқу орындары мен оларды бітірушілердің халық алдындағы беделін анағұрлым көтеру бол табылады, сондай-ақ, халықты да оқуға қызықтыру мен тартудың тиімді тәсілі болады деп танып, өзгелерді де осыған сендіру үшін көп өрекет жасайды.

Арада бір жыл өткеннен кейін ғана, 1883 жылдың аяғында Орынбор оқу округтynың попечителі Торғай өскер губернаторына хат жазуға мәжбүр бол, онда былай дейді: Алтынсарин мырзаның пікірінше, ең болмағанда үйез бой-

ынша бір оқу орнын бітіргендерге мемлекеттік қызметкес орналасу хұқығын беру керек, мұнсыз, оның айтуынша, тіпті қазақ үйездерінің басқармаларында да қазактарға штаттағы орын берілмейді, осының нәтижесінде қазақ жастары орыс мектептерінен алып шыққан білімдерін іс жүзінде қолданатын қызмет таба алмай, көп уақыт өтпей-ақ ұмытып, өз бетімен кететін көрінеді.

Торғай облысы үйездеріндегі бір-бір мектепке аздал хұқық беру, Алтынсариндың ойынша, оларды кем дегенде ішкі губерния үйездеріндегі окушыларына белгілі право беріп шыгаратын гимназия, прогимназия және басқа да сол сияқты оқу орындарының қатарына жақындана түсер еді.

Ыбырай мектепке түскен балалардың бір-екі жылдан кейін оқуға мектепті жаман жағынан көрсететін құбылыстардың бірі ретінде қарап, қайткенде оны болдырмау үшін күресті. Біраз адамдар мұндай балалардың шала сауатты күйінде мектепті тастан кеткенін ескермей, білім берmedі деп мектепті кінәлайды, сондықтан осында жағдайды болдырmas үшін, сол балалардың ата-анасынан баланың мектепте оқыған кездегі шығынын өндіріп алу қажет деген мәселені көтерді. Бірақ мұны облыстық өкімшілік қолдамады. Ыбырайдың пікірінше, мектепті жақсы бітірген 10 бала шала сауатты 100 баладан анағұрлым артық. Өйткені 10 баланың халыққа өкелер пайдасы тек қызметімен ғана өлшенбейді, олар бүкіл адамдық білігі, тәртібі, мінездүркүлкүмен де халықты өнерге, білімге тарта түсудің баға жетпес үлгі-өнегесі. Ыбырай осы принципті қашан да қалтқысыз үстады.

Ыбырай бұл жылы мектеп кітапханасын үйімдастыру мәселесінде де едөүір тындырыды. Төрт мектептің жаһынан 670 сом ақша тек кітап сатып алу үшін жиналды. Өз кезеңі үшін бұл аз қаражат емес еді. Ыбырай енді осы қаражатты тиімді де үқыпты жұмсау үшін тәжірибелі инспекторлармен ақылдасу сөтін іздестіре бастады. Ыбырайдың бұл кітапханаларды үйімдастырудагы мақсаты оқушылар мен оқытушылар үшін қажетті оқу құралдары мен ғылыми-методикалық әдебиеттерді т.б. алдыру болса, арғы мақсаты бүкіл халықтың өз бетімен оқып, білімін көтөруге жағдай туғызатын мәдениет пен білімнің өзгеше бір отауын тұрғызу еді, арғы-бергі замандардағы жақсы, ойлы, пайдалы нәрсelerдің бәрін жадында сақтап, үрпақтан-үрпаққа жеткізіп отыратын кітап деген ғаламат дүниені қазақ өміріне жаңадан енгізу еді.

Осындай айқын мақсатпен, ыждағатпен еңбектене, іздене жүріп, Ыбырай 1883 жылы мектеп кітапханаларын бірінші кезекте қажетті оқулықтармен, жетекші құралдармен, карталармен, глобус, есепшот сияқты қосымша көрнекі құралдармен түгелдей қамтамасыз етеді. Әрбір мектеп мезгілді баспасөз органдарынан “Семья и школа” немесе “Народная школа” журналын жаздырып алдырады. 1882 жылы мектеп кітапханасы үшін жиналған қарашатқа Гестерманның техникалық коллекциясы (зығыр, мақта, жұн, жібек, тері, жазу қағазы, шыны т.б. өндіру мен қолдану нұсқалары), ұзындықты, салмақты, ауырлықты өлшеу құралдары, физика, химия кабинеттерінің жабдықтары, барометр, микроскоп, электромагнит, телеграф, ғажайып шамдар т.б. жаздырып, сатылып алынады. Ыбырай осындай техникалық оқу жабдықтарын, сондай-ақ оларды түсіндіретін жетекші құралдарды таңдал, талғап ала жүргенде бір нәрсені естен шығармайды. Ол – осы құралдарды іс жүзінде пайдалана білуге үйрену мәселесі. Сондыктан да Ыбырай жалаң кітаби түсіндірмeden гөрі, әрбір нәрсені оқушының көзімен көріп, қолымен ұстауына мүмкіндік беретін, сөйтіп, оның осы ғаламат сырын өз бетімен танып, менгеруге құмарлығын арттыратын макеттерді алдыруға көбірек көңіл бөледі.

Кітап, кітапхана, мұғалім – Ыбырай өмірінің бұл жылдардағы ажырамас негізгі серіктері, тұлғалары. 1883 жылы ол бұлардың әрқайсысына өлденеше рет оралып, өз ойларын сабактай, терендете түсудің өртүрлі сәттерін табады. Қаңтар айында училище мұғалімдеріне қай сабакты қалай оқыту тиімділігі жөнінде жолдаған нұсқау хатында Толстой, Ушинский, Буканов, Водовозов, Паульсон тәрізді авторлардың оқу құралдарынан үйренуді, үлгі ауды ұсынумен қатар, педагогика саласында әйгілі Коменскийдің “Ұлы дидактика” кітабын, тағы сол сияқты бірсыныра педагогтердің еңбектерін оқуды міндеттейді, Крыловтың мысалдарын балаларға оқып беруді тапсырады, ғылым-білімнің өзге де көптеген салаларынан осындай кітап, құралдар ұсынады.

Бұларды ұтымды да тиімді пайдалану үшін ең алдымен осы кітаптарды оқытушының өзі мүқият оқып, әрқайсының мазмұн мен мақсат жағынан қай кезде қажет болатынын айқындауы керек, сондай сәттерді тауып қолданғандаған қосымша материалдар өз нәтижесін береді, – дейді Ыбырай. Кейбір ұстаздардың сабак білмейтін бала-

ларға өртүрлі айып тағып, өзін барлық, кінәдан араша-лауға тырысуын мұлде теріс деп санайды, мұндай мұғалімдердің өздері ештеңе оқымайды, ізденбейді, сабақтары жүйесіз, ықылассыз өтеді, сондықтан да балалар ештеңе түсіне алмайды, әйтпесе, жаратылысынан нашар, қабілетсіз туатын бала болмайды дейді.

Ағартушының көрі демей, жас демей, тәжірибесі аз не көп демей, бүкіл ұстаз атаулыға ұсынатын да, олардан сабақ жайында талап ететін де принципі біреу. Ол: егер балалар бірдемен түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кіналауға тиіс емес, қайта оларға түсіндіре алмағаны үшін өзін кіналауға тиіс.

Балалармен сөйлескеде ол ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық жасауы керек, өрбір нәрсені ықыласпен қонымды етіп түсіндіруі керек, мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбауы керек; мұндай сөздер оқушыларға ғана түсініксіз болып қоймайды, басқа тындалап отырган адамдардың құлағына да жағымсыз естіледі; бөгде тындаушылар бұл оқытушының терең білімі не ойы жоқ екенін, оның тек ғылыми терминдермен, сөздермен ғана құтылғысы не мақтанғысы келетінін, ал педагогтік және оқытушылық әдістер өте тапшы, үстірт қана түсінігі бар екенін көреді. Оқушылардың жұмысын бағалаганда олардың іске тікелей қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, еккен егістерінің бетіне шыққан жемістеріне қарай бағалайтынын, яғни оқушыларының алған білімдеріне қарай бағалайтынын толық түсінсе, бұған олардың өздерінің де көздері өбден жететін болады.

Қантар айының басында Ыбырай Қазан университетінің медицина факультетінде оқып жүрген жақын туысы Қарабаевтан хат алып, Ильминскийге кейінгі жіберген қолжазбасының цензурада жатқанын естиді. Қарабаев хатының мақсаты қолжазбаның қайда екенін хабарлау емес, өзінің сол қолжазба корректурасын қарауға мүмкіндігінің жоқ екенін алдын-ала ескерту еді. Сондықтан Ыбырай оны енді өзі қарап шығып, попечительдің өзі арқылы не оның айтуы бойынша Қазанға қайырмак болады.

Осы айда Ыбырайдың үйін қолөнер училищесіне сатып алу жөнінде облыстық басқарманың ұлықсаты келіп, Ыбырай отбасымен үйді босатып, уақытша басқа үйге шығады. Бұл кезге дейін қолөнер мектебіне деп сатып алынып, дайындалып қойған темір мен ағаш өңдеу аспаптарын, өзге де қажетті материалдарды үйге кіргізіп, бөлме-бөлмелеге

орналастыра бастайды, кабинеттер мен шеберханаларды жабдықтауға кіріседі. Жақсы да іскер мұғалімдерді іздеу және табу мақсатымен т.б. шаруашылықтармен оқудың басталуын кейінге қалдыра тұрады.

Откен жылдың соңғы айларында Ыбырай облыс мектептерін үзак та мұқият тексеру сапарынан оралғаннан кейін, мектептерге қамқорлық жасап, қаражат жинау, құрылыш істеріне көмектесу, кітапхана ашуға жөрдем беру сияқты жұмыстарда көзге түсіп жүрген біраз адамды ынталандыру және сол арқылы мектептің де халық алдындағы беделін көтере түсу мақсатымен сыйлыққа ұсынады. Катаринскийге 4 ақпанда жазған хатында мұндай шараның түптеп келгенде қазақ мектептерінің келешегі үшін қажет екенін ескертеді.

Жазға салым, наурыз айының аяқ шенінде қолөнер училищесіне Яковлевтін атын беру жайындағы хабардың келуі Торғай үйезін бір дүрліктіреді. Торғайға үйез болмай тұрып келген, кейін үйез құрылған кезден бері оның бастығы қызметін атқарып келе жатқан Яковлевке жаңадан ашылғалы жатқан оқу орнының атын беру – үкіметтің отарлау саясатын нығайта түсу шараларының бірі еди.

Ағарту майданындағы үйымдастырушылық, басшылық жұмыстарға қоса Ыбырай творчестволық қызметтің де ұмыт қалдырмайды. 1883 жылдың сөуіріне дейін хрестоматияның екінші кітабын жазуға байланысты біраз жұмысты тындырады. Атап айтқанда, кітаптың табиғат тарихына байланысты тарауын аяқтап, географиялық өнгімелерді бастап жазуға кіріседі.

Сөуір айының 10-ы күні Орскіде қазақ халқының көптен күткен жана оқу орны – қазақ мұғалімдерін дайындаитын мектеп ашылады (мұны кейде мұғалімдер институты деп те атайды). Оның дүниеге келу тарихы қысқаша былай: Ұсак халықтар арасында ашылмақ мектептер үшін мұғалімдер дайындау мөселеесі 50-ші жылдардың аяқ шенінен бастап қозғалады. Қазан оқу округының попечителі Шестаков жергілікті халықтың тілін білетін мұғалімдер даярламай тұрып, ағарту саласында іс тындыру мүмкін емес деп танып, қазақ, башқұрт халықтары үшін мұндай мектепті Орынбордан ашуды ұсынады.

Орынбор генерал-губернаторы бұл ұсынысты зерттеуді арнаулы комиссияға тапсырады. Комиссия оны негізінен мақұлдалап, жеке толықтырулар енгізіп (қазақ балалары үшін пенсиян ашу жөнінде және балаларға алдын-ала бастауыш

мектепті бітіру туралы) қайырады. Кейін бұл ұсыныс Ильминскийдің қарауына беріледі. Ильминский мұғалімдер мектебін ашуды қолдап, бұл мектептегі оқу тәрбие жұмысы бүкіладамдық тәрбие негізінде жүргізілуге тиіс, жері үлкен болса да, тілі мен түрмисы тұтас қазақтар үшін жаңа мектептерді көбейту қажет және осындай істің басында Ыбырай сияқты білімді де парасатты адам болса, дұрыс болар еді деген пікірді білдіреді.

Сонымен 1871 жылы мұғалімдер мектебінің жобасы негізінен дайын болса да, оның ашылуы жылдан-жылға кейінге қалдырыла береді. Мұның себебі ұсақ халықтарлың оқу ісі 1873 жылы оқу министрлігіне көшеді, 1875 жылы Орынбордың өзінде оқу округи ашылып, Қазанда басталған іс енді Орынборға ауысады. 1876 жылы мұғалімдер мектебін ашу мәселесі қайтадан қолға алынады, оқу округтының попечетителі Троицкіден мектеп үйін салудың қамына, мектептің жаңа жобасы мен сметасын жасауға кіріседі.

Осы кезде мектепті Троицкіде емес, Орскіде ашу мәселесі көтеріледі. Оның себебі: Троицкі тек Николаевскі үйе-зіне жақын, сондықтан онда тек жалғыз осы үйездің балалары ғана окуы мүмкін, оның үстінен Троицкіде мұсылман мектептері көп, олар оқушылар мектебіне зиянды өсерін тигізу ықтимал, ал Орскі болса, бұл бар облысқа жер жағынан бірдей және мұсылман мектептерінен қашық деп есептеледі.

Дегенмен мектепті алғашқы жоба бойынша 1880жылы Троицкіде ашуға ұлықсат беріледі, 1882 жылы шілдеде Орскіде ашу туралы жаңа шешім қабылданады. Қазақ мектебі жөнінде арнаулы ереже қабылданбай, татар мұғалімдер мектебі үшін 1872 жылы наурызда алынған ереже аз-кем өзгерістермен қабылдансын делінеді. Бұл өзгерістерді қарau, алу оқу попечетителінің міндетіне тапсырылады. Сонымен 1882 жылдың қазан айында Орскіде мұғалімдер мектебін ашуға байланысты жұмыстар қолға алына бастайды, оның бірінші менгерушісі (мұны ол кезде инспектор деген) боп А.Г.Бессонов тағайындалады.

Ыбырай қазақ мұғалімдер мектебінің ашылуын қарашаның орта кезінде естіп, қатты қуанады. Мектептің оқу, тәрбие жұмыстарын бақылау түгелдей Ыбырайдың қармағына беріледі. Ыбырай мұғалімдер мектебінің міндеті мен мақсатын, қазақ қоғамында атқарап рөлін бірден дәлтанып, дұрыс бағалайды. Үйездік мектептерде оқыған ба-

лалар алдағы уақытта өз білімдерін мұғалімдер мектебіне барып жалғастыра түсетін болады деп жаңа мектепке үлкен де абройлы үміт артады.

“Қазақ еліне білім таратын орындар мен мекемелер басқа бір жоғарғы дәрежелі мектептер емес, тек осы халық мектептері мен мұғалімдер мектебі ғана, – деп қуанады Ұбырай – өртүрлі материалдық және басқа себептермен біздің халық мектептерін бітіріп шыққан адамдар, бірен-сарап ғана болмаса, өз бетімен қызмет жасай алатын және іс жүзінде шын пайда келтірерлік толық сауатты, оқыған адам бол шыға алмайды. Мұны тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан халық мектептерінен шыққан оқушылардың осы кемшіліктерін түзету үшін халық мектептерінен жоғары, бірақ сол мектептермен мақсаттас бір мекеме қажет еді; енді, міне, мұғалімдер мектебі осындан болып отыр”.

Ұбырай енді бұрынғы жұмысына қоса, Орскідегі мұғалімдер мектебіне қай мектептен қанша бала жіберу жөнінде ойластыра бастайды. Алғашқы кезде (қараша айында) Торғай, Үргыз, Троицкі мектептерінен 10 бала жіберуді үйғарса да, қаңтарда Торғайдың бір өзінен 6, Үргыздан 5 бала жөнелтеді, бұларға қоса Троицкіден де балалар баратын болады. Мұғалімдер мектебіне үйездік мектептердің тәртіпті де тәрбиелі, білім алуға құмар зерек балалары жіберіледі.

Дегенмен, мұғалімдер мектебінде оқу жылы өлі басталмай тұрып, Ұбырай мен Бессоновтың арасы бұзыла бастайды. Оған себеп: Бессонов үйездік мектептердің алдында тұрган үлкен міндеттерді көзге ілмей, елемей, есептеспей, осы мектептерде енді-енді төсөліп жұмыс істей бастаған жас та жақсы мұғалімдерді қала жағдайымен қызықтырып өзіне қызметке шакырады. Оның үстінен Елек үйезінде көп адамдар Бессоновты мұғалімдер мектебі сияқты үлкен де жауапты мекемені жақсы басқарып кете алады деп сенбейді. Бұл хабар Ұбырайға да жетеді.

Сөүір туысымен Ұбырай облыс мектептерін аралауға шығады. Қостанай мектебінің бүкіл құрылымы жобасын жасап, құрылымын өзі бастап береді. Сейтіп жүргенде, мамырдың бас кезінде өкпесіне салқын тиіп, катты ауырып, Торғайдағы үйіне қайтады. Қысы-жазы алыс сапарларда, жол үстінде жүру Ұбырай денсаулығын өбден нашарлатаады. Дәрігер “чахотка” деп қорқытады. Ұбырай осы аурудан үш айдай жатып, тек тамыз түа аздап бас көтереді.

Бұл кезде Торғай облысы екіге бөлінеді екен деген хабар тағы шығып, ауру Ыбырайдың мазасын онан сайын кетіреді. “Мен өз басым қызмет орнын үшін қиналмаймын, егер бұдан былай да қызмет жасағым келсе – әкімшілік жөнінен де қызмет табамын; бірақ айтылып жүрген өзгерістер шын болатын болса, менің оқу жайлар келешекте жүзеге асырғалы жүрген ойымның бөрі жөне қазір қолға алып жүрген жұмысымның бөрі босқа кететін болады. Менің қиналатынам тек осы ғана” дейді ол.

Сөл салқын түсे Ыбырай аурудан бір жөн айығып, болыстық мектептерді ашу мәселесімен арнайы шүғылданады. Бірде болыстық деп, бірде далалық мектеп деп аталағы келген осы ауылдық мектептерді ашу, оларды қазақ тұрмысына лайық үйимдастыру мәселелері біраз уақыттан бері көтеріліп, пікірлер алысып келе жатқан еді. Тіпті Николаевскі үйеziнде 70-ші жылдардың аяғында болыстық мектептерге арнап ақша жинау, кірпіш соғу жұмыстары жүргізілген болатын.

Ыбырай үйеzi орталықтарында бір-бір екікласты мектептер жұмыс істеп, оларға қоса оқытушылар мектебі ашылып, іске кіріс бастаған кезде болыстық мектептерді ашу туралы мәселені қозғаудың кезегі енді келді, мезгілі жаңа ғана жетті деп тауып, облыс үйездерінде осы орайда не істеліп жатқанын өз көзімен көріп, тексеріп білу үшін қыркүйек айында тағы да ұзақ жолға шығады. Болыстық мектептерге деп жиналған қаражаттан Николаевскі үйеziнде 10 мың, Ырығыз үйеziнде 3 мың, Торғай үйеziнде 700 сомдай ақшаның қалғанын анықтайды. Қазанның басында Қарабұлақ фортына (Ырығыз үйеzi) келіп, осында біркласты мектеп ашудың дайындық жұмыстарын жүргізеді, сметасын жасайды. Жалпы біркласты қалалық жөне болыстық мектептердің жылдық шығынын 2000-2700 сом шамасында мөлшерлейді.

Ыбырай облыстық басқармaga болыстық мектептер туралы пікірін алғаш осы кезде білдіреді. Мектептер қызыжазы қазақ арасында болып, онын тұрмысына лайықтады, қазақтар көшсе көшіп, қонса қонады, қысқы үйі кірпіштен (екі бөлме, кішкентай асқанасымен) салынады, оқу 15-қыркүйектен 1-мамырға дейін жүргізіледі, мектептің жаздағы кешу-қонуы болыстағы беделді адамдардың біріне тапсырылады дейді Ыбырай. 1884 жылдан бастап болыстық мектептерді ашуга дайындық жұмыстары едөүір жандана түседі, өр үйден (кедейлерден басқа) 1 сомнан

ақша жиналатын болады. Мұның бөрі 1886 жылы мұғалімдер мектебін алғаш бітірушілерге дейін жүргізілетін дайындық жұмыстары еді.

Сонғы ауру Ыбырайдың Торғайдан қоныс аудару, ағайын-туғандарының қасына жақындау, тіпті Қостанай болмаса, Троицкіге де бару жөнінде көптен ойлап жүрген ойын қамшылай, жеделдете түседі. Торғай қаласының облыс үйездерінен бір бүйір алыстығы, өсіресе, қысқы сұық пен жазғы ыстықта, жазғытыры су тасқыны кездерінде Торғайдан басқа үйездерге жетудің қыындығы, айналасында пошта-телеграфтың жоқтығы т.т. жылма-жыл ауырыңқырап жүрген Ыбырайға күн асқан сайын қыындық келтіре береді. Кейінгі жылдарда Торғай қысының тым қатты болып, халықтың жиі-жіңі жүтқа, қайыршылыққа үшіраушылығы да Ыбырайдың Торғайдан кетпек ниетіне түрткі болады.

Осылың бөрін ескеріп, Ыбырай ақыры Қостанайға ауысу шешіміне тоқтайды. Мұның себебін Орынбор, Торғай өкімшілігіне Қостанайдың Торғайдан артықшылығы – облыс үйездерінің орталығында, оның үстіне округтік оқу орнымен не облыстық басқармамен шұғыл байланыс жасау қажет болған жағдайда пошта-телеграфы бар Троицкіге де жақын (120 шақырымдай) деп түсіндіреді. Қараша айының басында оқу округтynың попечителі Торғайдың өскери губернаторымен келісе отырып, облыс мектептері инспекторының бұдан былайғы кезде негізгі тұрагы Қостанай қаласы деп шешім шығарады.

Мектептердегі бүкіл оқу, тәрбие жұмысын қазақ халықының рухани-экономикалық өмірі мен құннен-құнгепен келе жатқан талап-тілегіне орай құруды өз өмірінің негізгі мақсаты санаған Ыбырай 15 қараша күні Торғайдагы қолөнер училищесін өз қолымен ашып, үлкен арманының біреуін жүзеге асырады. Мектепке алғаш 7 қазақ баласы қабылданып, мұғалімдік қызметке Симбирскінің техникалық училищесін бітіріп шыққан Чарковский табайындалады. Балаларды тігіншілік өнеріне үйрету үшін кейінірек жергілікті жердегі татар тігіншісі алынады.

Мектептің ашылу құрметіне жиналған халыққа арнап Ыбырай сөз сейлейді. Мұнда агартушы тек қолөнер училищесі емес, бүкіл агарту жүйесінің алдында тұрган қофамдақ, әлеуметтік міндеттерді ашып түсіндіру мақсатына тоқталады: “Бізді жүрт табиғатынан ақылды, іскер халық дейді, соның растьығын біз іс жүзінде дөлелдеуіміз керек.

Табиғи ақыл айналанда көрініп тұрган нөрсөні үстап-тұтуға ғана көмектессе, тек ғылым ғана сол ақылды да-мытып, көрінбей тұрган нөрсөнің өзін танып білуге мүмкіндік береді... Балаларымыздың оқып білім алуы үшін қолымыздан келген қаражат жәрдемін көрсетіп, алдымен біз, сол балалардың өкелері, өздеріміз қамқор болуға тиіспіз. Бұгінде мың шақырым жерлерге адам мен жүкті атсыз, арбасыз жеткізетін бу машинасы мен бірнеше мың шақырым жерлерден не бәрі бір сағат ішінде сүйт хабар ала алатын телеграфты табуға ғылым-білім арқылы жетіп отырған орыс халқы жөне сол сияқты басқа халықтар осылай жасайды...

Торғай үйеzi халқының тарихында бұгінгі күн – та-маша күн, өйткені бұл күні қазақ халқының көсіптік оқу саласындағы алғашқы кішкентай мекеме өмірге келіп, өз жұмысын бастағалы отыр...” – дейді Ыбырай. Осыдан кейін музыка тартылып, өркім өзінің жақсы ниеттерін, тілектерін білдіреді, Торғай тұрғындарының өмірінде бұрын көп болып көрмеген орыс, қазақ өкілдерінің өзара кездесу, шынайы сырласу кеші өткізіледі. Құндізгі сағат 11 де жиналған халық кешкі 8-де ғана тарқайды.

Ыбырайдың нашар денсаулығын ескермей, елемей, өлшеусіз қажыр-қайрат, ыждағатпен еңбектенуінің нәтижесінде жыл аяғында облыс бойынша уш екікласты, бір қолөнер мектебі жұмыс істеді, оларда 168 бала оқыды. Ақтөбе, Қостанай мектептерінің үйлері негізінен салынып аяқталып, тек ішкі жұмыстары қаланды. Ыбырай енді осы мектептерді лайықты күту, ұстауға байланысты қаражат мөлшерін қайта қарауды ұсынады.

Қараша айының соңы мен желтоқсан айының басында Ыбырай көптен аңсаған арманы – Қостанайға көшіп келіп, Тобылдың шығыс бетіндегі ата қонысына, ағайын-тұғандарының арасына оналасады. Николаевскі үйеzi халқы, өсіреле, Арақарағай болысының кедей шарулары Ыбырайдың көшіп келгенін қуана қарсы алады. Отбасын, шаруашылығын Қостанайға көшіргенімен Ыбырай желтоқсан, қаңтар (1884) айларында Үрғыз, Торғай мектептеріне барып, жылдық есеп жұмысымен айналысады, өсіреле Торғайдагы қолөнер мектебінің оқу, тәрбие ісін бақылап, шаруашылығын түзеп жібергенше көзден таса қылмауга тырысады.

Ақпан айында Торғайға осы мақсатпен тағы да келіп, мектепте бір айдай болады. Отken жылғы жаз бойы өуре-

ленген ауру Үбырайды бұл кезде де өлсін-өлсін мазалай береді. Денені өлсіретіп, бойға сіңіңкіреп алған сырқат үмыттырмай, ауық-ауық соғып кетіп, ағартушының жұмысына да, көңіл-күйіне де өсерін тигізбей қоймайды. Осындаі кезде ол өзінің де, өзгениң де амандығынан гөрі алдындағы ісінің тағдырын ойладап: “Қолға алған жұмысыма өлі де бір 5 жыл қызмет қылсам деп тілеп едім, бірақ мұны құдай біледі-дағы” дейді (айтқаныңдаі осыдан кейін 5-ақ жыл өмір сүреді).

Сондықтан тіпті төсек тартып жатып қалмаса, мектептерді аралау, тексеру, тиісті көмек беру, үйымдастыру жұмыстарынан бір күн тыным-тыныштық таппайды. Осындай кезде Ильминский “Үбырай маған салқындау қарап жүр” дейтін көрінеді деген хабарды Катаринский-ден естіп, Үбырайдың көңіл дүниесі тағы біраз жүдеп, құлази түседі. Катаринскийге хат жазып, мұндай өсек-аяңға ешқандай негіз болмағанын адал жүргегінен актарыла сыр қылып шертеді.

ШЫРҒАЛАНДА

Семсерді сындыруға болар, ал идеяны сыйндыру да, құрту да мүмкін емес.

Гюго

Өмірдің қуаныш-реніш жайлары адамның еркінен тыс, аралас-құралас келіп жататыны қашаннан өдеті. Соңғы бес-он жылда жалпы қазақ елінде, оның ішінде, өсіреле, Торғай облысында орысша-қазақша оқып білім алған, оны мен солын біле бастаған, көзі ашық, сауатты жастар көбейіп, олар Ыбырайдың кім екенін, халық үшін істеп жүрген қызметінің мән-маңызын тани, лайықты бағалай бастайды; сөйтіп, Ыбырайдың ел ішіндегі қадір-қасиеті күннен-күнгө артады, жастар Ыбырайды өздеріне бірден-бір ұстаз тұтып, оның жолымен жүруді, ісін ілгері қарай апаруға қолғабыс тигізуді өздерінің азаматтық борышы санайды және бүкіл халыққа да Ыбырайды осы өреде танытуға атсалысады. Осылайша бірсыныра жастар бол “Оренбургский листок” газетіне “Қазақтар үшін Алтынсариннің өдеби еңбегінің маңызы туралы” деген мақала жазады. Ол 26 наурызда (1884) жарық көреді. Мақалада Ыбырай еңбегінің мән-мағынасы негізінен дұрыс көрсетіліп, лайықты бағасы беріледі. “Ағартушылық мәні зор мұндай еңбектер ұмытылмауға тиіс, – делінеді мақалада, – біз бір топ қазақ бол, Алтынсарин мырзаның қазақ халқына деген үлкен махаббаты мен халқына сінірген еңбегі үшін алғыс айтқалы отырмыз. Біз үшін, көшпелі халқымыз үшін Алтынсариннің өзі қандай қымбат болса, еңбектері де сондай бағалы. Мұны Ресейде алғаш зиялды өдебиеттің маңызы қандай болғанын түсінетін адам лайықты байқай алады. Біз Алтынсаринді өн бойынан халық бейнесін танытатын, оның рухы мен ақылын, адамдығы мен мінезін, жалпы барша өмірін көрсете алатын шын мағынасындағы батыр деп білеміз. Осыдан бастап көшпелі Азия фанатизмді лақтырып тастап, прогресс жолына, өмірдің ең дұрыс жолына түсті деуімізге болады. Бұл кезге дейін қазақ поэзиясы мен ақыл-ойының ұлы тұлғалары туда біткен таланты мен данышпандығына қарамастан, жазба құралдың жоқтығы себепті өз халқына жөнді пайда келтіре алмай, тіпті, кезге де түспей, еленбей, дала түкпірлеріндегі жоқшылық пен жетіспеушіліктің арасына, айналасындағы нағандық мұхитына жұтылып кетіп отырды. Қазақтар 60-

шы жылдарда болған, кете руынан шыққан Шернияз ақынды еш уақытта да ұмытпайды...

Міне, XIX ғасыр аяқталып келеді. Қазақ халқына болашақ дамуға қызмет ете аларлықтай өдеби қозғалыс өріс ала бастады...

Орыс мектебі біге Алтынсаринді берді... Біз Алтынсаринді надандық пен фанатизмге батыл қарсы шыққан, туған халқын жаңа өмірге бастап, өнер, білім үйреткен тұңғыш азамат деп танимыз. Оны біз Шекспир мен Байронның, Гете мен Пушкиннің, орыс өдебиетінің басқа да классиктерінің шығармалары негізінде тәрбие алған халық ақыны деп түсінеміз.

Ал Алтынсариннің қазақ халқына сіңірген еңбегіне келсек, Ломоносовтың Ресей алдындағы маңызы сияқты, бұл да өте маңызды. Сондықтан да Алтынсарин шығармаларының қазақ өдебиетінде ұзақ уақыт бойы бірінші орынға ие боп, алғашқы үлгі ретінде танылатынына еш шүбөлануға болмайды. Алтынсарин қазақтың жазба тілін бірінші боп қолданды, бірінші қазақ әліппесін (орыс жазуымен) жасаумен бірге, халық үшін грамматика да жариялады. Халықтың оқуы үшін алғашқы жазба туындылар мен халық поэзиясының бірінші жинақтарын құрастыру бастamasы да оның үлесіне тиді. Ол біз үшін тек Ломоносов қана емес, сонымен бірге қазақ ағарту ісінің бірінші үстазы.

Алтынсариннің шығармалары тілі, баяндалуы мен тәсілдері жағынан халықтық, өзіндік қарапайымдылық жөне мәселені терең түсінушілік қасиеттерімен көзге түседі. Олардан біз адамгершіліктің, сол арқылы жалпы бүкіл адамзаттың шынайы ақиқаттарын шебер насиҳаттаушыны көреміз, мұның бәрі, өрине, автор еңбегінің баға жетпес қадір-қасиетін арттыра түседі”.

Мәселе бұл арада мақаладағы кейір пікірлердің артық-кеміне немесе аз-кем олақ айтылуында емес, тұтас руында, ағартушы еңбегіне көзі тірісінде бірінші рет берілген баға болуында жөне негізінен дұрыс та шыншыл баға болуында. Торғай облысының қазақтары деп қол қойған, жеке аты-жөндері біз үшін белгісіз авторлар Ыбырай еңбегінің демократияшыл, озық жөне халықтық негізі мен бағытын дұрыс танып, бағалайды. Мақала мен оның авторларының үлкен жетістігі осында. Ыбырайдың түпкі мақсаты қазақ халқын бір діннен құтқарып, екінші дінди қабылдату емес, өнер мен білімге бастау арқылы мәдениетті

елдердің қатарына жеткізу екенін мақала орынды көрсетеді. Бұл – Ұбырай еңбегінің таза халықтық мақсаты 80-ші жылдарда айқын таныла бастады, қоғамдық, өлеуметтік салмақ, бедел ала бастады деген сөз. Екінші жағынан алғанда, Ұбырай заманында оның еңбегіне осындай жоғары да лайықты бағаның берілуі, ең алдымен, ағартушы сіңірген еңбектің құнарлы да қасиетті жерге егіліп, өзінің алғашқы күткен нәтижесін бере бастағанының күесі еді. Әйтпесе, өсіресе, ол дәүірде Ұбырай еңбегіне біле тұра не білмегендіктен басқаша баға бергендер аз болмаған. Мақала Ұбырай өміріндегі үлкен бір биік белес боп, оған шын мәнінде зор қуаныш өкелді. Бірақ оның бұл қуанышы, өрине, жеке бір адамның таза өзіндік шағын қуанышына ұқсамайтын, өзгеше қыры мен сыры мол сирек қуаныш еді.

Ұбырай мақалада бағзы жылдардан бергі еңбегінің босқа кетпей, халық өміріне терендей сініп жатқанын, сөйтіп, оның санасын оятып, көзін аша бастағанын көріп қуанды, халқының алғаш білдірген алғыс лебізіне шексіз риза болумен бірге, көп еңбегінің аз нәтижесін көңліне медет тұтты, алдағы күндеріне үлкен үмітпен қарап, қайратжігерін қайтадан жинай үмтүлуға кірісті.

Алайда, Ұбырайдың мақалаға байланысты қуанышы үзакқа барған жоқ, дәлірек айтсақ, бұл қуанышты үзакқа жібергісі келмеген топ, Ұбырай күтпеген жерден тез белен алды. Мұның саяси, өлеуметтік сыры мен астары өзінше мол терең қыртыс-қатпарларда жатыр еді.

Ұбырай Қостанайға келісімен, негізгі жұмысы мен денсаулығының нашарлығына қарамастан, бір қолайсыз оқиғаның ортасына түсуге амалсыз душар болады. Ағайын-тұгандарының арасында соңғы 10 жыл бойы өбден өршіп, өсіресе, еңбекші бұқараны қатты күйзеліске ұшыратқан бір-біріне жау екі партиямен құресуіне тұра келеді. Екі партияның басшысы да Ұбырайдың немере туыстары боп шығады. Біреуі Әлім Қылышбаев (Қылышбайдың өкесі – Қанғожа Балғожамен бірге тұған) Арақарағай болысының ірі феодалдарының бірі (бұдан 3-4 жыл бұрын ол Қостанай мектебін салуға Арақарағай орманынан Қостанайға 500 бөренені ақысыз-пұлсыз жеткізіп берем деп жүрген). Ұбырай Әлімнің де, оның қарсыласы – Омардың да сөздерін тыңдалап, екеуін татуластырмақ боп көреді, бірақ олар тыңдамайды. Соңан соң Ұбырай екі ортада бостан-бос зәбір тартып отырған халықты аяп, халыққа

үшінші бір, елге зиянсыз, беделді ақсақал адамды сайлау жөнінде ақыл береді; ол көпшілік дауыс алып сайланып кетеді. Осыдан бастап Ыбырайдың үстінен арыз облысқа, Орынборга, Петербургке дамылсыз кетіп жатады, попечитель, губернатор, Ішкі істер министрі Ыбырайдың “қылмысымен” айналысады. Ыбырай бұл арада арыздардың алды ауылдан басталса да, кейінгі жағына белгісіз, өзге адамдардың араласқанын байқайды, үкіметке қарсы ниеттегі социалист деген айыптау ауыл адамдарының ойынан тумаса керек еді дейді. Наурыз айының аяқ кезінде, мақала шыққанан кейін 4-5 күннен кейін, қар еріп, су кетіп жатқанына және Ыбырайдың ауру-сырқаулығына қарамастан, Оынбордан губернатордың арнаулы тапсырмалар жөніндегі чиновнигі Федоров келіп, Ыбырайды жолшыбай елдерге де соқтырмай, Бөрте болысның жаңынан өтіп бара жатқанда Мозохинге жолықтырмай, Орынборға сүйт алап жетеді. Ыбырай көптеген мекемелерге барып, өзін қорлайтын түсініктер беруге мәжбүр болады. Катардағы сайлаушы ретінде кімді сайлауға ерікті екенін және бұл жөніндегі ойын қалаған адамдармен бөлісу хұқығының барлығын айтып ешкімді сендіре де, тыңдаттыра да алмайды. Оның сөзі де, ісі де түгелімен қате, ал арызшылардың сөзі дұрыс боп шығады. Губернатор ақыры Ыбырайды болыс сайлауына байланысты қаралайтындей ештеңе таба алмаған соң, қазактар арасындағы бастауыш училищелерге неге қолөнер сабактарын енгізбейсің деп қаңарын төгеді. Ыбырай мектептерге бұл сабактарды губернатор айтқандай мөлшерде енгізсе, балалардың мүлде сауатсыз боп шығатынын, сейтіп, мектептер өздеріне жүктелген негізгі міндетті аяқтай алмау қаупі туатынын дәлледей бастағанда губернатор мүлдем құтырынып, Ыбырайды түрмеге жаптырып тастай жаздайды, тек Катаринскийдің ара тұсуімен аман қалады. Бұл кезде Ыбырайға таққан, жапқан пөле-жаланың шегі болмайды, тіпті қазақ тілі үшін орыс жазуын неге қолданың деп те өүрелейді.

Мұның бөрі Ыбырайдың ел арасында айрықша беделге ие болып, үлкен қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілуінің нәтижесі еді. Патша үкіметі бұдан қатты қорқып, оны өзірге біржолата күрткып жібергенмен, жазықсыз болса да біраз жұлқылап алуды қажет деп санады. Бұл, өрине, жаны да, оның үстіне кейінгі кезде төні де нашарлап, нәзіктене бастаған Ыбырайға оңай тиген жоқ. Бірақ соған қарамастан, ол алған бетінен, күрес жолынан бір сөт

тартынып көрген емес. “Қайтерсін, заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі болған жерде, қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бұлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресте беру керек, – дейді ол, – суға батып бара жатқан кісіні көріп тұрып, қол ұшын бермеу – арамдақ болар еді; ал осы қол ұшын берудің өзі де қауіпсіз болмағаны ғой. Менің өз ойым мен істеп жүрген ісім үкіметтің бағытына түрі жағынан сай келетін болғандықтан, бұрын қажетті жерінде мені бастықтардың өздері де қолдайды ғой деп сенуші едім, бірақ бұған да сене беруге болмайды екен. Ал енді, құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше, тұған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын. Құдайым тек адам баласының жауыздық қылыштарына қарсы тұруға, нақақ пәле-жәленін күйігінен арманда кетпеуге жазсын, қуат берсін”. Бұл жай ғана шағыну, сырласу сөзі емес, Ұбырайдың адамдық арының лебізі, айнымас серті еді. Оның осы сөзін оқығанда орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинскийдің: “өз отаныма қайткенде көбірек пайда келтіру – менің өмірімнің бірден-бір мақсаты, міне, осы; өзімнің бүкіл қабілетімді мен сол бағытқа арнауым қажет” деген сөзі еріксіз есінде түседі. Қазақ педагогы бұл сөзben таныс па, жоқ па, белгісіз. Әйтсе де, Ұбырайдың халық алдындағы азаматтық парызын Ушинскиймен бір деңгейде түсініп, өмір бойы соган адад болу ниетін білдіруі даусыз да талассыз жай.

Дала өмірін жегідей жеп келген надандық пен жауыздыққа қарсы “мынмен жалғаз” күресте Ұбырай жауының өлшеусіз күшін еш уақытта елемей, ескермей көрген емес, дүшпандарының нендей зұлымдықтан тайынбайтынын да жақсы билді. Сондықтан да: “Біздің татар профессорлары (татар молдаларын осылайша келемеждей атайды – Ә.Д.) қазақ арасына тамырларын теренге жіберген, сол себепті бұл зұлымдықпен күресу қыын, ал қолында өкімет билігі балалармен істес болу бұдан да қыын жөне қауіпті, өйткені олар көnlіне бір кішкене жақпай қалсан, таза адамды да құртып жібере алады”, – дей тұрып, алған бетінен, айтқан сертінен бір қайтпайды.

Арақарагай болысындағы болыс сайлауына Ұбырайдың адамдық ар-ұждан тұрғысынан, еңбекші халыққа аяушылық білдіру, оларды қорғау тұрғысынан араласқанын танытатын өзге де жайлар аз емес еді. Ұбырайдың аргы-бергі өмірі мен қызметіндегі адалдық пен тазалық-

ты айтпағанда, билік-мансаптан өр-кез қашып келгенін ескермегенде, оған жақын адамдардың да билікке, әкімшілікке құмар еместігін ескермеу мүмкін емес болатын. Ұбырайдың туған інісі Оспан (екеуінің шешесі бір, Оспанның әкесі Қошан – Алтынсаринмен бірге туған) 1884 жылдың наурызында болыстыққа кандидат бол сыртынан сайланады. Бірақ Ұбырай да, Оспанның өзі де бұл жұмысты ұмытпайды, наурыздың 15-де Оспан Николаевскі үйеziнің бастығына өтініш жасап, бұл міндеттен өз еркімен босайды. Бірақ Ұбырайды тексеру, жауптау кезінде Торғай облысының әкімдері мұндай жағдайдың бірін де көзге үлмейді.

Ұбырай қанша күш салғанымен, Қарабұтақ мектебі 1884 жылы да ашылмайды. Себебі мектепке лайық үй табылмайды, ал жаңа үй салуға қаражат жетпейді. Жылдың екінші жартысынан бастап жергілікті сөудегер Зязинің үйін жылына 300 не 400 сомға жалдап алып, мектепке лайықтау жөнінде келіссөз жүргізіле бастады.

Осы кезде Ұбырайдың “Шариат-ислам” кітапшасы Қазанда басылып шығады.

Үйездік екікласты мектептерге көсіптік-техникалық білімді енгізу мөселеі талқыланған тұста Ұбырай өзіндік пікірлерін ұсынады. Көсіптік-техникалық оқу орындарының отырықшылық көсібі мен ертеден айналысып келе жатқан, техника түрлеріне көптен қанық халықтар үшін пайдалырақ екенін көрсете келіп, орталық Ресей үшін қолданылып отырған заң жобаларын қазақ халқына сол күйінде қолдана салудың мүмкін еместігін айтпағанда, зиянын тигізуі ықтимал деп есептейді Ұбырай. Ағарту саласындағы жұмыстың бүгінгі таңдағы міндеті, Ұбырайдың пікірінше, орыстың тілі мен жазуын, сондай-ақ, ана тілінде оқып, жаза білуге үйрету, осы арқылы ғылым-білімді өздері іздел, тауып менгеруге жол ашу, мүмкіндік туғызу. Ал бұған кедергі келтіретін, оқушылардың уақыты мен күшін өзге жайларға бөліп әкететін, сөйтіп, қай білімді де үрене алмай, шала сауатты бол шығуға жағдай жарайтын нәрсені қажетсіз деп санайды. Сол себепті көсіптік-техникалық оқуды қалалық үшкласты мектептер болмаса, қазақ үйездеріндегі екікласты мектептерге енгізу өзірге ертерек деген қорытындыға келеді. Көсіптік-техникалық оқудың орнына қазақ жастары үшін мал шаруашылығынан алынатын шикізаттарды (жұн, тері т.б.) игер, үқсату, сырларын білдіру, етік, киім тігу, киіз басу, шәлі тоқу,

сабын жасау өнерлерін үйрету өлдекайда пайдалы да тиімді болар еді дейді. Оқушылардың аталған көсіптерді менге-ру, қабылдау қабілеті мен ықласына қарай, қазак тұрмысына бір табан жақын да қажет өзге көсіптерді де (оттық жасау, тұптеу өнері т.б.) үйретуге, сөйтіп, оларды біртебірте түрлендіріп, көбейтіп, кенейтіп отыруға болатынын ескердеді.

1884 жылдың қараша айында Ұбырай қазақ қыздары үшін арнаулы мектеп ашу мәселесін көтереді. Бұған дейін қазақ қыздарын алдымен қолөнер мектебіне тартып, кейін сол арқылы оларды орысша-қазақша оқуға қызықтыру мәселесін ұсынып, бұдан ештеңе шыгара алмай біраз ойланып қалған Ұбырай бұл істе өзгеше тапқырлық пен шыдамдылықтың, байсалдылықтың керек екенін түсінеді. Сондықтан қыздарға білімі мен тәрбие беру сияқты аса маңызды жұмысты бірден үлкеннен бастамай, кем-кем-деп, аса ептілікпен, ақылмен жүргізуді, жүзеге асыруды, мұнсыз, біріншіден, көздең һәтижеге жете алмай, екіншіден, халықты шошындырып алуымыз мүмкін дегенді еске салады. Бастапқы кезде қыздар мектебін ресми турде емес, беделді де атақты отбасылардың біреуінің жанынан отбасылық жеке мектеп түрінде ашқан жән, халық үшін бұдан артық үгіт-насихаттың керегі жоқ, біраздан соң бұл мектепте оқыған қыздардың қандай болышқанын көргеннен кейін халық мектепке өзі келіп, қыздарын оқытуды сұрайтын болады дейді Ұбырай. Осы оймен ол қазақ арасында ағарту ісінің өріс алуына едөүір үлес қосып келе жатқан ағайынды Сейдалиндерді ұсынады. Сейдалиндердің Тілеуі бұл кезде үйездік судья болатын да, Әлмұхамметі үйез бастығының аға көмекшісі қызметін атқаратын. Ұбырай Сейдалиндермен келісе отырып, мынадай нақты шараларды белгілейді. Біріншіден, Қостанайдан 3-4 шақырым жердегі Сейдалиндер үйінің қасынан 3-4 бөлмелі үйді сатып алу немесе жаңадан салу, оған қолөнері мен орысша оқу, жазуға үйрететін өйел мұғалімді қыздармен бірге тұрып қызмет істеуге шақыру, екіншіден, оқуды Сейдалиннің қыздары мен Ұбырайдың қызынан және олармен бірге ойнап, бірге жүрген жақын қыздардан, не бәрі 5-6 адаммен бастау, т.т. Ұбырай көп жыл өтпей-ақ, мұндай ақылды да көрнекті шараның пайдалы һәтиже беретініне ешбір шүбәланбайды. Оқушы қыздар көбейе келе, үйдегі мектепті Қостанайга көшіріп, оған Қостанайдың қыздар мектебі атагын беруімізге бо-

лады; тек осындай жолмен ғана білімнің тек ерлер емес, қыздарға да қажет екенін жүртқа дәлелдеуге, халықты осыған сендіруге болар еді дейді. Ұбырай сонымен қатар мұндағы мектептердің онша қымбатқа түспейтінін де есептеп шығарады: мектеп үйін алуға 3 мың сом, ал 10-15 қыздың интернаты мен оқуы жылына 1500 сомнан артпайтынын дәлелдейді. Бұл арада ол Сейдалиндер мен өзі сияқты адамдардың қыздары өз қаражаттарымен окуға тиісті екенін арнайы ашып айтады. Ұбырайды ендігі қинайтын мәселе оқытушы әйелді табу жайы. Бірақ ол мұнда да күдер үзіп түнілмейді, ондай адамның дүниеде бар екеніне қалай сенсе, табылатынына да солай сенеді. Ұбырай қазақ арасында қыздарға білім мен тәрбие мәселесі алғашқы кезде аз-кем қындықтарға кездескенмен, кейін түзеліп, жолға қойылып кететініне еш күмән келтірмейді, мұның себебін ол қазақ халқының үлттық ерекшелігінен көре білді. Қазақ халқы өте езгелек, қабылдағыш халық, оқудың қөмегімен белгілі бір семьяға іс жүзінде көрініп келіп жатқан пайданы көру, байқау өзге отбасыларды да мектепке тартатыны ақырат, сейтіп, халық арасында қаздарды оқыту мәселесі өзінің саналы да табиғи жолымен дами түседі деп таниды Ұбырай.

Ұбырай үйез орталығындағы екікласты мектептерді бітіргендерді қалалық мектептердің не ішкі Россия губернияларындағы үйездік мектептердің оқушылары қатарына теңестіріп, оларға мемлекеттік қызметке орналасу пра-восын өпермек боп қанша өуреленсе де, ақыры одан ештеңе шықпайды. Айтылған сөз, дәлелденген ойлар іске аспай, өр жерде қалады. Өзі бір жағынан құғындалып Орынбор мен Қостанайдың екі ортасын өрлі-берлі кезіп жүргенде Ұбырай облыстық басқармадан үйез орталығындағы мектептерді бітіргендерге “мемлекеттік қызмет хұқығын беру даланы басқару, билеу мұддесіне пайдасын тигізу мүмкін емес” деп жауап хат алады.

Ұбырай бұл кезге дейін хрестоматияның тарих бөлімін бір рет жазып бітірсе де, соған қайта оралу ниетімен материалдар іздей жүреді. Шамасы, өуелгі жазғаны аздық еткенге үқсайды. Қай қызметте жүрсе де, қандай қыын жағдайларға кездессе де, қазактын ауыз өдебиеті нұсқалары мен этнографиясына, тарихына байланысты деректерді, шежірелерді жалықпай жинай жүрген Ұбырай өзіндегі бай материалдарға қоса, Веляминов-Зернов пен Левшин т.б. ғалымдардың қазақ тарихына байланыс-

ты еңбектерін қайтадан қарап, олардан кейбір қызығылықты жайларды хрестоматияға енгізу ниетін көздейді. Жұмыстың көптігі мен қындығынан және кейінгі кездегі күгіндаудан жалығып, шаршап кеткен сөттерде Ыбырай қалжын-шыны аралас қазақ тілінде жалпы білім беретін осы кітабымды аяқтап туған еліме тағы бір қызмет етсем, “кейінгі жерде, сірө, тырбандауды қойып, малшы боп жаралған жанмын ғой, мал бағуға біржолата кететін шығармын”, – дейтін.

Осы жылдың қыркүйек айына дейін Ыбырай Қостанай, Ақтөбе училишелерінің мектеп үйлерін салуды толық аяқтап, оқу басталмастан бұрын Бөрте мен Троицкідегі мектептерді жаңа үйлерге көшіріп үлгереді, бұрынғы Бөрте мектебі енді Ақтөбе училищесі, Троицкі мектебі – Қостанай училищесі деп аталады. Ыбырай өсіреле Қостанай мектебі құрылышының көбіне басы-қасында болып, үйді өте мүқият салдырады. “П” өрпі бойынша тұтас бір кварталға салынған мектептің төбесін темірмен шатырлатады. Мұндай қоғамдық үй бұрын бұл өлкеде болып көрген жоқ еді.

Жаңа оқу жылында облыстың бес училищесінде орыс, қазағы аралас 180 бала оқиды. Баласын оқытқысы келетін адамдардың саны күннен күнге арта түседі, тіпті балаларын өз қаражатымен оқытқысы келген ата-аналар да та-былады. Сондықтан Ыбырай өр мектептің жанынан орыс балаларымен бірге 5-10 қазақ балаларының да өз үйлерінен қатынап оқуларына ұлықсат етеді. Ыбырай қай кезде де (бұрын да, кейін де) зан жүзінде мектепке алдымен орда өкімдерінің, үкіметке еңбегін сініріп, шен тағып, шекпен киіп жүргендердің балаларын алуға тиіс болғанымен, ара-кідік жетім-жесір, панасыз балаларды да алды. Торғайда жүргендегі далада аштықтан өлгелі жатқан жетім бала Досжан Тоқтабаевты тауып өкеліп, сондай-ақ, Әнкеев Ержанды Торғай мектебіне оқуға түсіреді. Досжан кейін екікласты мектепті бітіріп, Обаган мектебіне мұғалім болады. Ыбырай Қостанай, Ақтөбе мектептерінің жаңа үйлері бітіп, жұмысқа кіріскең кездерінде де осындай жетім-жесір балаларды өр жерден тауып өкеп, мектепке орналастыруды. Сонымен бірге Ыбырайдың бұл жылда да қатты құрес жүргізген мөселесі – балалардың шала сауатты қүйінде мектепті тастап кетуін болдырмаяу. “Шала молда дін бұзар” деп мұндайлардың мектеп беделін түсіретіндігінен Ыбырай қатты қауыптенеді, сақтанады.

Жастарға білім мен тәрбие беруде тек қазақ балалары ғана емес, сонымен қатар өзге халықтардың да балаларына тиісті көніл бөліп, лайықты қамқорлық жасау интернационалист ағартушы Ыбырайды өр кез өзгеше биік деңгейде көрсетеді. 1884 жылы ол Қостанай, Ақтөбе мектептерінің үй жағынан үлкеюіне байланысты Ақтөбе мектебіндегі оқып жүрген 14, Қостанай мектебіндегі 20 орыс баласын аз деп тауып, осы екі қалада бөлек орыс мектептерін салу мәселесін көтерді, ең болмағанды қазірдің өзінде 8 мындағы орыс халқы бар Қостанай қаласы үшін мұндағы мектеп өте-мөте қажет деп, оқу округты мен облыстық басқарма алдына мәселе қойды.

1884 жылы ағарту саласында өзге де шаралар қарастырыла бастайды. Атап айтқанда, Орынборда орыс және басқа үлттардың (қазақ, башқұрт т.т.) балалары үшін бір үшкласты көсіптік-техникалық училище ашуға ұлықсат сұрапады. Училищеннің негізгі мақсаты Орынбор өлкесінде техникалдық білімді аз-кем жолға қоюмен қатар, өртүрлі мамандықтағы жұмысшылар дайындау деп көрсетіледі. Училищеннің негізінен Торғай облысы тұрғындарынан жиналған ақшаның есебінен ашу көзделеді.

Қостанайға қыс басында көшіп келген Ыбырай, Қостанайдан 4-5 шақырым жердегі бұрынғы ата қонысында, Тобылдың шығыс жағасында отырған інісі Оспан, жақын ағасы Омарлармен бірге қыстал шығып, жаз ортасынан бастап осы жерде ағайын тұғандарының көмегімен үй салуға кіріседі. Үйді салу жұмысына, сыртқы шаруашылықты қарауға бұл кезде көбіне Досжан Тоқтабаев көмектеседі, кейде тіпті Ыбырай жоқта ол түгелдей өзі бас-көз боп, басқарады. Досжан Торғайдағы кезінде де окудан бос уақытының көбін Ыбырай үйінде өткізетін. Торғай метебін бітіргеннен кейін Ыбырай оны өзіне бала қылып алды, сөйтіп Қостанайға көшіп келгенде, отбасымен бірге ала келеді. Досжанды өбден жігіт боп, ер жеткен кезде, Обаған мектебіне мұғалім боп кетерде үйлендіріп, енші беріп, үй ғып шығарады.

Жаңа үйді салу жұмысы келер, 1885 жылдың күзіне таман аяқталды. Ыбырай бұл үйін де Европалық коттедж типінде 5-6 бөлме етіп (асхана, жататын бөлме, жұмыс бөлмесі, қонақ бөлме, балалар бөлмесі т.б.) неше түрлі қосымша қора-жайларымен салдырады.

Ыбырай осы үйінен Қостанайға, ондағы мектепке не басқа мекемеге, я демалыс күндерінде қыдырып не қо-

наққа барғанда, жаз кезінде жеңіл тарантас арбаға, қыс болса өдемілеп жасаған жеңіл шанаға екі қара арғымақ жектіріп, өмірі қасынан қалдырымай ертіп жүретін қосшы баласы Құрманқұлмен барып тұрады. Құрманқұл да 60-шы жылдардың орта кезінен бастап, Ұбырай үйінің бір адамы бол кетеді. Ұбырай Торғай үйеziнде үйездік басқармада жұмыс істеген кезінде, үйездік судья қызметін атқарған жылдарда да, кейін инспекторлық қызметке ауысып, облыс мектептерін қысы-жазы дамылсыз аралаған шақтарында да Құрманқұлды қасынан бір елі қалдырмайды. Пысық та адал, елгезек, тіл алғыш Құрманқұл Ұбырайды өкесіндей сыйлап, оған жанын сала, бар ықласымен қызмет етеді. Далада туып, далада өскен қайратты, зерек жігіт жалпы қөлемі бірер мың шақырымнан асатын Орынбор, Орск, Троицк, Қостанай, Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Бөрте жолында небір айсыз, қараңғы тұндерде, дала-ның ысқырған бораны мен қарасуық не ашылmas жаңбырлы күндерінде жүргенде Ұбырайды бір адастырмай алып жүреді. Сондықтан Ұбырай оған бар уақытта сенеді.

Торғайдағы 15-16 жылдық отбасылық өмірінде ақылымен, абыроймен, қонақжайлышымен бүкіл елді аузына қаратқан Айғаныс Ұбырайдың Қостанайдағы ағайын-туғандарының арасына келген соң да кемеліне келген бейбіше бол, жасының жастығына қарамастан, Ұбырайға қаралған үлкен ауылдың барша көрі, жасын адамдығымен, кеңдігімен өз айналасына үстап, негізгі үйтқы болады. Соның нәтижесінде, өсіреле, кем-кетік, жоқ-жітік адамдар, бала-шага Ұбырай үйінен адамдық жылышық пен қамқорлық тауып, осы үде жылдан жүреді. Айғаныс оқымаған адам болса да, зерек ақылының арқасында Ұбырайдың ұзақ сапардан оралып, үде жұмыс істейтін кездерінде оның шығармашылық қызметіне жағдай тузызды осы үйдін отбасылық дәстүріне, бұлжымас тәртібіне, өдетіне айналдырады. Мұндай күндерде Ұбырай ертеңгісін бауырсақпен 2-3 кесе шай ішіп, жұмыс бөлмесіне барып оқу ісі жөніндегі өртүрлі жобалар мен ұсыныстарды, іс қағаздарын, оқу құралдарын, мұғалімдерге жіберілетін өдістемелік жетекші нұсқауларын т.б. қарауға, жазуга отырады. Күндізгі сағат 2-нің шамасында түскі тамагын (көбіне жылқы етінен жасалған қазақша ет, не салқынданған қазы-қарта т.б.) ішіп-жеп болғаннан кейін кешке дейін тағы жұмыс істейді. Кешкісін, кейде демалыс күндері Қостанайдағы орыс, казақ достарына қонаққа барады не-

месе олар қонаққа келеді. Торғайдағы тәрізді Қостанайда да Ұбырайдың орыс, қазақ достары көп болды.

Ұбырай, өсіреле, орыс достарының үйлеріне қонаққа барғанда қазақ арасынан шыққан жас ұстаздарды қалдырмай алып жүреді, осы арқылы оларға жұртпен қалай сөйлесуді, сырласуды, қонақта өзін қалай ұстауды т.т. үретеді. Өзі үйде болсын, түзде болсын, өзін өзгеден жасы жағынан да, дөрежесі жағынан да артық не кем санау дегенді білмейді. Сондықтан оған үлкен де, кіші де, ұлық та, кедей де бірдей, қайсысын да адамдық жәнімен, кішіпейілділікпен қабылдайды.

Ұбырай жұмысқа да, жолға да қалыпты жұмыс киімін – қаусырмалы қара мауыты сюргутын тастамай киеді, қара шалбары мен қазақша сөндеп тігілген етігін де өзгертуейді. Тек қысты құндері алыс сапарға шыққанда ғана сыртынан тон мен байпак киеді. Ал қонаққа барғанда, кейде үйде отырғанда да женіл құндыз бөрік пен орысша өдемілеп тігілген костюм киоді жақсы көрген. Айғаныс орыс таныстарына барғанда көмшат бөрік пен мақпал камзол, қазақша кебіс, мөсі кисе, қазақ үйлеріне барғанда жаулық тартуды тастамаған.

Ұбырайдың орыс достарының ішінде мұғалімдермен бірге өзге жұмыстарда жүргендері де аз болмайды. Олардың көпшілігі дәрігерлер, орманшылар, неше түрлі шеберлер, аңшылар т.т. Ұбырай Қостанайға көшіп келер тұста Николаевскі үйеziнің бұрынғы бастығы Сипайлов өліп, оның орнына Н.П. Карапулов келеді. Ұбырай мен Карапулов жақын дос бол кетеді. Ұбырай құндіз қалаға өртүрлі жұмыспен келгенде түскі тамақты көбіне Карапуловтың үйінен іshedі, кейде осы үйде қонып қалатын шақтары да болады. Қонақта болсын, қызметте болсын, қай тілде болсын, өзгеше жүйрік те ақылды өйлеу, оның үстіне мақпалдай жұмсақ қоңыр дауыс Ұбырайды қашан да жұрт алдында жоғары көрсетіп, көптің назарын еріксіз өзіне аударады. Орыс достарының үйлеріне барғанда Ұбырай, сондай-ақ оларды өз үйіне шақырғанда орысша қонағасы берудің, әңгімелесудің бүкіл тәртібін сыпайылықпен, ізеттілікпен ұстайды. Сонына түсіп, құмартпаса да, преферансты жақсы ойнайды. Карапуловтың өйелі – Варвара Глебова жасы осы кезде 35-тер шамасындағы аққұба, сөл толықша келген сөнді киінетін сұлу денелі, көрікті өйел Ұбырайды мейлінше жақсы көреді, үйінде күйеуі бар кезде де, жоқ кезде де Ұбырайды айрықша ықыласпен

қабылдап, онымен ұзақ өңгімелесуді өрдайым аңсай күтеді. Жұмыс жайымен елді аралауға көбірек шығатын Карапловтың өзі де оларды кейде үйінде бірге қалдырып кетеді. Мейрам күндерін екі шаңырақ көбіне бірге өткізеді. Карапловтың 14 жасар ұлы Орынборда кадет корпусында, 15, 17, жастағы қызы – Мария, Вера – Орынбордағы қыздар гимназиясында оқиды. Балалар жаз демалысқа шығып, Қостанайдағы үйлеріне келгенде атқа мініп қыдырғанды жақсы көреді. Карапловтың сүйікті қызы – Вера жорғага мініп қыдырғанды үнататын болғандықтан Ыбырай оған ер-тұрманымен жорға тауып береді. Қыз көбінесе Қостанай мектебінің жас мұғалімі, Ыбырайдың бір баласындай болып кеткен, Торғайдағы екікласты орысшақазақша мектепті, одан соң Орск мұғалімдер мектебін бітіріп, 1886 жылдан Қостанай мектебінде жұмыс істеп жүрген бала жігіт Әбдіғали Балғымбаевтың бақылауымен қалада және қала сыртында қыдырады. Ыбырай жақсы көріп, қашан да қасынан қалдырмай ертіп жүргеннен кейін Балғымбаев та Караплов отбасының сүйікті, сыйлы адамы бол кетеді (Ыбырай өлгенде орыс достарының барлығы қатты қайғырып жылайды. Сонда Варвара Глебовна ерекше көзге түседі. Ыбырай архивын алғаш қарап, тәртіпке келтіргендердің бірі – Балғымбаев Ыбырай қағаздарының арасынан Варвара Глебовнаның Ыбырайға арнап сезім сырларын шертеп жазған хаттарын кездестіреді).

Ыбырай өз үйінде және қазақ достарына қонаққа бараганда анда-санда аздап домбыра тартып, өн салуды теріс көрмеген. 80-ші жылдарда Қостанай, Торғай маңына да тарай бастаған Ақансері өлеңдерін, олардың ішінде, өсіресе, “Ман-ман қерді” жақсы көріп, көбіне осы өлеңді айтатын болған. Ыбырайдың 60-шы жылдардан бастап қонындар мен күйшілерді қасына ертіп, өзіне үйір үстай өдете кейінгі тұста үлгаймаса, азаймайды. Қонындар мен өншілер Ыбырай үйінің қашан да арылмас, ажырамас қонағы болады. 80-ші жылдарда Ыбырайдың қасына көп еріп өн салған адамдардың бірі, Ыбырайдан 10-15 жыстай кіші Байкенженің Аманжолы деген жігіт.

Ыбырай қазақ арасында жүргенде замандастарының одан ерекше байқап, жоғары бағалаған өзгешеліктерінің бірі – оның таза қазақ тілінде сөйлеуі, тілді сол кездегі молдалар төрізді араб, парсының діни сөздерімен, немесе орысша оқыған, төрбие алған адам боп, орыс сөздерімен де араластырмай, халық тілінде, қоспасыз сөйлеуі. Ыбы-

райды көзі тірісінде танып, бағалай бастаған азғантай қазақ жастары ағартушының еңбектерінде өзекті орын алған үлт тілін таза сақтау мақсатын оның өмірдегі мінез-құлқынан да, өзгелермен кездескендегі сөйлесу мәдениетінен де көріп, оған ерекше тәнті болады. Сонымен қатар Ыбырай өсіреле оқып жүрген жастарға үлт тілін қадірлеу, қамқорлау, оның тазалығы мен бүтіндігі үшін күресу, еңбек ету сол үлтқа, халыққа қызмет етудің алғышарты, өліппесі бол табылатынын өрдайым түсіндіре, таныта жүрген. Ана-ның тілін сүйіп, оны өзіне мақтаныш ете білмеген, ол үшін еңбек білмеген адам, халқын да сүйе алмайды, ал оған көрсете алмайтыны өз-өзінен түсінікті деп ойлаған.

1885 жылдың алғашқы бір-екі айында болыстарда ашылатын бастауыш мектептер үшін қаражат жинау жұмысы аяқталды. Ыбырай осы кезде Орскі мұғалімдер мектебін алғашқы бітірушілердің келуіне небөрі бір жыл қалғанын ескеріп, енді болыстық мектептердің үйлерін сала бастау мөселеңін көтереді. 1886 жылдың көктемінде мектеп үйлері дайын болуы керек деп есептейді. Алғашқы кезде Торғай облысы бойынша 9 бастауыш болыстық мектеп ашу көзделеді. Бірақ Ыбырай бұл жұмыстың ұзақ та қызын боларын, көптеген кедергілерге ұшырарын, кей жерде тіпті бір емес, бірнеше жыл бойы жүзеге асырылмау мүмкіндігін бірден сезінеді.

Мамыр айының бас кезінде Ыбырайдың шаңырагында екінші бала (қыз) дүниеге келеді. Бірақ бұл баланың өмірі ұзақ болмайды, келер жылдың басында, 6-7 айлық кезінде қайтыс болады.

1885 жылдың жазғы айларында Оынбор оқу округының бұрынғы бастығы Сольский кетіп, оның орнына Михайлов келеді. Михайлов жаңа оқу жылының басында алдымен Торғай облысының, кейін Орал облысының, оқу жайын өз көзімен көріп, тексермек боп, Ыбырайға хабар береді. Ыбырай қыркүйектің орта кезінде Троицкіде Михайловты құтіп алып, Қостанайда алдын ала дайындық жұмысын (пәтер дайындау т.б.) жүргізу мақсатымен қалаға Михайловтан бір күн бұрын келеді. Михайлов орысша-қазақша мектепте болып, балалардың білімін тексеріп, мектептің оқу, шаруашылық жұмыстарына қанағаттанғандық сезім білдіреді. Жаңа попечитель мектептің жаңа үйін де үнатады. Облыстағы ағарту ісінің жайы мен міндеттері жайындағы өңгімелерде Ыбырай оған өрбір мектептің жанынан мектеп қаражатын ұқыпты жұмсал

отыратын эконом қызметін тағайындауды (60 сом еңбек ақымен) ұсынады. Мұның себебі: мектеп қаражатын ұстau инспектор үшін де, мектептің менгерушісі үшін де басы артық жұмыс болудың үстіне облыстың өскери губернаторы мектептің жағдайын тексеріп, білмей-ақ және оны білуге тырыспай-ақ мектепке артық қаражат кетіп жатыр деп дабыл қағумен болады, осы ретте мектептер инспекторына да, мектептің менгершілеріне де сенімсіздікпен қарайды, бұл ойын оқу округына да жеткізеді. Сондықтан Ұбырай мұндай қындықтан құтылу мақсатымен мектеп жанынан жаңа қызмет орнын (эконом) белгілеуді орынды деп санайды; үйез бастықтарының мектеп жұмысына қамқорлық жасап, көмек көрсетуіне округ попечителінің үйтқы болуын өтінеді; Қостанайдағы орыс тұрғындарының балалары үшін (30 ер бала мен 20 қызы баланың үйлерінен қатынап окуына) өз алдына мектеп ашуға ұлықсат сұрайды, кейін өтініш жазбаша да білдіріледі. Попечитель Ұбырайға бірінші кезекте болыстық мектептер жөніндегі ұсыныстарын шама келгенінше толық етіп жеткізді.

Қарамагындағы мұғалімдерді баласындаі немесе жақын да жанашыр туысындаі көріп, оларға өрбір іріл-ұсақты жайлардың тұсында ақыл-кенес беруді өз өмірінің негізгі міндетіндей тусінген Ұбырай өрбір мұғалімнің қуанышы мен ренішін де қалтқысыз бөліседі. 1885 жылдың қазанында сүйікті жас ұстаздарының бірі, Ақтөбе мектебінің аға мұғалімі А. Мозохиннің үйленгенін өткізгенде Ұбырай ерекше қуанып, Мозохинді құттықтап хат жазады. “Бирюкова деген қызға үйленуіңізге шын ниетіммен қуанып, батамды беремін, – дейді ол, – өйткені мен ол қызды да, оның ата-анасын да көптен бері білемін, бұлар барлық жағынан дұрыс адамдар. Сондықтан сіздің осы адал, мейірманды үймен жегжат болғаныңызға қатты қуаныштымын. Үйлену деген, сүйікті досым, шынында да жас адамдардың өміріндегі аса маңызды, елеулі кезен. Өмірдің бұл кезеңінде аяқ басқан кезде оның арты не боларын, өрине, шындарап ойлану керек. Осы жағынан қарғанда, сіздің бұл сияқты маңызды мөселеге шын мән бере қараганыңыз маган ұнап отыр. Ал енді жас келіншегіңізben жақсы тұрып, бақытты өмір сүретініңізге сенемін және осыған тілекtespiн. Өйткені сіз де, досым, бір сабырлы, жақсы адамсыз, тұrlаусыз адам емессіз, ал сіздің келіншегіңіз де көргенді жерден, кішіпейіл, жалған жыл-

тыраусыз өмір сүрген үйден шықкан адам. Ендігі жерде мына бір ақылды бұлжытпай үстасаңыз демекпін. Бұл менің айтып отырған ақылым емес, атақты философ-педагог Каменскийдің ақылы. Ол кісі “қолындағы барына қанағат ете білетін адам шын бақытты адам және біз өзіміздің адал еңбегімізben тіршілік етіп отырмыз дейтін адам – шын бақытты адам” деген екен. Ал тағы бір араб философи бақыттылық пен байлық неде дегендеген, “ын-саптылықта” деп жауап берген екен. Міне осы ақылды алыңыз. Өз өмірін теріс өткізіп жүрген басқа адамдарға еліктемей, сіздің жас келіншегіңіз де осындай көзқарасқа үйренсін... Тойға деген шашуымызды қаңтар айының аяғында күтіңіз, қазір үлгере алмай қалдым”. Қарамағындағы жас адамдарға деген қандай жылылық, қамқорлық, тілекестік! Құттықтау хатта ресми салқындық бай-қалмайды, жанашыр жақын адамның шынайы қуаныш сезімін сезінесін.

Ыбырайдың осындай шынайы қамқорлығын бір Мозохин емес, Торғай облысының көптеген мұғалімі көреді. Торғайда тұрған кезінде, 1880 жылы Ыбырай Торғай мектебінің мұғалімі Меркурьевтің ішкілікке салынып, карта ойынын қызықтап кеткенін байқап, дереу үйез бастығы Яковлевтің асырап алған қызы – Кашинаға құда түсіп, Меркурьев екеуін қосады. Кейін Меркурьев жаман қылықтарының бәрін тастап, жақсы мұғалім бол кетеді, Ыргыз мектебінің мұғалімі Григорьев те Меркурьев си-яқты азып-тоза бастады дегенді естісімен, оны Торғайдағы мектепке алдырып, өзі құнбе-күн бақылап жұмыс жасаттырады, көп кешікпей Торғайдың сауда қызметкері Жариковтың қызына үйлендіреді. Григорьев үйленісімен бірнеше балалы болп, отбасы мен жұмысына жауапты қарапайым, сенімді адам бол кетеді.

Кейінгі бес жыл (1881-1885) ішінде Ыбырайдың сұрауымен, ұсынысымен, қаражат бөлдірмеуден Торғай облысындағы төрт мектептен Орскінің мұғалімдер мектебіне 34, Троицкі, Орынбор, Омбы гимназияларына 6, фельшерлік мектепке 2, Омбының кадет корпусына 1 бала түсіп оқиды; сондай-ақ Торғай облысы мен ішінара Туркістан өлкесінде тілмаштық, писарлық, урядниктік қызметтерде 10, болыстардың писарі бол 4, небәрі 57 бала жұмыс істейді.

1886 жыл да Ыбырай үшін қыын жыл бол келеді. Қыстың қақаған кезінде Орынборға Торғай өскери гу-

бернаторының шақыруымен сүйт келіп, өзі туралы жаңадан жазылған арыздар бойынша тағы да жауап береді. Губернатор арыз жазушы адам аты-жөнін көрсетпепті деп, арыз иесін Үбірайдан жасырады. Эйтсе де Үбірай оның губернатормен ауыз жаласқан, губернаторға елдегі әрбір адамдар жөнінде жасырын хат жазып, хабарлап отыратын тыңшылық міндепті мен Семей үйеzi бастығының көмекшісі бол істейтін қызметін жақсы биледі. бұл адам бір Үбірай емес, Қостанайдағы өзінің көп достарының үстінен арыз береді, сөйтіп, соғыс губернаторының сеніміне біжолата кіруді көздейді. Елді осы сияқты жасырын “көздерімен” көріп, басқаруды әдетке айналдырган губернатор өз тыңшылары өтірік айтады деп ойламайды, сондықтан олардың өсек-аянына алаңсыз сенеді. Арыз иесі де сол себепті Үбірайды губернатор жауаптап өуре бол жатпай, сотсыз, тергеусіз, оп-онай қаңғыртып, күп жібереді деп есептейді. Арызшының Үбірайға тағатын ең негізгі айыбы, кінөсі – үйеzi дік басқармадағы губернатор адамдарының үстінен прокурор мен облыстық басқармаға ауызша, жазбаша шағым жасады деген түйінге саяды. Үбірай бұл арада адальдығы мен адамдығына жала жабылғанына қорланумен бірге, үйеzi бастықтарының үстінен шағым берілмейтін олар кім еді, сондай-ақ, бүкіл елде орысша хат танитын жалғыз мен бе екен, басқаны айтпағанда, орыс тұрғындары да бар емес пе, шындықты олар неге айтуға тиіс емес деп күйінеді. Үбірай, түптеп келгенде, мұндай істердің басы губернатор болып, аяғы ел ішіндегі оның тыңшылары болып, әдейі құрылып жүрген тұзақ екенін сезеді. Сондықтан өзінің тікелей бастығы жөне сыйлас адамы Катаринскийге хат жазып, оның осы арыздардың қайдан шығып, қайда тіреліп жатқанын біліп өтіне келіп, былай дейді: “Мен қазір өте көңілсізбін, жабырқау үстіндемін, өйткені, мен көмектеседі, қолдайды деп үміт еткен үкімет адамдарының өзі ақырында мені тіпті заңсыз жолдармен қудалайтынды шығарды. Осыдан кейін не күтүге болады, әділеттік деген қайда? Мен енді осының бөрі ашық сот арқылы болса да беті ашылса екен деген берік шешімге келіп отырмын. Сондықтан губернатордың хаты негізінде прокурордан жөне облыстық басқармадан осының жайын сұрастыруынызды қатты өтіне келіп, сіз бір рахым қыларсыз деп сенемін”.

Үбірайдың үстінен жазылған арыз жоғары өкімшілік орындарына аз дүрлігү туғызбайды. Орынбор оқу окру-

ғының попечителі 1886 жылдың 13 маусымда оку министріне “аса құпия” хат жолдап, мына жайларды аттанды: “Торғай облысының соғыс губернаторы 1886 жылдың 10 ақпандагы ете жасырын жолдамасына Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметін атқарушы Алтынсарин туралы мынадай хабар алғанын білдірді: 1. Арақаралай болысының басқару ісіне араласқан, болыс оның тузысы көрінеді; 2. Қазақтарды арыз, шағым беруге итермелеп, олардың арыздарын өз қолымен жазуға дейін барған жөне Қостанайдағы қазақ мектебінің оқушыларына көшірткен; 3. Жергілікті үйез бастықтарының үстінен шағым үйымдастырып, олар жайында облыстық бастықтарға арыз түсірген... 4. Николаевскі үйезінде Алтынсариннің ықпалы күшті боп барады. Биыл өткізілмек болыс сайлауының алдындағы жағдай осындай.

Алтынсарин мырзаның бұл мінезі тым қолайсыз және айыптауға тұрарлық. Қазақ мектептерінің инспекторы төрізді улken қызмет орнында отырып ол өзінің осы ресми жағдайын теріс пайдаланған. 1883 жылы да Алтынсариннің болыс сайлауы тұсында біраз төртіпсіздіктерге жол бергені мөлім еді. Осының нәтижесінде Алтынсарин мырзаның Қостанайда қала беруінің ыңғайсыздығы туралы мәселе көтеріліп, пікір алысылған болатын.

Алтынсариннің осы істерін ескергенде оның Қостанай үйезіндегі тұыс қазақтарының нақ ортасында алдағы уақытта да қала беруі үйезді басқару жұмысына, өсірепе, мұндағы басқарушы адамдарды сайлаудың қарсаңында зиянды өсерін тигізуі мүмкін. Генерал-майор Проценко Алтынсариннің ендігі жерде Қостанайда қалуын қолайсыз деп тауып, оны Қостанайдан аударып, басқа жаққа қызметкө жіберу мәселесін қойып отыр”. Бұдан кейін Михайлов Ыбырайдан осы жайында алған түсініктемесінде оның тағылған айыптардың бірде-біреуін мойындармай, арызды шүғыл тексеруді талап еткенін, егер айыптар мойнына қойылса, қандай жазаға да риза екенін хабарлайды.

Михайловқа жолдаған түсініктемесінде Ыбырай бұл кезге дейінгі бүкіл еңбек жолын және кімдермен бірге жұмыс істегенін, кімдердің көмегін көргенін айта келіп былай дейді: “Қызмет жағдайым жағынан да, сондай-ақ, жоғары мәртебелі бастықтардың сенімдерін актау жағынан да мен олардың қайсысына да жақын болдым және облыстық, үйездік бастықтардың бәрі дерлік мені адальдығым, өсірепе, өз міндетіме, жалпы қазақтарға тікелей

қатысы бар міндетіме адалдығым үшін айрықша жоғары бағалады. Өйткені менің негізгі сенімдерім мен адамгершілік талап-тілектерім үкіметтің қойып отырған мәселе-лерімен толық үндесті. Менің сенімім бойынша қазақ халқы өзінің мүмкін болған бақтын алдағы уақытта тек орыс халқымен адамгершілік жағынан жақындаса түскенде ғана табады, орысша-қазақша білім алу негізінде рухани және экономикалық даму арқылы табады. Мен жоғарыда өзімді бірі аз, бірі көбірек білетін облыс және үйездердің бұрынғы бастықтарын атағанда, олардан менің үстаган бағытым, мінез-құлқым, қызмет жағдайым, адамгершілік талап-тілектерім туралы анықтама сурау қажеттігі болып қала ма дегенді ескердім. Өйткені 26 жыл бойы адал қызмет ете отырып, жаңа губернатордың алдында кенеттен қазақ даласындағы ең бір зиянды адам боп көріну, өсіресе, маған ешқандай қатысы да қажеті де жоқ арызшылдық сияқты жексүрүн істеп айыпталу және бұған оқушыларды да ауыздандыруши боп табылу, сол үшін үйезден үйезге жер ауып жұру өте қыын жағдай. Генерал-майор Проценконың мен туралы мұндай хабарды қайдан алғанын тіпті білмеймін. Тек осының негізінде ол, алдын-ала ешбір тексерусіз-ақ, менің атымды да, сезімдерімді де қорлап, 26 жыл бойы бар күшімді салып жасаған мұлтіксіз қызметімді де көзге ілмей, қылмысты екеніме ешбір шұбә келтірмейтіндей-ақ, мені оқу округының алдында лас істерге байланысты қаралап отыр. Мүмкін ұлы мәртебелі бастықтың бұлай жасауға хұқығы да бар шығар. Бірақ үлкенді де, кішіні де қорғайтын заң бар емес пе...

1883 жылдың соны немесе 1884 жылдың бас кезінде, анық қай кезде екені қазір есімде жоқ, Торғайдан сол жылы Қостанайга көшіп келген бойда жергілікті жердегі жағдайларды білмегендіктен бір рет жүртқа шынында да ақыл берген жайым болған-ды. Бірақ менің бұл ақылым, өзімнің сенімімше, өзге бір теріс пигылдан туған емес, қайта болыстыққа таласуышы туыстарымның (басқа адамдар болса да бір сөріғой) арасындағы араздықты жоюды көздеуден туған еді. Осыған байланысты менің немере інім Әлім Қылышбаев өз айналасындағы адамдармен бірге маған айрықша өшігіп алды. Өйткені менің ақылым оның пайдасына шықлады. Сөйтіп ол менің үстімнен жоғарғы орындарға арыз берді. Бұл жөнінде мен сіздің ұлы мәртебелі орынбасарыңызға істің қалай болғанын баян-дап, толық жауап бермеген. Соның негізінде берілген арыз

жалған деп табылып, істі облыс губернаторының өзі аяқсыз қалдырыған болатын. Бұл туралы, менің білтуімше, ішкі істер министріне де хабарландырылған сияқты еді. Бұдан кейін, 1884 жылдың екінші жарымынан бермен қарай мұнда қоғамдық қызмет орнына сайлау болып көрген емес және 1886 жылдың аяғына дейін болатын да емес. Сондықтан бұл тұрасында қазақтар тарарапынан арыз түсудің ешқандай реті жоқ. Осыған қарағанда, сірө, облыс губернаторының менің қастандық “істерім” туралы хабарлауына өзге бір қараңғы, сұық қолдар араласты ма деп ойлаймын” Ыбырайдың бұлайша ойлауы тегін емес, шындыққа мейлінше жақын. Патша үкіметінің мұсылман дінін қазақ арасынан ысыра, өлсірете тусу және жергілікті халықтан орысша сауатты чиновниктер дайындау мақсатымен қазақ даласынан аздал орысша мектептер ашу шараларын Ыбырайдың қазақ халқын мәдениет пен экономика, қоғамдық сана жағынан өсіріп, орыс халқымен табыстыру, достастыру бағытында және оның осы мақсатын қалың бұқараның да дұрыс танып, Ыбырайға зор сеніммен қарауы, үлкен идеялық жетекші ретінде тануы, сөйтіп, халық арасында Ыбырай беделінің аспанға көтерілуі, оның үстінен Ыбырайдың бұған дейінгі айқын демократиялық бағыттағы жазба еңбектері мен өткір публицистикалық мақалалары т.т. патша үкіметін қатты сескендіріп, Ыбырай тізгінін тежеу жөнінде өртүрлі сұлтаулар іздел, табуға мәжбүр етеді. Әйтпесе, Ыбырайдың адамдығы мен адальдығына, өз ісіне жауапты қараушылығына мін табу мүмкін емес еді.

1886 жылдың 14 сәуірінде халық ағарту департаменті Орынбор оқу округының 1885 жылғы 5 қаңтар мен 16 қазанда жолдаган өтініштері мен оқу министрлігінің 1885 жылдың 24 маусымындағы ұсынысы бойынша татар, башқұрт, қазақ мектептері инспекторлығы қызметін өз алдына өкімшілік орны болу хұқығынан айырады, бұдан былай инспектор училищелерді басқару ісінде жеке билік жүргізе алмайтын, жергілікті билеуші орындар алдына училищелер жөнінде мәселе қоя алмайтын болады, мұғалімдерді тағайындау, ауыстыру ісінен де қатыстырылмайды. Мұғалімдер жөніндегі хұқық училище менгерушілеріне беріледі. Инспекторға тек мектептердегі оқу, тәрбие жұмысына бақылау және жетекшілік ету правосы жүктеледі. Инспектор правосының бұлайша құлдыратылуында Ыбырайдың өзіндік “үлесі” де жоқ емес еді. Пат-

ша үкіметінің билеуші орындары Ыбырай қолындағы тізгінді осылай тәжеп ұстауды көздейді.

Бір ғажабы – Ыбырай қанша құғын көрсө де, қандай қорлыққа ұшыраса да, ағарту саласындағы жұмысына бір салқындық жасамайды, енжарлық білдірмейді, оның үлкен мәселесіне де, кіші мәселесіне де баз-баяғы шынай шабыт, зор қайрат-жігер, ыстық ықласпен кіріседі. Осының өзінен ағартушының өз ісі мен оған билеуші қауымның қатынасын бір-бірімен шағыстыруға, біріне ренжіп, екіншісіне салғыртсуға болмайтын екі дүние деп танып, айыра қарағанын аңғарту қыны емес. Сондықтан да ол қыстай губернатор тарапынан қысым көргенімен, қар кете, сөуірдің басында Катаринскийге хат жазып, айдың 20-ларына таман мектептердегі емтихандарға шыққалы отырғанын, егер болыстық мектептерді салуғы кірісу жөнінде бүйрек болса, онда өзгеше шешім қабылдамағын хабарлайды. Ыбырай кезінде облыстық мектептерді 1886 жылдың жазына дейін дайындал қою мәселесін көтерсе де, оған өкімдер жөнді құлақ асып, асықпайды. Сондықтан мектеп үйлерін салу жұмысы 1886 жылы аяқталмақ түгіл, басталмай, өлі сөз жүзінде, өкімшілік мекемелер арасында ұсыныс, пікір түрінде жүріп жатады. Министрлікке Ыбырай жобасы бойынша Торғай облысында 8 жерден мектеп ашу туралы сөз болады: Николаевскі үйezінен – 3 (Құмак пен Жетіғара болыстары ортасынан, Бестөбе, Шубар, Дамбар болыстарының арасынан, 2 – Аманқарағай болысынан), Торғай үйezінен – 2 (Қараторғай, 1 – Наурызым болыстарынан), Елек үйezінен – 2 (Бөрте болысынан, Аралтөбе, Ойсылқара болыстарының арасынан), Үргыз үйezінен – 1 (Қарабұтак фортынан). Бұл жоба өуелі баста Орск мұғалімдер мектебін 1886 жылы 9 бала бітіреді деп есептеліп, соған лайықтала жасалған еді. Жаз ортасында болыстық мектептер туралы мәселе мұлде ұмытылып, Торғайдың соғыс губернаторы болыстық мектептер үшін деп жиналған қаражатты Үргыздың екікласты мектебіне жаңа үй салуға жұмсау мәселесін қояды. Бұған өзге үйездер халқының наразылығын губернатор елең қылмайды. Осылан қарамастан Ыбырай өзінің болыстық мектептер туралы ойларын қыркүйек айында Ильминский арқылы министрлікке жеткізеді. “Бұл мәселе жөнінде қандай да болса бір істің істелгенін тілер едім, өрине. Ал бұған қарсы жақ өте күшті, онымен ашық күресу қыны. Мен соңғы кезде аздап таяқ та жеп қалдым... Үлкен адам-

дармен қалай сөйлесуді менен гөрі өзініз жақсы білесіз ғой. Өз ақылынызben істей беріңіз”, деп салмақты Ильминскийдің өзіне салады.

Ыбырай “Қазақтың болыстық мектептері туралы записка” деп аталатын еңбегінде қазақ арасындағы ағарту ісінің жайы мен міндеттерін мемлекеттік түрғыдан, халықтың экономикалық өмірі мен мәдени-рухани болашағы түрғысынан, халықтардың бір-бірімен байланысы, достығы тарапынан қоюға тырысады, халық өмірінің ерекшелігі мен дәрежесін, талабы мен тілегін өркез терең зерттей, біле отырып, орысша-қазақша білім беру ісін соған лайықты мөлшерде жүргізгенде ғана күткен нәтижеге жеткізбегін дәлелдейді.

1883 жылдан бастап болыстық мектептердің негізгі сипаттарын ашып көрсетіп келе жатқан Ыбырай “Запискада” бұл мектептерді дала өмірінде осы уақытқа дейінгі оқу-ағарту ісінің жаңа бір басқышы, буны ретінде қарайды, халық арасына білім құралымен бойлай, терендей барудың ең кішкентай да қарапайым халық қарожатын өз билігімен баса көктеп, екікласты жалғыз мектеп үйін салуга жұмысамақ ниетін, сол арқылы оқу ісін екікласты мектептен өрі қарай көрмеуін, көргісі де келмеуін сынайды.

Уш жұз мыңға жуық халқы бар облыс үшін бес мектептің аздығын, оларды оқитын 130 қазақ баласының санына шаққанда жеткіліксіздігін, онын үстіне екікласты мектептер мен оқытушылар мектебін бітірушілердің өз орындарына лайық пайдаланбай қалу қаупін ескеріп Ыбырай бүкіл облысты ерінбей аралап, облыстың адамдарын ағарту жұмысына үй басына байлардан 1 сомнан, кедейлерден 30-40 тыыннан ақша жинауға көндіру мақсатында көптеген үйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Сондықтан Торғай, Елек, Николаевскі үйездерінен жиналған қарожатты “олармен ешбір материалдық байланысы жоқ үйездегі мектепті салу жұмысына алып қою және жалғыз Ырғыз мектебіне бола бірнеше болыстық мектепті тоқтату” Ыбырай үшін мұлде жөнсіз, ынғайсыз, моральдық жағынан тіпті қылмыс сияқты бол көрінсе де, губернатор үшін жөн болп көрінеді.

Сөйтіп 1886 жылы болыстық мектептер ашылмайды да, алдағы уақытта да қашан ашылары белгісіз бол қалады. Жиналған ақша бұрынғы бар мектептердің өндіеу, жөндеу жұмыстары мен стипендияға т.б. жұмысалады. Оқытушылар мектебін осы жылы бітірген Торғай облы-

сының 12 баласы жұмыссыз қалады. Олардың бағына қарай, 4 баланы Орал облысына оқытушы етіп жіберуге, тағы 4 баланы (ішінде А. Құрманбаев, Оразов бар) өз мамандықтарын ауыл шаруашылығы мен техника саласындағы білімдерін жетілдіре түсу үшін Красноуфимскі реальное училищесіне жіберуге, қалған төртеуіне көмекші оқытушылық қызметін тауып беруге мүмкіндік туады.

“Бұдан былай қазақ оқытушылары жыл сайын окуларын бітіріп шығып отырады, ал олар өзірленген істеріне пайдаланылмағандықтан, бірер жылдан кейін өздерінің өткен арнаулы пәндерін үміттеп та кетеді. Сонымен оқытушылар мектебінің өзі үкіметтің де, облыс халқының да одан күткен пайдасын бере алмайтын болады”, – деп корқады Ыбырай. Сондықтан да болыстық мектептерді ашуудың кезеңі жетпек түгіл, асып бара жатқанын, енді бірер жыл осылайша өтсе, тіпті бұрынғы істелген істердің бөрі зия кетерін ескерте кеп, бұл мектептерге артар қоғамдық-әлеуметтік үміттері жөнінде мына жайларды еске салады.

“Қазақ халқы арасында өзіне көрші халықтардың тілін білуге, жазуын үйренуге үмтүлүшшілік күшейіп келеді, өйткені, біріншіден, қазіргі экономикалық жөне саяси жағдайының өзі аяқ басқан сайын, мысалы орыс тілін, орыс жазуын білуді қажет етіп отыр; екіншіден, бұл халық өзінің табиғи жаратылышында өр нөрсені білуге құмар және үгымтал зерек халық. Осы жағынан қазір татар, өзбек, башқұрт т.б. көрші халықтар қазақтардан көп үйрене бастады. Осы іскер, дарынды, бұзылмаған халық... (фанатизм) ықпалына біржолата түсіп кетсе, өте өкінішті болар елі...

Осы жағынан да қазақ даласына орыс-қазақ мектептерін тез тарату қажет-ақ. Бұл мектептер татарша оқуды толық ығыстырып шығармаса да, онымен тең түсетін бір күш болар еді, халықтың ілгері дамуына зиянын тигізіп отырған соқыр сенімдердің бетін қайтаратын дұрыс көзқарас таратушы орын болар еді. Бұл қазақтың өзірге шейін жойылып кетпей, ешқандай діннің ықпалына түспей, тәжірибелік негіздерге сүйеніп, сақталып келген дәстүрлірімен бірге халықтың адамгершілік жағынан азуына жол бермеген болар еді.

Қазақ арасында орыс-қазақ мектептерін салуды тілейтін тағы бір себебіміз – бұған керек қаржыны қазақ қауымдарының өздері беріп отыр... Қазақ халқы жаңа оқи бастаған халық, сондықтан оның оқуы ең өуелі өліппеден басталуға тиіс, ал оның өліппесі осы бастауыш орыс-қазақ

мектептері болуы керек... қазақ даласына жалпы отандық орыс тілін, орыс жазуын ендірудің қамын жасау керек. Бұларды басқаның бәрінен қазактың нақортасынан орнатылған халықтық орыс-қазақ мектептері ғана дұрыс таратада алды.

Өйткені халықтың өз ортасынан орнатылған және оңай, қарапайым, жалпыға бірдей түсінікті негіздегі мектептер ғана халықпен біте қайнаса байланысты бол кететіні, жалпы алғанда, талассыз болар деп ойлаймыз. Мұндай халық мектептерінің тағы бір артықшылығы – оларды оқыған адамдар өзінің туган жерінде қалады, сөйтіп, алған білімі қаншалық аз болғанымен де, айналасындағы халықтың экономикалық түрмисына және олардың ой-пікіріне қалай да пайдалы ықпалын тигізіп отырады; және сенімсіз дұмше молдалардың өлшеусіз қанауларынан халықты барған сайын қорғап отырады, сөйтіп, қазактың жас үрпағы орыстың тілі мен жазуына мәдениет пен білімнің тілі деп қарайтын болады, оларға құмары артады ... халыққа түсініксіз, арнаулы жоғарғы дәрежелі оқу орындарын ашудың бүгінгі таңда қажеті бола қояр ма екен”.

Трактаттың дәуір бет алысы мен халық өмірінің тереңіндегі шағын қозғалыстарға дейін сейсмографтарша дәл байқап, көріп, біліп отырган адамның қолынан шыққаны, сондай-ақ, халықтың және озық саяси-идеялық мазмұны бірден бір бүтін құбылыс ретінде көзге түседі. Автор бүкіл игілікті, жақсылықты, халқының қоғамдық дамуына жағдай туғызатын қолайлы нәрсенің бәрін орыстың тілі мен білімнен, мәдениетінен күтеді.

“Қазақтың болыстық мектептері туралы записка” ағартуши өміріндегі биік бір белес, жаңа кезең бол табылады. Мұнда ол өзінің қоғамдық, өлеуметтік көзқарастары мен ой-пікірлерін бірсыдырығы толық білдіреді.

“Записканы...” Қазандағы Ильминскийге жібергеннен кейін, Ұбырай көп кешікпей қырқүйектің аяғы мен қазаның басында Қазанға сүйт барып қайтады. Бұл жоспарсыз сапардың нақты неге байланысты екенін және жедел сипаттың айқындастының қосымша дерек жоқ. Қырқүйектің 18 күні Орынбордан “Записканы” Ильмискийге жібергенде Ұбырайдың Қазанға бару туралы ешбір ойы жоқ. Қайта сол күні ол Қостанайға қайтқалы отырганын хабарлайды, айтқанында, Қостанайға жүріп те кетеді.

Шамасы, Қостанайға келісімен кешікпей Қазанға сапар шеккен. Бағдарлай қарасақ, мұның себебі, біріншіден, бо-

лыстық мектептер жөніндегі ойларын, ұсыныстарын өрі қарай қозғау, жылжыту болса, осы жөнінде Ильминскиймен ауызба-ауыз сейлесіп, ақылдасу, екіншіден, Ыбырай 1883 жылдан бастап Торғай соғыс губернаторы Проценко мен оның әртүрлі тыңшылары тарапынан қатты құғынға ұшырап, аттаған адымы сайын аңдуға алынады. Ыбырай Ильминскиймен көп жылғы дос-жарандық қатынасын еске алғып, осы жағынан да көмек, ақыл сұрай барғанға үқсайды.

Ильминский бұл кезде оқу жөне ішкі істер министрліктеріндегі көптеген ресми адамдарды тану, білүмен қатар, бұл мекемелердің шығыс Россия халықтары жөніндегі сарапшысы да еді. Сонымен қатар ол орыс шығыстануғалымдарының арасында да едөүр салмақ алған болатын, Ресей академиясының корреспондент мүшесі бол сыйланған-ды. Ыбырай Қазанға қандай жұмыстармен барса да, көңілі қайтады. Ильминскийдің отбасы кейін оған хат жазып: “Сені жөнді еркелетіп, күте алмадық па, Қазаннан кетерде бір нәрсеге ренжіген сияқты, көңілсіз болдың” деп, бір жағынан, өкініш білдірсе, екінші жағынан, кешірім сұрай хат жазғанда, Ыбырай бұған көңілді жауап береді: Россияны көргісі келген бір француз пароходпен жақындал келген соң палубага шығып Петербургке қарап тұрыпты да “қала жақсы екен” деп, кейін қайтып жүре берілті, мен де сол сияқты өздерінізді көптен көрмеген соң көріп қайтқым келіп, бардым да амандықтарыңды білісімен дереу кейін қайттым дейді.

Қостанайға Ыбырай қазанның 20-да оралады. Келсе, ауа райы ете жақсы, бітік шыққан егінін жинап алған ел де көнілді. Мұның бөрі Ыбырайдың көңіл күйін онан сайын есіре түседі. Сол себепті бұл күндері ол губернатор тарапынан болған азды-көпті реніштерді де елемейді.

1886 жыл көп қындығымен бірге Ыбырай шаңырағына жаңа азamat әкеледі. Жылдың аяғына таман, қыс толық түсे бастаған кезде Ыбырайдың екінші ұлы Әбдірахман туады. Отбасында жас нөрестені сиректеу көріп, кейбір көрінгендері тұрмай жүргенде тағы бір ер баланың кеп қосылуына Ыбырайдың өзі де, үй-іш де, жақын тұғандар да қатты қуанады. Ыбырай баласының тууына арнап той жасайды.

Айғаныс бұған дейінгі ұлы Абдолла төрізді, екінші ұлы Әбдірахманды да бала күтүшінін көмегімен мәпелеп өсіреді. Ыбырай үйде болған кездерде көбіне қонақ күтуден, қонақ жоқ уақытта Ыбырайдың өзін күтуден жөнді

босамайтын Айғаныс балаларын да бағып-қағып, төрбие-леуге, өсірге уақыт пен мүмкіндік табады. Оның үстіне отбасының көптеген сыртқы жұмыстарын (мал, отын, су, қала-далаға адамдар жұмсау, керек-жарап алдыру т.т.) да Айғаныс өзі қарайды, басқарады. Оспан малды бағу, күту тәрізді шаруашылықтарды қараганы болмаса, тікелей отбасына қажет жайлармен Айғаныс өзі айналысады.

Красноуфимскідегі реальное училищеге жол қаражатымен, стипендиясымен 1886 жылдың күзінде жіберілген 4 бала барысымен орналасып, бірден өздерін жақсы жағынан көрсетеді. Ыбырай бұлардың оку жайы, үлгерімдері, үйреніп жатқан көсіппері жайында үнемі хабарласып біліп отырады. Студенттердің алғашқы алты ай ішіндегі табыстары жұрттың бөрін таң қалдырады, олар тері илеуді, сабын жасауды үйренеді, бұл заттардың балалар жасаган нұсқалары попечетитель мен министрге дейін жіберіліп, Ыбырай мен Катаринский көтеріп жүрген мәселелердің дұрыстығы мен қажеттігі және қазақ балаларының ерекше үғымталдығы, жаңалықты қабылдағыштығы Ыбырайды айрықша қуантады. Ыбырай соңғы жылдарда бастауыш орыс мектептерін ашуды, оларды бітіргендерді өзгелерді орысша оқыту мен өнеркөспітің қазақ өміріне жақын және кейінгі кездегі талап-тілегіне лайық, мал мен егін шаруашылығына қажет, олардың өнімдерін өндеу жөніндегі көсіпперді үйрету курстарына жіберіп алу мәселесін көбірек көтеріп жүрген еді. Бұларға қоса ағаш-темір ұсталығына үйрететін арнаулы, айрықша 2-3 мектеп ашу мәселесін де өркез мәселе етіп қойған болатын.

Енді, міне, осы идеяның 1887 жылдың басында Торғайдағы қолөнер мектебінде, Красноуфимскідегі реальное училищеде жақсы табыстарға жеткізе бастауы Ыбырайды қаннаттандыра туследі. Бірақ “қысқа жіп күрмеуге келмейді” дегендей, айтқаның, ойлаганың, сұрағаның бөрі бола бермейді. Осы ретте, өсіресе, болыстық мектептердің губернатор тарапынан қырсыққа ұшырауы Ыбырайдың зығырын қайнатады, “мұндай жобалар қаранды адамның кінәсінен кідірсе бір сәрі ғой, білікті... адамның кінәсінен кешігеді” деп көкейіндегі көп сөзді айта алмай, іркіп қалады.

Осындай жобалардың бірі Қостанайдағы орыс балаларына арналған мектеп жайында еді. Баланы ұлтына, жынысына қарай бөлуді немесе бірінен бірін артық не кем санауды адамдыққа жат міnez есебіне бағалаған Ыбырай: “Қостанайға келіп қоныстанған орыстардың балалары үшін

екікласты мектеп ашамын ғой деп ойлап едім, бірақ бұл мәселе өкімдеріміздің өрқашан да істеп отыратын кесірінен өлі қүнге шешілген жоқ; мұның себебінің не екенін де білмеймін, бірақ жүрт: бұл мектеп ашу мәселесін өкімдер көтермей, оқу бастықтары көтергендіктен ғана тоқтап жатыр деседі”, – деп қынжылады осы (1887 жылдың наурызында) өкімдердің қындыр-қисық мінездері туралы.

Сонғы жылдары, бір жағынан, денсаулығы нашарлап, екінші жағынан, өкімдер тараپынан үнемі құғынға үшірай бастаған Ыбырай алдағы жаманшылық жайында ойлаймын десе де, кейде оның қапас тұтқынынан шыға алмайды. Осындай сөттерде, өсіресе, шиеттей бала-шағаның болашағы жаңға ауыр тиеді. Қырықтың ішіндегі жігіт өлім мен өзге жамандыққа өзін қанша қимаса да, балаларының алдағы өмірін ойламай, ол үшін қам жемей отыра алмайды. Сондықтан да өрі досы, өрі тікелей бастығы Катаринскийден зейнетакы жайында көмектесуін өтініп сұрайды. “Мениң процент (пенсия) қағаздарым жөнінде сіңірген енбегініз үшін сізге қандай алғыс айтартымды білмей отырымын. Истеген қайырыңыз құдайдан қайтсын! Өйткені сіздің бұл сіңірген енбегініз мениң сөбі балаларымның нөпакасы. Олар ер жетіп адам болғанша, мен тірі боламын ба, болмаймын ба – оны құдай біледі”, – дейді жаны да, тәні де шаршаған, құлазыған минуттарда Ыбырай.

“Бұл дүниенің құштілерімен күрсуге өлім келмей, мен енді қарсыласуды қойдым” деп түнілетін кездері де болып қалады. Осындай себептермен күзге қарай Орынборға барғанда попечиттельмен де бұл тақырыпта сөйлеспек болады. “Сөйлесейін дегенім – мениң оқытушы жөне тілмаш болған уақыттарым мемлекеттік қызмет есебіне кіре ме екен, соны білейін деп едім, ал егер кірмейтін болса, осы жұмыстарда болған уақытымды мемлекет қызметі есебіне кіргізу жөнінде өтініш жасауын сұрайын деп едім, өйткені мұндай іс басқа мекеме салаларында аз емес. Мениң қазіргі жұмыс жағдайыма, өртүрлі қыншылыққа дайын болу үшін, өзім туралы осындай ізденуді өте керек етеді деп білемін...” – дейді Ыбырай. Бұл арада да өзіне белгілі көптеген қауіп пен қатерді атап, ашып айтпай, көп нүктенің асты мен арасында қалдырып кетуге мәжбүр болады.

Дегенмен, жүрек түйнектін көңілсіз жайлар қанша басқанымен, Ыбырай ағарту ісіне адалдығы мен күшжігерін, ықласын ешқандай азайтпайды. Өсіресе, осы жазда көмекші мұғалімдік қызмет мерзімі аяқталатын төрт ба-

лаға жұмыс табу оған оңайға түспейді. Катаринскийдің ақылымен байларға сейлесіп көрсе, өз қарожатымен (үйімен, қызметшісімен т.б.) бір де бір бай мектеп ашкысы келмейді. Мұның себебін Ыбырай бізде капиталист жоқ қой, содан болар деп түсінеді. Сондықтан қазақ арасында мұндайда тек үй басынан алым-салық жиналады. Ол үшін губернатордың ұлықсатығана керек. Ал губернатор өзі үйғармаған жағдайда, өзгенің айтқанына көне бермейді. Сондықтан Ыбырай үйден қатынап оқитын балалар мектебін (екі-үш) ашуды ұсынады, біреуін өз үйінің қасынан аша алатынын мәлімдейді, мұндай метептер үшін мұғалімнің еңбек ақысынан басқа ақша төленбейді, сол себепті бұлар тіпті арзан түседі және оқу бітірген көп балаға осылардан қызмет тауып беруге болады дейді. Торғай облысында уақытша мұғалім бол жүрген төрт балалы, ақыры, өзі танитын болыстармен келісіп, болыс жаһындағы іс жүргізуілік қызметіне орналастыратын болады. Бірақ Ыбырай мұның өзі мәселені түпкілікті шешу бол табылмайтынын жақсы түсінеді.

Маусым айында Қостанайға Торғай облысының өскери губернаторы Проценко келеді. Ыбырай соңғы 3-4 жылда Проценко тарапынан қаншама ашық және жабық құғындауға ұшырауына қарамастан оған облыстағы мектеп ісінің кезек күттірмейтін тілектерін тағы да таратып айтып береді. Ақыры оны біраз мәселеде көндіреді де. Торғай үйеziнде 1, Николаев үйеziнде 2, Елек үйеziнде 1, Үргыз үйеziнде 1 болыстық бастауыш мектеп ашу жөнінде жазбаша ұсыныс түсірмекші бол келіседі. Қостанайдагы орыс балалары училищесін ашуды тездету жағын өтінеді. Губернатор Орынборға барып, болыстық мектептерге жұмсалатын қарожатты босатысымен Ыбырай тамыз айында облысты аралап, мектептерді тіkelей ашу жұмысымен айналысуға дайындалады. Бұл екі ортада ол бұған дейін ұлықсаты алынған Үргыздағы қыздар мектебіне өйел-мұғалім іздейді, Бөрте мектебін ашумен шұғылданады.

Губернатор кетісімен Ыбырай Қостанайды ұзақ шыдап отыра алмайды. Көптен асыға, аңсап күткен болыстық мектептердің аяқ астынан, оп-оңай (мемлекеттік біліктілікпен емес, көңіл қүйдің аумалы-төкпелі сөтіне байланысты) шешіле салуы ағартушыны ерекше сергітіп, тіпті бұрынғы қайғы-қасіреттерін де уақытша ұмыттырып, болашақ жаңа мектептердің мекен-жайларына қарай еріксіз сүйрей түседі.

25 маусымда ол Николаевскі үйеziндегі Обаган және Жітігара болыстарының аралығынан ашылмақ мектеп үйінің құрылым жұмыстарын биыл дайындалап қойып, келер жылы салу және балаларды биылша оқытатын үйдің табылғаны туралы облысқа хат жазып, облыс өкімдерінің келісімін сұрайды, Торғай үйеziндегі Қараторғай, Сарықопа, Жыланшық болыстарының ортасындағы Батпаққара деген жерден де дәл осында жағдайды анықтап хабарлайды, Қостанайдан орыс балалары (30 ер, 25 қыз бала) үшін ашылмақ екікласты мектептің сметасы мен оған бөлінетін жер жөнінде ұсыныс жібереді. 15 қыркүйекте Ұргызыда Алматовтың үйін жалдап алып, қыздар училищесін ашады. Оған алғашқы кезде 18 орыс қызы қабылданады. Училищенің менгерушілігіне Гайжевская сайланады.

17 қыркүйекте Бөрте болысындағы (мектептің бұрынғы үйінде) болыстық мектепті ашады. Бірінші мектепке 14 бала алынады, қалған 12 бала 20 қазан мен 1 қарашаға дейін жеткізілетін болады. Мектеп мұғалімі боп Асауов белгіленеді. Ұбырай бұл жігітті еріншектеу, женілтектеу көріп, оның жұмысын өркез бақылау, қадағалау сөттерін бос жібермейді. Мектептің ашылуына 400 дей адам қатысып, ойын-той өткізіледі, ат шабысы, палуандар күресі т.т. болады. (Осында той-думан кейінгі мектептерді ашу кезінде де орын алады. Мұның бәрі халықты мектепке тарту, оның мақсатын қайткенде халыққа ұтымды жеткізуі көздейді). 1 қарашада кейінгі 4-5 жыл бойы жалықпай көтеріп, бірақ ештеңе шығара алмай келген Қарабұтақ бастауыш (біркласты) мектебін ашады, оған 25 қазақ, 18 орыс шаруасының балалары алынады. Мұғалімдікке Меркуьев тағайындалады.

10 желтоқсанда Обаган мектебі ашылады. Оған Николаевскі үйеziнің Обаган, Мендігара, Аманқарағай, Арақағай болыстарынан 25 бала алынады. Эрбір мектептің ашылу кезіндегі тәрізді бұл мектепте де мектепке балалар қабылдау түсінда байлардың, болыстардың балалары көбірек хазылып, кедей балалары ысырылып қала береді. Ұбырай мұндай жағдайда өзі араласып, істі жалма-жан түзеп отырады. Обаган мектебін ашар кезде алдыңғы тізімге ілінген кедей баласы Спандияр Көбейұлы кейін шығып қалады. Кедейлік “кінәсі” үшін болыс сыздырып тастайды.

Мұны естігендे Ұбырай мектептің ашылуына жиналған жүртқа:

— Бұл бай балаларына арнап ашылған мектеп емес. Үйездік ұлықтардың да, болыстардың да мектепке алынған балаларды шығарып тастауга хақы жоқ, менің рұқсатымсыз бірде-бір баланы тізімнен өшіруші болмаңыз, мектеп ашуға жиналған қаржы осы халықтік екені есінізде болсын. Кімнің қанша қаражаты шығыпты бұған, — дейді.

Спандиярдың мандайынан сипап, бетіне үңіле қарап:

— Оқисың ба, балам? — дейді.

— Оқимын.

— Оқы, балам, жақсы — дейді де, менгерушіге қарап:

— тізімнен өшірлген болса, қайта жаз. Мына балаға көзіңнің қырын сала жүргейсің. Сірө, әкесі осы елдің мықтыла-рына жақпай, зәбір көрген адам болу керек, — дейді.

29 желтоқсанда Дамбар, Шубар, Бестөбе, Жітіара болыстарының орталығынан Жітіара-Шубар мектебі ашылып, оған 25 бала алынады. Мұнда алғаш Шотаев, кейін Балғымбаев мұғалім болады.

Болыстық мектептердің ара-арасында Ұбырай өзге мектептердің де кезек күттірмейтін жұмыстарын жедел шешіп, өзінің билігі жетпеген жағдайда өкімшілік орындарға хабарлап, көмек сұрап отырады. Торғай қолөнер мектебінің мұғалімі Чираковский мектеп ісін өбден былықтырып, мектептен кетпек болғанда Ұбырай енді одан ешқашан пайда болмайтынын көріп, Симбирскідегі қолөнер учелищесінің директоры граф Орлов-Давыдовқа хат жазып, мектептің кейінгі директоры Ивановтың ұсынысымен Медянскийді жұмысқа алады. Қолөнер мектебінің балалары жерге жатып, төсек-орын жағынан жүдеп жүргендіктен облыс өкімдеріне тағы да ескертіп, темір төсек, жастық жабдықтарын алуға қаражат сұрайды.

Ұбырай Торғай облысы мектептерінің инспекторлығы қызметіне арада 10 жылдай уақыт өткен соң, тек 1888 жылдың 28 қазанды ғана бекиді. Демек, ол 1879-1888 жылдар арасындағы халық ағарту майданындағы сұрапыл қызын да маңызды істерін инспектор қызметін уақытша атқара жүріп жүзеге асырады. Бұдан шығатын қорытынды: Ұбырай үшін жан ауыртпайтын жайлы, тұрақты қызмет те, атақ-манасп та қажет болған жоқ, өз сөзімен айтқанда, “реті келген жерде халыққа пайдасын тигізу” сәттерін үтімдуды үқсату ғана қажет болды. Сейтіп, ол жұмысым уақытша екен деп жүрген жоқ, өр күн, өр сағатты халық ағарту ісінің игілігіне пайдалану үшін бар уақытын, денсаулығын, өмірін аяусыз, артығымен жұмсады. Бұл тек

Ыбырай сияқты ардагер азamat үлдүң ғана қолынан келетін ерлік еді.

Осы кезде Ыбырай шаңырағында үшінші бала дүниеге келеді. Ол Шәрипа деген қызы бала. Ыбырай өте балажан болған адам. Жылына жұмыс бабымен екі-үш рет айлап жолаушылап кеткенде үйінің маңындағы мұғалімдер арқылы үй-ішінің, бала-шағасының амандығын өрдайым хат арқылы біліп тұрады екен, үйіне өркез балаларын қатты сағынып оралатын көрінеді.

Сонымен, тұтас алғанда, 1887 жыл – Ыбырайдың ағартуышылық қызметіндегі жаңа бір өрлеу кезеңі болды. Соңдықтан да ол қыркүйек-қазан айларындағы жаңа мектептерді бірінен соң бірін ашу, үйымдастыру жұмыстарының алуан түрлі дамылсыз, ешбір демалыссыз қындықтарына қарамастан өзін ерекше көңілді, сергек сезінеді. Көңіліндегі қара бұлттар аз уақыт болса да айығып жаңаша шабытпен, күш-жігермен еңбек етеді. Осындай сөттерде өзі жайында жеңіл юморға шебер Ыбырай “Қорқып қалған қарға бұтадан да қорқады” дегендей жасқаншақ басым темірді қызған кезінде соға бердім деп, губернатордың аузынан шығып қалған ұлықсатты айнып кетпей тұрганда, табан аузында орындауға бар күшін салғанын өзіл-шыны аралас айтады.

Ыбырайдың “темірді қызған кезінде соғу” талабы жаңа, 1888 жылдың басында да қарқының бәсендептей, жалғаса түседі. Осы екпінмен ол 6 қантарда оқу округтynың попечителіне кіріп, Үргыздарғы қыздар училищесінің жанынан қазақ қыздары бөлімін ашу туралы мәселе қояды. Ыбырай мұндағы негізгі міндет – қазақ қыздарын сөнді-салтанның өмірге баулу, үйрету емес, орысша, қазақша азды-көпті білім беріп, оқуға, жазуға үйрету, еңбекке, қолөнеріне (іс тігу, тоқыма өнері т.б.), үй шаруашылығына баулу, қысқасы, болашақ отбасының бақытын өз колымен жасай алатын адамды тәрбиелеп шығару деп мәлімдейді.

1888 жылдың күзінде мектепке Ыбырайдың ұсынысы бойынша, 1 – Сейдалин мен мектеп менгерушісі Гай-жевскаяның қолдауымен 10 қазақ қызы алынады (интернатта тұрып оқиды). Қазақ қыздарын алғаш Царегородова, кейін қазақ тілін білетін Васильева оқытады. Үргыз мектебінде қазақ қыздарының жақсы оқып, білім, тәрбие алуы, тоқу, тігу өнерлерін үйренуі басқа үйездер үшін сабақ болады, олар да осындай мектеп ашу мәселесін көтере бастайды.

Сөуір айында Ыбырай жазғытүрғы лайсанға қарамасстан, Торғай, Үргыз, Қостанай үйездеріндегі ескі, жаңа мектептердің барлығын бір аралап, оқу процесінің көңілдегідей жүріп жатқанын өз көзімен көріп қайтады. Осы сапардан ол Обаган мектебінде оқып жүрген, өзі өткен жылы оқуға түсірген Спандияр Көбеевті көріп, танып: Спандияр сен осында оқып жүр ме едің? Оқы адам бол. Ана байдың балаларына ерме, оқуынды біл, бай балаларының мазағына мойыма дейді. Қасында тұрған мұғалім Есмағамбет Шуриң де Ыбырай сөзін қостап, Спандияр оқиды, жақсы оқиды, қыста бай балалары қашып кеткенде, бұл кеткен жоқ дейді. Бұл болашақ үлкен жазушы Көбеевтің Ыбырайды соңғы көруі еді. Осы жолы Ыбырай Үргыздан Елек үйездегі мектептерге жүргелі тұрғанда үлкен ұлы Абдолланың сүзек боп қатты ауырып жатқан хабарын естіп, дереу үйіне қайтады. Келген соң баланы таныс дәрігерлеріне көрсетіп, өлім аузынан алып қалды.

Осы жылдың мамыр айында Торғай облысының жаңа өскер Губернаторы Барабаш үйездерді аралап жүріп Қостанайға келеді. Көп жылдар сонына түсіп, күгін көрсetten Проценконың облыстан кетуі Ыбырайға аз-кем болса да жеңілдіктеі көрінеді. “Мен тіріліп, адам құсап, тырбандап қалдым” дейді ол өзінің осы кездегі өмірі туралы. Барабаш Қостанайда болған күндерінде Ыбырай оны облыстағы ағарту ісінің жайымен ісінің жайымен таныстыру барысында мұқтаждық жағына көбірек назар аударды. Тамыз айының аяғында Орынборға барғанда облысты алдағы уақытта қандай мектептер ашу қажеттігі жайында, халық өмірі нені қажет етіп отырғаны туралы, ағарту ісінің таяудағы міндеттері тарапында жазбаша толық ұсыныстар жасайды. Бұлардың ішінен негізгілері ретінде облыстан Красноуфимскідегі училищедей ауыл шаруашылық мектебі туралы жобаны, облыс бойынша өр үйеze бір-бірден не екі үйеze біреуден реальное училище ашу жайындағы ұсынысты т.б. атауга болады.

Губернатор облыс тарапынан осы ұсыныстар жөнінде дайындалатын қағаздарға Ыбырайдың өзін отырғызып қояды, ол бұған қуана-қуана келіседі. Өйткені өз тілегін артық кім жазады, оның үстінен оның тілегі губернатор атынан жазылатын болса, мұндай тапсырма өлдөнеше рет пайдалы да қолайлыш емес пе? Ыбырай осы жағын ескерді.

Халқының қалаулы азаматы – Ыбырай жас кезінде де, кейін отыздан асып, қырықтың ішінен мол кірген ша-

ғында да көпшіліктің бас қосқан үлкен жиындарына, арнап шақырған той-думандырына айрықша ықыласпен барады. Жұмыстың қындығы мен көптігі, тіпті соңғы жылдардағы шамалы деңсаулық та оның қауыммен, елмен кездесуіне кедергі, тосқауыл бола алмайды, халықпен көбірек араласып, оған өзінің сезімен, ісімен, өділдігімен, ададығымен, адамдығымен аздап болса да, дұрыс үлгі көрсетіп, жөн сілтеудің әрбір жақсы сөтін бос жібермеуге тырысады. Осындай той-думандарға барғанды Ыбырайдың көбіне қасына қалдырмай, бірге ертіп жүрген адамдардың бірі – өзінің сүйікті шекірті, кіші замандасы өрі досы Әбдіғали Балғынбаев.

Балғынбаевтің айтуынша, Ыбырайдың соңғы рет барған ірі асы – 1888 жылдың жазында Кіші Ордадағы жаппас руының достияр арысында байлықпен аты шыққан Басығараға берілген ас. Осы асты этнографиялық жағынан Ыбыраймен бірге қызықтаған Балғынбаев былайша сипаттады. Перовскі үйеziнен қарайтын жаппас руы көктем ерте шығысымен Қостанайға қарай үдере көшіп, Торғай облысының Торғай, Ырғыз, Қостанай үйездеріне қашықтығы жағынан бірдей, аралықтағы Қожакөл деген көлдің маңына келіп қонады, жайлайды. Жайлauга келісімен, астан бір ай бұрын Торғай облысының аталған үш үйеziнен арнайы кісі жіберіп, сауын айтады, асқа шақырады. Жаппас руының өзімен қоса асқа үш-төрт үйездің халқы жүйрік аты мен балуанын, мергені мен сайыскерлерін бір ай бойы дайындауды.

Кешікпей Қожакөлдің жағасына ас беруші ел 300-деги киіз үй тігіп, асқа келген қонақтарды қабылдайды. Келе жатқан қонақтарды көз көрінім жерден ауылдың бірнеше адамы алдарынан шығып, қарсы алып, әркімді өздеріне бөлінген үйлерге түсіреді. Ауылы жақын адамдар айғырдың терісінен жасалған саба-саба қымыз бен тігетін үйлеріне дейін өздері артып келеді. Басығараның құдандалы жегжаттары, жамағайындары “аза” деп үйірлеп жылқы, асқа соятын өзге де малдарын көтеп әкеледі.

Асқа алтыбас арысының көп адамдарымен бірге, пәуескеге үш бірдей құлагер ат жеккен, қасында бірнеше адам бар Ыбырай да келеді. Алдарынан шыққан қонақ күтушілер бұларды зор құрметпен қарсы алып, сөнді жиһаздармен безендірілген өдемі киіз үйлердің біріне орналастырады. Әр үйдің босағасында бір-бір нөн қара саба, төрде текемет, кілем, көрпе-жастықтар т.т. жайылып тас-

талған. Келген адамдарға алдымен бауырсақ, өрік-мейіз, қант пенен шай, біраздан кейін қымыз беріледі. Қымыз берілетін ыдыстар-агаштан өшекейлеп жасалған сиымды да сырлы шара табақтар, өр адам осы табақпен екі-үш аяқ қымыз іshedі. Бұдан кейін қонақтарға негізгі ас – ет тартылады; аттың жалында ойнайтын жас жігіттер етті атпен жүріп тартады, құрметті ақсақал адамдарға лайық жамбас қазы, бас т.б. салынып, өр үш кісіге үлкен табақ қойылады.

Тұс мезгілінде қонақтар тамақтанып болды-ау деген кезде бірнеше атты кісі өр тараптан шығып, қолдарындағы жалау тәрізді кішкене киізді құрықтың басына байлап ап, дауыстап, ат бәйгесінің басталғанын хабарлайды, бәйгеге қосылатын аттардың жерін мөлімдейді. Қонақтар аттылы, жаяулы, арбалы күйде бәйгеге ат қосылатын жерге қарай ойысып, ру-ру, орда-орда бол алқа-қотан орналасады, орталарынан жамбы ататын, балуандар құресетін орын қалдырады. Өр ру өз атын бәйгеге қосқаны тәрізді, өр ру өз балуаны мен мергенін шығарады. Куресте жыққан балуан мен жамбыны атып тұсірген мергеннің бәйгелері өздерінің қолдарына тимейді, ру басының қолына тиеді, ол бәйгені не өзі алады, не өзге біреуге байлайды, бәйге иесіне тек жақсы бата береді.

Астың ең қызық та қыын тұсы – аттардың бәйгеден келер тұсы. Осы кезде шатақ та, дау-дамай да жөн-жосықсыз өрістейді.

Ібырайдың ағарту саласындағы тактикасы, саясаты бұл кезде біраз өзгерістермен көрінеді. Бастаушы мектептерді дөл қазір бұдан көбейтіп берудің қажеттігі шамалы, енді оларды тек нығайтып, оқу істерін ойдағыздай жүргізуге бағыттап отыруымыз керек деп есептейді Ібырай. Оның орнына техникалық, көсіптік, ауыл шаруашылығы ғылым-білімін, тәжірибелік білімдерді көбейту пайдалы деген қортындыға келіп, негізгі күшті осы жағына салады. Красноуфимскі реальное училищесінің жанындағы ауыл шаруашылық мектебін өте жақсы мінездемемен бітіріп қайтқан төрт баланың үздік табыстары Ібырайға да, басқаға да көсіптік білімнің өте қажет те бағалы бол отырғанын айқындағы түседі. Училище директорының Құрманбаев, Сарыбатыров, Измаилов, Оразбаевқа берген мінездемесінде бұлардың дайындаған сары майының дәмділігі мен ұзак сақтауға шыдағаны соншалық, жазғытұрым Красноуфимскіден Петербургке почта арқылы жіберілген-

де, онда азбай жетіп, министірдің дастарханына қоюға жаралды деген. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің осындай әр саласынан сапалы да жақсы тағамдар, нәрселер алу негізінен мал шаруашылығымен айналысып отырған қазақ қоғамы үшін өте пайдалы. Сондықтан Ұбырай таяу жылдарда осы мәселеге баса көңіл бөлу қажет деп санайды. Бұл орайда ол ең алдымен үйез орталықтарындағы төрт екікласты мектептің жанынан көсіптік-қолөнер бөлімшелерін ашып, Красноуфимскіден оқып келген жастарды төрт үйездеге жіберді. Бұл бөлімшелер 6 сөүірден 25 қазанға дейін ашылып іске кіріседі. Енді осыған байланысты Ұбырай әрбір үйездік мектептер жанынан тери заводын салуды жобалап, оның құрылышы мен материалдарын алу жөніндегі ұсыныстарын облыс әкімдеріне жолдайды. Мұндай заводтардың салынып, іске қосылуына алғашқы кезде біраз қаражат кеткенімен, кейін өзін-өзі актайтынын және мал шаруашылығы шикізатын ысырапсыз пайдалануда жергілікті халық үшін өте тиімділігін дәлелдейді. Тері, сабын, ірімшік завотарын болыстық мектептер жанынан да ашуды қолайлы деп тауып, облыстан рұқсат сұрайды. Егер рұқсат болса, екі мектепке қамқорлық жасайтын адамдарды бұған көндіріп қойғанын да хабарлайды.

Ұбырай Красноуфимскі реальное училищесінің жанындағы ауыл шаруашылығы мектебінен қазақ балаларына бөлінген 10 орынды дұрыс пайдаланумен қатар, училищенің өзіндегі халық қаражаты негізінде тағайындалған бұрынғы 6 стипендияны да үқыпты ұқсатуды әкімдердің есіне жи түсіріп отырады. Оның мұндағы ойы “училищені толық бітірген балалар осы бағытта алған білімдерін, мысалы, жер шаруашылығы Академиясында жалғастыра түсер еді, сөйтіп халқының ауыл шаруашылығы мен техникалық ғылым, өнер салаларында шын мағынасындағы жетекші, ұстаз бол шығар еді де-генге саяды.

Сөйтіп, айналасы 24-25 жылдың ішінде, 1864 жылы 8 баламен қазақ даласында тұнғыш мектепті азар ашқан Ұбырай 1888 жылы қазақ баласына академиялық білім беруді ойлады, армандаиды. Бұл – агартушының бүкіл нағандық дүниесімен жападан-жалғыз күресе отырып жеткен биігі еді. Сондықтан да бұл үлкен ой биіктігі болумен бірге тенденсі жоқ күш пен жігердің, ақыл мен парасаттың, білім мен халқына деген шексіз махаббаттың да нәтижесі болатын.

Облыс тарапынан ұлықсат болған жағдайда қазақ балаларын реальное училищеге түсіріп оқыту Ыбырай үшін қыны шаруа емес. Мұның практикалық жолдары Ыбырайдың көкірегінде сайрап тұр. Сондықтан да ол училищенің бірінші курсына біркласты халық училищесін бітірген кез-келген бала түсіп оқи алады, екінші класына екікласты училище курсын жақсы бітірген бала түсуіне болады, ал үшінші курсына мұғалімдер мектебінің неміс тілінен күнілгері дайындалған балалары түсіп кете алады дейді. Сонымен, әкімдердің көңілі түссе, Ыбырай үшін қазақ балаларының алғашқы тобына академия есігі онша қашық емес.

Бұл жылы Ыбырай үйездегі екікласты мектептерді қалалық үшкласты мектепке айналдыру мәселесін тағы да көтереді. Оныз да үйе兹 орталығындағы қалаларда тұрған бұл мектептерді қалалық үшкласты мектептерді көшірғеннен келетін қаражат шығынының мүлде жартымсыздығын ескертеді.

Ыбырай көптен қозғап жүрген мәселелерінің бірі – Қостанайды орыс балалары үшін біркласты ер балалар мектебін тамызының 21-інде ашып, тілегіне жетеді. Бұған бірінші күннің өзінде 57 бала қабылданады. Осының алдында Ыбырай Ақтөбедегі орыс балалары үшін орысша-қазақша екікласты мектептің жанынан жеке класс ашып, жеке, мұғалім жібереді. Бұларға қоса өр мектепте қазақ балаларымен бірге оқытын орыс балалары өз алдына. Сейтіп Ыбырай облыстағы орыс шаруашылығының балаларына білім беруде де үлкен азаматтық істер тындырады.

Қыркүйек айының орта кезінде, Ыбырай Орынборда жүрген күндерінде оқу округтының попечителі Қостанайға бармақ болады. Осыған байланысты мектебінің мұғалімі Соколовқа жазған хатында Ыбырай Троицкі мен Қостанай арасындағы көлік пен пәтер мәселелерін дайындауды тапсырумен қатар, біздің үйге сөлем айтарсың, қонақ біздің үйде де болар, мүмкін болса қыстауға көшіп, үйді тазартып, пешті ақтатып, қора-қопсыны сыпыртып, ауыл маңындағы көң-қоқырды жоғалтып, үйді жақсылап жинап, күтінсін, біздің үйге барып жүретін аспазшыны білесің гой, соған жақсы тамақтың түрлерін дайындарсындар, ақшаны Оспаннан алындар, шарап жағын өзім ала бара-мын, – дейді. Ағарту мәселесін халықтық, мемлекеттік тұрғыда көтере білген Ыбырайдың қонақ күтудегі мәдениеті де жоғары.

Попечитель келіп кетісімен Ұбырай қазаның 14-інен бастап Торғай, Ұрғыз үйездерінің мектептерін аралауға шығады, өсіреке Ұрғызының қыздар мектебінің оқу, тәрбие жұмысының жолға қойылуымен нақтырақ танысып, дұрыс бағыт беру үшін екі жетідегі кідіреді. Қазақ қыздарының іс тігуге, бірдене тоқуға қолдарының икемдігі, мұны көріп ата-аналарының да қуануы Ұбырайды айрықша қуаныш сезіміне бөлдейді. Осыған ол мектеп жұмысының алдағы уақытта да табыссыз болмайтынына сенеді. Сондықтан мектептегі қазақ қыздарының орнын 20-ға жеткізу жөнінде губернаторға өтініш жасайды, кешікпей бұған ұлықсат та алып, оқушы қыздарды екі есе көбейтеді. Ақтөбеден қыздар мектебін ашады.

Ұбырай 9 қарашада Қараторғай болысындағы біркласты мектепті ашып, оған 25 бала қабылдайды, Оразовты мұғалім етіп белгілейді. Мектеп болыс би Түркебаевтің үйіне орналасады.

Желтоқсаның 14-де Ұбырай Торғайдың өскері губернаторы алдына Ұрғызыдағы қыздар училищесіне басқа да үйездердің, өсіреке, Торғай үйеziнің қыздарының қабылдау туралы мөселе қояды. Облыстың қай үйеziнде де қыздарын оқытқысы келетін адамдардың көбейе түскенін айта келіп, келесі жазға дейін басқа мектептер ашудың қажеті болmas, бұл уақыттың ішінде қазақтар ұрғыз мектебінің тәжірибесі негізінде қыздарға білім мен тәрбие бергеннен басқа ешқандай зиян жасалмайтынын өз көздерімен көріп сенетін, иланатын болсын деген пікірді ұсынады.

Кейінгі бірер жыл Ұбырайдың ағарту саласындағы табысты жылы бол, ағатушыны сергіте, көнілдендіре, рухтандыра түскенімен денсаулығын қатты кемітеді, осы кезден бастап ол бұрынғыдай емес, жіңі ауратынды шығарды. Оның үстіне толық емделіп, айырып болмай, облыс мектебін аралап кету, үнемі ат пен арбаның үстінде селкілдеп жүре беру де Ұбырай денсаулығын тоздыра, нашарлата түседі. “Қазір денсаулығым жақсы деп мактана алмаймын, тәсек тартып жатып қалмағанмен де, жиі-жіңі сырқаттана беретін болып жүрмін. Істеп жатқан көздеңен мақсатыма беріліп кетіп, мен осы кезге дейін өзімнің келешегімді, отбасының келешегін ойламаппрын ғой; мұны ойлану керек сияқты көрінеді”, – деп қапаланады жанына ауру батқан көздерде. Катаринскийге әлсін-әлсін хат жазып, “отбасының келешегі үшін пенсия” жайын жіңі сұрастыратын болады.

Осы кездегі көңіл жұбанарлық бір оқиға – Ұбырайдың үлкен ұлы Абдолла Қостанайдағы екікласты орысша-қазақша мектепке оқуға барады. Бұрын Ұбырайдың мектеп ашу, балаларға білім беру ісі бар жақсылығын елге, бүкіл халықта тигізсе, енді оның шағын сөулесі өз үйіне де түсे бастайды.

Ұбырайдың бүкіл өмірін арнаған агарту ісі бұл кезде бүкіл елге тарап, өзінің жанды да жақсы әсерін кеңінен жая түседі. Мұны тек ауылды, үйездік мектептер мен алыс оқу орындарында оқып жүрген жастар өмірінен гана емес, тұтас халық өмірінен, оның өнерге өзгеше бет бұрыснан көруге болатын еді. 1888 жылдың аяғында Ұргызың айналасында көшіп жүрген көшпелі казақтар біркласты орысша-қазақша кешкі ересектер мектебін ашу туралы қайта-қайта өтініш жасап, ақыры үйе兹 бастағы көндіреді, дәлірек айтсақ, көнуге мәжбүр етеді. 1889 жылдың 16 қантарында Ұргызың қоғамдық кітапханасының жанында біркласты ересектер мектебі ашылып, бірінші күні оған 17 адам алынады, көп кешікпей бұлардың саны 30-ға жетеді; мектеп оқушылары Ұргызыдан сырт бірнеше шақырым жерде тұрса да, оқуға кешікпей, қалмай қатысып, ықыласпен оқиды. Оку кешкі сағат 6-дан 7-ге дейін деп белгіленсе де, ересектер одан өлдекайда көп уақытын мектепте откізеді. Бұл Ұбырай жаққан білім шамының жарығын бірте-бірте алысқа түсіріп, сөулесіне ересек қауымды да тарта, қызықтыра түскенінің нәтижесі еді.

Ақпан айында Ұбырай Орскідегі мұғалімдер мектебінің меншерушісі Бессонов З және 4 класстың балаларына бір ай бойы, балалардың қарсылығына қарамастан, “Інжіл” мен оның парыздарын оқытыпты, үйретіпті деген хабар алып, қатты ашуланады; сірө “Бессонов жынданған болар, оқығысы келмеген балаларды ол “зальм” деген сияқты сөздермен балағаттап, кластан желкелеп шығаруға дейін барыпты”, – дейді. Ұбырай, өсіреле, Бессоновтың қазақ балаларына христиан дінін оқыту талabyның зиянды салдарынан, орысша оқып білім алуға тигізер қарсылығынан қорқады. “Құдай сақтасын, оның бұл қылығын қазақтар естіп қойса, пөлеге сонда қаламыз... Шөкірттерге мың сан раҳмет, олар ата-аналарымыз біліп қалса, мектептен шығарып алып кетеді деп қауіптеніп, Александр Григорьевтің әлгі үағыздарын тістерінен шығармай жасырыпты. Әйтпегенде, мұнымен тек оқытушылар мектебінің келешегі гана емес, онымен бірге жалпы орыс-қазақ

мектептерінің келешегін мұлдем бұдіріп алуымыз мүмкін еді” дейді ол. Сондықтан Бессонов сөзі жұртқа көп жайылмай тұрғанда, оны басқа жаққа ауыстыру жөнінде тілек-әтініш білдіреді. Осы орайда тек өзі ғана емес, жалпы қазақ қауымының Орскідегі мұғалімдер мектебіне бірден-бір жоғарғы оқу орыны ретінде артып отырған үмітін былайша білдіреді. “Соңғы жағдай жөнінде менің жүргім сыздайтын себебі – оқытушылар мектебі біздің оқушылармызыздың барып түсетін мектебі, бұлар сонда белгілі білім алғып, қазақ халқының тұрмысына шынында да пайдалы адам бол шықпак... қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар болар еді”. Үбырай көп кешікпей Орскіге барып, жағдайды тексеріп анықтайды, аздаپ алғашқы ашуынан қайтады, дегенмен балаларға басқа дінді оқыту дегенге біржолата қарсы болады. “Бұл талантты да қабілетті балаларға құдай үшін, қамқор болыңызшы” дейді Катаринскийге Үбырай.

Осы ақпан айында Үбырай қайта-қайта ауырып, тұрып жүреді. “Соңғы кезде денсаулығым нашарлап кетті, – деп өзі де мойындағы бастайды, – алыс ауылдарды үнемі салқын мезгілде, не суық күзде, не ерте коктемде аралап жұру денсаулығыма әсерін тигізетін бол жүр. Әйткенмен, алланың рахымы болар-дағы, бірқатар міндеттерімізді орындағанша қызмет етіп, кейін тыным алармыз...”

Аурулығына қарамастан, Үбырай ақпанның аяғы мен наурыздың басында Ақтөбе, Бөрте мектептеріне барып, мұндағы Лапшин (Ақтөбе мектебінің жаңа менгерушісі), Асауов төрізді жас өрі жаңа мұғалімдердің жұмысымен танысып, тиісті ақыл-кеңес беріп қайтады. Үбыраймен осы жолғы кездесуі жайында Лапшин кейін былай деп жазды: “Ол инспектор-педагог ретінде өте іскер, пайдалы адам еді... Ол оқытушыларды жаңымен сүйетін жөне олардың шынайы досы еді. Ол ең жақсы жолдасындағы көңілді табатын. Оқытушылармен өткізген риясыз, достық әңгімелерінде ол өрбір жақсы нәрсені пайдалы іспен шебер байланыстырушы еді. Соның нәтижесінде оның осындағы достық сенімін ақтамау, қадірлемеу ешкімнің де ойына кіріп те шықпайтын, керісінше, өркім өз мүмкіндігінше оның сенімін ақтауга барынша тырысатын. Ал жеке өз басы тамаша қайырымды, адаптацияның қатар адаммен тез үгінісатын көңілді, жайдары жан еді... Ол тек қазақтар арасында ғана емес, өзін жақсы билетін орыс қауымының арасында да мәнгі есте сақтарлық жан...”

Ыбырай бұл кезде ауру мен жұмыс бірдей қысып, ел аралап жүрсе де, екі көзі мен құлағы Орынбор жақта боп, үйез орталықтарындағы мектептерді қалалық мектептерге аудару және қосымша қыздар мектебін (Торғайдан), ашу жөніндегі ұсыныстарының хабарын асыға күтеді, Катаринскийге хат жазған сайын істің жайын біліп беруді есіне салып, етініш жасаудан жалықпайды.

Дегенмен ол Ақтөбе жақтан келгенінен кейін өуелі жатып-тұрып ауырып жүреді де, сөүірдің аяғына таман төсек тартып жатады. Әкпенің қайталап ісінуі мен жүректің қабынуы қабаттаса келіп, онсыз да көптен ауру денені біраз әлсіретіп кетеді. Осы кезде жолдас-жораларын шақырып алып, ауруының жанына бататындығын, көңілінің жабырқап жүргенін білдіреді. Сонда да достарының көңілін қимай, аурулығына қарамай, 24 сөүірде Қостанайға барып, сондағы бір топ қызытушылар мен шекірттердің арасында суретке түседі. Дөл осы күні қаладан қайтып келе жатқанда ауылындағы бір адам оны қатты ренжітіп, осыдан бастап демалу жүйесі қалыпты жұмыс іstemейді. 7 мамыр күні аздал тәуір болып, басын көтереді. 8 мамыр күні үйі өртеніп, қатты желден өрттің біразға дейін сөнбенеуі ауруды онан сайын тынышсыздандырады. 10 мамырда аздал тәуір боп, Катаринскийге хат жолдағанда, одан көптен хабар ала алмағанын айта кеп, Орскідегі мұғалімдер мектебінің жайын айтам деп, сізді ауыртып алғам жоқ па деп, кешірім сұрайды, езі ауырса да өзгенің, өсіресе, достарының ауырмауын тілейді. Қаншама ізеттілік, мәдениеттілік, адамгершілік! Осыдан сөл айығып жазылса, Красноуфимскідегі қазақ оқушыларына барып қайтпақ ниетін білдіреді, Орскідегі жағдайың мұнда да үшқыны байқалып қалып жүргенін емеурінмен жеткізеді.

Ыбырай 1 мамырда, Қайрат-жігері обден мұқалып, өлер шағына таянғанда, статский советник атағына ұсынылады (әскери генерал-майор қатарындағы 5-дәрежелі азаттық шен).

Мамырдың аяқ кезінде Ыбырай тағы да төсек тартып жатады. Қостанайдағы орыс достары, жолдастары күнбекүн келіп, халін сұрап тұрады. Ыбырай олар келгенде бас көтеріп, өңгімелесіп, аздал қымыз ішіп сергіп қалады. Мамырдың 23 күні, ауруына қарамастан, Қостанайға келеді, мұндағы ойы губернаторға жолығып, мектептер жайындағы кейінгі ұсыныстарын тағы қайталап айтпақ болады. Бірақ губернатор бір күн кешігіп келетін болған

соң, Соколовқа хат жазып, мүмкіндігі болса ертең тағы келетінін ескертумен қатар, губернаторды көппен бірге қарсы алуды тапсырады. Айтқаныңдай, ертеңіне өзі де келіп, губернаторға облыс мектептерінің жайы мен тілектерін толық жеткізді. Бұдан кейін Ыбырай төсекке біржолата жатады. Маусымның алғашқы он күнінде өлім аузына барып қайтады. Маусымның 14-15-інде үйқысы мен тамақ ішү жағы нашар болса да, аздал басын көтереді, қымбат ақымен Троицкіден шақыртылған үшінші дәрігердің 10 шілдеге дейін дайындал беріп кеткен дәрідәрмегін қабылдайды, аздал сұт, шай іshedі. Шамалы төуір болса, тамыздың ортасында Торғай, Үргыз үйездерінің мектептерін аралап, өрі қарай Орынборға бармақ болады. Маусымның ортасында жергілікті дәрігерлер Лапинский мен өзі бір кезде Қазан университетіне жіберіп оқытқан Қарабаевтың ұсынысымен Қостанайдан 25 шақырымдай жердегі Жәнібек көлі (кейде оны Рыспай көлі деп те атайды) жайлауына шығады. Жайлауга қындықпен жеткен Ыбырайға жайлаудың ылай суы зиян болып тиеді. Енді ол төсекке де жата алмай, көбінесе жастыққа сүйеніп отыратын болады; ара-тұра бір қырынан ғана қисаяды, төулігіне біржарым сағаттан артық үйіктай алмайды. Осы кезде Қостанайдағы жолдастары арқылы Троицкінің білгір дәрігері атасып жүрген Покрываловты қымбат ақы төлейтін бол шақыртады. Покрывалов ауруды анықтап (водянка), дереу қыстауға көшуді үйғарады. Сөйтіп жайлауда бір айдай болғаннан кейін Ыбырай Тобыл жағасындағы тоғайына келеді. Осы күндерде жаңбыр жауып, ауа райы қатты бұзылады. Аурудын мендей түсіне бұл да себепші болады. Бұл уақытқа дейін аздал сұт, айран ішіп келген Ыбырай соңғы үш күнде ештеңе ішпей, жемей, сұлық жатады, сөйлеу қабілетінен айрылады, бірақ тыныш жатып үйіктайтын болады. Қайран ер осы жатысынан оянбай, тілге келмей, 17 (30) шілде күні күндізгі сағат 11-де 48 жасында мөңгі көз жұмады. Тұла бойды жарып шықкан, аз уақыт көрмесе аңсап, сағынып келетін бала-шағада, аяулы жар да, ағайын туган да, ет жүрегі елжірей сүйген халық та, ол үшін істеп, қызғыштай қорыған еңбек те жылай-жылай артта қала береді.

Қостанайдан басы үйез бастығы Караполов боп өйелімен, бала-шағаларымен аттылы-жаяулы келген орыс достары, жолдастары, шәкірттері Ыбыраймен соңғы рет дұрыстап қоштаса да алмай, үйге жақындей алмай, анадайдан

жылап-жылап үйлеріне қайтады. Ұбырайды Ақтам атала-тын Балгожа өuletінің зиратына қазақтың ескі дәстүрі бойынша құрметтеп жерлейді. Бұл жер кейін Ұбырайдың атымен Инспектор көлі аталады.

Ұбырай өлгеннен кейін орыс достары “Оренбургский листок” (30 шілде, 1889 жыл) газетінде некролог жария-лап, онда ағартушының халыққа білім беру саласындағы еңбектерін жоғары бағалайды. Ильминский Ұбырайдың қайтыс болған хабарын естіген сөтте қатты толқып, қай-ғырып, өзелі ол туралы естелік жазбақ болады. Бірақ бұл ойын кешікпей өзгертіп, өзінің Ұбыраймен отыз жыл бойы жазысқан хаттары мен ол жайындағы архив матери-алдарын жариялау шешіміне тоқтайды. Осы мақсатпен ол Торғай өскери губернаторына хат жазып, Орынбор архи-вының осы өлкедегі жалпы ағарту ісіне, тікелей Ұбы-райға қатысты материалдарын, сондай-ақ Катаринский мен Соколов (Ұбырай өлгеннен кейін уақытша инспектор боп белгіленеді) арқылы Ұбырайдың зайыбы – Айғаныстың қолындағы хаттар мен материалдарды сұратып және оларды жариялау жөнінде Айғаныстың жазбаша ризашылығын алдырып, үлken бір том кітап құрастырады, өзі ауырып жатып, Ұбырай туралы естеліктерін асығыс ауызша айттып жаздырады. Сөйтіп өлерінен аз күн бұрын, 1891 жылы “Алтынсарин туралы естеліктерін” (Қазан) шығарып ұл-гереді. Ұбырай мұрасының жоғалып кетпей, бізге жетуінде бұл кітаптың маңызы өлшеусіз зор.

Ильминскийдің саяси-қоғамдық көзқарастары, дүни-етанымы Ұбырайға қарағанда басқаша, кейде оған қара-ма-қарсы болғанымен, екеуінің бір-біріне адамдық, достық қатынастарында алалық болмағанға үқсайды. Иль-минский осындай биязы мінез-құлқымен, өзге үлт адам-дарына жанашырлығымен кейінгі жылдары өз өріптесте-рінің арасында үлken сенімсіздік туғызады. “Ұсақ халықтарға білім беру ісіне қарсылық ертеден-ақ бар еді, бірақ сол барған сайын өрбіп, енді әр тараپтан, әр мазмұнды айыптаулармен, жауалықпен ұласып барады. Мені ұсақ халыққа білім берудің бірден-бір тірегі деп санап, өлгенімді асыға күтіп жүрген адамдар бар” деп жазды ол өмірінің соңғы құндерінде.

Ұбырайдың қазақ халқы алдындағы еңбегін адамзат санасында сәби дәуірден сақталып келе жатқан аңыз ге-ройы – Прометей ерлігімен салыстыруға болады. Проме-тей аспаннан от өкеліп, адам баласына жылышық пен

жарық берсе, Ыбырай сонау заманда тұған халқының арасына алғашқы білім шамын өкеп жағып, оны жарық дүниеге қарай бастады, осы жолда бар өмірін түгелдей сарп етті, Абайдай “соқтықпалы, соқпақты жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысты”. Сондықтан оның өмірі мен ісінде бір дұрыс қадам жасаудан мың теріс қадам жасау мүмкіндігі мол болады. Соған қарамастан, ол халқы үшін баға жетпес істер жасады. Бірақ жалпы ағартушыларға тән қайшылықтар мен кемшіліктерден алыс кете алған жоқ.

Бұған ең алдымен қазақ қоғамының сол кездегі жалпы дөрежесі, мәдени-экономикалық мешеулігі кінөлі еді. Ыбырай өзінің халық ағарту, мәдениет, өдебиет, тіл саласында мүлдем жаңа бағыт туғызып, негізін қалаған аз еңбегімен халқының тарихында, мәдениетінде, санасында өзіне ұсынса қол жеткісіз ескерткіш жасап қалдырыды. Әділін айтсақ, Ыбырай – халқымыздың шын мәніндегі тұңғыш институты. Оның өшпес идеялары тек өзінен кейінгі ондаған жылдардаған толық жүзеге асып, өлмес, өшпес сипат алды. Ыбырайдың есімі де, еңбегі де тұған халқымызбен бірге алдыңғы сапта мәнгі өмір сүре береді, күрессе береді.

МАЗМУНЫ

Өмір табалдырығында	3
Үлкен жолда	51
Биіктे	113
Шыргаланда	173

Ануар Дербисалин

Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин

Документально-художественный очерк
(на казахском языке)

Редакторы *Д. Дөрібаева*

Көркемдеуші редакторы *Е. Әлі*

Техникалық редакторы *М. Қартова*

Компьютерде теріп, беттеген *С. Төлегенова*

ИБ N002

Теруге 25.04.05 берілді. Басуға 20.05.05 кол қойылды.

Пішімі 84×108¹/₃₂. Қаріп түрі “Таймс”. Есептік баспа табағы 15,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс N12!

480012, Алматы қаласы, “Арда” баспасы.

ЖШС «КУРСИВ»



Энуар Дербісәлин –
қазақтың белгілі ғылымы,
публицист жазушы. Ол 1929 жылы
Ақтөбе облысы Ойыл
ауданының Қызылжар ауылында туған.
Бала кезінен қазақтың
ескі сөзіне үйр, ел ішіндегі аңыз-
әңгімелерімен сусындалған.
Саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің
тарихына арнаған ғалым
ежелгі түркі-қыпшақ жазба
ескерткіштері және қазақ ақын-
жырауларының
мұрасы туралы зерттеулерімен рухани
салаға елеулі еңбек сіңірді.
Сондай-ақ қазақтан шыққан тұнғыш
ағартушы ұстаз Ұбырай Алтынсарин
туралы да сүбелі еңбектер жазды.
1986 жылы Алматыда қайтыс болған.